Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

ӘОЖ: 94(1-925-2) Қолжазба құқығында

**БАЙМАХАНОВ БЕКЖІГІТ КӨБЕЙҰЛЫ**

# Энвер паша және Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс

07.00.03 – Жалпы тарих (шығыс елдері)

Тарих ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Есмағамбетов К.Л.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

## МАЗМҰНЫ


**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 3

**КІРІСПЕ** 5

1 **ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ**

1.1 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудің теориялық-методологиялық және тарихнамалық аспектілері 15

1.2 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының деректемелік негізі 26

2 **1920-1922 Ж.Ж. ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС**

2.1 1920-1921 ж.ж. Түркістандағы саяси - тарихи ахуал және қозғалыстың алғышарттары 39

2.2 1921-1922 жж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы 56

2.3 Түрікшілдік пен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының байланыстырылуы 67

3 **ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ЭНВЕР ПАША**

3.1 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына Энвер пашаның қатысуы 77

3.2 Энвер пашаның саяси ой-пікірлері 88

3.3 Энвер пашаның әскери стратегиясы 107

**ҚОРЫТЫНДЫ** 137

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 142

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| АҰ | Арнайы Ұйым (арнайы барлау ұйымы) (Teşkilat-ı Mahsusa) |
| ББТК | Бүкілбұқаралық Төңкерісшіл Комитет (ВБРК – Всебухарский Революционный Комитет) |
| БКП | Бұқара Коммунистік Париясы (Бухарская Коммунистическая Партия) |
| БТК | Бүкілресейлік Төтенше Комиссия (ВЧК – Всероссийская Чрезвычайная Комиссия) |
| БХКР | Бұқара Халық Кеңес Республикасы (БНСР – Бухарская Народная Советская Республика) |
| ЕКП | Еркіндік және Келісім Партиясы (Hürriyet ve İtilaf Cemiyeti) |
| ЖБЭ | Жаңа Британ Энциклопедиясы |
| ЖК | Жоғарғы Кеңес (Merkez-i Umumi) |
| ЖСК | Жұмысшы және Солдаттар Кеңесі (СРС – Совет Рабочих и Солдат) |
| ИК | Ислами Кеңес (Шурои-Исламия) |
| КОКП | Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы (КПСС – Коммунистическая партия Советского Союза) |
| ҚТК | Қырғыз Төңкерісшіл Комитеті (Кирревком – Киргизский революционный комитет) |
| МҚК | Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті (КГБ – Комитет Государственной Безопасности) |
| МЛЭ | Мейдан Лярусс Энциклопедиясы |
| МСБ | Мемлекеттік Саяси Басқарма, (ГПУ – Государственное Политическое Управление). |
| ОАК | Орталық Атқарушы Комитет (ЦИК – Центральный исполнительный комитет) |
| ОДБҰ | Осман Даму және Бірігу Ұйымы (Osmanlı Terakki ve İttihad Cemiyeti) |
| ОЕҰ | Осман Еркіндік Ұйымы (Osmanlı Hürriyet Cemiyeti) |
| ОК | Орталық Комитет (ЦК – Центральный комитет) |
| ОММ | Одақтасқан Мұғалімдер Мектебі (Dar-ül Muallimin-i İttihat) |
| ӨРОММ | Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ЦГА РУз – Центральный Государственный Архив Республики Узбекистан) |
| РМӘСТМ | Ресей Мемлекеттік Әлеуметтік-Саяси Тарих Мұрағаты (РГАСПИ – Российский Государственный Архив Социально-Политической Истории) |
| РМӘМ | Ресей Мемлекеттік Әскери Мұрағаты (РГВА – Российский Государственный Военный Архив). 1992 жылға дейін КАОММ – Кеңес Армиясы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ЦГАСА – Центральный Государственный |

| | |
|---|---|
| | Архив Советской Армии) |
| РФССМ | Ресей Федерациясының Сыртқы Саясат Мұрағаты (АВП РФ – Архив Внешней Политики Российской Федерации). 1992 жылға дейін КСРО ССМ – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Саясат Мұрағаты (АВП СССР – Архив Внешней Политики Союза Советских Социалистических Республик) |
| СІХК | Сыртқы Істер Халық Комиссариаты (НКИД – Народный Комиссариат Иностранных Дел) |
| ТАКСР | Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (ТАССР – Туркестанская Автономная Советская Социалистическая Республика) |
| ТӘК | Төңкерісшіл Әскери Кеңес (Реввоенсовет – Революционно-военный совет) |
| ТӘШ | Түркістан Соғыс Шебі |
| ТБО | Түрік Білім Одағы (Türk Bilgi Derneği) |
| ТЖ | Түрік Жұрты (Türk Yurdu) |
| ТЖО | Түрік Жұрты Одағы (Türk Yurdu Derneği) |
| ТК | Түркістан Комитеті (Ресей уақытша үкіметінің Түркістан өлкесіндегі тармағы) |
| ТМО | Төңкерісшіл Мұсылмандар Одағы (İslâm İhtilâl Cemiyetleri İttihâdı) |
| ТО | Түрік Одағы (Türk Derneği) |
| ТОО | Түрік Ошақтары Одағы (Türk Ocakları Derneği) |
| ТӨМОК | Түркістан Өлкесі Мұсылмандарының Орталық Кеңесі |
| ТТҰМ | Түрік Тарих Ұйымы Мұрағаты (TTKA – Türk Tarih Kurumu Arşivi) |
| ТүркОАК | Түркістан Орталық Атқарушы Комитеті |
| ТХКП | Түркия Халық Кеңесі Партиясы |
| ҰҚӘЛ | Ұлт Құтқарушыларының Әскери Лигасы (Halaskâran-ı Milliyet Askeri Ligi) |
| ҰО | Ұлттық Одақ (ТӨМОК-нің халық арасындағы аталымы) |
| ФӘТ | Ферғана Әскери Тобы |
| ХКК | Халық Комиссарлары Кеңесі (СНК – Совет Народных Комиссаров) |
| ХНК | Халық Нәзірлері Кеңесі (СНН – Совет Народных Назиров) |
| ХХКР | Хорезм Халық Кеңес Республикасы (ХНСР – Хорезмская Народная Советская Республика) |
| ІО | Ізші Одағы (İzci Derneği) |

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертация 1914-1918 жж. аралығында Осман империясы қарулы күштерінің министрі қызметін атқарған Энвер пашаның 1921-1922 жж. Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуын және ондағы саяси орны мен қызметін зерттеуге арналған. Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы рөлі осы күнге дейін ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа деректер негізінде қарастырылады.

**Тақырыптың маңыздылығы.** Кеңестік тарихнамада ХХ ғасырдың басындағы Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы маркстік-лениндік методология тұрғысынан зерттелгені баршаға аян. Ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін күрес жүргізген саяси және зиялы көшбасшылардың қызметі ұзақ жылдар бойы «антикеңестік әрекет» ретінде сипатталып келді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Көз алдымызда ХХ ғасырдың басында-ақ қазақ мемлекеттілігінің даму мақсаттарын белгілеген көрнекті тарихи қайраткерлер мен мемлекеттік қызметкерлердің ұлттық мүдделерге шынайы қызмет етуінің ұлы тарихи үлгісі тұр. Тарихты тек жеңістерге ғана қарап емес, әсіресе біздің ғасырымызда, ұлттық рухтағы талпыныстарға қарап бағалау қажет. «Алаш» қайраткерлерінің ғасыр басында белгілеп кеткен ұлттық қозғалыс алаңының өз жалғасын ғасыр аяғында тапқандығын мақтанышпен айта аламыз», – деген сөздері негізінде [1, 23-24 б.] өз заманының саяси қайраткері Энвер пашаның талпыныстарына баға беру қажеттілігі туындап отыр. Елбасымыздың бастамасымен тарихты объективті түрде зерттеу мақсатында қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуы ғалымдарымызға тарихта кенже қалған тұстарды зерттеуге кең жол ашты. Осы кезеңде «Басмашылар қозғалысы» деп бағаланып келген Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын да қайтадан ой елегінен өткізіп, оған объективті ғылыми баға берудің сәті түсті. Осы қозғалыс барысында жергілікті ұлттық саяси элитамен байланыс орната отырып, «Ұлы Тұран» идеясын жүзеге асыруды армандаған Энвер пашаның қызметін салыстырмалы, жаңа деректер негізінде талдау отандық тарихнаманың «ақтаңдақ» беттерін ашып, оның методологиялық ұстанымын жетілдіруге септігін тигізетіндігі анық. Сондықтан бұл тақырып әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ деп нық сеніммен айтуға болады.

1996 ж. Түркия мен Тәжікстан Республикалары арасында Энвер паша мәйітін еліне қайтару жөнінде мемлекетаралық келісімнің жасалуы Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Ресей және т.б. елдердің ғалымдары, саясаткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қызығушылығын туғызып, Энвер пашаның Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуына, жалпы түрік халықтарының өзара ынтымақтастығы мәселесіне олардың назарын аудартты. Бұл мәселеге әлемде қалыптасқан саяси жағдай мен З.К. Бжезинскийдің жаңа еңбегінің жариялануы да өз әсерін тигізді [2, 112-136 б.]. 1997 ж. сәуір айында жарық көрген З.К. Бжезинскийдің «Үлкен шахмат тақтасы: Американың

көшбасшылығы және оның геостратегиялық шарттары» деген еңбегінде Орталық Азия мен Кавказда «орын алуы ықтимал» жаңа соғыс ошақтарының картасы ұсынылып, келешектің геосаяси бағытына болжам жасалды. Міне, осы тұстан бастап бірқатар ғалымдар Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына және оның басшыларына қатысты зерттеу жұмыстарына ден қоя бастады.

Дегенмен, 1908 жылғы Осман империясы конституциялық монархиясының жаршысы, 1914-1918 жж. аралығында Осман империясы қарулы күштерінің министрі, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 1918-1920 жж. Варшава мен Берлин қалаларында тасалануға мәжбүр болған саяси босқын, 1920-1921 жж. Кеңес өкіметінің құрметті қонағы әрі одақтасы, 1921-1922 жж. Шығыс Бұқара (қазіргі Тәжікстанның Хатлон мен Куляб облыстары) көтерілісшілерінің қолбасшысы Исмаил Энвер пашаның (1881-1922) жергілікті халық өкілдерімен байланысы, рөлі мен ықпалы әлі күнге дейін толық зерттелмей, сол себепті нақты ғылыми бағасын алмай келеді. Кезінде бұл тақырып бойынша зерттеу жұмысын жүргізу үшін цензуралық тәртіп деректерді қолға түсіруге мүмкіндік бермеді, түрлі саяси-идеологиялық нұсқаулар мен көзқарастар салдарынан кеңестік және шетелдік тарихнамада Түркістандағы Энвер паша қызметі жайлы тұжырымдар қарама-қайшылықтарға толы болды.

Энвер паша туралы алуан түрлі тұжырымдарды сараптау мен бұрын соңды ғылыми айналымға жұмылдырылмай келген деректерді зерттеу бүкіл Орталық Азия аумағы үшін маңызды болып табылатыны дау тудырмайды. Тақырыптың зерттелу қажеттілігі туралы А.И. Пылев: «...тарихи әдебиеттерде орын алған мағлұматтардың дәйексіз әрі кереғар болуына байланысты Энвер паша қозғалысын зерттеу қазіргі Орта Азия түрікшілдігінің келешегі тұрғысынан зерттеушінің алдағы маңызды міндеті болып қала бермек», – деп атап өткен [2].

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** 1921-1922 жж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихы мен бұл қозғалысқа Энвер пашаның қатысуы, ықпалы және аймақты кеңестік құрсаудан азат ету күресі туралы зерттеулерді бірнеше саты бойынша жүйелеуге болады. Ең алдымен сол замандағы зерттеушілердің, сонан соң идеологияландырылған кеңестік тарихнама мен посткеңестік ауқымдағы және шетел ғалымдарының еңбектерін атауымыз керек.

Энвер пашаның өміріне қатысты шынайы дереккөзі оның өз қолымен жазған естеліктері болып табылады. 1881-1908 жж. аралығымен шектелген бұл естеліктер Халил Ердоған Женгиздің құрастыруымен 1991 ж. жарық көрді. Энвер пашаның өмірі мен тұлғалық ерекшеліктері туралы Эдхем Эльдем көлемді мақаласын жариялаған [3]. Оның өміріне қатысты қызығушылық кейбір зерттеушілердің, тіпті, Энвер пашаның қасында болған адамдардың тұлғасына тоқталған мақалалар жазуынан байқалады. Кемал Ертан Гөркейдің, Нежати Акгүрдің хижра, григориан, юлиан күнтізбелерін салыстыра отырып, тақырыпта аталған күндердің хронологиялық зерттеуін жүргізген [4].

1910 ж. Стамбул қаласының «Махмуд» баспасында авторы белгісіз зерттеушінің, 1909 ж. майор Энвердің Осман империясының Берлин әскери

атташесі қызметіне тағайындалғандығы, әскерилігін саясатпен қатар алып жүретіндігі туралы еңбек жарық көрді [5]. Ол еңбекте әлі паша дәрежесіне қолы жетпеген Энвердің жасаған «кінәраттары» жөнінде бірқатар тұжырымдар орын алған.

Энвер пашаның саяси ой-өрісі «Иттихат ве теракки» («Бірлік және даму») партиясында қызмет еткен тұсында сомдана түскен. Осы тұста партияның мүшелері мен сол заманның елеулі оқиғалары туралы Дональд Куотэрт, Осман империясының патшасы Абдулхамит сұлтан, Осман империясының саясаткері, сенатор, бас уәзір қызметтерін атқарған Саид Халим паша, Али Биринжи, Шевкет Сүрейя Айдемир, Ю. Петросян, Эрнест Эдмондсон Рамсоур, т.б. зерттеушілердің еңбектері Энвер пашаның саяси көзқарасының қалыптасуы мен дамуы туралы құнды мәліметтер береді [6].

1911-1912 жж. Италия мен Осман империясы арасындағы Триполитания соғысына Энвер пашаның қатысуы туралы Сальваторе Боно жазған. Осы тақырыпқа байланысты Жан-Луи Маттэй де өзінің пікірін білдірген [7].

Энвер пашаның жоғарғы мәртебелі дәрежеге жетуіне оның Осман империясы патшасы Абдулхамит сұлтанның немере қарындасы Наджияға үйленуі себеп болды. Бұл оқиғаға байланысты санаулы еңбектердің қатарында Йылмаз Өзтунаның және Зия Шәкірдің мақалаларын жатқызуға болады [8].

Энвер пашаның І дүниежүзілік соғыс жылдарындағы саяси және әскери белсенділігі жайлы Орхан Колоғлу, Чарльз Д. Хэйли, Жемаль Кутай, Махмут Ийбар, Мұстафа Чолак бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізген [9]. Сол замандағы саяси жағдай мен жалпы Түркияның соғысқа тартылуы туралы «Ататүрік Түркиясы» журналы беттерінде соғысқа әкеп соқтырған түріктер мен немістер арасындағы қарым-қатынастардың даму сипатына Энвер пашаның үлесі көрсетілген [10].

1914 ж. Энвер паша тарапынан «Арнайы ұйым» атты құпия барлау комитеті бой көтерді. Аталған құрылымның мақсаты – Осман империясының байырғы шекараларын қалпына келтіріп, елдегі түрікшілдік идеологиясын тарату арқылы тұтастықты сақтап, Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылман халықтарын бір шатыр астында біріктіру үшін саяси-идеологиялық жұмыстарды атқару еді. Осы кездегі жағдайды ашып көрсететін еңбектердің қатарына осы комитеттің басшысы Эшреф Кушчубашының естеліктерін атауға болады. Бұл естеліктер «Милллет» журналының төрт санында жарық көрді. Автордың берген мәліметтерінен Энвер пашаның І дүниежүзілік соғыстан бұрынғы алдына қойған мақсаттарын сараптауға болады [11].

1918 ж. бастап Энвер паша өзінің саяси күресін жалғастыру мақсатында серіктерімен бірге шетелге кетуге мәжбүр болды. Селчук Гүрсойдың «Энвер пашаның босқындағы өмірі» атты мақаласы Энвер паша өмірінің осы тұсына арналған [12].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Энвер паша мен большевиктер арасындағы байланыстар туралы Кязым Карабекир, Тэкин Эрэр, Азаде-Айсе Рорлих, В.М. Гиленсен т.б өз мақалаларында жазған [13]. Бұл жағдайды ашып көрсететін «Йакын тарихимиз» журналы беттерінде авторы белгісіз «Энвер

паша Мәскеуде» атты мақала жарияланды. Сондай-ақ Энвер паша мен большевиктер арасындағы қарым-қатынастар мәселесін Эмель Акал өз еңбегінде көрсете білген [14]. Энвер паша большевиктермен одақтасу нәтижесінде Шығыс халықтарының құрылтайына қатысты. Оның Баку құрылтайына қатысуы туралы Түрккая Атаөв, Масаюки Ямаучи, Нермин Менеменджиоғлу-Стритер және Хүсрев Чакери еңбектерінде қарастырылған [15]. Энвер пашаның большевиктермен тығыз байланыстар орнатып, Баку құрылтайына қатысуы оның Мұстафа Кемалмен ара-қатынасының шиеленісуіне әкеп соғады. Энвер паша мен Мұстафа Кемал арасындағы келіспеушіліктер мәселесі туралы «M.Z.» деп белгіленген автордың Ататүрікті қолдап жазған мақаласында Энвер пашаның ұлт-азаттық күресте мемлекетті екіге бөле жаздағандығына назар аударады [16]. Бұл оқиғаны Тахсин Үнал және Салахи Рамадан Сонйел де ашып көрсетуге тырысқан [17].

Кеңес дәуірінің зерттеулерінде Энвер паша барынша құпиясы мол тұлға ретінде сипатталады. Түркістандағы азамат соғысы мен басмашылар қозғалысының тарихы туралы жазылған кеңестік тарихнамада Энвер паша «халықаралық империализмнің агенті», «британ агенті», «Түркістанда жеке басының мүддесін жүзеге асыруды көздеген содыр», «бүкіл кертартпалық түрікшіл және исламшыл күштерді контрреволюциялық басмашы қозғалысының айналасына шоғырландыруды көздеген авантюристік жоспардың авторы», «пантюркист» деп пайымдалған. Керісінше, батыс әдебиетінде «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының идеологиялық деңгейдегі қарама-қайшылықтарын жеңіп, қозғалыстың әскери, саяси және идеологиялық тұтастығына қол жеткізуіне көмектескен Энвер паша егер өз әрекеттерін жалғастыру мүмкіндігіне ие болғанда, большевиктерді Түркістаннан қуып шығар ма еді» деген ойлар орын алған [18].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы шетел тарихнамасында Энвер паша Түркістанның жағдайымен жақыннан таныс болмағандықтан өрескел қателіктер жіберіп, жергілікті әлеуметтік топтардың бір ауыздан қолдауына ие бола алмай қалды деген ойлар алға тартылады. Бүгінгі таңда бірқатар ресейлік зерттеушілер Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлін жоққа шығаруға тырысады. Мәселен, Ю.В. Ганковский: «Энвер паша Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшысы емес, жай басмашыларының бірі ғана болған», – деп жазды [19]. Өзбекстандық зерттеушілердің бірқатары Энвер пашаны «неміс агенті» деп көрсетуге тырысты. Олардың ішінде Н.Г. Хидоятова Энвер пашаның қабілетті тұлға екендігін айта келіп, өмірінің соңына дейін «британ агенті емес, неміс агенті» болғандығын жазған [20]. Түркия Республикасын құрған М.К. Ататүріктің түрік халқының санасына ұлттық идеологияны сіңіргені мәлім. Сол идеологияның әсерімен бірқатар түркиялық зерттеушілер Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы болмысын еркін зерттеу мүмкіндігінен айырылып, көптеген дәйексіз тұжырымдардың орын алуына жол берген.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері Мұстафа Шоқай Энвер паша туралы естелік мақаласын жариялаған [21]. Сонымен қатар Осман қожа

мен Ахмет-Заки Валиди Тоган өз еңбектерінде Энвер пашаға қатысты құнды естеліктер қалдырған [22]. Энвер пашаның өмірбаянын жазуда үлкен еңбек сіңірген түрік тарихшысы Шевкет Сүрейя Айдемир үш томдық «Энвер паша» атты еңбегінің үшінші томында оның Түркістан жеріндегі іс-әрекеттеріне көңіл бөлген. Француз тілінде жарық көріп, түрік тіліне аударылған «Мэйдан Лярусс» энциклопедиясы Энвер пашаға үлкен мән беріп, арнайы бөлім арнаған [23]. Энвер паша туралы Д.И. Вдовиченко, У. Рашидов, И.Башири сынды ғалымдар өз ғылыми мақалаларын жазған болса, Суат Ялаз «Энвер паша дастаны» атты деректі романын арнаған [24].

Қазақстан тарихнамасында Энвер пашаға қатысты мәліметтер көп жағдайда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына арналған зерттеулерде ғана ұшырасады. Атап айтқанда, К.Л. Есмағамбетовтың, М.Қ. Қойгелдиевтің, Т. Омарбековтың, Ә.Қ. Муминовтың, т.б. ғалымдардың жұмыстарында Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы туралы кейбір мәліметтер бар. Бұл зерттеулерде Энвер пашаның қозғалысқа қатысқандығы ғана аталып, жалпы сипаттама берумен шектелген.

Осылайша Энвер паша туралы түрлі көзқарастар қалыптасты. Оны жақтайтын да, даттайтын да мақалалар жарияланды. Олардың қатарында Фалих Рыфкы Атайдың, Галип Кемали Сөйлемезоғлуның, Кандемирдің, Орхан Колоғлуның мақалалары ерекше орынға ие [25]. Большевиктермен одағы бұзылған Энвер паша Бұқара ұлт-азаттық күресіне қатысып, 1922 ж. қызылдармен шайқаста қаза тапты. Оның өлімі туралы француз археологы әрі саяхатшысы Й. Кастанье, Абдуллах Режеп Байсун «Тарих дүниясы» журналының үш санында және Феридун Кандемир өз мақалаларында жазды [26].

Бүгінгі таңда Энвер пашаның есіміне қатысты тақырыпта жазылған еңбектердің қатарында жапон ғалымы Масаюки Ямаучи және түркиялық ғалымдар Ары Инан мен М. Шүкрү Ханиоғлу, Орхан Колоғлу т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізген [27]. Аталған ғалымдардың арасында Ирфан Үлкүнің еңбегі Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің (МҚК) мұрағат құжаттары негізінде жазылғандықтан, бүгінгі таңда да құнды зерттеулер қатарына жатады.

Қорыта айтқанда, кеңес тарихшылары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын кертартпа күштердің, басмашылардың большевиктер төңкерісіне қарсы бағытталған контрреволюциялық қозғалысы ретінде, ал батыс тарихшылары бұл қарулы қозғалысты Түркістан халықтарының большевиктерге, жалпы «орыс үстемдігіне» қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс деп бағалаған. Алайда, бастапқы кезеңде кеңес тарихшыларының өзі де басмашылар қозғалысының ұлт-азаттық сипатқа ие болғандығын мойындауға мәжбүр болғанын байқаймыз. Сондықтан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы мен Энвер пашаға қатысты зерттеулерде тарихи шындық мәселесінің басын ашудың ғылыми, практикалық сұранысқа ие екендігі анық.

**Ғылыми жұмыстың деректемелік негізі.** Зерттеу жұмысын жазу барысында Ресей Федерациясы, Түркия және Өзбекстан республикалары

мұрағаттарының қорларында жинақталған құжаттар, сонымен қатар Ресей, Түркия, Өзбекстан, т.б. елдердің кітапханаларында сақталған деректер, ғылыми зерттеулер мен Энвер пашаның жеке хаттары кеңінен қолданылды. Бірқатар баспа органдарының материалдары кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда, «Тарих дүниясы», «Тарих араштырмалары», «Топлумсал тарих», «Хайат тарих межмуасы», «Ресимли тарих межмуасы», «Тарих ве топлум», «Middle Eastern Studies», «Ататүрік Түркиеси», «Аскери тарих белгелери», «Миллет», «Йени гюн», «Йени тарих дүниясы» журналдары пайдаланылды.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері.** Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, тұжырымдар жасау, оның өмір сүрген ортасын, сондай-ақ өмірінің идеологиялық, саяси және әскери кезеңдеріне тоқталу, түрікшілдік негіздерімен ұштастырып, нәтижелерін ашып көрсету, оларға талдау жасау ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады. Оған қол жеткізу үшін диссертациялық еңбекте төмендегі міндеттерді жүзеге асыру көзделген:

- Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудің теориялық мәселелеріне және тарихнамасына сараптамалық шолу жасау;
- «Түркістан» ұғымын айқындап, Түркістанның тарихи-саяси ахуалын, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын сараптау;
- Ресей және Осман империяларындағы түрікшілдік ағымының эволюциясына тоқталу;
- Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына ықпалы мен орнын анықтап, оның қозғалысқа қатысты саяси стратегиясын анықтау;
- Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты соғыс стратегиясын зерттеу, айқындау және баяндау.

**Әдістемелік негізі.** Зерттеудің негізіне объективтілік, ақиқатқа сәйкестік, тарихи шындық принциптері, ғылыми танымның жалпы және арнайы әдістері алынды. Идеалистік және материалистік концепциялар бұл диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселеге сәйкестікпен қолданылды. Зерттеу жұмысы идеалистік концепцияның «сенімге», «субъектіге», «болжамға» «сенсуализмге», ал материалистік концепцияның «білімге», «объектіге», «дәлелге», «рационализмге» негізделе отырып өрбитіндігі ескеріліп, «сенімсіз білімнің», «субъектсіз объекттің», «болжамсыз дәлелдің», «сенсуализмсіз рационализмның» болуы мүмкін еместігі туралы ой-пікір есепке алынды. Сонымен бірге зерттеудің арнайы тарихи әдістері болып табылатын объективтілік, хронологиялық, синхрондық, дихрондық әдістер кеңінен пайдаланылды.

Тарихи танымның объективтілігін қамтамасыз ету үшін тарихи деректермен жұмыс жүргізу барысында ғылыми принциптер негізге алынды. Құбылыстар мен оқиғаларды тарихи тұрғыдан қарастыру, оларды тарихи дамуында зерттеп бағалау үшін тарихилық ұстаным; тарихи құбылыстардың көп қырлылығы мен қарама-қайшылығын, олардың оңды және қайшы жақтарын тұтас қарастыру үшін объективтілік принципі; тарихи қоғамдағы тарихи-экономикалық құбылыстарды дұрыс түсіну үшін әлеуметтік тәсіл

принципі; оқиғалар мен құбылыстардың, тіпті процестердің басқаша өрбуінің ықтималдығына көз жеткізу үшін баламалау (альтернатива) принципі қолданылды. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы мен Энвер пашаға қатысты еңбек жазған ғалымдардың теориялық тұжырымдары әдістемелік негіз ретінде алынды.

**Ғылыми жұмыстың хронологиялық шеңбері мен территориялық ауқымы.** Кеңестік, британдық және американдық зертеушілердің көпшілігі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын төрт кезеңге, 1) Ташкент кеңесіне қарсылық таныту әрекеті, қызыл әскердің тонаушылығы мен шаруаларға оқ жаудыруынан; 2) М.В. Фрунзенің басшылығымен қызыл әскердің Түркістан жеріне баса-көктеп кіріп келуінен; 3) Кеңес өкіметінің Хиуа мен Бұқара хандықтарына қарсы әскери әрекетке көшуінен; 4) Энвер пашаның Бұқараға келуінен басталатын кезеңдерге бөліп қарастыруына және төртінші кезеңнің «азаттық қозғалыстың аса белсенді фазасы» деп есептелуіне [28, 14 б.] орай, зерттеу Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының төртінші кезеңін негізге ала отырып, Энвер пашаның Бұқара қаласына келген уақыты (1921 ж. 3-16 қазан) мен оның Балжуан қыстағында (қазіргі Тәжікстан Республикасында орналасқан) шейіт болған күніне (1922 ж. 4 тамыз) дейінгі аралықты қамтиды. Ал, Анадолы, Қырым, Германия, Ресей, Кавказ, Батыс және Шығыс Бұқара жерлері ғылыми зерттеудің территориялық ауқымын анықтайды.

**Ғылыми жұмыстың жаңалығы.** Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихы кеңестік тарихнамада маркстік-лениндік принцип негізінде зерттеліп, қозғалысқа «басмашылық» әрекет деген сипаттама берілген. Энвер пашаның бұл қозғалыстағы орны мен қызметі жаңа деректер негізінде зерттеліп, компаративтік әдіс тұрғысынан тұңғыш рет ұсынылып отыруымен айқындалады. Сонымен бірге отандық тарихнамаға бұрыннан белгісіз болып келген түрік, ағылшын, француз тілдеріндегі соңғы деректер еңгізілді. Тақырып Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бастауы мен эволюциясы және оған Энвер пашаның қатысуы туралы жаңа ғылыми нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

- Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Энвер пашаның бұл қозғалыстағы қызметіне салыстырмалы талдау мен алғаш рет тұтас тарихнамалық шолу жасалып, бұл тақырыпты зерттеген кеңестік, шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық-әдістемелік негізіне ғылыми тұрғыдан баға берілді. Сонымен қатар Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихы Түркия тарихнамасында қарастырылды;
- Кеңес өкіметі жылдарында Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына «басмашылар» әрекеті деген баға берілгені мен Энвер пашаның Түркістандағы саяси қызметін зерттеуге тиым салынғаны белгілі. Бүгінгі таңда кезінде тиым салынған мұрағат қорлары ашылып, тақырыптың кенже қалған тұстарын қайта ой елегінен өткізу мүмкіндігі туды. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы және Түркия Республикасының мұрағат

қорларында жинақталған деректер кеңінен пайдаланылып, тақырыптың деректемелік негізі жасалды;

- 1920-1922 жж. аралығында Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өрістей түскен. Оған Энвер паша тікелей қатысып, тұтас «Түркістан бірлігін» құру мақсатында большевиктерге қарсы соғысқан. Бұл тарихи үдеріс Ресей мемлекеттік әскери мұрағаты, Ресей Федерациясының Сыртқы Саясат мұрағаты, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Түрік тарих ұйымы мұрағаты қорларындағы деректер негізінде талданып айқындалды;

- Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының түп тамырында қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік және түрікмен халықтарының тәуелсіздікке ұмтылу әрекеті жатты. Оның бастауын аталған халықтардың саяси бірегейлік санасының оянуынан немесе XIX ғасырдың соңында өрістей түскен түрікшілдік қозғалысынан іздеген абзал. Сондықтан диссертациялық жұмыста Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихы жаңа деректер негізінде сараланып, түрікшілдік қозғалысымен байланыстырылды;

- Бірінші дүниежүзілік соғыс қорытындысы бойынша Түркия жеңіліске ұшыраған мемлекеттердің қатарында болып, алпауыт елдердің отарлық езгісіне қарсы соғысқан. Түркі халықтарының тәуелсіздігі үшін күресін жалғастыруды көздеген Энвер паша 1922 ж. Түркістанға бет бұрып, бұл жердегі ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшыларымен большевиктерге қарсы қоян-қолтық соғысты. Кезінде КСРО шеңберінде деректердің құпия сақталып, ал Түркия Республикасының мұрағат қорларында жинақталған деректердің ғылыми айналымға тарту мүмкіндігі болмауына байланысты Отандық тарихнамада бұл мәселе көлеңкеде қалған. Энвер пашаның саяси ойының қалыптасуы мен «Түркістан бірлігі» идеясының мәні, оның соғыс тактикасы мен стратегиясы, «басмашылар» қозғалысының көшбасшыларымен жасаған келіссөздері мен жалпы тағдыры Энвер пашаның жеке қорында жинақталған деректер мен Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттетік мұрағаты қорларындағы жаңа деректер негізінде жан-жақты талданып айқындалды.

**Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар**

- Энвер паша Түркістанның азаттығына қол жеткізу үшін Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Германиямен, соғыстан кейін кеңестік Ресеймен одақтасу арқылы түркі халықтарының тәуелсіз федеративтік мемлекетін құруды көздеді. Оның бұл қозғалысы Бұқара Кеңестік Халық Республикасы (БКХР) мен 1918-1924 жж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының жаңа қарқынмен дамуына ықпал етті.

- Энвер паша Осман империясын басқару барысында «исламшылдық» пен «османшылдық» идеологияларының оңды нәтиже бермеуіне байланысты «түрікшілдік» идеологиясын мемлекет саясатының негізіне айналдырып, алдағы уақытта «діншіл» де, «мемлекетшіл» де емес, «ұлттық» саяси құрылымға ие тәуелсіз түркі федерациясын құру жөніндегі ұстанымды қалады. Түркістандықтарды «ортақ тәуелсіз мемлекет құру идеясының» айналасына шоғырландыру мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының

«орталықтандырушы тұлғасына» айналу мақсатымен ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан Энвер пашаның идеологиялық рөлі – түркі халықтарының жеке-дара азаттығы мен тұтас Түркістан азаттығын көздеген Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы шеңберінің аясынан шығып, әлем түркілерінің азаттығы мен бірлігін көксеген идеологияға айналуына, Түркістанның XX ғасыр басындағы әлем түркілерінің идеологиялық орталығы сипатын алуына түрткі болды.

- Дүниежүзілік империализмге қарсы күресте кеңестік Ресеймен одақтасып, түркі халықтарының бірлігі мен азаттығы жолында күрес жүргізуді жоспарлаған Энвер паша Түркістан жеріне келгеннен кейін «әуелі Ресей империализмінен арылу қажеттілігіне көзі жетеді». «Ресей үлкен апаттан аман қалуды қаласа, түркістандықтар мен бұқаралықтардың жері босатылып, оларға өзін-өзі басқару құқығының берілуін» талап етіп, кешегі «саяси одақтасы» Ресейге қарсы бағытталған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан. Бұқара либералдарының өзара бірлік сақтай алмай, бір бөлігінің БХКР-ның азаттығын мақсат тұтуы, екінші бөлігінің Кеңес өкіметі жағына шығып кетуіне байланысты ол Бұқара консерваторларымен саяси одақ құру жоспарына кіріседі. Ауған әміршісі Аманулла хан мен бұрынғы Бұқара әміршісі Саид Әлім ханның араласуымен «Шығыс Бұқара азаттық қозғалысының бас қолбасшысы» қызметіне сайланды. Энвер пашаның консерваторлармен «саяси одағы» қысқа мерзім ішінде «әскери одаққа» айналды.

- Энвер паша 1922 ж. Түркістан саяси күштерін өз айналасына шоғырландырып, Түркістан азаттығы жолында қызыл империяның қарулы күштеріне қарсы кең ауқымды қарулы күрес бастатты. Бұл күрес барысында оны қолдаған консервативтік күштердің ыдыраңқылығы мен либерал күштермен одақтасу жолына қадам баса алмауы Энвер пашаның соғыс майданында қоршауға түсіп, мерт болуына әкеп соқты.

- Энвер пашаның бүгінгі Тәжікстан жеріндегі Балжуан мекенінде қызыл әскер тарапынан шейіт болуы Түркістан халықтарының ұлттық азаттығы үшін күрестегі жеңілісі еді.

**Ғылыми жұмыстың практикалық маңызы.** Жұмыстың негізгі қағидалары мен қол жеткізілген тұжырымдары және ондағы құжаттық деректер Орталық Азияның жаңа заман тарихын жазуда, зерттеуде, осы тақырыпқа қызығушылық танытып отырған көпшілік қауым назарына алынады. Сонымен қатар ғылыми жұмыстың негізгі мазмұнын Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Тәжікстан және Қырғызстанның жаңа заман тарихы дәрістерінде, арнайы дәрістер барысында пайдалануға болады.

**Ғылыми жұмыстың сыннан өтуі.** Ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық, республикалық ғылыми конференция жинақтарында 3 баяндама ретінде баяндалды. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитетінің талаптарына сай 3 мақала жарияланды. Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында орындалды.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация қысқартулар тізімі, кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

## 1.1 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудің теориялық-методологиялық және тарихнамалық аспектілері

Кез келген тарихи оқиғалардың өзіне тиесілі әдістемелік және тарихнамалық аспектілері бар. Кейбір ғалымдар оқиғаның сипатын бере отырып, оның түп тамырын белгіленген идеологиялық бағыт бойынша зерттеуді көздесе, кейбір ғалымдар болса сол идеологияларға қарсы бағытта жұмыс жүргізеді. Міне, Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зертеудің теориялық-методологиялық және тарихнамалық негізі уақыт талабына сай өзгеріп тұрды. Сондықтан, бұл бөлімде мәселенің салыстырмалы түрде, қозғалыстың түп тамырына үңіле отырып, оның шығу себептерін, барысын, салдары мен нәтижесін батыс, ресейлік, түркиялық және отандық методология тұрғысынан қарастырылуы мақсат етілді. Сонымен қатар, бұл ғылыми жұмыста Түркістанның үлгісінде ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеудің әдістемесін қалыптастыруға талпыныс жасалады. Осы күнге дейін кеңестік, батыстық, түркиялық және посткеңестік әдістемені салыстырғанда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу теориясы әр түрлі сипатқа ие. Хронологиялық жағынан ондай көзқарастарды XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші ширегі, XX ғасырдың 20-30 жж. мен 80 жж. аралығындағы кеңестік идеология кезеңі, 1990 жж. – XXI ғасырдың басындағы зерттеу теориялары деп үшке бөліп қарастыруға болады.

Социализм идеясының баршаға бірдей жеке меншік бөлінісін орнату мақсатымен мемлекеттік капитализм қалыптастыруы – оның капитализмнен толығымен бас тартапғандығының, ал капитализм идеясының жеке меншік айырмашылығы нәтижесінде баршаны бірдей меншік иелеріне айналдыру мақсатын ұстана отырып коммунизмге ұмтылуы – оның социализмді толығымен жоққа шығармағандығының айғағы әрі бұл екі идеяның өзара сабақтастығының дәлелі болып табылады. Бодандық зерттеу теориясының басты мақсаты шет мемлекеттің билігінің астында өз саяси және экономикалық тәуелсіздігінен айырылып, арнайы режим негізінде басқарылатын мемлекетті немесе территорияны тәуелсіздікке жеткізу болды. Социалистік зерттеу теориясының басты мақсаты әлеуметтік әділеттілік, еркіндік пен теңдік принциптеріне негізделген қоғам қалыптастыру еді. Алайда, тоталитарлық жүйенің социализммен қатар дамуы бұл теорияны тоталитаризмге қызмет етуіне, оның салдарынан экономикалық, саяси және рухани дағдарыстарға алып келді. Капиталистік зерттеу теориясының басты мақсаты жеке меншік пен нарық экономикасына негізделген қоғамның мүддесін қорғау болатын. Бұл теорияның өз зерттеу объектісін меншік иелері тұрғысынан қарастыратын кемшілігі бар. Тәуелсіз зерттеу теориясының басты мақсаты сыртқы саясатта

тәуелсіз, ішкі саясатта үстем бір мемлекеттің мүддесін қорғау болып табылады. Қазіргі таңда БҰҰ Жарғысы мен халықаралық актілер арқылы бекітілген «тәуелсіздікке құрметпен қарау» ұғымы заманауи халықаралық құқық пен қарым-қатынастардың басты принципі болуына байланысты кез келген тәуелсіз мемлекеттің басқа мемлекеттермен интеграциялануын және жаһандану жолы арқылы дамуын қажет етеді.

Басқа бір ұғым бойынша «теория» – зерттелетін тақырыпқа байланысты жалпы ғылыми қағидалардың жиынтығынан құралған тарих ғылымының бір тармағы. Мұндай жалпы ғылыми қағидалар субъективтік ұстанымдарға байланысты қазіргі дүние жүзінде түрлі геосаяси зерттеу теорияларының орын алуына жол ашты. Геосаясат – географиялық факторларға (мемлекеттің орналасқан жері, табиғи ресурстары, табиғи жағдайы және т.б.) қарай мемлекеттің сыртқы саясатын белгілейтін саясаттану концепциясы. Сондықтан, бүгінгі таңда геосаяси қажеттіліктерге байланысты Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихы басты он геосаяси концепция тұрғысынан қарастырылуда. Олар: Ресей, Түркия, Еуропа, АҚШ, Қытай, Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінің геостратегиялық мақсаттарынан туындаған.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу теорияларының алуан-түрлілігі салдарынан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын қарастыруда бірқатар мәселелер белең алды. Олар: Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын тұтас қозғалыс ретінде қарастырып зерттеу; тұлғалардың тарихи бейнелерін анықтап, олардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу; қозғалысты тарихи әлеуметтану тұрғысынан қарастыру; қозғалысқа байланысты терминдердің шекарасын сызу мақсатымен қозғалысты философия тұрғысынан зерттеу; қозғалыстың әскери тарихын қалыптастыру; тарихты жазу; қозғалысқа байланысты тарих философиясын қалыптастыру мәселелері.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тұтас қозғалыс ретінде қарастырылуы бұл жұмыстың негізгі өзегі болып табылады. Патшалық Ресей зерттеушілері Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын Ресей бодандығына қабылданатын халықтарды ориенталистік тұрғыдан, яғни қандай жолдар арқылы оларды бағынышты халге келтіруге болады деген тұрғыдан зерттеген болса, бодандыққа ұшыраған халықтардың зерттеушілері патшалық Ресей бұғауынан қайткенде құтылуға болады деген тұрғыдан зерттеулер жүргізген еді. Сондықтан, патшалық Ресей тұсында Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын тұтас қарастыру мүмкіншілігі болды деп айту қиынға соғады. Кеңестік Ресей зерттеушілері Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын Кеңес Одағы құрамындағы халықтарды кеңестендіру барысында олардың этникалық еркешеліктеріне негізделген жақындықтарын негізге ала отырып, Түркістан географиялық кеңістігін бірнеше республикаға бөліп зерттеді. Сол себептен, тұтас Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының орнын бір-бірінен бөлек қарастырылған Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларындағы азамат соғыстары басты. Тәуелсіз Қазақстан зерттеушілері Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын Қазақстан

территориясының тарихы тұрғысынан ғана қарастырып, бұрынғы кеңестік тар зерттеу шеңберінің аясынан шыға алмай, тек «Орыс Түркістаны (Батыс Түркістан)», немесе «Түркістан Автономиясы», немесе «Түркістан Автономиялық Кеңестік Республикасы» шекараларымен шектелді. Бұған ұқсас пікірлерді Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан зерттеушілері туралы да айтуға болады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын тұтас Түркістан тұрғысынан қарастырған Түркия зерттеушілері мен олардың еңбектеріне сүйенген кейбір Еуропа және АҚШ зерттеушілері болып табылады. Дегенмен, геосаяси пиғылдарды есепке алар болсақ, олардың зерттеулері капиталистік зерттеу теориясынан бастау алатындығын аңғарамыз. Сондықтан, бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің алдында Қазақстан геосаяси қажеттіліктері тұрғысынан тұтас Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын зерттеу теориясын қалыптастыру мәселесі тұр. Бұл мәселенің өз шешімін табуы болашақта Қазақстанның аймақтағы көшбасшылық ықпалының артуына жол ашады деп есептейміз.

Негізінде, кез келген жалқы ұғымнан жалпы ұғымға апаратын тұжырымдар жасау қауіпті. Сол себептен, кез келген тарихи оқиғаның мүмкіндігінше бүге-шүгелі түрде зерттелуі, түсіндірілуі тиіс. Мұндай жағдайда, тарих ғылымының қосалқы пәндері мен басқа да ғылым салаларының тигізер үлесі зор. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тұтас тарихын жете түсінікті ету үшін зерттеу теориясының басты мәселелерінің бірі – қозғалысқа қатысқан тұлғалардың тарихи бейнелерін зерттеп анықтау, олардың өзара қарым-қатынастарын зерттеп белгілеу мәселесі тағы бар. Өкінішке орай, бұл мәселе толыққанды түрде қолға алынбаған. Бұл мәселе өз шешімін тапқан жағдайда қозғалысты объективті түрде қарастыру мүмкіндігі туады.

Тақырыпты зерттеу теориясының басқа бір мәселесі – ұлт-азаттық қозғалыстың кезеңіне тиесілі қоғамның тарихи әлеуметтану тұрғысынан жан-жақты қарастырылмағандығы. Кеңес әдебиеті қозғалысқа қатысушыларды «басмашылар», «қарақшылар» деп жағымсыз кейіпкерлер тұрғысынан қарастырған болса, батыс әдебиеті оларды «азаттық жолындағы күрескерлер», «ұлт қаһармандары» деп жағымды кейіпкерлер тұрғысынан суреттеген. Бұның анық-қанығын білу үшін тарихи әлеуметтанудың көмегі қажет. «Басмашының» немесе «қаһарманның» қай әлеуметтік топтан шығып, қай топтың атынан күресуі оның тарихи тұлғасын анықтайтын тұжырымдар жасауға негіз болар еді. Бұл мәселе әлеуметтанушылардан тарихи әлеуметтану саласын жандандыруды талап етуде.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының барысындағы идеялар арасындағы күрес ашып көрсетілмеген, көрсетілген күнде де біржақты қарастырылған. Бұл, қозғалыстың жалпы картинасын бұлыңғыр түске бояп, тек жеңімпаз тарапынан ғана карауға мүмкіндік береді. Тарихтың мәні зерттелетін объектінің жан-жақты зерттелуін қамтамасыз ету. Сондықтан, философия ғылымы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының экономикалық, саяси және рухани идеяларына байланысты ұғымдарының аясын шектеуде көмектесері хақ. Себебі, тақырыпқа

байланысты көптеген терминдер түрлі мағынада қолданылуда. Өкінішке орай, бұл мәселе зерттеушілер арасындағы түрлі түсініспеушіліктердің орын алуына себепші болып келеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихшылары Еуропа мемлекеттерінің тарихында өзіне тән ерекше орынға ие Наполеон жорықтары барысындағы француз, прусс немесе орыс әскерлерінің санын, қару-жарақ санын, позицияларының үстемдігі мен қолайсыздығын жақсы біледі. Алайда, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тұсындағы көтерілісшілерді, олардың саны мен позицияларын жете біледі деп айту қиын. Сондықтан, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының әскери тарихы жазылуы тиіс. Бұл мәселе өз шешімін тапқан жағдайда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының өрбуін, жеңіліс табуының себептерін анықтау мүмкіндігі пайда болар еді.

Әлбетте, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын тұтас суреттеу, қозғалысқа қатысушылардың өмірбаяндарын зерттеу, қозғалысты тарихи әлеуметтану және философия тұрғысынан қолға алу, қозғалыстың әскери тарихын қалыптастыру «тарихты жазу мәселесінің» бар екендігін аңғартады. Дүние жүзінде кез келген тарих, тарихты жазатын автордың қай мемлекеттен, қай ұлттан шыққандығына байланысты өзгеріп отырады. «Дүние жүзін өзгерткің келсе, дүие жүзіне қатысты көзқарасыңды өзгерт» деген принцип бұл тұста орынды. Шетелдерде білім алып қайтатын қазақстандық тарихшыларымыздың көзқарастары білім беретін елдің оқу бағдарламаларына сай өзгеріске ұшырап, олардың тарихты жазу үрдісінің ықпалына түсіп, тарих пәнінің басты мақсаты болып табылатын «ұлттың ортақ тарихи сана-сезімнің» мықтап қалыптасуына кедергі болары анық. Бұл мәселенің шешімі – республикамызда тарихты жазу әдістемесін қалыптастыру. Сонда ғана, тарихи деректердің шынайы сараптамасы жүзеге асырылып, шынайылыққа мүмкіндігінше жақын тарихи туындылар көптеп жарияланар еді. Өз кезегінде мұрағат дереккөздерінің жинақтары да кітап түрінде өз тарихына қызығушылық танытатын Қазақстанның көпшілік оқырман қауымның қолына тиер еді.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудің теориялық мәселелерін үзіп-кесіп қарастырудың соңы мен қиыры жоқ. Тақырып зерттелген сайын теориялық мәселелер шыға береді. Дегенмен, ондай мәселелерді белгілі бір жүйеге салу қажет. Мұндай үлкен жұмысты жүзеге асыруда тек тарих философиясы ғана көмектесе алады деп санаймыз. Қазақстанның тарих ғылымы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеудің арнайы әдістемесін қалыптастыруы және ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық бірлік идеяларының мағыналарын төмендететін «басмашылық», «ұлт-азаттық көтеріліс», «бүлік» және т.б. сияқты терминдердің қолданылуына жол бермеуі тиіс. Мысалы, Кенесары Қасымов басшылығындағы ұлт-азаттық көтеріліс шын мәнінде Ресей империясының отарлық саясатына қарсы бағытталған соғыс болды. Ол бүкіл қазақтарды біріктіріп, уақытша болса да тәуелсіз мемлекет құрған болатын. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы да Ресей империясының отарлық саясатын басқа бейнеде жалғастырған Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған соғыс еді. Осыған байланысты бұл жұмыста пайдаланылған

«басмашылық» термині 1921-1922 жж. ұлт-азаттық қозғалысының аргумент келтіру процесі ретінде қолданылады. Бұған ұқсас терминдерді ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысты пайдаланғанымыз сайын ол қозғалыстардың идеялық мазмұны төмендей беретін болады.

Тарих философиясы – тарих, ғылым, өнер мен философия пәндерінің жиынтығы негізіндегі ойлану түрі деп түркиялық философ Ш.Учар тарих философиясының екі түрі бар екендігін жазады [29, 39 б.]. Біріншісі – сыншы (критикалық) тарих философиясы мен екінші – ой өрісін арттырушы (спекуляциялық) тарих философиясы. Сыншы тарих философиясы тарихи мәліметтердің қаншалықты шындыққа сай екендігін, тарихи дереккөздерге қаншалықты сүйенуге болатындығын зерттеп, оларды сынға алады. Бүгінгі таңда тарих философиясының осы бір түрі кең тарап, жақсы дамыған. Өкінішке орай, тарих философиясының екінші түрі – ой өрісін арттырушы тарих философиясы көп жағдайда тасада қалып қоюда. Ш.Учар мұның себебін заманымызда адамдардың арасында күмәнданушылықтың, шүбәланушылықтың кең етек жаюына балайды [29]. Десе де, спекуляциялық тарих философиясы бізде тоқырап қалмауы қажет. Оның дамуын Ш.Учардың ұсынған кестесі бойынша қамтамасыз етуге болады деп ойлаймыз.

Ш.Учар «Тарих, ғылым, өнер мен философия пәндері түрлі көзқарастарға ие. Ретімен айтар болсақ: тарих – өткенге көзқарас (retrospectare); ғылым – келешекке көзқарас (prospectare); өнер – ішкі дүниеге көзқарас (introspectare); философия – ой мен зарттеуге көзқарас (inspectare), ал тарих философиясы болса – жалпы және бәрін қамтушы көзқарасқа, синтездік ойға қатысты көзқарас (conspectare) түрлері болып табылады. Басқаша айтқанда бұл жүйелеу бойынша тарих – еске (жады), ғылым – зейінділікке (тапқырлық), өнер – жан дүниенің шабытына (көңіл), философия – ойлану қабілеті мен қуатына, ал тарих философиясы болса – аталғандардың жиынтығынан құралған синтездік ойға сай келеді», – дейді [29]. Адам санасының ылғи да тек өткенге, немесе тек келешекке, немесе тек жан дүниесіне, немесе тек ойлану қабілетіне үздіксіз одақтала алмайтындығын есепке алар болсақ, адам санасының әрдайым тарих философиясы, яғни аталғандардың үзінділерінің жиынтығы тұрғысынан ойланатындығын аңғарамыз. Демек, тақырыптың спекуляциялық тарих философиясын дамыту үшін бізге ұлт-азаттық қозғалыстың кезеңіне қатысты тек тарихи оқиғаларды ғана емес, сонымен қатар сол кезеңнің адамдарының өткенін, келешегін, ішкі жан дүниелерін, ойлау қабілеттерін зерттеуіміз қажет. Тарих философиясын Ш.Учардың айтқанындай түсіне отырып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын зерттеп, оның теориялық мәселелерін жүйелей білсек, өздік санаға негізделген тарихи ой өрістің артуы орын алары хақ деуге болады. Ол үшін тарихи сана, өнерге, ғылым мен философияға негізделген санамен үйлесе дамуы қажет. Дегенмен, бір мәселенің шешім жолдарын ұсынудың өзінде сан-түрлі әдістердің бар екендігін мойындаймыз.

Патшалық Ресей тұсындағы зерттеу теориялары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын империялық тұрғыдан Ресейді православиелік шіркеуінің әлемдік орталығына айналдыру және бұл мақсатқа қол жеткізуде кедергі бола

алатын өзге халықтарды түрлі айла тәсілдер арқылы шоқындыру мен рухани тәуелділікке түсіру амалымен зерттеліп, жазылған. Ресей империясы Қазақстанның Оңтүстік өңірі мен Орта Азия жерлерін толығымен отарлаған соң, жергілікті халықты рухани тәуелділікке түсіру мақсатында мұсылмандарды бақылайтын арнайы комитетті құрады. Комитеттің басына жергілікті мұсылман халқының мәдениеті мен болмысын, дәстүрі мен салтын зерттейтін ғалымдар мен отарлық әкімшілік басшыларын шоғырландырады. Ол ғалымдар мен барлаушы аппараттың арасында Н.И. Ильминский, Н.П. Остроумов, С. Граменицкий, А.Е. Алекторов қыруар жұмыстар атқарып, Түркістан халқының ұлт-азаттық көтеріліске аттану рухын барынша төмендету үшін еңбектер жазып күш жұмсаған [30]. Әдістемелік жағынан қарағанда аталған ғалымдардың еңбектері жергілікті халықтың ағартуымен тікелей байланысты.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тамырын сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан іздеген абзал. Себебі, сол замандағы отарлық әкімшіліктің пайымдауынша «бұратана» халыққа жаңа билікті мойындату үшін оларды орыс мәдениеті мен тіліне тәуелді ету қажет еді. Алғашқы болып бұл теорияны практикада жүзеге асырғандардың қатарында генерал-губернаторлардың саяси ұстанымын атауға болады. К.П. фон-Кауфман жаулап алынған халықты шоқындыру қажеттілігі туралы тілге тиек етіп, Н.И. Ильминскийдің әдістерін жүзеге асырған. Ол баста облыстар мен болыстарда, сонан соң ауылдарда аралас орыс-тузем мектептерінің санын арттырды. Осылайша, сатылы түрде Түркістандағы дәстүрлі мектептер мен медреселердің қызметіне шек қойыла бастады. Бұл, әрине, діни қызметкерлердің наразылығын оятып, олардың ұлттық санасының артуына мұрындық болады. Осы тұрғыда мұсылман қозғалысының мәнін төмендететін еңбектер мен патшаға жіберілген есептерді атауға болады. Мәселен, 1897 жылғы Әндижан көтерілісін басқарған Мамад Али ишанның жеке басы мен тұтас алғанда көтерілістің мәнін төмендеткен «Ислам в Туркестане» атты баяндамасы сол кездегі зерттеулердің жергілікті халықты отарлау мақсатында жазылғандығын дәлелдейді [31].

Түркістандағы 1880-1890 жж. әкімшілік реформалардан кейін жергілікті мұсылман халықтары патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы қарумен емес, сауаттылықпен күресу қажеттілігіне көз жеткізіп, осы тұста Ысмайыл Гаспыралының «Тілде, санада және тірлікте бірлік» ұранымен бастаған жаңа жәдитші қозғалысын бастайды. Оған қарама-қарсы бағытта патша өкіметінің отарлау саясатын тереңдете түсуді, Түркістан халықтарын бодандықта ұстауды насихаттаған еңбектер де жарық көрді [32]. Дегенмен, аталған зерттеушілердің пікірлеріне қарсы ұлттық негіздегі еңбектер де күннен күнге арта түсті. Әсіресе О. Әлжанов, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейхановтың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарық көрген еңбектері халық санасын оятуға, қазақ халқының жерін отарлауға қарсы бағытталды [33]. Сол заманда жазылған бұл ғалымдардың еңбектері ұлттық негізде, тәуелсіздік серпінімен, барынша халықтың назарын осыған аудару мақсатында қаламға алынған.

II Мемлекеттік дума мінбесінен патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеп Б. Қаратаев сөз сөйледі [34].

Кеңестік Ресей тұсындағы зерттеу теориялары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын «қарақшылар», «контрреволюционерлер», «пролетариат диктатурасына қарсы антогонистік күштер», «үстем тап өкілдері» қозғалысының тарихы ретінде қарастырып, халықтарды орыс пролетариатының диктатурасына бағынышты біртұтас кеңестік қоғамға айналдыру тұрғысынан зерттеді. Кеңестік дәуірде барлық ғылым саласында жазылған еңбектер коммунистік идеология негізіне мүжбүр сүйеніп, маркстік-лениндік тұрғыдан дәріптелген. Әрине, кейбір кеңестік ғалымдардың тарихи ұстанымы деректердің шектеулі болуына және оны тек біржақты көзқарас тұрғысынан пайдалануы мәселенің қай сипатқа ие болғандығын анықтауды қиындатқан. Осы тұрғыдан қарағанда Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихы тек жергілікті халықтың «басмашылар» бүлігі ретінде сипатталып, оның зерттелу хронологиясы үшке бөлінген. Ұлт-азаттық қозғалыс тұншықтырылып жатқан кезде тақырыпқа қызығушылық танытқан А.Н. Самойлович, Л. Соловейчик, С.Б. Гинзбург, В. Василевич, Ф.Илютко, Василевский, А. Бобунов большевизм идеясы тұрғысынан өз еңбектерін жазып, халықтың ұлттық рухын аяқ асты етуге талпыныс жасады [35].

Қызықтыратын мәселелердің қатарына Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихы Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін идеялық бағытта жазылса, соғыстан кейінгі жылдары сталинизмнің қатаң жүйесі мен талабы негізінде зерттелді. Алайда, соғыс жылдарындағы сталинизмнің түркі халықтарын зорлықпен қуғын-сүргінге ұшыратып, шындықты жазған Е. Бекмаханов сынды ғалымдарымызды саяси құрсауға алып, оларға объективті тарихты жазуға мұрша бермегендігін ұмытпауымыз қажет. Сталиндік тоталитарлық жүйенің шарықтаған жылдары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы туралы жұмыстар өте сирек кездеседі. Тек өткен ғасырдың орта кезінен бастап бұл тақырыпқа деген қызығушылық жалғасын тапты. Дегенмен сталиндік тоталитарлық жүйенің орнына келген әкімшілік-әміршілдік жүйе тарихи ашылымдар мен зерттеулерді партиялық принциптермен шектеді. Бұл кезде КСРО-ның түркі халықтарын орыстандырудың жаңа толқыны басталды. Сондықтан, алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін «жаңа кеңестік адам санасын» қалыптастыру жолында көптеген еңбектер жарық көрді. Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың қатарына А.Х. Бабаходжаевты, П.П. Никишовты, А.И. Зевелевті, М. Иркаевті, Х.Ш. Иноятовты, П.В. Волобуевты, Д.Л. Голинковты, Ю.А. Поляков пен А.И. Чугуновты жатқызуға болады [36]. Бұл авторлардың барлығы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын межілеу саясатынан кейінгі кездегі кеңестік республикаларға тән азамат соғысы ретінде көрсетуге тырысқан. Сонымен қатар олар қозғалыстың демеушісі шетелдік, әсіресе ағылшын империализмі болып табылатындығын баса айтып, азаттық жолындағы күресті конрреволюциялық қозғалыс ретінде айқындады. 1960-1970 жж. Кеңес өкіметі коммунистік идеологияның территориялық аясын кеңейту саясатын жүргізгендігін тарихи еңбектерден айқын байқауға болады. Оларда

«басмашылар әрекеті» деп сипатталып келген Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы қоғамның дамуына кедергі келтірген күрес ретінде көрсетіліп, келешекте кезінде большевиктер жіберген қателіктерді қайталамау жолдары сараланды.

XX ғасырдың 80-жылдарында жариялылық пен ой еркіндігіне бет бұрыс кезеңі басталды. Бұның нәтижесінде Отан тарихының кейбір мәселелері қайта қаралып, жаңа тұжырымдар орын алды. Дегенмен, қарастырылып жатқан тақырыпқа елеулі өзгерістер енгізілмеді. Осы тұста тақырыпқа байланысты А.И. Зевелев, Б. Лунин, Э. Юсупов, Х. Турсунов, М. Назаров, К. Хасанов, К. Житов, К. Акилов, М. Ахунова, Ш. Шамагдиев, Ш. Ташлиев, Е. Куприкова, А. Джумамурадов, М. Мошев, Р. Аминова, Х.Ш. Иноятов ғылыми еңбектер жазды [37].

Кеңес өкіметі ыдырай бастаған жылдары бұрын соңды құпия мұрағат қорлары ашылып, жаңа деректерге қол жеткізу мүмкіндігі пайда болды. Бұл құжаттар кезінде патшалық Ресей, сонан соң КСРО-ның құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи оқиғаларының көлеңкелі тұстарын ашуда негіз болды. Нәтижесінде тақырыпқа байланысты жинақтар, ғылыми зерттеулер, мақалалар жарық көрді. Кеңес өкіметінде шыққан кейбір зерттеулер қайта өңделіп, толықтырылып, жаңадан көпшілік назарына ұсынылды. Мәселен, Ф. Божковтың, А. Ниаллоның, П. Алексеенковтың, С.П. Тимошковтың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын «азаматтық соғыс», «басмашылар қозғалысы» ретінде сипаттап келген жұмыстарын, С.А.Шумов пен А.Р.Андреев 2005 ж. баспадан қайта шығарды [38]. Мәселеге деген олардың ұстанымы заман талабына сай өзгергенімен, дәстүрлі маркстік-лениндік концепция тұрғысынан жазылған бұл еңбектердің объективтілігін жақтап, Ресейдің сыртқы саяси мүддесін қорғады. Ал, П. Ким мен М. Хасанов, Н.А. Секретова, В. Медведев, С.Панин, В.М.Гиленсен [39], Н.Г.Хидоятова [20] өз жұмыстарында аталған позицияны ұстана отырып, мәселенің айқындала түсуіне мұрындық болды.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін тәуелсіз республикаларда жарық көрген еңбектерде Энвер паша мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қысымсыз зерделенуі, мәселенің біркелкі ашылуына септігін тигізді. Ондай еңбектердің қатарына қазақстандық, өзбекстандық, қырғызстандық және ресейлік зерттеулерді жатқызуға болады. Қазақстанның тәуелсіздігі тұсындағы зерттеу теориясы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын Қазақстан мемлекеттілігін нығайту, басқа мемлекеттермен үйлесімді көп векторлы саясат ұстану мақсатымен интеграция және жаһандану тұрғысынан зерттеліп келеді. Алаш Орда үкіметі мен ұлттық мемлекеттілікті дәріптеген ғалымдардың еншісінде К. Нұрпейіс, К.Л. Есмағамбетов, М.Қ. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, С. Рүстемов, С. Шілдебай және т.б. ғалымдардың еңбектері бар [40]. Аталған қазақстандық ғалымдар Отан тарихының 1920-1930 жж. «ақтаңдықтарын» жалпытүркілік өркениеттегі қызметін айқындау арқылы қазақ халқының әлемдегі орнын көрсетуге тырысады. Олардың еңбектері ұлттық мемлекеттілік теориясы негізінде сол замандағы ұлттық саяси элитаның тұлғалық ерекшеліктерін көрсете отырып, бүкіл тарихи кезеңді айқындаумен айрықшаланады. Атап

айтқанда, К.Л. Есмағамбетов жуырда жариялаған көлемді монографиясында «Өзбек, қазақ, қырғыз т.б. мұсылман халықтарының өмір сүру кеңістігін орыстардың этностық атамекеніне айналдыру үшін жүргізілген жүйелі де кең көлемдегі шаралар патшалық кезеңде ғана емес, «бостандық әкелдік» деп жар салған Кеңес өкіметі тұсында да орын алады, таптық принципке негізделген ленинизм орыс отарлық жүйесінің идеологиялық негізін қалайды» деп, сол замандағы «қызыл империяның» түпкі мақсатын ашып, түркі-мұсылман халықтарының 1921-1922 жж. жігерлі күрес жүргізгендігін көрсетеді [39, 301 б.].

«Теория» деп табиғат пен қоғам дамуының объективті заңдылықтарын көрсететін қоғам тәжірибесін айтатын болсақ, жоғарыда тарихи кезеңдерге қарай бөлінген зерттеу теориялары өз заманының идеологиялық ұстанымдарына қарай да бөлінген болатын. Соның салдарынан қазіргі таңда зерттеу теорияларын империалистік, бодандық, социалистік, капиталистік, тәуелсіздік идеялары тұрғысынан қарастыра аламыз.

Империалистік зерттеу теориясының басты мақсаты басқа мемлекеттерді отарлап, өзінің саяси және экономикалық жағынан құрамдас аймағы ретінде тәуелді ұстау болып табылатыны анық. Бұл теорияны айқындайтын жұмыстардың қатарына бірінші кезекте П.Н. Милюковтың еңбектерін жатқызуға болады [41]. Бұл теорияның негізі социалистік және капиталистік зерттеу теорияларымен үндесіп жатады. Мәселен, Кеңес өкіметі орнаған сәтте «қызыл империяның» құрамындағы халықтың тарихын зерттеу үшін батыста көптеген ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Ол институттардың бірі 1954 ж. Мюнхен қаласында бой көтерген «Кеңес өкіметін зерттеу институты». Бұл институттың құрамына Кеңес өкіметінің қуғын-сүргін саясатына төтеп бере алмаған және соның салдарынан эмиграцияға ұшыраған ғалымдар, саясаткерлер мен қоғам қайраткелері жұмыс атқарды. 1954 ж. институттың ресми органы қызметін түрік тілінде жарияланып тұрған «Дерги» журналының беттерінде тақырыпқа байланысты көптеген мақалалар жарияланды. Мәселен, «Түркістан тарихы» деп аталатын Едіге Кырымалдың мақаласында көне заманнан бастап, Кеңес өкіметі жылдарындағы тұтас Түркістанның тарихын сол заманның энциклопедиялық жинақтары мен баспа беттерінен алынған мақалалар мен кейбір батыстық мұрағат құжаттары негізінде мәселені зерттеудің өзіндік әдісін жасады. Автордың пайымдауынша «Түркістан мухтарияты» құлағаннан кейін большевизм мен коммунистік идеологияға қарсы тұра алатын ең қуатты күш «басмашылық» әрекеті болған [42]. «Басмашылық» қозғалысын Едіге Кырымал Түркістан халқының тәуелсіздік үшін күресі екендігін баяндай келе, бұл қозғалыстың 1928 ж. дейін созылғанын айтады. Ал, кейбір деректерге назар аударсақ, Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс 1939 ж. дейін созылған. Дегенмен, бұл көзқарасты екі тұрғыдан қарастырған абзал. Сталин билікке келгеннен кейін қатарынан жүзеге асырылған ұжымдастыру, сонан соң индустриялау салдарынан туындаған ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін саясатын есепке алар болсақ, ұлттық баскөтерулердің зорлықпен жаншылып тасталғанын ұмытпауымыз қажет.

Дегенмен, саяси қуғынға ұшыраған эмигранттардың сырттағы күресін зерделесек, онда біз, тек шеткері мемлекеттердегі олардың ғылыми күресін ғана көре аламыз. Осы тұрғыда Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеудің екі бағытта дамығандығы анық. Дерек бола алатын, сол замандағы қозғалыстың алдыңғы қатарындағы М. Шоқай, А.-З.В. Тоган, Юсуф Ақшора, Хусейнзаде Али Тұран және т.б. тұлғалардың шетелдегі ғылыми күресі мен КСРО құрамында тәуелсіздікті аңсаған М. Тынышпаев, Т. Рысқұлов, М. Сұлтан-Ғалиев, Ә. Бөкейханов сындылардың саяси-идеологиялық және ғылыми күресі деп екіге бөліп қарастыруға болады. 1930 ж. М. Шоқайдың «Бұрынғы чекист Ағабековтың естеліктерінен» атты мақаласы Түркістандағы большевиктердің саясатын ашып көрсетеді [43].

Ұлттық болмысты қорғау үшін империалистік мемлекеттермен күрес жүргізу мақсатында 1924 ж. М.К. Ататүріктің бастауымен Стамбул қаласында «Түркият институты» құрылды. Осы институттың жігерлі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Ресей империясы, сонан соң КСРО құрамында қалған түркі-мұсылман халықтары тарихының беймәлім тұстары жазылды. М.К. Ататүріктің ғылымға деген құштарлығы мен түркі халықтарының тарихын қайта жазу қажеттілігі жөніндегі ойларын, оның эмиграцияға ұшыраған Ю. Ақшора, А.-З.В. Тоган, Х.А. Тұран сынды ғалымдардың осы институтта қызмет етуге жұмылдырғанынан аңғаруға болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын тұтас Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихы тұрғысынан зерттеу – ғылыми-практикалық маңызы зор басты тарихнамалық мәселе. Әлбетте, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихы түрікшілдік қозғалысының тарихымен сабақтаса дамыған құбылыс. Сондықтан, түрікшілдік қозғалысы тарихнамасын зерттеу Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуде шешуші рөлге ие. Түркістандағы түрікшілдік мәселесіне келетін болсақ, оның зерттелу деңгейі мен теориялық-методологиялық аспектісін батыстық, түркиялық, ресейлік және отандық деп, төртке бөліп қарастыруға болады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстағы түрікшілдік мәселесіне тоқталған еңбектердің қатарында С.Шілдебайдың жұмысы өзінің ерекшелігімен көзге түседі. Оның анықтауы бойынша түрікшілдік дегеніміз түрік халықтарын сүю, биіктету, көркейту, дамыту деген ұғым [40, 179 б.]. Бұл анықтамаға сүйене отырып, түрікшілдікті трансценденттік (тәжірибенің сыртындағы) шындық деп атауымызға болады. Мұндай жағдайда трансценденттік шындықтың толықтауышы болып табылатын объективті шындыққа Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын жатқызамыз. Трансценденттік шындықты зерттеу объективтік шындықты игеру нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Осының негізінде Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы орнын анықтау үшін, түрікшілдікке байланысты еңбектер мен зерттеу жұмыстарын да қарастырған жөн. Себебі, Энвер пашаның «Ұлы Тұран» идеясын жүзеге асыру мақсатының түп тамырында түрікшілдіктің негіздері бар екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл бағытта тақырыпты толықтыратын еңбектердің қатарында Энвер пашамен қатар күрес жүргізген

Осман Қожаұлының сіңірген үлесін де атап өткен жөн. Ол туралы мәліметтерді М.Қ. Қойгельдиевтің еңбектерінен аңғаруға болады [44, 347 б.]. Ал М. Иркаевтің берген мәліметтеріне қарағанда екі қолбасшы бір рет қана кездескен. Бірақ, олардың кездесуінен большевиктерге қарсы күрескен Энвер паша мен Осман қожаның әскерлері арасында бірігу байқалмайды, керісінше Душанбе қаласы қоршауға алынғанда Энвер пашаны тұтқындаған Ибрагим бек соққы жасап, әскерлердің таралып кетуіне себеп болған. Бұл туралы біз төмендегі тарауларда кеңірек тоқталатын боламыз.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы мен Энвер пашаны ұштастыра білген және бұл қозғалысты Түркия тарихнамасында қарастырған ғалымдар да баршылық. Бұл бағытта қаламға алған түркиялық ғалымдардың қатарына Абдуллах Режеп Байсунның, Е.Ш. Арсланның, Жемаль Кутайдың, Али Бадемджидің, И.Каябалы мен Ж.Арсланоғлуның, С.Р.Сонйелдің, Ахат Андижанның зерттеулерін атауға болады [45].

Кеңестік тарихнамада М. Шоқай «сатқын», «Германияның агенті» ретінде бағаланды. Мариям Шоқайдың естеліктерінде Вели Каюмхан М. Шоқайды өлтірген деп айыпталады. Қазіргі таңда осы ойды қолдайтын тарихшылар да кездеседі [46]. Біз бұл жұмыста В. Каюмханды жақтауды немесе оны ақтауды мақсат етпейміз. Мәселе оның тақырыпқа тікелей қатысы бар мақаласы жарық көргендігінде [47]. Онда В. Каюмхан Түркістандағы қозғалыстың тәуелсіздік алу мақсатында өрбігендігін айтады. Ол Өзбекстан Кеңес Республикасында әдеби, тарихи жұмыстарды саралай отырып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын масқаралайтын көрмелердің, тіпті театрлардағы қойылымдардың орын алғандығын жазған. Түркістан Бірлік Комитетінің тарихы туралы бірқатар мәліметтер келтіріп, кеңестік тарихнамада «Вели Каюмхан Түркиядағы Түркістан Ұлттық Комитетінің президенті» деген айыптаулардың шындыққа жанаспайтынын айтады. Бұл ойдың нәтижесінде ортаға екі мәселені қоюға болады. Біріншіден, кезінде Кеңес өкіметінің идеологиясы негізінде бұрмаланып жазылған жұмыстардың барлығы империялық ұстанымды дәріптеу мақсатында дүниеге келіп, ұлттық бағыттағы кез келген әрекеттерді тарихи қолданыстан шығару бағытында жазылған. Екіншіден, батыс елдеріне эмиграцияға ұшыраған В. Каюмхан, Баймирза Хайит, А.-З.В. Тоган т.б. жұмыстарын антикеңестік көзқараста жазғандықтан, қаралып жатқан тақырып бойынша жарық көрген жұмыстарда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын заңды құбылыс ретінде көрсетуге тырысқан. Аталған авторлардың берген мәліметтерін біз жоққа шығара алмаймыз. Осының негізінде Б. Хайит Түркістанның Ресей мен Қытай арасында құрсауға алынып, ондағы отаршылдық саясаттың жүзеге асыру барысын ашуға тырысты. Автор Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын кезеңдерге бөліп қарастырды [48]. Оның пайымдауы бойынша бірінші кезең – XVIII ғ. Ресей империясының Түркістандағы отаршылдық саясатының басталуынан XIX ғ. соңына дейін, екінші кезең – Түркістан халқының қарулы ұлт-азаттық қозғалыстары, үшінші кезең – Кеңес өкіметінің құрылып, 1934 ж. дейінгі саясаты, төртінші кезең – 1934-1980 жж. қамтиды. Осы дәстүрді жалғастырған М. Броксап «Басмашылар»

атты еңбегінде Түркістан халқын жан-жақты отарлаған Кеңес өкіметінің қателіктерін [49], ал Х.Б. Паксой «басмашылар» қозғалысын, А.-З.В. Тоганның еңбектеріне сүйене отырып, оның себептері мен нәтижелерін ашуға тырысқан [50].

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін «басмашылар» әрекеті деп сипатталып келген Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы объективті бағасын ала бастады. Бұл бағытта өзбекстандық ғалымдар А. Набиев, Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов, француз ғалымы Жан-Поль Ру, қырғызстандық зерттеуші Н. Сопуева зерттеу жұмыстарын жазды [51]. Бұл авторлардың еңбектерінің деректік негізі өз елдерінің мәліметтерінен бастау алып, белгілі мемлекеттік идеологиялық бағытта қаламға алынды. Авторлардың арасынан Н. Сопуеваның жазған жұмысының деректемелік негізі ауқымды және автор кеңестік тарихнаманы жан-жақты сынаған. Жан-Поль Ру қозғалысқа адамзат тарихының өркениеттілік даму жолындағы заңды құбылыс ретінде баға берген. Жалпы алғанда екі автор да қозғалысқа сипаттама беру барысында тарихилық, объективтілік принциптерін барынша ұстана білген.

Жұмыстың маңыздылығы мен оның әлі де зерттеуді қажет ететіндігін соңғы кездері қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардан да аңғаруға болады. Тақырыпқа тікелей қатысы бар Т.Х. Маханұлының, А.К. Мамраеваның, С.С. Агзамходжаевтің жұмыстарын атаған жөн [52]. Дегенмен, аталған авторлардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының шеңберіне Энвер пашаның қызметі мен рөлі жанама түрде енген.

Қорыта айтқанда, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы Энвер пашаның қозғалысқа қатысу себептері және оның идеялық ойының жүзеге аспауының салдары мен мәселелері осы күнге дейін толыққанды зерттеле қойған жоқ. Ал, оның тарихнамалық және теориялық-әдістемелік зерттеу негізі алуан түрлі. Сондықтан, бұл бөлімде біз тақырыптың тарихнамасы мен теориялық-методологиялық аспектілерін сараптауда барынша тарихилық және объективтілік принциптерін ұстануды және 1921-1922 жж. болған оқиғаларды өзара сабақтастыруды көздедік.

## 1.2 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының деректік негізі

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихы мен Энвер пашаның бұл қозғалыстағы орнын, оның идеялық ұстанымдарын саралау барысында Өзбекстан, Түркия және Ресей Федерациясының мұрағат қорлары зерттелді. Сонымен қатар осы тақырыпқа тікелей қатысы бар баспа материалдарын жан-жақты салыстырмалы түрде сараптау мақсат етілді. Осы орайда бөлімдегі қамтылатын негізгі мәселелердің қатарында деректердің өзара шынайы байланысы мен тұтастығын айқындау болып табылады.

Тақырыпқа байланысты деректерді сипатына қарай үшке бөліп қарастырған жөн. Біріншіден, Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысы жөніндегі құжаттар мен сол замандағы баспа материалдары; екіншіден, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан

қолбасшылар мен олардың тактикасына байланысты большевиктердің өзара агенттік және хабарлама түріндегі құжаттары мен «басмашылық» жөніндегі ақпараттары; үшіншіден, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан көтерілісшілердің өзара алмасқан құжаттары.

1917 ж. Ақпан революциясы мен қазан төңкерісі патшалық Ресейдің құлап, «қызыл империяның» билікке келуіне себеп болатыны баршаға аян. Бұл тарихи бетбұрыс кезеңі түркі-мұсылман халықтарының тәуелсіздікке қол жеткізуге деген үмітін арттырды. Осы тұстан бастап Түркістанның саяси элитасы тәуелсіздік жолындағы күресін күшейтеді де, «Түркістан автономиясын» құруға бет алады. Автономияның географиялық аясын кішірейтіп көрсетуге тырысқан кеңестік тарихнамада ол «Қоқан автономиясы» деп аталды. 1918 ж. «Түркістан автономиясына» деген большевиктердің әскери-идеологиялық қимылы салдарынан, оны құрған үкімет басшылары мен әскерлер ашық түрдегі ұлт-азаттық соғысқа аттанады. Осы тұстан бастап, тарихқа «басмашылар» қозғалысы деп енген Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өрістей түсті. Жұмыстың хронологиялық шеңбері 1921-1922 жж. қамтығандықтан, бұл бөлімдегі деректік негізді осы белгіленген кезеңмен шектейміз.

Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысы жөнінде маңыздылығы жағынан ӨРОММ И-276 қоры 1916 ж. көтерілістің келешекте тұтас Түркістан халқының ұлт-азаттық көтерілісне айналуы мүмкін екендігі туралы құжаттар молынан кездеседі. Мәселен, Түркістан аудандық күзет бөлімшесі бастығының 1916 ж. 9 шілдеде Ферғана облысының әскери губернаторына жолдаған құпия хатында Энвер пашаның Түркістан түркі-мұсылман халықтарының құтқарушысы ретінде мойындалып, кез-келген шайханалар мен кәуапханаларда ол туралы өлеңдердің шырқалатындығы баяндалған [53]. Бұл жағдай отарлық әкімшіліктің мазасын қашырған және оның Түркістандағы мақсаттарына қайшы келетіндігі мен алдын алу қажеттілігі жөнінде ұсыныстар жасалған. Бұл хат Энвер пашаның Түркістан жеріндегі беделінің қаншалықты жоғары болғандығының дәлелі болып табылады.

1921 ж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты мұрағат құжаттары РМӘМ-ның қорларынан табылып, диссертациялық жұмыста пайдаланылды. Жоғарыда аталған «Түркістан автономиясы» құлағаннан кейін, большевиктерге қарсы ашық соғысқа аттанған Түркістан әскерлерінің жазаға тартылуы мен Душанбе, Ферғана, Бұқарадағы бытыраңқылығы туралы деректер 110 қордан алынды. Бұл қордың 1 тізбеде жинақталған деректерінің қатарына жазаға тартылған әскерлер жайлы Түркістан Революциялық әскери трибуналы бөлімінің орындаушы сот басшысының шешімдері, қаулылары және болжам әскери қимылдары туралы деректер молынан кездеседі. Бұл құжаттардан большевиктердің РКФСР атынан шешімдер қабылдап, жазасыз жергілікті халық өкілдерін де қылмыскер деп танып, жазаға тартқандары аңғарылады [54].

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өрістей түсуіне байланысты құрылған жаңа үкімет 1921 ж. 14 қаңтардан бастап аймақтағы әскери ықпалын күшейту мақсатымен қызыл әскер санын арттырды. Ол туралы деректердің қатарына

Түркістан соғыс шебінің төңкерісшіл әскери кеңесінің орталыққа жолдаған жедел хатын жатқызамыз [55].

Кеңес өкіметі жүйесі мен мақсаты жағынан Ресей империясының жаңа формадағы билігі іспеттес екендігін қазіргі таңда көптеген ғалымдар мойындаған. Патшалық Ресей тұсында құрылған генерал-губернаторлықтардың империялық саясатын дәріптеуші органдар іспеттес Кеңес өкіметі жыладарында билікті одан сайын күшейту мақсатында Орталық атқару комитеттері құрылды. Бұл комитеттердің аймақтағы ұстанымдары жайлы деректер де осы 110 қордан алынды. Мұнда өлім жазасын шығаратын билік органдарының құқықтары мен міндеттері туралы деректер бар. Атап айтқанда, 1921 ж. 10 ақпандағы циркулярда «Төңкерісшіл әскери трибуналдың ережесінің 30 бабы» негізінде жаза шығаруға құзыретті органдар нақты көрсетілген.

РМӘМ-ның 278 қорында көбінесе Қоқан, Марғұлан, Ош, Әндіжан аймақтарында топтасқан көтерілісшілер туралы мәліметтер берілген. Бұл мәліметтерге қарағанда большевиктерге қарсы ашық соғыс қимылдары 1921 ж. мамыр айынан бастап өрістей түскен. Сондай-ақ, аталған топтасқан көтерілісшілердің өзара байланыстарының болмағандығы аңғарылады. 1921 ж. 5-6 мамырда Ферғананың штаб басшысының берген агенттік ақпараты бойынша Марғұлан, Әндіжан және Ош аймақтарында көтерілісші топтардың құрылғандығы белгілі болды. Бұл ақпараттық мәліметтер негізінде кеңес армиясы «бүлікшілерге қарсы» соғыс қимылдарын жүргізу жоспарларын анықтап отырды. Тіркелген әрбір ақпараттық хабарламаларға байланысты нақты шешімдер мен қорытындылар жасалды. 278 қордың барлық құжаттарын сараптай келе төмендегідей тұжырым жасауға болады:

- берілген агенттік ақпараттар негізінде көтерілісшілердің жалпы қаржылық деңгейін анықтап,олардың қаншалықты дәрежеде қаруланғанын білуге болады. Дегенмен, агенттік ақпараттардың толығымен шындыққа сай келетіндігіне күмәндану да орынды.

- көтерілісшілердің негізгі топтары Наманган, Марғұлан, Әндіжан және Ош аймақтарында шоғырланғандығы, алайда, олардың өзара жоспарлы идеялық әрекетке ие болмағандығы туралы құжаттар бар. Әрбір топбасшысы 50-300 адамнан құралған топтар құрып, қызыл әскерге қарсы соғысумен қатар, ауыл-аймаққа да тыныштық бермегендігі жөнінде көптеген жағдайлар большевиктер тарапынан тіркелген. Дегенмен, агенттік ақпараттарға қайшы келетін құжаттар да молынан кездеседі. Мәселен, бас қолбасшы С.С. Каменевке 1919 ж. 22 қыркүйекте жіберілген жеделхатта Түркістан халқының бұрыннан большевиктерге қарсы соғысып келгендігі туралы ақпарат берілген. Онда «басмашылар» біріккен шаруалар армиясының ақ гвардияшылармен келісімге келе отырып, Қызылжар, Ашхабад, Баку және Жетісу бағытындағы қызыл әскерлерді талқандағаны туралы мәліметтер тіркелген [56].

Большевиктердің халыққа қарсы қарулы әрекеттерді қантөгіспен аяқтап, қозғалысқа қатыспаған, тіпті құрылған топтарға қатысы болмаған қарапайым халық өкілдерін тұтқындағаны және оларды өлтіргендігі туралы мәліметтер кездеседі [57]. Осыған қоса, «Түркістан автономиясы» жойылғаннан кейін,

қызыл әскерлердің Түркістандағы жантүршігерлік қылмыстарын әшкерелейтін құжаттар да бар. Мәселен, Мұсылмандар ротасының бөлімше командирінің көмекшісі Волковтың 1919 ж. 17 тамызда Әндижан қаласынан әскери қолбасшы Гроссманға жолдаған құпия баяндамасында былай делінген: «қарақшылықпен айналысатын бандиттердің бұрынғы қолбасшылары (бүгіндері менің дәлелдерім болғаннан кейін оларды кеңестік бандиттер деп атауға батылым жетеді) сап түзеудің не екенін де, басшылық жасауды да білмейді, оны үйренгісі де келмейді. Себебі, көп уақыт бойы қарақшылықпен айналысып, адал еңбек дегенді мүлде ұмытқан. Олар өздерін тым еркін ұстап, еркін сезінеді. Сондықтан, адал адамдардың бандит қолбасшыларға ұнамайтындығы ғажап емес. Қызыл әскерлер ескі шаһарда базар күндері қарауылдыққа шығып, тонаушылықпен айналысады, әйелдерді зорлайды (жақында ғана бір сарт әйелді зорлады) және ешкімнің алдында жауапқа тартылмайды: Нұрмұхаммед пен қорбашылардың бұған назар аударулары шамалы. Осылайша Ферғананың кедей, бейшара мұсылман халқы бұрын басмашылар деп аталған бандиттер тарапынан қалай езіліп, тоналған болса, енді Кеңестік Мұсылмандар ротасының солдаты деп аталған бандиттердің тарапынан тоналуда. Басмашылардың аты затына сай» [58]. Аталған қордың құжаттар топтамасы Түркістан және Төңкерісшіл әскери кеңес істері жөніндегі Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің біріккен отырысының хаттама үзінділері назар аударарлық мәліметтер береді. Атап айтқанда, 1921 ж. 15 тамыз отырыстында төмендегідей қарарлар алынған:

а) «басмашылардың» жеке-дара қолбасшыларымен келіссөздер жүргізуге рұқсат беру және ол келіссөздерді саяси мақсаттарда пайдалану;

ә) барлық «басмашылық» топтардың өкілдерімен келіссөздер жүргізуге тырысу;

б) тек толығымен қарусыздандырылған жағдай негізінде ғана «басмашылармен» бітімге келу және олардың біздің жағымызға өтуіне мүмкіндік беру. Кейбір біздің жағымызға өткен қорбашыларға кішігірім күзетшілер тобын бекітуге болады;

в) келіссөздерде басшылық жасау үшін, қажет болған жағдайда, сол келіссөздерді жүргізу үшін Ферғанаға іс-сапармен Түркістан комиссиясынан бір адамды және Түркістан соғыс шебі Төңкерілісшіл әскери кеңесі мүшелерінің қатарынан бір адамды аттандыру;

г) Түркістан Республикасы кеңестерінің алдағы X съезіне Ферғананың бүкіл халқын Кеңес өкіметіне қарсы күресуді тоқтатуға шақырып, күресті тоқтатқандар мен қаруын тапсырғандарға амнистия жарияланатындығын ескертетін үндеу жариялауы қажеттілігі туралы ұсыныс жасау;

д) Осы қаулының 4-бабын жүзеге асыру мақсатымен Ферғанаға Төреқұлов пен Баранов жолдастарды іс-сапармен аттандыру [59].

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өрістей түскеннен кейін Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің 1918 ж. 2 қыркүйектегі және Совнаркомның 1918 ж. 5 қыркүйектегі шешімдерінің нәтижесінде Түркістан өлкесінде ресми түрде «қызыл» террор басталды. Болшевиктердің құрған жүйесі террорлық

диктатураны мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді [60, 203-204 с.]. Большевиктердің билік басына келуімен олардың өзара келіспейтін ұстанымдары да болды. Ескі патшалық билікті аңсаған генерал А. Дутов та елде ақ террорды жүргізді. Осылайша, Түркістан халқы біржақтан «қызыл» террорға, екінші жақтан «ақ» террорға тап болды. Бұл туралы ӨРОММ-ның Р-1505 мұрағатындағы құжаттар дәлел болып табылады. Төңкерісшіл топтардың идеологиясы жергілікті халықтың мал-мүлкін тәркілеу арқылы «қызыл әскерлердің құлқынын қанағаттандыратын» болды. 1922 ж. 6 наурызда Самарқанд облысы, Хиуа, Бұқара және Амудария бөлімшесінің бүкіл әскербасыларына жіберілген циркулярда былай деп жазылған: «Батыс және Шығыс Бұқарада, Хиуада және Самарқанд облысында басмашыларға қарсы әскери іс-қимыл жасау барысындағы қызыл әскер бөлімшелерінде халықты тонау, олардың дәстүрлерін қорлау және т.б. ауыр қылмыстар байқалуда. Әсіресе, бұл құбылыстар М. Буденныйдың атты армиясынан келіп жеткен қосымша әсерлердің арасында кең етек алған. Бұған қоса олардың ішінде бейбіт халықтан тартып алынған мүліктің есебінен ішкілікке салыну мен бассыздыққа бару орын алуда... бұндай әрекеттер бейбіт халықтың алдында бізді жек көріншті етіп, қарсыластарымыздың қатарындағы адам санының артуына әкеп соқтырады» [61].

Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың өрби түскеніне большевиктердің «қызыл» террор саясаты түрткі болғанын 1922 ж. жататын құжаттардың барлығы дәлел бола алады. РМӘМ-ның 28113 қорындағы құжаттардың бірінде большевиктердің «Түркістан автономиясы идеясы үшін күрескен Мадамин бектің өлімінен кейін «басмашылық» қозғалысы ислам дінін қорғау дәрежесіне дейін көтерілді» деген тұжырымы бар [62]. Ислам діні жан-жақты тұншықтырылған Түркістан халқын ұлттық тәуелсіздік идеясын жандандыруға итермеледі. Аталған құжатта «мұсылман халқының исламға деген ұстанымы большевиктердің саясатына қарсы күресте күшейе түсті» деген жолдар бар. Осы орайда ислам мен түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы өзара тығыз байланысты деген тұжырым жасауға болады. Себебі, XIX ғ. соңында патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы сауаттылықпен күресті бастаған сәтте Ы. Гаспыралы мұсылмандық білім беру жүйесін реформалау қажеттілігін ұсынғаннан соң, 1905-1906 жж. қатарынан Бүкілресейлік мұсылман съездері өтеді. Ол съездерде орыстық ағартуға қарсы шыққан түркі-мұсылмандар өз ұлттық құқықтарын қорғады. Ал, түркі-мұсылман халықтарының санасына терең сіңген мұсылмандықты біз жалпы түркіліктен ажыратып қарастыра алмаймыз. Сондықтан, Кеңес өкіметі орнаған сәтте большевиктердің үрейін ұшырған жағдайлардың қатарына ислам діні айналасындағы бірлік болды. Мұрағат құжаттардың арасында «Ферғанадағы басмашылармен күрестің жалғасуына бес жыл болды. Әлі күнге дейін нәтиже жоқ. Басмашылық күн өткен сайын әлсіреудің орнына күшейіп келеді. Бұқарада қалыптасқан саяси жағдай тез арада Ферғана басмашылығын жоюды талап етеді» деген Ферғана облысының әскерлеріне Қоқан қаласынан 1922 ж. 5 шілдеде жолданған № 39/оп бұйрық бар [63]. Бұған қоса аты «Сұлтан» деп қол

қойылған құжатта большевиктердің шариғатты мойындамай, Ресей мен Түркістанда дінсіздік жариялағандығы туралы мәліметтер тіркелген. Осыған байланысты «басмашылар» Кеңес билігін мойындамайтынын және большевиктердің шариғатты ұстануға рұқсат берген жағдайда олармен соғысуды доғаратындығын алға тартқан [64]. Бұл құжаттың негізінде Түркістан халқы тәуелсіз мемлекет ретінде Кеңес өкіметімен келіссөзге келуге дайын болып, ежелден келе жатқан өркениеттілігін көрсете білді деген тұжырым жасауға болады.

1922 ж. қаңтар айынан бастап, большевиктердің Түркістанға бағытталған қарулы соғысы жоспарлы түрде жүзеге аса бастады. Оны РМӘСТМ-ның 5 қорынан табылған құжаттар растайды. Большевиктер жасаған қателіктерін сараптай бастады. Оның кері салдарларына көзі жетіп, «басмашылық» қозғалысын зерттеуге кірісті. 5 қордың 1 тізбесінен алынған құжаттың бірінде «басмашы» қозғалысының себептері, барысы және 1921 ж. дейінгі қорытындысы жасалған. Сараптама жасалынған бұл құжатта Исламқұл басқарған «басмашы» әскерлердің 1922 ж. басына таман большевиктерден соққы жегендіктері жазылып, жалпы қозғалыстың жүйесі сызылған. Ол бойынша 1922 ж. «басмашылардың» басқарған аймақтары, олардың әскер бірліктерінің құрамы мен ұйымдасуы, қаруланған әскер бірліктерінің саны, соғыс тактикасын үйрену мәселесі, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі, бірігу мәселесі, байланыстары мен ішкі жағдайы, «басмашыларға» деген жергілікті халықтың пікірі большевиктер тарапынан жан-жақты зерттелгені аңғарылады [65]. Осы зерттеулерден кейін 1922 ж. қаңтар айынан бастап кеңес әскерлері жоспарлы түрде Қоқан мен Ферғана облыстарының ішкі аймақтарына ене бастады. Бұның дәлелі ретінде РМӘМ-ның 28113 қорындағы кеңес армиясының Исламқұл қарамағындағы көтерілісшілерге қарулы соғысты бастағаны туралы бірқатар деректер жинақталған. Бұл деректерде Ферғана облысы кеңес армиясына жіберілген бұйрықтар, жолдамалар, ережелер мен стратегиялық әскери жоспарлар жиналған. Құжаттардың арасында кеңес армиясына 1922 ж. 6 ақпанда берілген №5 бұйрықтағы «басмашыларды» жоюға бағытталған жеті сатылы нұсқауда Ферғана бағытында екі қанаттан шабуыл жасау жоспары анықталады. Наумовтың қолы қойылған бұл бұйрық кеңес армиясын басқарған Соколовскийді «басмашылардың» көзін толығымен жойғаннан кейін кеңес армиясын жергілікті халықтың есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге міндеттейді [66].

Аталған қордан «басмашылық» қозғалысын басқарған Ахмад Палван мен Умарали қорбашылардың өзара одақ құруының жергілікті халықтың ұлттық сана-сезімінен емес, кеңес өкіметіне қарсы өшпенділіктерінен туындағандығын байқаймыз. Осыған ұқсас құжаттардың жиынтығы аталған қорда көптеп кездеседі. Осыған байланысты төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- кеңес армиясының агентура қызметі өте жоғары деңгейде жұмыс жасаған және олардың жеткізіп отырған агенттік ақпараттары «басмашылардың» орналасқан әскери лагерлері, адам саны, қару-жарақ мөлшері, азық-түлік қоймасының көлемі және т.б. туралы нақты дәлелдерге сүйеніп беріліп отырды;

- кеңес армиясының қолбасшылары осы агенттік ақпараттарға негізделе отырып, «басмашылардың» өзара одақ құруына кедергі жасаудың барлық айла-тәсілін жоспарлап жүзеге асырып отырды;

- агенттік ақпараттардың мәліметтері бойынша «басмашылардың» қару-жарақпен қамтамасыз етілуі өте төмен деңгейде болды;

- кеңес армиясы Ферғана облысының географиялық жағдайын жете жақсы білмеуіне байланысты жергілікті халықтан шыққан жол көрсетушілердің қызметін орынды пайдалана білді. Осының нәтижесінде, алдына қойған мақсаттарына жетуде оңды қадамдар жасады;

- Ферғана облысының тереңіне ылдилап кіруі барысында кеңес армиясы жергілікті қарапайым халық арасында коммунистік идеологияны насихаттай білді. Осының салдарынан жергілікті халық кеңес әскеріне көмектесуге ынталы болды [67].

Құжаттармен тереңірек таныса келе кеңес әскерінің Ферғана облысындағы саясатына қатардағы жауынгерлердің наразы болғандығын анықтауға болады. Бұл қорда осы наразылықтың салдарынан кеңес жауынгерлерінің «басмашыларға» қоймаларда орналасқан қару-жарақтарды сатқандығы туралы құжаттар кездеседі. Бұл фактілерге қарап, біз, сол кездегі кеңес әскерінің құрамындағы әлеуметтік мәселелерді шешіп үлгермеген деген тұжырым жасай аламыз. Бұның дәлелі ретінде Ферғана облысы әскерлеріне 1922 ж. 3 сәуірде жіберілген № 014/оп бұйрығындағы мына қатарларды келтіруге болады: «Алынған ақпараттардың негізінде біздің жағымыздан дұшпанның қарулануы үшін қару-жарақтар, револьверлер, оқ-дәрілер, винтовкалардың қомақты мөлшері жоғалып кетіп жатыр деп есептеймін. Қару-жарақтардың басмашылар қолына түспеуі үшін барлық шаралар қолданылсын, жарақаттанғандар жиналсын, қолдарындағы қару-жарақтар тартып алынсын, оларды ешбір жағдайда шайқас алаңында тастап кету болмасын деп бұйырамын. Бұл бұйрыққа бағынбағандар қатаң жауапкершілікке тартылсын» [68].

Көтерілісшілердің алға қойған идеясын жүзеге асыру барысын зерттеп, оны талдау осы тақырыбтың өзекті мәселелерінің бірі. Батыс ғалымдарының пікірін сараптай келе, олардың Түркістандағы бұл қозғалыстың түрлі аспектілерін жан-жақты қарастырмағандығын, тек ұлттық тәуелсіздікті алу сипатында ғана дәріптелген. Әрине, бұл олардың нақты деректерге қол жеткізе алмағандықтарына байланысты. Ал, жоғарыда аталған қордың құжаттары арасында «басмашылардың» бытыраңқы топтары арасында бірліктің болғандығы туралы мәліметтер бар. Мысалы, 1922 ж. 22 мамырында өзара келіскен Исраиль, Қазақбай, Ахмат Палвандардың кеңес әскеріне қарсы әскери әрекет жоспарын түзіп, ымыраға келгендіктері және оларға қарсы арнайы әскери бірліктер құрылғандығы туралы мағлұматтар кездеседі [69].

«Басмашылардың» бұл бірігу процесі кеңес өкіметін үрейлендіргені соншалық, большевиктер бұл бірліктің жүзеге аспауы жолында шаралар қолдануға кірісті. Кеңес өкіметінің басшылары осы бағыттағы шаралардың бірі ретінде жергілікті халықты рухани жағынан азғыру мақсатында үгіт-насихат саясатына кірісті. Бұның айғағын сол кезде жарық көрген бұқаралық ақпарат

құралдарынан байқаймыз. Ал, оның негізгі себебі Түркістан мәселелері бойынша Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті комиссиясының төрағасы Гусевтің 1922 ж. 15 шілдеде шыққан № 065 бұйрығында жатыр [70]. Бұл құжатты сараптай келе:

- патшалық Ресейдің отарлау саясаты барысындағы отар жерлерде жүргізген үгіт-насихатында патша билігі қаншалықты дәріптелген болса, кеңес өкіметі де өз үстемдігін жергілікті халық арасында дәл осылайша мадақтаған болатын. Кеңес өкіметі «басмашыларды» келіссөздерге шақырып, келісімге келгеннен кейін өзінің берген уәдесін орындамауы мұның айқын дәлелі болып табылады. Осындай әдісті пайдалану арқылы Түркістан жерінде «басмашыларға» психологиялық қысым көрсетілді;

- кеңес өкіметі көтерілісшілердің өз еркімен қаруын тапсыруы үшін белгілі бір күнді белгілеп, сол күнге дейін қаруын тапсырмаған «басмашыларға» қатысты бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде «Қарақшыларға, тонаушылар мен жауыздарға өлім болсын!» деген үндеулер жариялап, ұлт-азаттық қозғалыстың мәнін төмендетуге тырысқан. Бұндай саясат Түркістан халқының ұлттық және діни құндылықтары есепке алынбағандығының дәлелі;

- кеңес өкіметінің үгіт-насихат жұмыстары белгілі бір деңгейде нәтиже бергенімен «басмашылардың» ұлттық идея айналасында топтасып, кеңес өкіметіне қарсы күресін жалғастырғандығы туралы кеңес әскерлерінің орталық штабына келіп түскен агенеттік ақпараттар бар. Мысалы, 1922 ж. 16 шілде № 067 бұйрықта қаруын тапсырмаған «басмашыларды» жою үшін орталықтан қосымша атты әскер бірліктерінің жіберілуі қажет екендігі жазылған. Бұл бұйрық жүзеге асырылды. Кейіннен де осыған мазмұндас бұйрықтар көптеп шығарылды [71].

1922 ж. мамыр-тамыз айлары аралығы кеңес өкіметінің «басмашыларға» қарсы қарқынды түрде соғысқан кезеңі болды. Түркістан соғыс шебінің бас штабының үш параграфтан тұратын 1922 ж. 31 шілде № 084 бұйрығы бұның дәлелі. Алғашқы параграфта «басмашыларға» қарсы жазалау саясатын ұстанатын екі комиссия құру туралы шешім қабылданды. Бірінші комиссияның құрамына Дмитриенко, Илютенко, жергілікті халықтан Ахметханов, Алиев пен Мирабиев, ал екінші комиссияның құрамына Шясов, Бабаджанов, Анваров кірді. Екі комиссияның басшысы және кеңес өкіметінің әскери-саяси жұмыстарын жүзеге асыратын Таланкин тағайындалды. Екінші параграфта екі комиссияға міндеттер жүктелді. Бірінші комиссяға Қоқан уезінің далалы аймағын, екінші комиссияға Қоқан уезінің таулы аймағын «басмашылардан» тазалау міндеті жүктелді. Үшінші параграфта осы аталған комиссиялардың тез арада өз міндеттерін орындауға кірісуі қажет екендігі жазылған [72].

28113 қордың кейінгі істерінен аталған екі комиссияның басшылығындағы кеңес өкіметі әскерлері «басмашы» бірліктерін Марғұлан уезіне дейін шегіндіруге ғана шамасы жеткендігі жазылған. Бұл мәліметтерден тыс аты аталған қорда «басмашылардың» қолбасшыларының есімдері мен жалпы саны берілген.

Тақырыпты зерттеуде бізге, сонымен қатар, РМӘМ-ның 803 қоры қосымша деректер береді. Бұл қор 1922 ж. желтоқсан мен 1923 ж. қаңтар айлары аралығындағы құжаттарды қамтиды [73]. 803 қор құжаттарының басым көпшілігі 1923 жылға қатысты. Дегенмен, бұл қордан қорбашылардың құрылтайлары, олардың қаулылары, кеңес әскерінің соғыс тактикасы, агенттік ақпараттар, кеңес әскерлеріне бағыт-бағдар беретін «басмашылық» қозғалысы туралы қысқаша сипаттама мен нұсқаулар кеңінен пайдаланылды.

1921-1922 жж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихы Энвер пашамен тығыз байланысты. Энвер пашаның Бұқара қаласына келуі Түркістан халқының кеңес өкіметіне қарсы идеялық және саяси күресінде үлкен рөл атқарған. Энвер пашаның Түркістан жеріндегі қызметі туралы толыққанды мәліметтер М. Ямаучидің мұрағаттық құжаттар жинағында берілген [74]. Бұл құжаттар жинағында Энвер пашаның Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Украина, Польша, Германия, Швейцария, Италия, Румыния, Кеңестік Ресей, Әзірбайжан, Грузия, Түркістан жерлерінде жүріп алмасқан хаттары мен құжаттары жиналған.

1-14 қаңтар 1922 ж. аралығында Энвер паша мен РКФСР-ның Бас консулы Нагорнов арасында француз тіліндегі хат алмасулары туралы Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатынан табылған құжаттар құнды мәліметтерді береді. Бұл құжаттардан Бас консулдың Энвер пашаның саяси ұстанымын білу бағытында жазылған негізгі дерек деген тұжырым жасауға болады. Бас консул Нагорновтың 1922 ж. 1 қаңтарында Энвер пашаға жолдаған хатында «Түркістан халқын Ресейден азат ету мақсатыңызды түсінуге болады, алайда Сіздің қытай мен жапон халықтарын біріктірудегі ойыңыз қисынсыз сияқты. Себебі бұл екі халықтың өзара соғысып жатқанын білеміз. Жапондықтар капиталистік даму жолына аяқ басты, ал Қытай батыстың ықпалындағы мемлекет» деп Энвер пашаның Қытай мен Жапонияға бағытталған ұстанымын білу мақсатында жазған. Оған Энвер паша «менің негізгі мақсатым Түркістан халқын Ресейдің боданынан азат ету болып табылады. Қызыл әскерлер болса, Бұқара, Хиуа және Түркістан халқын тонаудан қол үзбейді. Егер Сіздің бұл жердегі өкілдеріңіз мұсылман халықтарына өзін-өзі билеуге немесе өз еркімен сіздерге қосылуыға келісімін бермесе, онда сіздерге қарсы соғысуға дайынмын» деген жауап қайтарады. Бұл жауаптан Энвер пашаның соғысуға дайын екендігін аңғартады. Дегенмен, 1922 ж. қаңтар айындағы Түркістандағы саяси-әскери жағдайды сараптайтын болсақ, мұсылман халықтары арасындағы соғысуға деген ой бірлігінің әлсіздігіне көзіміз жетеді. Бұл жауапқа мазасы қашқан Нагорнов, Бұқара, Хиуа және Түркістандағы қызыл әскерлердің тонаушылық саясатын ақтауға тырысып, керісінше қозғалысқа бет бұрған Әли Рыза әскерлерінің ауылдар мен қалаларды тонағандығын алға тартады. Осыған қарамастан Энвер паша «Егер Ресей үлкен бақытсыздыққа ұшырағысы келмесе, жаулап алған жерлерді тез арада босатуы қажет. Бұқара мен Түркістан халықтарына келешегін өздері басқаруына мүмкіндік берулеріңіз керек» деп нақты ойын жеткізеді [75].

Энвер пашаның қызметі мен рөлі туралы сол замандағы кеңес өкіметінде жарық көрген баспа беттерінде, Түркия Республикасы құрылғаннан кейін, КСРО ыдырағаннан кейін жарық көрген газеттер мен журналдарда жазылған. Хронологиялық жағын ескерер болсақ, бұл баспа беттеріндегі жарияланған мақалалар Энвер пашаны алуан-түрлі бейнеде сипаттаған. Кейбір зерттеушілер оны «утопист», кеңестік зерттеушілер «қарақшылар қозғалысының қолбасшысы», заманауи зерттеушілер «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының 1921-1922 жылдардағы көшбасшысы» ретінде бағалаған. Дегенмен, Энвер пашаның Түркістан халқының дүниетанымына белгілі бір дәрежеде әсер еткендігі бұлтартпас шындық. Баспа беттерінде жарияланған ғылыми мақалалар жоғарыда көрсетілген мұрағат құжаттарын толықтыра түседі. Сөйтіп, Энвер паша туралы шынай түсінік қалыптастыру мүмкіндігін береді.

Түркістан халқының Кеңес өкіметіне қарсы идеялық және саяси күресі барысында қоғам кадимшілер мен жәдитшілер болып екі әлеуметтік-саяси топқа бөлінген еді. Бұл құбылыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына өз әсерін тигізді. Осыған байланысты біз өзімізге сол кездің тарихи процесін айшықтау мақсатымен хронологиялық шеңбердің тысындағы материалдарды пайдалану мүмкіндігіне жол беріп отырмыз. «Шура Исламия» партиясының өкілдерімен кездескен Энвер паша олардан Түркістанның саяси ахуалы туралы тереңірек мағлұмат алған. Ал, «Шура Исламия» туралы мәліметтер «Красная летопись Туркестана» атты журнал беттерінде жарық көрген мақалаларда орын алады [76].

«Новый Восток» және «За партию» атты журналдарда 1920-1930 жж. аралығында «басмашылық» қозғалысының бастаулары, әскери қимылдарының жоспарлық сызбалары, көтерілісшілердің кеңес әскерлері тарапынан қудалануы туралы көптеген мәліметтер жарияланған.

Түркия Республикасында жарық көрген «Йени гюн» атты журналдың 1939 жылғы жиырма жеті санында Ф. Кандемирдің Энвер паша туралы мақалалар тізбесі оның тұлғалық қасиеттерін ашып көрсетуге, өмірінде кездескен адамдармен қарым-қатынастары арқылы оның идеялық ұстанымдарын оқырман қауымның назарына ұсынған [25]. Әдебиеттің повесть жанрында жазылған бұл мақалалар тізбесінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы туралы сөз қозғалмағанымен Энвер пашаның Қырым және Грузия жерлеріндегі Ресей большевиктерімен қарым-қатынастары молынан суреттеледі. Осман империясының тұсында Дон мен Еділ өзендерін қосатын канал ашу мәселесі талқыланған болатын. Осыған байланысты КСРО басшылығы Энвер пашаның аты аталған аймақта жүргендігінен қобалжыған. Себебі, бұл аймақ татарларының көп болуы мен Ислам дінін ұстанудағы ыждахаттылығы келешекте олардың Түркістан халқымен бірігіп, кеңес өкіметінің үстемдігіне қауіп төндіруі мүмкін еді. Бұл аймақта онсыз да Еділ-Орал автономиясы құрылып үлгерген болатын. Ұлттық тәуелсіздік жолында тәжірибесі мол татарлар да Энвер пашаның аталған аймқтағы саяси салмағын мойындауға дайын еді. Бұл ойымызды 1950 жж. Түркияда жарық көрген «Ресимли тарих межмуасы» мен «Тарих дүниясы» атты журналдардың беттерінде шыққан

мақалалар растайды. Аталған мақалалардың шынайлыққа жақын екендігін авторлардың (З. Шакир, Ф. Кандемир) сол кездегі мұрағаттық құжаттарға сүйене отырып еңбек еткендерінен байқаймыз [8, 26]. Мақалалардан Энвер пашаның дүние жүзі мұсылмандарын біріктіру идеясына негізделген ауқымды дүниетанымға ие екендігін білеміз. Бұдан Энвер пашаның Осман империясының бұрынғы беделін қалпына келтіруге тырысқандығын тұжырымдауға болады. Алайда, сол заманның саяси жағдайында оның бұл идеясының жүзеге асуы мүмкін емес еді.

Түркиядағы тәуелсіздіктің ұлттық идеясы Түркістандағы идеяға қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие еді. Түркияда «исламшылдық» идеясына басымдық берілетін. Ал, түркі халықтарының бірігуі мәселесі көтерілген жағдайда Патшалық Ресей және кеңес өкіметі жылдарында «пан» тіркесі қосылып, оған «пантүрікшілдер» деп агресшіл және регресшіл деген айып тағылатын. Бірақ, түркі халықтарының бірігу идеясы мен славяншылдықты салыстыратын болсақ, түрікшілдік мәдени бірігуді мақсат тұтып, империалистік мемлекеттердің отаршылдық саясатына төтеп беретін қорғану қажеттілігінен туындаған еді. Ал, Түркиядағы түрікшілдікті түркістандық эмигрант-ғалымдардың дамыта түскендігін түркиялық зерттеушілер де мойындайды. Ол туралы «Тарих дүниясы» журналында жарияланған «Ұлттық күресте Энвер паша», «Ұлтшыл жастүріктер» атты мақалалар зерттеу тақырыбының негізгі дереккөздерінің бірі болып табылады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркия исламшылдықтан бас тартып, бүгінгі Түркия Республикасының жерінде зайырлы ұлттық мемлекет құрды. Осыған байланысты Энвер паша мен Мұстафа Кемал Ататүрік көзқарастарының арасында қарама-қайшылық болғандығы туралы тұжырым бар. Бұл фактты «Ресимли тарих межмуасы» журналында жарияланған «Энвер пашаның Ататүрік туралы хаты» атты мақала дәлелдей түседі. Автор Ататүрікті қызғанған Энвер паша Түркияны екіге бөлуге тырысқан деген пікірін білдіреді. Автордың Энвер пашаның Ататүрік туралы бір хатына ғана негізделіп мұндай тұжырым жасауын шынайылыққа жанаспайды деген қорытынды жасауға болады. Себебі, Энвер пашаның Ататүрік туралы ойын жазу барысында оған адами факторлардың әсер ететінін есепке алу керек. Бұл жерде автор («M.Z.») Энвер пашаны Кеңес өкіметімен байланыс орнатқаны үшін айыптауға тырысады [16]. Бұндай сипаттағы мақалалар Түркия тарихнамасында 1950 жж. көптеп жарияланған болатын. Мысалы, бір мақалада армяндарды жек көрген Энвер пашаның 1920 ж. 12 ақпанда В.И. Ленинмен кездесуге тырысып, Кеңес өкіметінің қолдауын алғандығы туралы жазылған. Бұл факт шын мәнінде шындыққа саяды. Дегенмен, бұл тұста Кеңес өкіметінің Энвер пашаға байланысты саяси мақсаттарын да атап өткен дұрыс. Осы тарихи талдауды жасау нәтижесінде мынандай қорытындыға келеміз. Біріншіден, британ отарлау саясатының Ауғанстанда ықпалының артуына байланысты Кеңес өкіметі Энвер пашаны ағылшындарға қарсы қолдануға тырысты. Бұған қарамастан, Кеңес өкіметі Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қосылу қауіпінің бар екендігін есепке алған еді. Екіншіден, Кеңес өкіметі Энвер

пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысуына мүмкіндік беру арқылы «басмашылар» қозғалысын түбегейлі жоюды көздеді. Бұл мәселелерге байланысты жарияланған түркиялық баспа беттеріндегі Н. Өзканның мақаласы өз кезінде оқырман назарына ұсынылған болатын [24].

Энвер пашаның Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған идеялық күресі оның Түркістан жеріне келуінен кейін басталды. Алайда, шын мәнінде Энвер пашаның шариғатқа негізделген тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру туралы идеясының негізі Баку қаласында 1920 ж. 1-7 қыркүйекте өткен Шығыс халықтарының І құрылтайында қаланған еді. Аталмыш құрылтай түркі-мұсылман халықтарының санасында шүбәсіз елеулі із қалдырды. Шығыс халықтарының І құрылтайына қатысқан делегаттардың санын, қабылдаған қаулыларын, Энвер пашаның сөйлеген сөзін, оның идеялық мақсаттарын анықайтын мәліметтердің қатарына Түрккая Атаөвтің «1920 жж. 1-7 қыркүйекте өткен Шығыс халықтарының Бірінші құрылтайында (Баку) Энвер пашаның сөйлеген сөзі және осыған байланысты құрылтайдың қабылдаған қаулысы» атты мақаласын жатқызамыз [15]. Сонымен қатар, бұл қатарға осы құрылтайда Энвер пашаның басқа делегаттармен жүзеге асырған кейбір диалогтарын ашып көрсетуге тырысқан Нермин Менеменджиоғлу-Стритердің «Энвер паша және Шығыс халықтарының құрылтайы» атты мақаласын да жатқызуға болады [15]. Түркиялық зерттеушілердің еңбектерінің арасында Энвер паша мен Түркістандағы «басмашылар» арасындағы байланыстар туралы түрлі болжамдар кездеседі. Мысалы, Салахи Р. Сонйелдің пікірі бойынша Энвер паша Түркістанның мұсылман большевиктерінің басын қосып, М.К. Ататүрікке қарсы соғыс бастап, Анадолы жерінде коммунистік идеяларды таратуды қалаған [45]. Бұл пікірмен келісу тарихи қателік болып есептеледі. Өйткені, Түркістанның 1920-1922 жж. саяси жағдайын сараптайтын болсақ, Түркістанда коммунистік идеялардың кең тарамағандығын, керісінше, Түркістан халқының бұл жылдарда большевиктерге қарсы соғысын өрістете түскендігін байқаймыз. Энвер пашаның Мәскеуде большевиктермен кездесуіне қарап, оның қомақты коммунистік көзқарастарға ие болғандығын айту негізсіз. Біздің бұл пікіріміз Энвер пашаны жақтауға емес, тек тарихи процесті объективті түрде ашуға бағытталады.

Кеңес Одағының ыдырайтындығының тарихи заңдылық болғандығын бүгінгі халықаралық жағдай көрсетіп отыр. 1980 жж. екінші жартысында Кеңес өкіметінің басшылығы тарих ғылымындағы зерттеушілердің көптеген мұрағаттық қорларда жұмыс жүргізуге және еркін тарихи тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Бұл жағдай Түркияға да өз әсерін тигізіп, түркиялық зерттеушілердің Энвер пашаның саяси күрес жолын зерттеуге қатысты қызығушылығын арттыра түсті. Осыған байланысты «Аскери тарих белгелери дергиси» (Әскери тарих құжаттары журналы) атты журналда Энвер пашаның бұйрықтары, хаттары мен жедел хаттары жарияланды [77]. Осыған ұқсас деректердің қатарына Селчук Гүрсойдың Энвер пашаның кезінде өзі шығарған «Лива эль-Ислам» атты журналда жариялаған мақалалары туралы еңбегі жатады [27]. Бұл журналда жарияланған құжаттар Энвер пашаның Бірінші

дүниежүзілік соғыс барысында саясаттағы идеялық мақсаттарын, Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуының алғы шарттарын талдап, тарихи шындықты анықтауға септігін тигізеді. 1989 ж. П. Ким мен М. Хасанов бірігіп, мұрағат құжаттары негізінде «Звезда Востока» журналында 1921-1924 жж. аралығындағы «басмашылық қозғалысына» арналған мақала жариялады [39].

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін тақырыпқа өзбекстандық және татарстандық ғалымдар да қызығушылығын арттыра бастады. Энвер паша және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты ғылыми мақалалар ресейлік «Дружба народов», «Азия и Африка сегодня», «Восток», «Вопросы истории», «Военно-исторический журнал», өзбекстандық «Человек и демократия», «Фан ва турмуш», татарстандық «Мирас» атты журналдарда жарияланды.

Бұл жұмыста Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың жалғасуы мен күшейе түсуінің негізі болған Ресей империясының мемлекеттік идеологиясының өзгеріске ұшырауын ашып көрсетуге мүмкіндік беретін мұрағат материалдары, газет және журнал мақалалары мүмкіндігінше көптеп тартылды. Жалпы алғанда Түркістан халқының ұлттық санасына, «басмашылық» қозғалысының алғы шарттарының туындауына, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның рөлі мен қызметіне, оның дүниетанымына, идеяларына сол кезеңнің халықаралық жағдайы әсер еткен болатын. Осы тұрғыдан жалпы талдау жасай келе, тақырыптың деректемелік базасын хронологиялық, концептуалдық және сенімді фактілерге бөлуге болады.

# 2 1920-1922 ЖЖ. ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

## 2.1 1920-1921 жж. Түркістандағы тарихи-саяси ахуал және қозғалыстың алғышарттары

XX ғасырдың бірінші жартысы түркі-мұсылман халықтары үшін өте маңызды тарихи кезең болып табылады. Бұл кезеңде қатарынан екі төңкеріс, адамзат тарихында ауыр із қалдырған Бірінші дүниежүзілік соғыс, бір бөлігі Еуропаның, екінші бөлігі Кеңес өкіметінің ықпалы астында қалып қойған түркі-мұсылман халықтарының екіге бөлінуі, бұл бөлінудің салдарынан сол халықтардың мемлекеттік басқару жүйелерінің өзгеріске ұшырауы, жаңадан қалыптасқан жүйелердің, әсіресе Кеңес өкіметінің басқару жүйесінің, түркі-мұсылман халықтарының өміріне тигізген кері әсері жүзеге асты. Аты аталған осы концептуалдық мәселелердің ішінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Алайда, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының және осы қозғалысқа Энвер пашаның қатысуының саяси алғы шарттарын зерттеместен жалпы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының терең мәнін түсіну мүмкін емес. Сондықтан, бұл бөлімнің басты мақсаты 1920-1922 жж. аралығындағы Түркістандағы тарихи-саяси ахуалды сараптап, Энвер пашаның Түркістан жеріне келуін ашып көрсету болып табылады.

Ресейдің Түркістанды жаулап алғаннан кейін жергілікті халықты жоспарлы түрде рухани тәуелділікке ұшыратуы мен түркі халықтарын бір-бірінен бөліп, тарихы мен мәдениетін, тілі мен дәстүрін жеке-дара жазып, тұтастығына балта шапты. Түркістанның ежелден келе жатқан мәні мен территориялық шеңбері Кеңес өкіметі жылдарында қалалық деңгейге төмендетіліп, орнына Қазақстан мен Орта Азия ұғымдары енгізілді.

XX ғасырда Түркістан жеріндегі саяси оқиғалар социализм, ислам және ұлтшылдық идеяларының тартысы нәтижесінде өрбіді. Түркістан түркі-мұсылман халықтарының зиялы қауымының өкілдері маркстік-лениндік идеяларды жете меңгермеуіне байланысты большевизмнің кейінгі саяси қадамдарын сарапқа салу ісін игере алмады. В.И. Лениннің Ресей құрамындағы халықтарға «ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы» туралы декларациясындағы жарияланған қағаз жүзіндегі «Ресейден бөлініп тәуелсіз мемлекет құру» мен іс жүзіндегі «орыс ұлтының құрамында еріп кету» таңдауынан басқа жолдың болмауы, Түркістан жерінде күрделі тарихи-саяси құбылыстардың орын алуына себеп болды. Большевиктер «ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы» принципін саяси қарсыластарына қарсы қару ретінде қолданса, басқа ұлт өкілдерін өз жағына тарту мақсатымен психологиялық құрал ретінде қолданды және Кеңес өкіметі құрамындағы түркі-мұсылман халықтарын большевизмнің жеңіске жетуі үшін көмек көрсетуге шақырды. Сталинның басшылығындағы Наркомнац түркі-мұсылман халықтарының көсемдеріне большевизм идясының жағымды тұстарын насихаттау арқылы, керек десе зорлықпен, өз жағына тартты. Мойын ұсынбағандарды саяси қуғынға ұшыратты. Түркістан түркі-мұсылман халықтарының саяси жол таңдауына большевиктерден басқа ақ

гвардия генералдарының қызылдарды жеңген жағдайда патша билігін қалпына келтіріп, ешбір халыққа автономиялық құқық бермеу туралы ұстанымдары да әсер етіп, жергілікті халық басшыларының бір бөлігінің қызылдармен одақтасуына жағдай жасады. Мұны аңдаған большевиктер Ресей ішінде азамат соғысының орын алуына байланысты бастапқыда Түркістан жерінде автономия түрінде құрылған Қоқан және Алаш Орда үкіметтерінің пайда болуына келісім танытып, бұл үкіметтерді кеңестік идеяларға тәуелді етуге тырысып бақты [45].

1917 ж. 27 қарашада Қоқан қаласында 208 делегаттың қатысуымен өткен құрылтайда жарияланған Түркістан автономиясының 36 мұсылман және 18 орыс мүшеден құралған үкіметін бастапқыда қазақ зиялысы М. Тынышбаев басқарды. Оның орынбасары Шах Ахмет Шах Ислам, ұлттық қорғаныс пен қауіпсіздік министрі Убайдулла Қожа Асадулла Қожаұлы, ауыл шаруашылық министрі Хидаят Юргули, денсаулық сақтау министрі Мир Әділ, білім беру министрі Насырхан Төре, азық-түлікпен қамтамасыз ету министрі Абиджан Махмуд, қаржы министрі Соломон Херцфельд, сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқай қызмет атқарды. Мәскеу болшевиктерінің Қоқан үкіметін мойындаудың орнына Түркістанда халық тарапынан сайланған жалғыз саяси күштің Кеңес өкіметі екендігін алға тартып, бұл күштен басқа ешбір саяси күшті танымайтындығын білдіруі, Қоқан үкіметін 1918 ж. қаңтарда бүкіл халықтық сайлау ұйымдастыратындығын жариялап, әскери күшін нығайту мақсатымен қару-жарақпен қамданудың жолдарын іздестіруге итермеледі. Үкіметтің сыртқы істер министрі М. Шоқайдың ақ гвардия генералы А.И. Дутовпен, Бұқара әмірішісі Саид Әлім ханмен, Алаш Орда басшыларымен жүргізген келіссөздері нәтиже бермеді. Осыған байланысты Түркістан автономиясы саяси тығырыққа тіреліп, 1918 ж. 17 қаңтарда М.Тынышбаев үкімет басшылығынан бас тартты. М. Шоқайдың үкімет басшылығына сайлануынан кейінгі кезеңде қызыл әскер бірліктерінің генерал А.И. Дутовты жеңуі мен Мәскеу-Ташкент байланыс жолдарының большевиктер қолына өтуінің сәтін пайдаланған Ташкент кеңесі 31 қаңтар күні Қоқан үкіметін «контрреволюциялық буржуазиялық үкімет» деп жариялап, қызыл әскердің, австро-венгриялық соғыс тұтқындары мен армян жасақтарының көмегімен 14 ақпан күні Қоқан қаласына шабуыл жасады. Төрт күнге созылған қарулы шайқастың нәтижесінде Түркістан жеріндегі «алғашқы саяси автономия талабының символына» айналған Түркістан автономиясы құлап, Қоқан қаласы жермен жексен болуына байланысты үкімет пен қаланың қауіпсіздігіне жауапты Ергаш қорбашы қарамағындағы жігіттермен бірге тау бөктеріне шегініп, большевиктерге қарсы қарсыласу қозғалысын бастатқан болатын. Кейінгі жылдарда «басмашылық» деп аталған бұл қарсыласу қозғалысының бүкіл Түркістан жерін қамтып, екі жылдың ішінде аумақтың бір бөлігіне үстемдік орнатуына байланысты Түркістан автономиясының құлауы Түркістандағы басмашылық қозғалысының бастапқы нүктесі деп көрсетілді [45, 43-47 б.].

Ұлт-азаттық қозғалыстағы түркі-мұсылман халықтарының идеялық күресінің түпкі мақсаты тәуелсіз республика құру еді. Коммунистік идеялардың ықпалы салдарынан Түркістан автономиясы өзінің орталығы ретінде Қоқан

қаласын жариялады. Кеңес өкіметі өз ұғымына негіздеп, Түркістан автономиясының саяси деңгейін төмендету мақсатымен оны Түркістан автономиясы деп атады. Отандық тарихнамады бұл атауды қолдану Кеңес өкіметі саясатының жалғасы болып табылады деп есептейміз. Кеңес өкіметі жылдарында қалыптасқан кереғар ұғымдық атаулардың қолданыстан шығарылып тасталмауы келешек ұрпағымыздың отансүйгіштігінің дамуына кедергі жасайды. Сол себептен, бұл жұмыста Түркістан автономиясы ұғымының орнына Түркістан автономиясы ұғымын пайдалану дұрыс болады деп санаймыз.

Кеңес өкіметінің Түркістан автономиясын жоюы нәтижесінде тұрақты армияға ие болудың қаншалықты маңызды екендігін түсінген түркістандық зиялылардың бір бөлігі большевиктердің көмегімен аумақта саяси ықпалға қол жеткізудің жолдарын қарастыра бастады. Олардың 1918 ж. маусымда Ташкент қаласында өткен коммунистер құрылтайында Ресей компартиясына қарасты Түркістан компартиясының құрылғандығын жариялауы шығыс халықтары компартияларының орталығына айналған Ташкент қаласының маңызын арттыра түсті. Түркістан компартиясы мен жергілікті халықтың байланысын нығайту мақсатымен құрылған Мұсбюроның 1919 ж. мамырда Т. Рысқұлов, А. Алиев, С.М. Эфендиев, Н. Қожаев, Т. Қожаев, т.б. қатысуымен өткен алғашқы отырысында орыс коммунистерінің жергілікті халыққа қатысты ұстанған саясатын сынға алды. Бұл Кеңес өкіметіне жақпай, Түркістан жерінде Кеңес өкіметінің нығаюын қамтамасыз ету үшін Түрккомиссияның құрылуына себеп болды. 1920 ж. 12-18 қаңтар аралығында өткен Мұсбюроның ІІІ және Түркістан компартиясының V құрылтайларында Т. Рысқұловтың өз жақтастарымен бірге «Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының» атын «Түрік Республикасы» деп, ал «Түркістан компартиясының» атын «Түрік компартиясы» деп ауыстыруды күн тәртібіне енгізіп, құрылуы көзделген Түрік Республикасының өзіне тән конституциясының, экономика, қаржы, әскери және сыртқы істер салаларының тәуелсіз болуы мен тұрақты түрік-мұсылман армиясының құрылуын, мұсылман емес қарулы күштердің республика жерінен шығарылуын көздеген ұсынысы басым көпшілік дауыспен қолдау тауып бекітілді. Құрылтайдың Ресей құрамындағы бүкіл түркі халықтарын құрылуы көзделген Түрік Республикасының айналасында бірігуге шақыруы Мәскеу үкіметін үрейлендіріп, Түркістан компартиясының Ресей компартиясының құрамдас бөлігі екендігін алға тартты және орталықтың келісімінсіз қабылданған қаулылардың өз күшіне енбейтіндігін жариялады. 1920 ж. маусымда Кеңес өкіметі өзінің көптеген саяси және әскери мәселелерін шешкеннен кейін, назарын Түркістанға аударып, соғыс шебінің қолбасшылығына М.В. Фрунзені тағайындады. РКП ОК бұл оқиғадан кейін Түрккомиссия мен ТАКСР ОК-нің құрамындағы жергілікті халық өкілдеріне қатысты кадрлар саясатын қолдану арқылы білім деңгейі төмен түркістандықтарды, жұмысшылар табы деп көрсетіп, «қазақ және өзбек пролетариятының ақиқи өкілдері» ретінде үкімет мүшелігіне қабылдады. Ал,

Түркістан ұлтшыл коммунистерінің Түрік мемлекетін құру жоспарының жүзеге асуын жоққа шығарды [45, 47-52 б.].

1917 ж. Алаш саяси қозғалысы заңды түрде жұмыс жүргізу мүмкіндігіне ие болды. Олар Қазақстанға автономия берілуін, орыс келімсектерінің көші-қон мәселесін реттестіру, қазақ жастарының соғыс шептеріндегі тыл жұмыстарына алынуын тоқтату сияқты мәселелердің шешілуін талап етті. Қазан төңкерісі кезінде солтүстікте Омбы уәлайатының ақ гвардия генералы Колчак тарапынан жаулануы және оңтүстікте Ташкент кеңесі мен Түркістан автономиясы арасындағы үстемдік үшін күрестің орын алуы тұсындағы саяси дағдарыс жағдайында 1917 ж. желтоқсан айында Қазақ автономиясы жарияланды. Осылайша, Ә. Бөкейхановтың басшылығында он бес мүшеден тұратын Алаш Орда үкіметі құрылды. Құрамына Орал аумағы да жатқызылған қазақ даласын географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, «Батыс» және «Шығыс» бөліктерге бөліп басқарған Алаш Орда үкіметі кідірместен тұрақты қарулы күштерін қалыптастыруға кірісіп, Орынбор, Торғай, Қостанай және Семей қалаларында ұлттық бірліктерін жасақтады. Башқұртстан үкіметінің өз орталығын Орынбор қаласына көшіріп, Алаш Орда үкіметімен бірлесе жұмыс атқаруына қарамастан 1919 ж. басында М.В. Фрунзе басшылығындағы қызыл әскердің Орал және Орынбор қалаларын жаулап алуына байланысты Башқұртстан үкіметінің атынан Заки Валиди мен Алаш Орда үкіметінің атынан А. Байтұрсын Мәскеуге аттанып, Кеңес өкіметімен келісімге келуге мәжбүр болды. Сол жылдың аяғында М.В. Фрунземен бекітілген келісім шарт бойынша Алаш Орда үкіметінің қарулы күштері қызыл әскер қатарына өткеннен кейін Мәскеу үкіметі тарапынан құрылған Қырғыз Төңкерісшіл Комитеті (ҚТК) 1920 ж. 11 қаңтарда Алаш Орда үкіметінің ҚТК-мен біріккендігін жариялап, Алаш Орда өкімдерінің күшін жойып, оның билігіне қарасты аумақтарды өз қарамағына алды. А. Байтұрсынды ҚТК мүшелігіне енгізіп, Ә. Бөкейханды Торғай облысының, М. Тынышбайды Жетісу облысының халық комиссары қызметтеріне тағайындау арқылы қазақ халқына автономия беру жөнінде уәде берген большевиктер 1920 ж. қазақ даласындағы қарсыласу қозғалысын тұншықтырып, М.В. Фрунзе басшылығындағы қызыл әскерді оңтүстікке қарай «басмашылық» қозғалысын жаншу үшін жөнелтті. Қазақстан қалаларында бірқатар құрылтай ұйымдастырған болшевиктер 1920 ж. сәуірде РКП-ның қарамағынан Қырғыз бюросын ашып, келешек Қазақстан компартиясының негізін қалайтын бұл бюроға ҚТК-ның құзыретін толығымен тапсырғаннан кейін 4 қазан күні құрылған Қырғыз АКСР-да Кеңес өкіметін түбегейлі орнатты [45, 53-56 б.].

1912 ж. бастап ішкі саясаты дағдарысқа ұшыраған Хиуа хандығында болса, ямуд түркімендері көтерілісінің нәтижесінде көтеріліс басшысы Мұхаммед Құрбан Сардар өзін хан жариялап, атын Джунаид деп өзгертіп, 1916 ж. Хиуа қаласын жаулап алып, оның ханы Асфандиярды өзіне бағынышты етті. Хиуа хандығы билігінің күшеюін қаламаған Ресей империясының саяси қысым жасауының нәтижесінде Джунаид хан Хиуаны тастап, Иранға жер аударды. Осыған байланысты ел ішінде саяси дағдарыс қайта өршіп, Пехливан Нияз

Юсуфтың басшылығындағы «жас хиуалықтар» үстемдік орнатты. 1917 ж. жас хиуалықтардың талабы бойынша Асфандияр хан конституциялық монархиялық жүйені жариялап, парламенттың жұмысына рұқсат беруі Хиуа хандығында жәдитшілер өкіметінің орнауына әкеп соқты. Алайда, жергілікті рубасылар мен ірі жер иеленушілердің қолдауына сүйенген Джунаид ханның Ираннан қайтып келіп, қысым жасауына байланысты Хиуа ханы жаңа өкіметті таратып, жас хиуалықтарды қудалаудың астына алды. 1918 ж. қыркүйекте Джунаид ханның ұлы Ишим тарапынан Асфандияр ханның өлтірілуінен кейін Хиуа тағына оның інісі Саид Абдуллахты отырғызған Джунаид хан елдегі билікті толығымен өзіне бағындырған тұста Үргенч қаласын әскери база ретінде қолданған жас хиуалықтар большевиктермен одақтасып, Хиуа төңкерісшіл комитетін құрды. 1919 ж. желтоқсанда Түркістан соғыс шебінің ТӘК мен Кеңес өкіметінің Түркістан комиссиясы «Джунаид хан мен оның жақтастарының қанды диктатурасынан Хиуа еңбекшілерін құтқару» мақсатымен Хиуа хандығына соғыс жариялап, бір айға созылған шайқастардың нәтижесінде Хиуа қаласын жаулап алды. 1920 ж. 1 ақпанда хандық жүйенің жойылып, Хорезм Халық Кеңестік Республикасының құрылғандығының жариялануы Джунаид ханның өз адамдарымен бірге жаңа өкімет пен большевиктерге қарсы қарсыласу қозғалысын жалғастыру үшін Хиуаның шөлді мекендеріне шегінуіне, ал тақтан бас тартқан Хиуа ханы Саид Абдуллахтың Мәскеу қаласында тұтқында жоқшылықтан қайтыс болуына себеп болды [45, 70-73 б.].

1920 ж. 13 қыркүйекте Кеңес өкіметі жас хиуалықтар (Пехливан Нияз Қажы Юсуф, Баба Ахун Сәлімбай, Жұманияз Сұлтанмұрат және т.б.) басшылығындағы ХХКР үкіметімен 24 баптан құралған келісім шартқа қол қойып, Ресейде азамат соғысының жалғасып жатуы мен Түркістан басмашылық қозғалысының өрши дамуына байланысты хиуалықтардың тәуелсіздігін уақытша болса да таныды. Хорезм үкіметі болса, бар мүмкіндікті пайдаланып, қысқа мерзімде халық республикасын толық тәуелсіздікке жеткізу жолында халықтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру жұмыстарымен айналысты. Алайда, мұндай құбылыстарға жол беруге болмайтындығын жіті түсінген Кеңес өкіметі республиканың жариялануынан кейін құрылған Хорезм компартиясы арқылы 1921 ж. көктем айларында елде саяси төңкеріс ұйымдастырып, жас хиуалықтарды тұтқынға алды. 1921 ж. мамырда өткен II халық құрылтайында мемлекет басшылығына Ата Махдум сайланғанымен Кеңес өкіметінің ойынан шықпауына байланысты ол да биліктен аластатылды. Бұл оқиғаларға қарамастан Хиуа жәдитшілері Кеңес өкіметіне қарсы саяси күресін жалғастырды. Қарақұм шөл даласында әскери күшін шоғырландырған Джунаид хан да қарсыласу қозғалысын доғармады. Сондықтан, тұтқыннан қашып құтылған және Кеңес өкіметі тарапынан қудаланған жас хиуалықтар Джунаид ханмен одақтасып, Хиуаны азат ету қозғалысына кірісті [45, 81-82 б.].

XX ғасырдың басында ішкі саясаты жартылай, сыртқы саясаты толығымен Ресей империясына тәуелді Бұқара хандығы Түркістан жеріндегі көне әрі қуатты мемлекет еді. Ресейдің Түркістан жерін жаулауы барысында Бұқара хандығы бірқатар қалаларынан айырылып, Бұқара әміршісі Саид Музаффар

мен Түркістан генерал-губернаторы фон Куфман арасында бекітілген 1873 жылғы келісім шарт бойынша патшалық Ресейге тәуелді мемлекетке айналды. Келісім шарт бойынша Бұқара әмірлігі Самарқанд қаласы мен өзінің сыртқы саясатын Ресей бақылауына тапсырып, хандық ішінде Ресей азаматтарының сауда-саттықпен айналасу еркіндігін мойындап, Ресей комиссиясының өз жерінде орналасуына рұқсат береді. Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласы арқылы Бұқара хандығын саяси және әскери бақылаудың астында ұстаған Ресей империясы 1885 ж. Бұқара қаласында өзінің саяси өкілеттігін ашқан болса, Бұқара әміршілері Музаффар мен оның мұрагері Абдуллах Ресей империясымен тепе-теңдік сақтау саясатын ұстанды. 1910 ж. қаңтарда Бұқара қаласында мұсылман сунниттер мен шииттердің қақтығысы салдарынан ішкі саяси тепе-теңдікті бұза бастады. Ал, Бұқара билік өкілдерінің саяси тығырыққа тап болуы 1911 ж. таққа отырған Бұқараның соңғы әміршісі Мир Саид Әлім ханның қатаң саясат ұстануына әкеп соқты. Ресей империясының мүддесіне қарама-қайшы келген Саид Әлім хан басшылығындағы Бұқара хандығының жағымсыз ішкі саясаты Бұқараның Ресей тарапынан жаулануының қажеттілігін туындатқызғанымен халықаралық саясатта Бірінші дүниежүзілік соғыстың орын алуы Ресей жоспарының жүзеге асуына кедергі болып, хандықтың біраз уақыт аман қалуын қамтамасыз етеді [45, 73-74 б.].

Ғасырлар бойы ислам әлемінің маңызды білім және мәдениет ошағы болған, шейх Бахауддин Нақшибанди тарапынан негізі қаланған «нақшибандия» тариқатының орталығы «Бұқара-и шериф» деп аталған Бұқара қаласында тарихи және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде бұл қаланың дінбасылары мен медресе ұстаздарынан құралған «кадимшілер» («дәстүршілдер», «кері тартушылар») тобы қалыптасқан еді. XX ғасырдың басында бұл топпен пікір таластыра алатын жәдитшілер тарих сахнасына шықты [45, 74-75 б.]. А. Фитрат басшылығындағы жәдитшілер кадимшілердің жақтасы болып табылатын Бұқара әміршісінің кедергілері мен қудалауына қарамастан білім беру саласында ғана емес, саяси салада да өзгерістер енгізу үшін жұмыс жүргізе бастады [45, 27 б.]. 1910 ж. Бұқара жәдитшілерінің атынан Ыстамбулға оқуға барып, жас түріктермен байланыс орнатып, 1911 ж. Ыстамбулда парсы тілінде, кейінірек Ташкентте парсы және өзбек тілдерінде «Мүназара» атты еңбегін жариялаған А. Фитрат қоғам ішінде ой төңкерісін жасады. Ол Бұқара тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін ел ішінде өзгерістер жасау керек екендігін, Батыс Еуропаның жаулап алуына қарсы қорғану мақсатымен масхаб тартысын доғарып, білім беру жүйесіндегі төңкеріс арқылы дүниежүзі мұсылмандарымен одақтасу керектігін уағыздады [78, 10-11 б.].

Бұқара әмірлігін әлеуметтік дамуы жағынан әлемнің ең артта қалып қойған елі деп есептеп, Иран мен Осман империясындағы либерал қозғалыстарына тілектес, дінбасылар мен лайықсыз шенеуніктерден құтылуды қалайтын Бұқара халқына ниеттес [78, 16 б.] А. Фитраттың тұжырымдары Түркістан түркі ұлыстарының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына әсер етіп, оның «Түркістанның ұлы түркі халқына» атты өлеңі 1916 жылғы түркістандықтар

көтерілісінің орын алуына өз үлесін қосты [78, 29-30 б.]. А. Фитраттың ой-пікірін ұстанған Бұқара жәдитшілері өздерін «жас бұқаралықтар» деп атап, 1908 ж. бастап Осман қожа (Усман Пулатходжаев), Хамит қожа сынды пікірлестері арқылы Ыстамбулдағы «жас түріктермен» байланыс құрып, «Иттихат ве теракки» басшыларымен байланыс орнатты [45, 74-75 б.]. Бұқара әміршісі Саид Әлім хан Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуын пайдаланып, жәдитшілердің білім беру саласында реформа жүргізу қажеттілігі туралы талаптарын кері қайтарып, «зайырлы мектептер жабылсын» деген кадимшілердің талаптарына негізделіп, ел ішіндегі жәдитшілер қозғалысына тыйым салды. Алайда, Ресейде 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін құрылған Керенский үкіметінің қысым жасауына байланысты Саид Әлім хан «Еркіндік» декларациясын жариялауға мәжбүр болып, жәдитшілер қозғалысына рұқсат бергенімен, декларацияның іс жүзінде жүзеге аспауы үшін қолынан келгенін жасады. Ол 1917 ж. сәуірде наразылық шеруіне шыққан Бұқара жәдитшілеріне қарсы әскер қолданылып, 40-қа жуық жәдитшіні тұтқындап, басқаларын қуғынға ұшыратты. Жәдитшілердің үлкен бөлігі Кеңестік Ресейдің бақылауындағы Қаған қаласына қашауға мәжбүр болады [45, 75 б.]. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін басталған басмашылық қозғалысына қатысты бейтарап саясат ұстанған Саид Әлім хан жәдитшілер тарапынан құрылған Түркістан Автономиясын 1918 ж. ақпанда жойған Ташкент Кеңесімен Бұқара жәдитшілерінің одақтасуының куәсі болады.

Бұқара жәдитшілеріне көмектесу мақсатымен Бұқара қаласына кенеттен шабуыл жасаған кеңес әскерінің жеңіліске ұшырауы жәдитшілердің идеологиялық жағынан 1919 ж. бөлінуіне әкеп соқты. Олардың бірінші бөлігі Ташкентке, екінші бөлігі Самарқандқа қоныс аударған болса, үшінші бөлігі Түркістан өлкесін басқару үшін Мәскеу тарапынан құрылған Түрккомиссиясының айналасына шоғырланды. Жәдитшілердің үшінші бөлігі коммунистік идеологияны құптап, 1919 ж. маусымда Бұқара коммунистік партиясын құрды. Олардың ішінен Осман қожа, Полат қожа, Файзулла қожа сынды жәдитшілер бұл партиядан бөлек, жеке партия құру жолдарын қарастырды [45, 75-76 б.]. Хиуа қаласын қарудың күшімен Кеңес өкіметіне бағындырған М.В. Фрунзе 1920 ж. наурызда Бұқара мен Хиуа шекарасына әскер жұмылдыра бастады. Жәдитшілер М.В. Фрунземен ортақ саяси қадамдар жасау мақсатымен тамыз айында Чарджоу қаласында құрылтай өткізіп, екі түрлі саяси бағыт ұстанды. Бұл бағыттардың біріншісі Ф. Қожаев басшылығымен большевиктерді қолдаған «төңкерісшіл» және «ұлтшыл» жәдитшілер бағыты болса, екіншісі А. Мухитдинов пен қазандық Н.Хусейнов басшылығындағы «ынтымақшыл» жәдитшілер бағыты еді [45, 76 б.]. Ф. Қожаев қызыл әскердің қатысуынсыз Саид Әлім ханды тақтан тайдыруды қаласа, А. Мухитдинов қызылдар көмегімен осы мақсатқа жетуді көздеді.

А. Мухитдиновтың пікірі үстем шығып, жәдитшілер қызыл әскерді Бұқара қаласына шақырды. Жауға қарсы 3725 найза, 7850 семсер, заман талабына сай ондаған зеңбірек, үлкен бөлігі жарамсыз 150-ге жуық ескі білтелі зеңбірек, 20 пулеметпен жарақталған 20 мыңдық әскері бар Бұқара хандығын құлату үшін

Кеңес өкіметі Түркістан шебіне 7000 найза мен семсер, 46 зеңбірек, шамамен 230 пулемет, 10 бронеавтомобиль, 5 бронепоезд, 12 ұшақ жөнелтті. М.В. Фрунзе басшылығындағы заман талабына сай қарулы күш Бұқара жеріне кіріп барып, саны аз, дайындығы әлсіз Саид Әлім хан әскерін бес күнге созылған қанды шайқас нәтижесінде жеңіліске ұшыратты [51]. 1920 ж. 1 қыркүйекте Бұқара қаласын тастап, Шығыс Бұқара жеріне қашқан Саид Әлім ханның билігін қолына алған Бұқара жәдитшілері 6 қазанда І Бүкілбұқаралық халық қалаулыларының құрылтайында Бұқара Халық Кеңес Республикасының құрылғандығын жариялады. А. Мухитдинов Бүкілбұқаралық Төңкерісшіл Комитеттің төрағасы, Ф. Қожаев халық нәзірлері кеңесінің төрағасы, А. Арифов қорғаныс нәзірі, А. Қожаев ішкі істер нәзірі, Осман қожа (деректерде У. Пулатқожаев деп те берілген) қаржы нәзірі қызметтерін иеленді. Большевиктердің кеңестік жүйесі негізінде құрылған БХКР үкіметі 40 адамдық өз парламентінің болуына қарамастан Қаған қаласындағы кеңестік Ресейдің саяси өкілеттігі бақылауының астындағы Бұқара коммунистік партиясына тәуелді еді [45, 82-83 б.]. Бұқараны жаулап алу ниетінен бас тартпаған Кеңес өкіметі өзінің тактикалық есебі бойынша жәдитшілерге үкімет құру мүмкіндігін беріп, олардың тәуелсіздігін мойындап, 1921 ж. 4 наурызда Бұқара үкіметімен бекіткен одақтастық және экономикалық келісім шарт бойынша тәуелсіз БХКР-ның ішкі істеріне араласу, тіпті оның жеріне әскер орналастыру құқығына ие болды. Кеңес өкіметінің Бұқарадағы кеңестендіру саясатына наразылығын білдірген А. Мухитдиновтың ББТК төрағалығынан бас тартуына байланысты оның орнына Осман қожа сайланып, Ф. Қожаев ХНК төрағасы, А. Арифов қорғаныс нәзірі, М. Абдурахимов әділет нәзірі, А. Қожаев ішкі істер нәзірі, Қ. Юлдашев білім беру нәзірі, Х. Ашуров ауыл шаруашылық нәзірі, Абдувахитов денсаулық сақтау нәзірі, А. Мухитдинов экономика нәзірі қызметтеріне кірісті [51, 524 б.].

Кеңестік Ресейдің саяси қысым жасауына қарамастан мемлекеттік саяси жүйесін қалыптастырып үлгерген Осман қожа үкіметінің кейінгі кезекте ел тәуелсіздігіне жету жолдарын қарастыруына байланысты В.В. Куйбышевтың олардың саяси жүйесі туралы: «Бұқара төңкерісін коммунистер жүзеге асырғанымен экономикалық әрі психологиялық шарттардың қалыптасып үлгермеуі мен объективті себептерден социалистік деп атауға болмайтын бір жүйе туындады», – деп айтқан сөздері Мәскеудің БКП мүшелері болып табылатын Бұқара жәдитшілеріне сенімсіздік білдіруіне негіз болды. «БХКР қарулы күштері Ташкенттегі Түркістан шебі басқармасына бағындырылсын», – деген Кеңес өкіметінің талабына жауап ретінде БХКР үкіметі қауіпсіздік сақтау және әскери күштерін дайындықтан өткізу ісін Осман империясының бұрынғы офицерлеріне тапсырып, БХКР қорғаныс нәзірінің орынбасары қызметіне Али Риза бейді тағайындап, Саид Әлім ханның саяси жүйесін жақтайтын Шығыс Бұқараның Балжуан ауданында Дәулетменд бек, Кулябта Ашур бек, Қорғантөбеде Тоғайсары, Дарвазда Ишан сұлтан, Қаратегінде Фузейл махдум, Қаратау ауданында Абдурахман бек сынды кадимші әскербасылармен одақ құра бастады [45, 83-84 б.]. Түркістан жадиттік қозғалысының көрнекті өкілдері

Мунаввар Қари, Садуллах қожа, Убайдуллах қожа сынды тұлғаларға түрлі қызмет орындарын тапсырған БХКР үкіметі кадрлар мәселесіне аса үлкен назар аударып, білім беру саласын А. Фитратқа жүктеді. Түркістан жерінде шағатай тілін мемлекеттік тіл деп жариялаған жәдитшілер үкіметі Кеңес өкіметінің кедергілеріне қарамастан жастардың шетелде білім алуы үшін түзілген бағдарлама негізінде Еуропа елдеріне (1921-22 жж. Германияға 70-ке жуық), Түркия, Әзірбайжан, Грузияға студент жіберіп, сыртқы саясатында дипломатиялық қарым-қатынас құру мақсатымен Мәскеу, Баку, Кабулға өз елшілерін жолдады [45, 84-85 б.]. БХКР мен Түркістанды «кеңестендіру» саясатынан құтқарып, толық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін 1920 ж. күз айларында «Түркістан Ұлттық Бірлігі», «Орта Азия Ұлттық Халықтық Мұсылман Ұйымдарының Одағы», «Исламды Құтқару» деп түрлі аталыммен аталған «Ұлттық Одақ» құпия ұйымын құрған жәдитшілер үкіметі ұйымның басшылығын Бұқараға 1920 ж. желтоқсанда келген А.-З.В. Тоганға тапсырды [45, 142-149].

XX ғасырдың басында Түркістандағы тарихи-саяси ахуал жоғарыда суреттелгендей өрбіп дамыған болса, осы жағдайдың күрт өзгеріске ұшырауына Энвер паша елеулі әсерін тигізгені белгілі.

Исмаил Энвер 1881 ж. 23 қарашада, сәрсенбі күні Ыстамбул қаласының Диванйолу ауданында туды [78, 9 б.]. Бастауыш білім алуын Ыстамбул қаласында бастап, Манастир қаласында аяқтаған. 1894 ж. Манастыр әскери орта мектебін, 1897 ж. Манастир әскери лицейін бітірген, 1900 ж. Салоники әскери училищесін, 1902 ж. Ыстамбул әскери академиясын аяқтаған. Ыстамбул әскери академиясын бітірушілер арасында ең үздік түлек атанып, «бас штаб капитаны» әскери дәрежесімен бітірген. Энвердің оқу жылдарындағы мінезі туралы оның сыныптасы Ф. Алтай: «ол сабырлы, еңбекқор, қарапайым оқушы болған», – деп жазса, көрші сыныпта оқыған А.Ф. Жебесой: «оны әскери училище кезінен танимын. Училищенің үшінші курсында кездесіп тұратынбыз. Ол еңбекқор, ұқыпты, салмақты, сөзін жерге тастамайтын оқушы болатын. Алғыр ойлы болмаса да, салиқалы әрі бастаушы еді», – деп жазған [6]. Көп адамның бойында кеміс болатын «еңбекқорлық», «сабырлылық» пен «бастаушы болу» қасиеттерін өз бойында ұштастыра білген Энвердің үздік оқушы болуы оның жас кезінде-ақ келешек өміріне салғырт қарамағандығын аңғартады.

Энвер Осман империясының патшасы II Абдулхамид тарапынан құрылған әскери білім беру жүйесінің түлегі еді. Заман талабына сай, еуропалық үлгіде құрылған білім берудің бұл жүйесі жаңашыл ой-пікірлердің дамуына кедергі болды. Қатаң бақылау Энвердің бойына Европаның либерал ой-пікірлерінің даруына кедергі бола алмай, есесіне оның патшалық жүйеге наразы болуына, II Абдулхамидке қарсы жүргізілген насихаттардан әсерленіп, өзін елді патша озбырлығынан құтқарушы ретінде қарастыруына түрткі болды. Оқу жылдарында өз құрдастарымен оқытушылардан тасаланып, Осман империясының сыртқы және ішкі саясаты, үкіметтің қауқарсыздығы мен шексіз биліктің осалдығы туралы сұхбаттар жүргізгендігін Энвер естелігінде жазады.

Сұхбаттар мен елдің әскери білім беру жүйесі оның саяси өмірінің бастапқы кезеңіндегі таңдауына әсерін тигізді. Ал, оның Осман империясын шетел капиталының бұғауынан құтқарып, заманының орталықтанған күшті мемлекетіне айналдыруды көздеген бастапқы саяси таңдауы Осман империясы саясатының жемісі еді.

Түріктердің жаугершілігі, Осман империясының «Гүлдену» (1453-1683) кезеңі мен халифалығы (1516-1924) өзінің мақтан тұтарлық тарихи, мәдени, саяси мұрасымен Энвердің өз болмысын түркі, осман, мұсылман адамы әрі офицері ретінде тануын қамтамасыз еткенімен XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы халықаралық жағдайдың желісі «шығыс мәселесінің» өзектілігін арттыра түскен еді. II Абдулхамид (1876-1909) патшаның ішкі және сыртқы саясаты Осман империясының 1908 жылдан 1918 жылға дейінгі оқиғаларына тікелей қатысы болған Энвердің саяси көзқарасын қалыптастырып, тарихи және саяси жағдаяттардың аясында бағыт-бағдар таңдауына себепші болды. Оның бастапқы әскери және саяси көзқарасы мұсылмандық пен түрікшілдіктің қамқоршысы болған Осман империясын «шығыс мәселесі» дәрежесінен құтқару идеясына негізделді. 1902 ж. 6 желтоқсанда Ыстамбул әскери академиясын аяқтаған Энвер елді құтқару идеясымен Македония бүлігінің (1902-1903) өршіген тұсында әскери қызметіне кірiскен еді.

Қызмет атқару жылдарында Энвер әскери жарғыны қатаң ұстанған. Оның тәртіптілігі жоғары шенді офицерлерге жақпайтын. Энвер өз естелігінде: «Билікті өзгерту өте қиын. Өйткені, үлкен бастамаларды қолдайтын адам жоқ. Сол себептен, әрбір адам шынайы отансүйгіштігімен өз қызметін ойдағыдай атқаруы қажет. Өз міндетін ойдағыдай орындамастан басқаны сынайтындарды айыптаушы едім», – деп жазды [10, 45 б.]. Басшы офицерлердің өз қарамағындағы офицерлерге бұйрықтарын орындатқыза алмауы, жүгенсіздіктерді тыю жолдарының аяқсыз қалуы, билік жүйесінің жемқорлыққа бой беруі Энверды қатты қынжылтты. Жолсыздықтардың негізгі қайнар көзі II Абдулхамидтің шексіз билігі деп білген Энвер озбыр биліктің тамырына балта шауып, конституциялық билікті жариялау қажеттілігін түйсінді. Ол өз естелігінде: «Бұл жағдай жалғаса берсе, мемлекеттен мемлекет қалмайды», – деп жазады [10, 50 б.].

1914 ж. қараша айының аяғында Энвер паша мұсылман халықтардың жиһадқа шығуын қамтамасыз ету мақсатымен Кавказ, Иран, Ауғанстан, Түркістан мен Үндістанға өз барлаушыларын жіберген еді. Осман империясы қарулы күштерінің бас штабы барлау бөлімінің басшысы Кязым Карабекирмен кездескен Энвер паша: «Бір әскери топпен ең қысқа жол арқылы Тегеранды жаулау қажет. Иранды орыс ықпалынан азат еткеннен кейін Түркістан, Ауғанстан мен Үндістанда да орыстар мен ағылшындарға қарсы әрекеттер ұйымдастыру керек. Басқа бір әскери топ Тебриз арқылы Дағыстанға барып, Кавказ мұсылмандарын орыстарға қарсы ұйымдастырса, шығыста бізге қарсы соғыс жағдайындағы орыс әскерінің тылынан соққы беруге болады. Бұл топты басқаруға Халил лайықты деп есептеймін. Тегеранға жетіп, Үндістан,

Ауғанстан, Түркістанмен айналысатын топты басқаруды кімге тапсырамыз?» – деп, оған бұл істің жауапкерлігін жүктеген. Алайда, екі топтың да жоспарланған міндетті орындай алмауы Энвер пашаның «жиһадтан» үміт үзіп, сол күннің өзекті мәселелеріне одақталуын талап етті. Энвер пашаның Кавказ соғыс шебіне аса үлкен назар аударуының себебін Текин Алп 1915 ж.: «Біз бұл соғысқа тек бізге қатер төндірген дұшпандарымыздан аман қалу үшін қатыспадық. Соғыс арқылы ұлы мақсатымызға жақындай түсуге ниеттендік. Ұлттық идеалымызды жүзеге асыруға ниеттендік. Халқымыздың ұлттық идеалы бір жағынан дұшпанымыз болып табылатын Мәскеудің көзін жойып, империямыздың табиғи шекарасын қалпына келтіру болса, екінші жағынан діни борышымызды өтеу мақсатымен Ислам әлемін дінсіздердің үстемдігінен азат етіп, оларға тәуелсіздік сыйлау болып табылады», – деп көрсеткен [9].

Энвер паша 1915 ж. тамызда 40 миллион түркінің бірігуіне екі христиан халықтың, яғни грузиндер мен армяндардың кедергі болуы мүмкін екендігін ескерді [9, 73 б.]. 1915 ж. аяғында түркілердің саяси бірлігін көксеген Ю. Ақшора, А. Хусейнзаде, М.Э. Челебизаде, М. Байжанның Англия, Франция, Италия, Германия мен Австро-Венгрия сынды соғысушы мемлекеттер мен бейтарап елдерге «Ресей мұсылман түркі халықтарының құқықтарын қорғау комитетінің үндеуін» жолдап, хатты Будапешт қаласында жариялауы мен үндеу тезистерінің Энвер пашаның ойлармен қалтқысыз ұштасуы кездейсоқтық емес [9, 81-82 б.].

Кавказ халықтары Кавказ соғыс шебі бағытындағы Энвер пашаның түрікшіл саясатын теріс қабылдады. Бастапқыда османдықтарға өз қарулы жасақтары арқылы әскери көмек көрсеткен кавказдықтар османдықтардың өзекті мәселелерді тек өз үлесіне ғана шешуі мен Кавказды Осман империясына қосып алуды көздеуіне байланысты осман армиясының Кавказдан кетуін қалады. Энвер паша Кавказ соғыс шебі арқылы ресейлік түркі халықтарымен бірігу ұмтылысының жоққа шығатындығын 1915 ж. түсініп, 1916 ж. өз баяндамасында: «Жеңіске Кавказ немесе Суэц соғыс шептерінде емес, Еуропа соғыс шептерінде жетеміз», – деген анықтама берді [9, 28 б.]. 1916 ж. Жамал пашаның ұйымдастыруымен «Иттихат ве теракки партиясының» ішінде Энвер пашаның қарсыластары белсенділік таныта бастады. Энвер паша 1916 ж. ақпан-тамыз аралығында олармен ортақ мәмілеге келгеннен кейін ағылшындар мен француздардан көмек алған ел ішіндегі оппозициялық күштер оған қарсы қастандық ұйымдастыруға кірісті [9, 22-25 б.]. Энвер пашаның көзін жою арқылы Осман империясын Бірінші дүниежүзілік соғыстан бас тартуын қамтамасыз ету қастандық жасаушылардың негізгі мақсаты болатын. Алайда, олардың жоспары жүзеге аспай, 1916 ж. 23-26 тамызда отыз адам, кейінірек 260 адам тұтқындалып, бұл мәселе де бір жақты шешілді.

Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілуінің қарсаңында, 1918 ж. 13 қазанда Энвер паша биліктен бас тартты. Оны Антанта мемлекеттерінің соты күтіп тұрған болатын. 20 қазанда неміс генералы Ханс фон Зект Энвер пашаға «Германияға кеткісі келген жағдайда неміс кемелерінің бірін беруге дайын екендігін» білдірді. Бұл ұсынысты өз әріптестерімен

талқыдан өткізген Энвер паша жеңімпаз мемлекеттердің қаһарынан құтылу үшін шетелге қашуға бел буды. 2 қарашада Талят паша, Энвер паша, Жамал паша, доктор Назым, доктор Русухи, Азми бей, Бедри бей мен доктор Бахаеддин Шакир неміс сүңгуір қайығына отырып, Қара теңіз жолы арқылы Германияға сапар шекті. Сөйтіп, 1918 ж. 2 қарашада Энвер паша өмірінің босқыншылық кезеңі басталды.

Саяси босқындар жасырын атпен 1918 ж. 3 қарашада Ақмешітке жетіп, 7 қарашада неміс әскери пойызымен Берлинге аттанған болса, Энвер паша сол қалада қалып қойды. Мудрос келісім шарты бекітілгенімен соғыс әлі де жалғасуда деп есептеген ол Бакуде уақытша үкімет құрып, Батумиде орналасқан осман армиясының айналасына Кавказ әзірбайжандары және грузиндерін жұмылдырып, Түркияны жау қолынан азат етуді жоспарлады. Алайда, Қырымнан Қара теңіз жолы арқылы Кавказ жағалауына қарай жолға шыққан желкенді кеме теңіз ортасында көтерілген дауылдың салдарынан Қырым жағасынан қайтып бір-ақ шықты. Кавказдағы осман армиясының таратылып, қолбасшыларының абақтыға жабылғанын естіген Энвер паша Германияға аттануға мәжбүр болды. Сәтсіздікпен аяқталған Қырым сапарынан кейін Берлинге жеткенге дейінгі аралықта Энвер пашаның қай жерде болғандығы туралы мағлұмат жоқтың қасы. Сол кезеңнің өзінде-ақ көптеген қате ақпарлар көбейіп, олардың бірі: «Энвер паша Берлинге келместен бұрын Варшавада болған», – деп хабарлады [74]. Энвер пашаның осы уақыт аралығында қай жерде болғандығының белгісіз болуын оған іздеу салынудың салдарынан туындаған мәселе ретінде қарастырған жөн.

1920 ж. 24 ақпанда Энвер паша Англияның қол астындағы бүкіл мұсылмандарды көтеріліске ұйымдастыратындығын жариялап, бесінші әуе жолы сапарына аттанды. Алайда, бесінші ұшақ та Латвияның Рига қаласы маңында апатқа ұшырап, «Бай Алтман» жасырын атты қолданған Энвер паша Вольмар абақтысына бес айлық қамауға алынды. Берлинге 1920 ж. 11 шілдеде қайтып оралған ол 22 шілдеде «панисламизмнің негізін қалау үшін большевиктермен одақтасу» туралы ТМО-ның кезекті жиналысын өткізіп, алтыншы сапарының дайындық жұмыстарына кірісті. Х. Зекттің адъютанты, кейін Германияның Мәскеу әскери атташесі қызметін атқарған Э. Кестринг тарапынан ұйымдастырылған Энвер пашаның алтыншы сапары сәтті аяқталды. 1920 ж. 4 тамызда Берлиннен Хайрети бей, Зия бей, мысырлық Фуад беймен бірге жолға шыққан Энвер паша қазіргі Польша жерінде орналасқан Щецин, Ресей Федерациясы Калининград облысының орталығы, қазіргі Калининград қаласы болып табылатын Кёнигсберг – Инстербург қалалары арқылы кемемен, Ресей Федерациясы Калининград облысының қазіргі Черняховск қаласы болып табылатын Инстербург, Минск, Смоленск қалалары арқылы пойызбен, Смоленсктен Мәскеуге дейін көлікпен жүріп өтті. Энвер пашаның 1920 ж. 11 тамызда орыс-поляк соғыс шебін кесіп өтіп, Берлиннен Мәскеуге 15 тамызда келіп жеткендігі туралы Ф.Э. Дзержинский В.И. Ленинге құпия жеделхат арқылы хабарлаған [13, 52 б.].

Мәскеуде большевиктер Энвер пашаны Голицын княздарының сарайына жайғастырып, құпия келіссөз жүргізе бастады. Энвер пашаның миссиясы ресми түрде «Али бей миссиясы» деп аталып, дипломатиялық статусқа ие болды. Энвер пашаға мерзімді түрде 500 мың неміс маркасы көмек қарыз ретінде төленіп отырды. Ол ақшаның бір бөлігі ТМО-ны қаржыландыру үшін жұмсалса, бір бөлігі Ыстамбулдағы «Қарақол» құпия саяси ұйымын қаржыландыруға жұмсалды [24, 48-49 б.]. 1919 ж. 5 ақпанда құрылған «Қарақол» құпия саяси ұйымының негізгі мақсаты алғашқыда «Иттихат ве теракки партиясы» мен АҰ мүшелеріне қарсы бағытталған әрекеттерді тұншықтыруға бағытталған болса, кейініректе Түркияны дұшпаннан азат етуге бағытталды. «Қарақолдың» құрушысы әрі басшысы полковник Кара Васыф еді. Мүшелері: полковник Галаталы Шевкет, подполковник Кемаладдин Сами Гөкче, подполковник Эдип Сервет Төр, Баха Саит, Кара Кемал, майор Али Риза, майор Али Четинкая, адвокат Рефик Исмаил, Черкес Рашит, Мухиддин, Суди, капитан Бақи, майор Хусейн Кадри, полковник Ариф Хикмет, депутат Ариф, майор Толчалы Сүлейман, майор Үскүдарлы Ихсан, Ахмет Хилми, майор Чолак Ибрахим, майор Жамал Карабекир, майор Наим Джеват, полковник Өмер Лүтфи еді [79].

Мәскеуде Энвер пашаның мұсылмандарды біріктіру туралы идеясы Ресей мұсылмандары арасында үлкен ықпалға ие болған М.Султангалиев идеясының ықпалымен өзінің бастапқы маңызын жоғалта бастады. Социализм идеяларын түркі ұлтшылдығымен ұштастырып, «жаңа социализм» теориясын өрбіткен М. Султангалиевтің: «Тұран идеясы социалистік мемлекет құру арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін», – деген ойы отаршыл езгінің астында қалып қойған мұсылман түркі ұлыстары өкілдерінің өз тағдырын өзі белгілеу үшін Мәскеуге жиналуына түрткі болған. Мұсылман түркі ұлыстарының либерал өкілдері халифаның күйеу баласы Энвер пашаның жасыл байрағы астына емес, Кеңес өкіметінің үшінші адамы болып есептелген М. Султангалиевтің қызыл байрағы астына бірігуді дұрыс көре бастады. Энвер пашаның бұл жағдаятты қалайша бағалағаны белгісіз. Дегенмен, Мәскеудегі қимыл-әрекеттері оның қалыптасқан жағдайдан хардар болғандығын білдіреді. Энвер паша Омбы қаласынан АҰ барлаушысы Қажы Сами Кушчубашы бейді жеделхат арқылы Мәскеуге шақырып, Ресей мұсылмандары туралы ақпарат алғандығы белгілі. Түркияның Мәскеу елшісі А.Ф.Жебесоймен, Түркия делегациясының мүшелері Бекир Сами бей (делегация басшысы), Юсуф Кемал Теңгиршек, Ибрахим Тали Өнгөрен, Осман, Сейфи Дүзгөренмен байланысқан. К.Б. Радек арқылы В.И. Ленин, Л.Д. Троцкий, Г.Е. Зиновьев, Г.В. Чичерин, Э.М. Склянский, Л.М. Карахан, Б. Кунмен кездескен [24].

М. Шоқай «Энвер паша большевиктермен Түркістан жеріндегі оқиғаларға қатысу туралы келіссөздер жүргізіп, еш нәтиже шығара алмады», – деп жазса да, оның Кеңес өкіметінен қолдау тапқаны анық. Энвер пашаның қарсыластары оның Мәскеуге келуі туралы екі түрлі пікірді ұстанды. Бірінші пікір бойынша «Энвер паша большевиктердің көмегімен Түркістан мұсылмандарының азаттығына жетуді көздеген» болса, екінші пікір оны: «мансапқор, атаққұмар»

деп айыптады. Энвер пашаның жақтастары оны мұсылман халықтарының азаттығы үшін күрескен, атаққұмарлығының арқасында ешбір салмақты адамның батылы жетпейтін содырлыққа барған тұлға деп бағалады. Ал, большевиктердің Энвер пашаға берген бағасы тарихта құбылмалы сипат алған. Бастапқы кезеңде Энвер пашаның атынан мұсылман халықтарының арасында тиімді үгіт-насихат жүргізу мүмкіндігін байқаған большевиктер «большевик саясатын қолдайтын» Энвер пашаны «құрметті де қалаулы досымыз» деп білді. Энвер пашаның Кеңес өкіметіне мұсылман халықтарының атынан келіссөздер жүргізуге дайын екендігін білдірген мезеттен бастап большевиктер оған «британ үкіметінің жалдамалы агенті» деген айдар таққан еді [80].

Энвер пашаның большевиктердің қарсыласына айналуы 1921 ж. аяғында орын алған оқиға. Ол кезеңге дейін Энвер паша большевиктердің ықтимал одақтасы еді. 1920 ж. 16 тамызда Г.В. Чичерин ХКК төрағасы В.И. Ленинге Энвер паша арқылы жеткен Германия үкіметінің ұсынысын хабарлады. Неміс үкіметі Энвер паша арқылы 1914 жылғы Германия шекарасын қалпына келтіру ісінде Кеңес өкіметі көмек берген жағдайда бейресми жолдар арқылы қару-жарақ беруге және большевиктердің қарсыласы поляктарға қарсы көтерілістер ұйымдастыруға дайын екендігін білдірді. Г.В. Чичерин В.И. Ленинге Энвер пашаның бұл ұсыныстың жауабын асыға күтуде екендігін жеткізген. Большевиктердің жауабы екі жақты да қанағаттандырарлық сипатта болып, Энвер паша өз миссиясын орындаған болды. Мұны 20 тамызда Л.Д. Троцкийдің А.М. Лежаваға: «тез арада И.Э. Гуковский немесе В.Л. Копп арқылы қару-жарақ сатып алу үшін 27 млн. марка жіберілсін», – деген мазмұнмен жолдаған жеделхаты мен Уншлихтке «Келісімге келдік», – деп жазуынан байқауға болады [81].

Бастапқы кезеңде Энвер паша бір жағынан Германия мен Ресей арасындағы саяси диалогтың делдалдығын, екінші жағынан «Шығыс мұсылмандарын ұйымдастырып, ағылшын империализміне қарсы шеп құру» жөніндегі саяси жобаға демеуші табуды көздеген болса, Ресейдің батыс соғыс шебінде Польшадан жеңіліс табуы оны шарасыздыққа душар етті. Бұл оқиға Энвер пашаның өзі түзген жоспар бойынша емес, большевиктердің ұсынған жобасы бойынша әрекет жасауын мәжбүрледі. Бастапқы кезеңде Кеңес өкіметі Түркия ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесін болжай алмауына байланысты Энвер пашаны запаста ұстауды жөн көрген болатын. Халифаның күйеу баласы болуына байланысты мұсылман халықтарының арасында үлкен ықпалға ие болған Энвер пашаның көмегімен большевиктер мұсылмандарды социализмге сендіруді мақсат тұтты. Осы мақсатпен олар 1920 ж. 1-7 қыркүйекте Баку қаласында өткен шығыс халықтарының I құрылтайына (социалистік интернационалдың III құрылтайына) Энвер пашаның қатысуын қамтамасыз етті [82]. Мұсылман халықтарды біріктіру мақсатына бір қадам болса да жақындай түсуді көздеген Энвер паша большевиктердің жоспары негізінде құрылтайға қатысып, түрлі мұсылман елдердің өкілдерімен байланыс орнату және Шығыстың төңкерісшіл мұсылмандарын біріктірудің «саяси негізін» түзуді

ойластырған еді. М. Шоқай: «Осы құрылтайда сөйлеген Тасболат бек, Нарбота бектердің сөздері Энвер пашаны қатты әсерлендірген», – деп жазды [21].

1920 ж. 1 қыркүйекте В.И. Лениннің ұсынысы, ХКК-ның қаулысы бойынша Бакуде басталған «ІІІ Социалистік Интернационалдың» құрылтайына 37 елден 2050 делегат қатысты. Олардың 1273 делегаты коммунист, басқалары тәуелсіз еді (576 жұмысшы, 495 шаруа, 437 зиялы, 542 белгісіз; 469 әзірбайжандық, 202 ирандық, 137 грузин, 131 армян, 105 түркиялық, 85 қырғызстандық, 40 ауған, 20 түркістандық, 14 үндістандық, 14 хиуалық, 13 башқұртсандық, 8 қырымдық, 8 Қалмақ Республикасынан, 7 қытайлық, басқалары Австрия, Ұлыбритания, Венгрия, Голландия, Испания, АҚШ, Франция, Жапония, Болгария, Греция, Румыния, Югославиядан келіп қатысты) [82, 3-4б.]. Түркияның 105 делегаты үш топты: 1) энвершілдер, 2) кемалшылдар мен 3) Түркия коммунистерін құрады. Құрылтайға тәуелсіз бақылаушы ретінде Анкара өкіметінің өкілі доктор Ибрахим Тали Өнгөрен, Түркия коммунистерінің өкілі ретінде Мұстафа Супхи, Марокко, Алжир, Тунис, Ливия, Мысыр, Аравия мен Үндістан мұсылмандары одағының өкілі ретінде Энвер паша қатысты. Мәскеуден Бакуге келер жолында Энвер паша Г.Е. Зиновьев және К.Б. Радекпен бірге бір пойызда ұзақ әңгімелесу мүмкіндігіне ие болған. Г.Е. Зиновьев пен К.Б. Радек: «Коммунистік идеяларды насихаттаудың қалыптасқан негізінің болмауы шығыс елдерінде коммунизмге қарсы қоғамдық пікірдің қалыптасуына жол ашуы мүмкін», – деп есептеді. Олар Энвер пашаға мұсылмандардың біріккен күшін капитализмге қарсы күресте қолдануды ұсынды.

Құрылтайда алғы сөзді алған Әзірбайжан КР ТК мен ХКК төрағасы Н.К.Н. Нариманов Коминтерннің империализмге қарсы шығыс халықтарымен бірігуі қажеттілігін басып айтып, М. Кемал пашаның коммунистік емес саясатын сынға алды. Құрылтайдың алдыңғы қатарында отырған Энвер пашаның мінбеге шығып, баяндамасының 10-минутында көпшілік тарапынан регламенттің бұзылғандығына байланысты наразылықтың орын алуы оның құрылтайды тастап кетуіне себеп болды. М. Шоқай Энвер пашаның құрылтайда сөз сөйлеуіне большевиктердің кедергі жасауының негізгі себебі ретінде оның Баку темір жол вокзалында халық алдында сөйлеген сөзі болды деп көрсеткен. М. Шоқай бұл туралы: «Баку темір жол вокзалында Энвер пашаны бірнеше мың адам салтанатты түрде қарсы алды. Бір қарт әзірбайжан кісінің: «Сенің әскерің 1918 ж. қыркүйекте Бакуді азат еткен еді. Сол кезден бастап сені көрмедік. 1920 ж. қыркүйекте Баку большевиктердің қолына өтті. Қазір біз қайтадан кісенделдік, ал сен болсаң дұшпандарымызбен бірге жеңісті тойлап жүрсің. Бұған не деп жауап бересің, Энвер?» – деген сауалына Энвер паша: «Әзірбайжан әзірбайжандықтардікі болуы қажет!» – деп жауап берді. Оның бұл сөздерінен қауіптенген большевиктер Энвер пашаға құрылтайда баяндамасын оқуға рұқсат бермеді», – деп жазды [80]. Ю. Гедиклидің пікірінше құрылтайдың ложасында құрметті қонақ болып отырған Энвер пашаның баяндамасы 4 қыркүйекте түрік большевигі Мехмет Эмин тарапынан оқылды. Энвер паша баяндамасын өзі оқымақ болғанымен әзірбайжандық коммунист Дадаш

Бунияадзаденің оны «неміс империализмінің қолдаушысы» деп айыптауына байланысты өз райынан қайтқандығы туралы Супхи жазған. Дегенмен, большевиктердің Энвер пашаны өз мүддесі үшін қолдануды көздеуі оның бұл жағдайды өз пайдасына шешу қажеттілігі туралы пікірінің қалыптасуына итермелеген болуы мүмкін дей отырып, тәуелді болуды қаламаған Энвер пашаның құрылтайда өз баяндамасын оқи алмағандығының себебі ретінде большевиктердің саясатын немесе кездейсоқтықты алға тартумен қатар Энвер пашаның пиғылын да есепке алу қажет.

Шығыс халықтарының Баку құрылтайы Энвер пашаның пікірінше алдына үш мақсат қойған. Олар: мұсылман және шығыс елдерінде ағылшындарға қарсы қозғалыстардың автономдығын мойындап, қолдау; мұсылман және шығыс елдерінде қарулы жолмен төңкеріс жасап, жергілікті демократиялық күштермен байланыс орнату; мұсылман елдеріндегі мұсылман емес өкіметтерді танымау. Бұл мақсаттарды өз прициптері ретінде Энвер пашаның да қабылдағандығында дау жоқ. Кеңес өкіметінің оны құрылтайға қатыстыру арқылы мұсылмандар арасында «Энвер пашаның большевиктермен бірге екендігі» туралы ой қалыптастырмақ болып, бұл жоспарын жүзеге асыра алмай қалуына байланысты Энвер паша Бакуде Түркістан мұсылмандарымен байланыс орната жүріп, өз адамдарына Түркияда төңкеріс ұйымдастыру дайындықтарын жүргізу ісін тапсырды. Оның бұл әрекеттерінен қауіптене бастаған большевиктер Энвер пашаның тез арада Мәскеуге қайтуы үшін жағдай жасауға кірісіп, жұмысшы мұсылман халқына тек Мәскеуде жүріп қызмет атқара алатындығы туралы уәж айтудың негізінде оны Бакуден кетуге көндірген еді. Баку темір жол вокзалында халықтың оны «Жасасын Энвер!» деген ұранмен Мәскеу жолына шығарып салуы Энвер пашаға таңдаған саяси бағытының дұрыстығының айғағы іспеттес болып көрінді. Энвер пашаның бұл жолғы Мәскеудегі әрекеттері белгісіз. Большевиктердің Мәскеуде оған қошемет танытып, шығыс халықтары делегаттарының құрметіне арнап ұйымдастырылған банкеттерге оны құрметті қонақ ретінде шақырып отырғандығы, оның осы тұста Орталық Азия, Кавказ және Әзірбайжандағы жағдайды зерттеумен айналысқандығы туралы М. Шоқай жазған [80].

1921 ж. наурызда Кеңес өкіметі Англиямен сауда-саттық туралы екі жақты келісім шартқа қол қойды. Кеңестік Ресей мен Англияның мұсылман елдерін өзара бөліске салуды көздегендігі анықтала түсті. Осы тұстан бастап Энвер паша мен большевиктер арасындағы қарым-қатынас та әлсірей бастады. Жағдайды түсінген Энвер паша большевиктердің кедергілеріне қарамастан Түркістан мен Кавказ халықтарымен байланысын күшейтудің жолдарын қарастырды. Ол 1921 ж. мамыр-маусым айларында Бұқара қаласындағы Осман Авни паша мен Ташкент қаласындағы түрік мұғалімдері арқылы Түркістан халықтарының жағдайы туралы толығырақ мәлімет жинады.

Энвер паша Жамал пашамен Чарджоу қаласында кездесуді көздеді. 1921 ж. 27 қыркүйекте Батуми қаласынан жолға шықты. Тбилиси-Баку-Қызылсу-Ашхабад-Мерв-Байрамали жолы арқылы Чарджоу қаласына келіп жетті [45, 138 б.]. Оның бұл кездесуінен күдіктенген Кеңес өкіметі Жамал пашаны Энвер

пашамен кездестірмеу мақсатымен Бұқарада, тіпті Ташкентте де оның пойыздан түсуіне пұрсат берместен, жедел Мәскеуге жөнелтті. Сол себептен, Энвер паша Чарджоуда Жамал пашамен кездесе алмады. Большевиктердің саяси пиғыл-әрекеттерінен бейхабар Энвер паша Жамал пашаны Бұқара қаласында деп біліп, онымен кездесу үшін 1921 ж. 15 қазанда Чарджоудан Бұқара темір жол вокзалына келіп жеткен. Осылайша, Энвер пашаның Бұқара қаласына келуі Бұқара Кеңестік Халық Республикасы (БКХР) мен 1918-1924 жж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының жаңа қарқынмен дамуына ықпал еткен маңызды оқиғалардың біріне айналған болатын.

Жоғарыдағы мағлұматтарға сүйенер болсақ, Түркістан жеріндегі тарихи-саяси ахуал XX ғасырдың басында Ресей империясы, Хиуа және Бұқара хандықтары құрамында өмір сүріп жатқан мұсылман түркі халықтарының патшалық Ресей империясы болсын, кеңестік Ресей өкіметі болсын, екі саяси режимнің де өкілдеріне, олардың ұстанған саясатына қарсы болғандығын айғақтайды. Мұндай жағдайда түркі халықтарының зиялылары Түркістан халықтарының ортақ саяси мақсатқа, яғни Ресейдің үстемдігінен арылу мақсатына жету үшін ортақ саяси бірлікті қамтамасыз ету қажеттілігін жіті түсінген. Алайда, түрлі саяси көзқарастарды ұстанған олар ортақ саяси мақсатқа жетелейтін тұлғаның дер кезінде пайда болмауының салдарынан өз араларында келісімге келе алмай, Түрістан ұлт-азаттық қозғалысы орталықтану мүмкіндігінен макрұм қалған еді. Осы тұста түркі әлемінің қиыр батысында, яғни Осман империясының астанасы Ыстамбул қаласында дүниеге келіп, империяның қарулы күштер министрі қызметіне дейін көтеріліп, осман патшасының күйеу баласы болу арқылы Осман империясының мирасшысына айналған Энвер паша өз өмірлік тәжірибесін жинауда болатын. Оның османшылдық, исламшылдық және түрікшілдік идеяларына қатысты көзқарастары Осман империясының мүддесін қорғап қалу жолындағы күресі мен мұсылман түркі халықтарының бірлігіне жетелейтін саясатты ұстануы арқылы нығая түсіп, Осман империясы Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен жағдайда сол саяси күштің көмегімен Түркістандағы мұсылман түркі халықтарына азаттық алып беру мақсатына одақталғандығы белгілі болып отыр. Ресей империясының қазан төңкерісінің нәтижесінде Бірінші дүниежүзілік соғыста өзінің жеңілгендігін мойындап, соғыстан бас тартуы мен азаматтық соғыстың құрбанына айналуы, мұсылман түркі халықтарының автономия алу жолындағы саяси күресі мен ол күрестің патшалық Ресей тұсында басталған «басмашылық» қозғалысымен сабақтасуы нәтижесінде орын алған дағдарыс Энвер пашаға оның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының ортақ саяси тұлғасы бола алатындығын аңғартқан болуы мүмкін. Сол себептен, Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстың ортақ саяси тұлғаны қажетсінуі мен Энвер пашаның мұсылман түркі халықтарының бірлігіне қол жеткізу үшін саяси ұмтылысы Энвер пашаның Түркістан жеріне келуін қамтамасыз етіп, тарихи қажеттілік заңын жүзеге асырды деген ой қорытынды жасауға болады.

## 2.2 1921-1922 жж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы

Түркістан автономиясының құлауы мен Кеңес өкіметінің алашордалықтарға қарсы жүргізген күресінен кейін большевиктер өз билік жүйесін жергілікті жерлерде орнатып, оны күшейтуге кірісті. Ол үшін олар үгіт-насихат жүргізу саясатын алдыңғы қатарға қойды. Жергілікті халықты «идеологиялық өңдеуден өткізу» және билік жүйесінің күшеюі өз жемісін бере бастады. Бұл үшін Кеңес өкіметі патшалық Ресейдің саясатын басшылыққа алды. Кеңес өкіметі бұл саясатты жүзеге асыру үшін екі бағытта батыс және шығыс соғыс шептерін құрды. Олардың тоғысатын орталығы Ташкент қаласы болды. Бұдан Кеңес өкіметінің жетістікке қол жеткізуін біріншіден әскери-саяси тұрғыдан, екіншіден кәсіби идеологиялық үгіт-насихат жүргізу тұрғысынан түсінуге болады деген қорытынды жасай аламыз. Алайда, кеңес әскері өз мақсатын жүзеге асыру жолында екі кедергі жасаушы факторға, сыртқы фактор – Ауғанстандағы ағылшын үстемдігі мен ішкі фактор – «басмашылық» қозғалысына тап болды. Осыған байланысты бұл бөлімде 1921-1922 жж. Түркістандағы оқиғаларға терең талдау жасап, аумақтағы саяси ахуалға және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының дамуына қазіргі тарихи әдістеме негізінде баға беру көзделеді. Бұл бөлімнің міндетіне кеңес әскерлерінің Түркістан жеріне тереңдей ылдилауының әскери-саяси тұрғысын қарастыру және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының даму қарқынын ашып көрсету жатады.

Кеңес әскерлерінің Түркістан жеріндегі жаулау әрекеттеріне Бұқара Халық Кеңес Республикасы тарихы бойынша құжаттар жинағындағы кезінде бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жарияланған ақпараттар дәлел болып табылады. Ол материалдарда Ақтөбе әскери соғыс шебінің ашылуы, Арал теңізі маңындағы қызыл әскердің жетістіктері, қазіргі Түрікменстан жеріндегі соғыс қимылдары, әскер саны туралы мәліметтер көптеп кездеседі [83]. Осы материалдар негізінде кеңес басшылығының әлеуметтік деңгейі төмен халықты жарқын болашаққа бастау идеясының айналасына жұмылдырып, жергілікті шаруа отрядтарын құрғаны белгілі. С.Б. Гинзбургтың анықтауы бойынша кеңес әскерлерінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қарсы бағытталған күресі алты сатыға бөлінеді [35]. Біздің тақырыбымызға екінші, үшінші және төртінші сатыларының тікелей қатысы бар.

М. Шоқай басшылығындағы Түркістан автономиясы 1918 ж. 22 ақпанда құлағаннан кейін Түркістан жерінің үлкен бөлігінде қарулы ұлт-азаттық күрес қарқынды түрде жалғасын тапты. Түркістан автономиясы үкіметі тарапынан Қоқан қаласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қалалық полиция басшысы қызметіне тағайындалған Ергаш қорбашы үш күндік шайқастан кейін большевиктерге қаланы тастап кетуге мәжбүр болып, қаланың аудандық жерлерінде Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күресін бастады. Бастапқы кезеңде Қоқан қаласының айналасында ғана орын алған бұл күрестің 1918 ж. ортасында бүкіл Ферғана облысын қамтуына байланысты Түркістан автономиясының большевиктер тарапынан жойылу күні «басмашылар қозғалысының» бастау

көзі деп есептеуге болады [45, 149 б.]. Кеңес өкіметі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бұл қарулы күресі туралы жергілікті халық арасында және әлемде жағымсыз қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатымен қозғалысты «басмашылық» деп атады. Мұның нәтижесінде жергілікті халықтың қозғалысты қолдауын азайту, шетелге қозғалысты «қарақшылардың кішігірім бүлігі» ретінде танытылды. Халық арасында «басмашы» аталымы «қарақшы» деген өзінің түпкі мағынасын жоғалтып, «азаттық күрескері», «муджахид» деген мағыналарға ие болды. Басмашылар қозғалысының қолбасшылары «қорбашы», қозғалыстың өзі «қорбашылар қозғалысы» деп аталуына қарамастан Кеңес өкіметінің қарқынды түрде жүргізген үгіт-насихатының нәтижесінде «басмашылар» аталымы әлем әдебиетінде орнығып, көптеген еңбектерде қолданысқа еніп кетті [45, 149-151 б.].

Басмашылардың құрылымдық жүйесі Қоқан хандығының әскери жүйесіне сай болды. Он адамдық топты «онбасы», жүз адамдық қолды «жүзбасы», бес жүз адамдық қолды «пансад», мың адамдық қолды «қорбашы», бірнеше мың адамдық қолды «ләшкербашы» (әскербасы) басқарды. Қолбасылардың әлеуметтік шығу-тегі әр түрлі болған. Олардың арасында әкімшілік, діни, әскери, саяси қызмет атқарған адамдармен қатар зиялы қауым өкілдері де орын алды. Ферғана облысы «басмашыларының» «Түркістан түркістандықтарға!», «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Қанаушылардан арылған Түркістан!» деген ұрандары қозғалыстың бағытын белгілеп берді. «Басмашылар» қозғалысы діни уәждерден қуат алып, ұлтжандылық негізінде дамыған. Қозғалыстың әлсіз жағы ортақ саяси бағдарлама негізінде орталықтанып, стратегиялық күрес негізінің болмауында еді [45, 151-152б.].

1918 ж. басталған «басмашылардың» қарулы күресі 1919 ж. ортасында бүкіл Ферғана облысын қамтыды. Ергаш қорбашының басшылығымен дамыған қозғалыс Мадамин бек, Көр Шермат бек сынды қорбашылардың күреске қатысуымен күшейе түсті. Кеңес өкіметі қозғалысты тұншықтыру үшін Софонов, Филипов, Спасибов сынды қолбасшыларының көмегімен төңкерісшіл әскери шеп құрып, нәтиже шығара алмағаннан кейін 5 мүшеден тұратын төңкерісшіл комитет құрды. Қозғалыстың үдеуіне байланысты большевиктер Түркістандағы өз үстемдігін сақтап қалуды көздеп, 1919 ж. ортасында Түркістан майдан шебін құрды. 1920 ж. ақпанда бұл майданның бас қолбасшысы генерал М.В. Фрунзенің Ташкент қаласындағы соғыс штабы өз жұмысын бастады. 1920 ж. Түркістан жерінде басмашылар қозғалысының үш негізгі ошағы – Ферғана, Хиуа, Шығыс Бұқара қозғалыстың қозғаушы күштерінің орталықтары ретінде қалыптасты. Ферғана облысында Ергаш қорбашы, Мұхаммед Әмин бек, Шермұхаммед бек пен Хал қожа, Хиуа жерінде Джунаид хан, Шығыс Бұқарада Ибрахим бек, Фузайл махдум мен Дәулетменд бек ұлт-азаттық қозғалыстың жергілікті қолбасшылары еді. Самарқанд пен Зарафшан аумағында да басмашылардың ұсақ топтары әрекет ішінде еді.

1919 ж. 24 қыркүйекте Мадамин бек Шығыс Түркістан шекарасына жақын орналасқан Ергаштам қыстағында «Уақытша Ферғана үкіметін» құрды. Бес айдан кейін Кеңес өкіметінің қысым жасауына байланысты келіссөз жүргізуге

мәжбүр болды. 1920 ж. 3 наурызда Шермат бек «Уақытша Түркістан үкіметін» құрып, өзін «амир-и ләшкер-и ислам» (Ислам армиясының әміршісі) деп жариялап, Қоқан хандығының саяси және әскери жүйесіне ұқсас жүйе қалыптастырды. Он екі адамдық «Кеңес» құрып, туған інілері Ташмат бек Ауғанстанға, Рузмат бек Шығыс Түркістанға өкіл етіп жіберді. Рузимұхаммед Қашғар жолында қар көшкінінің астында қалып қойып, қаза табуына қарамастан Шермат бек екі жыл бойы Ферғанада үздіксіз күрес жүргізді. 1921 ж. қыркүйек айында Душанбеде Бұқара әміршісі Саид Әлім ханның қасында болып, оның Ауғанстан жеріне өтуіне дейін қасынан айырылмаған. Басқа бір інісі Нурмат бек арқылы Энвер пашаға өз көмегін аямаған.

Кеңес әскерлерінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күресінің бірінші сатысы 1919 ж. қараша және 1920 ж. тамыз айлары аралығын қамтыды. Кеңес әскерлері Түркістанды орталыққа бағындырғаннан кейін 1919 ж. 11 қарашада Ташкент қаласына БОАК-нің құрамы Ш.З. Элиава, В.В. Куйбышев, В.Ф. Новицкийден құралған Түркістан істері жөніндегі бірінші комиссиясы келді. Осы тұстан бастап кеңестік органдар құрыла бастады. Олардың құрамы Кеңес өкіметі үшін лайықсыз деп танылған қызметкерлерден тазартыла бастады. «Еңбекші диқаншыларды кеңестік құрылысқа кеңінен тарту» осы комиссияның басты ұранына айналды. Дегенмен, комиссия Түркістандағы экономикалық және саяси жағдайдың ерекшелігін есепке ала отырып, кеңестік органдардың жұмысына жергілікті байларды да жұмылдырды. Аумақтағы экономикалық дағдарыстың басты себептері ретінде патшалық билік жүйесінің салдары мен «кеңес өкіметінің» отарлау саясаты, жергілікті органдардың терең ойластырмастан жариялаған декреттері көрсетілді. Кеңес өкіметінің берген мәліметтері бойынша Түркістандағы экономикалық сала екі бағытқа бөлінген еді. Біріншісі, дәстүрлі мұсылмандық экономикалық жүйе, оның ішінде «зекет» деп аталатын сауда-саттық салығы, «әмин» деп аталатын әскери салық, т.б. салық түрлері болған. Кеңес өкіметі осы салық жинау түрлерін халық арасында кереғер тұрғыдан көрсету арқылы жергілікті халықты өз жағына тартуды көздеді. Сол кездің тарихи процесін ескеретін болсақ, Кеңес өкіметі Түркістандағы қиын жағдайды, соғыстан кейінгі экономикалық дағдарысты ескерместен қиын жағдайға душар болған қарапайым халықты өз жағына шеберлікпен тарта білді. Шын мәнінде, Түркістандағы экономикалық жағдайдың ауыр болғандығы соншалық, жергілікті халық бір жағынан Кеңес өкіметінің отарлау саясаты мен екінші жағынан бірлігі жоқ Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының ортасында қалып қойды. Сол кезеңде жрияланған «Түркістан хабаршысы» атты баспа беттеріндегі материалдар бұның айғағы болып табылады. Мысалы, «Бұқара шаруалары қалай өмір сүруде» деген айдармен шыққан мақалада автор жергілікті шенеуніктерді қанаушы ретінде, ал шаруаларды оларға салықтың бірнеше түрін төлейтін қаналушы ретінде көрсетуге тырысқан [84]. Осылайша, Кеңес өкіметі халық санасына қоғамның таптық жүйесін енгізуге тырысты. Кеңес өкіметінің бұл саясаты біріншіден өз мақсаттарын келешекте де жүзеге асыру және екіншіден жергілікті халықты өз жағына тарту үшін қажет еді. Ал, Тұркістандағы экономикалық саладағы

екінші бағыт болса, дәстүрлі мұсылмандық экономикалық жүйе мен енгізіліп жатқан жаңа кеңестік экономикалық жүйе арасындағы текетірестік еді. Бұл текетірестік Түркістандағы экономикалық жағдайды бұрынғысынан да нашарлатты. Осыған байланысты жергілікті шаруа халық еріксіз түрді күшті жақты таңдауға мәжбүр болды. Кеңес тарихнамасында бұл құбылыс болса, жергілікті халықты қиын экономикалық жағдайда құтқарған деп көрсетілген Кеңес өкіметі тұрғысынан қарастырылды.

Әскери-саяси мағынада Кеңес өкіметінің Түркістан жеріне ылдыйлай кіруінің нәтижелілігі шекараны белгілеу арқылы жүзеге асып отырды. Бұл Кеңес өкіметінің жедел түрде жүзеге асырылуы қажет болған саяси қадамы еді. Себебі, бұл тұста ағылшындар Ауғанстан жерінде өздерінің үстемдігін орнатып үлгерді. Бұл жағдайда Кеңес өкіметі өз саясатын жүзеге асыруда кедергі болатын күштерді қатаң түрде жазалау үшін Төңкерісшіл әскери трибуналын құрды. Төңкерісшіл әскери требуналының жұмысын реттеу мақсатымен Кеңес өкіметі қандай тұлғаларды нендей жағдайда өлім жазасына кесуге болатындығы туралы жүйелі түрде циркулярлар шығарып отырды [85]. Бұндай циркулярларды асыра сілтеп пайдаланған Кеңес өкіметінің құзыретті жергілікті органдары кез келген қаруы бар жергілікті адамды «еңбекші халықтың дұшпаны» ретінде өлім жазасына кесіп отырды. Әсіресе, ауған азаматтарымен қатынаста болған «еңбекші халықтың дұшпандары» өлім жазасына көптеп кесілді. Бұл жағдай Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы күрескерлерінің арасында үрей туындатқызып, олардың өзара бірігуіне кедергі болды. Дегенмен, қорбашылар өзара келісімге келіп, большевиктерге қарсы бірігуге талпыныс жасағаны туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, 1919 ж. желтоқсан айының бірінші жартысында Түркістанға келіп жеткен ауған делегациясы Ергаш және басқа да қорбашыларды Мадамин бекпен татуластырғаннан кейін Ферғана жерінде «Құрылтайшы жиналыс» құруға, оларды қаржылай әрі қару-жарақпен қамтамасыз етуге дайын екендігін білдірген еді. Осы делегацияның келуінен кейін жергілікті халықтың орыстарға деген көзқарасы күрт нашарлап кетті. Бұның нәтижесінде Мадамин бектің қарамағындағы орыс көтерілісшілердің «заңды тәртіптің» орнайтындығына сенімі азайды. Мадамин бек отрядтарына қарсы күресте Кеңес өкіметі Ферғанаға Еділ татарлары бригадасын жолдады. Бұл қызыл әскер бригадасының мұсылман жауынгерлерден құралуы жергілікті халық арасында большевиктердің пайдасына қызмет атқарды. Түркістан істері жөніндегі комиссияның басшылығындағы жергілікті кеңестік органдардың жаңа бағыты мен жергілікті жағдайды терең ойлы және байыпты түрде сараптай білуі өз нәтижесін бере бастады. «Басмашылар» арасында бөлінушілік белең ала бастады. Мадамин бек бұл процеске кедергі жасай алмады. Бұл процестің қауіптілігін бірінші болып түсінген Монстров, большевиктерге қарсы күресуге мәжбүрлеген бастапқы себептердің жоқ екендігін алға тартқан. Ол 1920 ж. 12 қаңтарда Ферғана соғыс шебінің басшылығымен қару-жарақ тапсырмастан Кеңес өкіметі жағына өту туралы келіссөздер жүргізуге кірісті. Монстровтың кейбір талаптары Түркістан соғыс шебі ТӘК-тің өкілетті уәкілі Брегадзе тарапынан қанағаттандырылды. Оның артынан «Мұсылман халық

армиясы» құрамындағы орыстардың үлкен бөлігі де кеңес әскерінің жағына өтті. Ал, Мадамин бек болса, күресін жалғастырды.

«Басмашылардың» азық-түлік қоймалары адамның өтуі қиын тау шатқалдарында орналасты. Сондықтан, отрядтар тамақпен әрдайым қамтамасыз етілді. Шалдыққан аттар жаңа аттармен алмастырылып отырды. Сол себептен, «басмашы» атты әскерлері әрқашан да шабуыл жасауға дайын еді. Қызыл әскерлер болса, арып-ашып, киімдері тозып, тез шалдығуға жақын еді. Бұл, өз кезегінде, қызыл әскерлер арасында жеңіске жетуге деген сенімсіздіктің орын алуына себепші болып отырды.

1921 ж. басында «басмашылардың» Ферғананың барлық аудандарында құзыреттері шектелген өз «қолбасшылары» болды. Әрбір қолбасшы өз ауданында қожайын еді. Оның жергілікті халықпен туыстық, экономикалық, т.б. байланыстары болды. Басқа қолбасшы тарапынан шекараның бұзылуы қарсыластық туындатып отырды. Ферғана облысының, қалалары мен темір жолдарын есептемегенде, барлық жері жалпы саны 6000-нан асатын «басмашылардың» ықпалы астында еді.

1920 ж. аяғы мен 1921 ж. басында жүзеге асырылған қызыл әскер соғыс операцияларының нәтиже бермеуі Кеңес басшылығының «басмашыларды» тек олар ірі отрядтар түрінде бетпе-бет шайқасқа шыққанда ғана жеңуге болатындығына көзін жеткізді. Сондықтан, қызыл әскер басшылығы жергілікті ауданмен жақсы таныс, халықтың тілі мен тұрмысын жақсы білетін адамдардан құралған әскери бірліктер құру мәселесін қарастыру ісіне кірісті. Бұның нәтижесінде 1921 ж. сәуір айының ортасында Кеңес өкіметі Жани бектің басшылығында атты әскер полкін жасақтап, бұрынғы өзбек атты әскер бригадасын осындай екінші полкқа айналдырды.

Түркістандағы 1920-1921 жж. аязды қыс мезгілі «басмашылардың» жағдайына өз әсерін тигізді. Соның салдарынан 1921 ж. жаз мезгілінде Ферғананың барлық аудандарының «басмашылары» келіссөздерге келуге мәжбүр болды. Келіссөздерде Кеңес өкіметі өткен жылғы оқиғалардан дәріс алу қажеттілігін мойындап, «басмашылардың» тыныстап, күш жинап алу мақсатымен келіссөздерге баратындығын есепке ала отырып, бұл жолы олардың толығымен немесе жартылай болса да каруларын тапсыруын талап етті. 1921 ж. тамыз айы тек келіссөздер өткізумен өтті. Бұл келіссөздердің нәтижесінде «басмашылардың» күресті тоқтатуды көздемейтіндігі анықталды. Осыған байланысты 15 тамызда өткен БОАК Түркістан істері жөніндегі комиссиясы мен ТӘК-тің біріккен отырысында «басмашылармен» тек олар толығымен қаруын тапсырған жағдайда ғана бейбіт келіссөздер жүргізуге болатындығы туралы шешім қабылданды. Осы шешімге негізделе отырып, Кеңес өкіметі 12 қыркүйекте Көр Шермат бекке қаруын тапсыру туралы бір жақты талабын қойды. Көр Шермат бек бұл талапты орындаудан бас тартпайтындығын алға тартып, бұл мәселені барлық қорбашылардың қатысуымен өтетін құрылтайда немесе Мухитдин бек қызылдар жағына өткен жағдайда шешуге болатындығын білдірді. Бұл оқиғадан кейін қызыл әскер басшылығы Марғұлан уезі бағытында Көр Шермат бекке қарсы, Әндіжан

бағытында Исраил бекке қарсы әскери әрекетін бастады. Көр Шермат бек шегініп, Сырдария жағасында тасаланды.

Бұл тұста Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізе отырып, Марғұлан-Әндижан темір жолына жақындаған Мухитдин бек Көр Шермат бекпен достық қарым-қатынастарын жалғастыра отырып, екі жақты саясат жүргізген. Өзінің екі жаққа да бейтараптылығын жариялап, бейбіт өмірді қалайтындығын білдірген Мухитдин бек Кеңес өкіметімен бейбіт қарым-қатынасын сақтай отырып, Көр Шермат бектің әлсірей түсуін көздеді. Соның арқасында қолындағы күшті тыныктырып, қару-жарағын түгендеуді ойластырды. Бұны түсінген Кеңес өкіметі Мухитдин бекке қарсы соғыс әрекетін бастады.

Соғыс әрекеттерінің барысында қырғыздар мен өзбектердің арасындағы жасырын ұлттық қарама-қайшылық айқын көрініс тапты. Мухитдин бек қарсылық көрсетуіне қарамастан шегініп, тау шатқалдарында жасырынуға мәжбүр болды. Кеңес әскерлері қараша айының басында Марғұлан ауданында Көр Шермат бекке қарсы кезекті жорыққа шықты. Бұл жорықтардың нәтижесінде Көр Шермат бектің «Ислам әскерлерінің бас қолбасшысы» ретіндегі беделіне нұқсан келтірілді. Қиын жағдайға тап болған Көр Шермат бек өзінің күшті қарсыласы Мухитдин бекпен келісімге келіп, қараша айының ортасында оған өз отрядтарының басшылығын тапсырғаннан кейін Шығыс Бұқара арқылы Ауғанстан жеріне өтуге мәжбүр болды.

1921 ж. жаз айларындағы қызыл әскердің жүзеге асырған соғыс операциялары нәтижесінде Ферғана «басмашылары» жойылмағанымен, ауыр соққылар алды. «Жеңімпаз» Көр Шермат бектің беделі түсті. Мухитдин бек қырғыз болуына байланысты өзбек «басмашыларға» сөзін өткізе алмады. Кеңес өкіметінің жергілікті халықты өз жағына тарту саясаты нәтиже бере бастады. Жергілікті жерлерде ерікті милиция жасақтары құрыла бастады. Кеңес өкіметінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын құр қарудың күшімен жеңуге болмайтындығына, қозғалыстың басты негізін экономикалық себептердің құрайтындығына көзі жетті. Осы кезеңде Кеңес өкіметі жергілікті халықтың ерекшеліктерін есепке алу, патшалық отарлау саясатының сарқыншақтарын жою, орыс және жергілікті байларға қарсы бағытталған жер реформасын жүргізу қажеттілігін түсінді. Жергілікті кеңес органдары көзделген іс-шараларды жүзеге асыруда іс жүзінде жалтақтаушылық танытты. Дегенмен, осы тұс Кеңес өкіметінің Түркістан жерінде тамыр жая бастауының бастапқы нүктесі болып табылады.

Күрестің екінші сатысында Кеңес өкіметі еңбекші диқаншылардың бір бөлігін өз жағына тартып, бейбіт өмір сүргісі келген «басмашыларды» ыдыратып, Ферғананың қырғыздар қоныстанған таулы аудандарынан ығыстырды.

Кеңес әскерінің үшінші сатысы 1921 ж. қараша және 1922 ж. тамыз айлары аралығын қамтыды. 1921 ж. күз айларында Кеңес өкіметі бейбіт келіссөздер жүргізе отырып, жаңа экономикалық саясат негізінде «басмашыларға» қарсы күресте жаңа бағыт ұстанды. Ферғанада экономикалық және саяси іс-шаралар жүзеге асыруға кірісті. Қазылар соты қайта ашылып, дінбасыларға

вакуфтардың мал-мүліктері қайтарылып, кадим мектептерін ашу құқығы қалпына келтірілді. Жергілікті халықтың тұрмыстық жағдайына назар аударылып, жергілікті кеңес органдарына жергілікті халықтың ішінен шыққан беделді адамдар тартылды. Бұндай экономикалық және саяси іс-шаралардың нәтижесінде жергілікті халық «басмашылар» қатарынан шыға бастады. Кеңес өкіметінің үстемдігін қоғамның әлеуметтік қамтамасыз етілмеген бөлігімен қатар біршама саудагерлер мен дінбасылар да мойындады. Ферғанадағы шаруашылық күйзеліс облыс халқына ауыр тиген еді. Мақта мен тауар өндіру шаруашылықтарын дамытуға қызығушылық танытқан диқаншылар «басмашылықтың» әскери және саяси қауқарсыздығын түсініп, бейбіт өмір сүруді қалады. Дегенмен, «басмашылар» қаруын тапсырудан бас тарты. 1921 ж. бұрынғы «басмашылардан» жергілікті әскери бірліктер құру әрекетінен нәтиже шықпауына байланысты 1922 ж. наурыз айында БОАК Түркістан істері жөніндегі комиссия мен Түркістан ОАК бірлесе отырып, кеңес қорбашылары мен кеңес «басмашы» отрядтарынан бас тарту туралы қаулы шығарды. Осы тұста жергілікті халықтың қызыл милициясын құру жұмыстары жүзеге асырылды.

1922 ж. басында Ферғанада қырғыз және өзбек «басмашы» отрядтары арасында ұлтшылдыққа негізделген ашық жанжал басталды. Қырғыздарды Мухитдин бек басқарған болса, өз жағына Марғұлан ауданының қолбасшыларын тартып үлгерген Исраил өзбектерге басшылық жасады. 1922 ж. 12 қарашада Ауғанстаннан қайтып оралған Көр Шермат бек бұл жанжалға араласпастан, екі жақты татуластыруға тырысты. Бұл жанжалды тоқтату мүмкін болмай, нәтижесінде қырғыздар жеңіп шықты.

Әндіжан және Ош аудандарының «басмашылары» арасында туындаған қақтығыстар тұсында Мухитдин бек өзін қызыл әскер шабуылынан қауіпсіздендіру мақсатымен Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізуге тырысты. Алайда, оның пиғылын түсінген қызыл әскер басшылығы 10 шілдеде оған қарсы соғыс әрекетін бастады. Қызылдардың соғыс операциялары нәтижесінде Мухитдин бек және оның қарамағындағы «басмашылар» жеңіліс тауып, каруларын тапсырып берілді. Сонымен қатар, келіссөздер нәтижесінде солтүстік-шығыс Ферғанадағы Жани бек басшылығындағы «басмашылар» да қаруын тапсырып, Кеңес өкіметін мойындады. Қаруын тапсырудан бас тартқан «басмашылар» болса, Кеңес өкіметі мен қызыл әскер ықпалының тысында жатқан Алай алқабында қалып қойды. Осылайша, таулы шығыс Ферғана «басмашы» отрядтардан тазартылған еді.

1920 ж. қаңтар айының ортасында Кеңес өкіметі Ферғана жеріндегі қызыл әскер бірліктерін қайта құруға бағытталған жұмыстарын аяқтап, «басмашылық» қозғалысын жою үшін бірнеше соғыс операциясын жүзеге асырды. Бұл тұста «басмашылар» қозғалысы құрылымдық дағдарысқа тап болды. 31 қаңтарда қызыл әскер жағына Махкам Қожа мен Акбар Алидің 600 қарулы және 2000 қарусыз жауынгері, 2 ақпанда Парпи бектің 3000 жауынгері өтті. 4 ақпанда қызыл әскер бірліктерінің Мадамин бекке қарсы жүзеге асырған соғыс операциясы нәтижесінде «басмашылар» жеңіліс тауып, Мадамин бектің штабы

ғана шегініп үлгерді. 1920 ж. наурыз айында Мадамин бек Кеңес өкіметі өкілдерімен келіссөздер жүргізуге кірісті. Дегенмен, Кеңес өкіметінің басты мақсаты өз саясатының патшалық Ресейдің отарлау саясатынан мүлде басқаша екендігін көрсету еді. Осыған байланысты мұрағат құжаттарының бірінде былай делінген: «Кеңес өкіметі барлық басмашылардың көзін жоюды мүлдем мақсат тұтпайды және олардың көбісі орыс патшалығының мұсылмандарды бір ғасыр бойы қанауының нәтижесінде басмашылар қатарына өткендігін түсінеді» [86].

Бастапқыда Мадамин бектің өкілдері көтерілісшілердің ешқашан өкіметке қарсы шықпағандығын, қазіргі жағдайда Кеңес өкіметі өкілдерінің «құрметке лайықты» адамдар екендігін көре отырып, күресті тоқтатуға дайын екендігін білдірді. Делегацияның келіссөздер барысындағы талаптарының ішінде көтерілісшілердің қаруын тапсырмау және толыққанды қожайын ретінде Мадамин бекке кеңес өкіметі билігі жүрмейтін жер бөліп беру талабы орын алды. Кеңес делегациясы бұл талапты орындаудан бас тартты. 5 наурызда келссөздердің жалғасы Мадамин бектің қатысуымен жалғасты. Түркістан соғыс шебі ТӘК уәкілдері Мадамин бекке оның отрядтары қызылдар жағына өткен жағдайда қару-жарақтарын тапсырмастан, жеке-дара әскери бірлік ретінде түркі бригадасының құрамына енетіндігі жөнінде ұсыныс жасады. Мадамин бек кеңес өкіметінің ұсыныстарын толығымен қабылдап, 1920 ж. наурыз айының ортасында өз жауынгерлерімен қызыл әскер жағына өтті. Қызылдар жағына өткен «басмашылар» тексерусіз әскери қызметке қабылданып отырды. Олардан жергілікті қызыл отрядтар құрылды. Кеңес өкіметі осы қызыл отрядтардың көмегімен «басмашылық» қозғалысын жоюды көздеген. Жоғарыда көрсетілген мұрағат материалы бойынша соғыс барысында тұтқынға түскен «басмашылар» белгілі бір уақытқа дейін Ферғанадан жер аударылып, олардың қорбашылары өлім жазасына кесіліп отырған. Осылайша Кеңес өкіметі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы лидерлерінің көзін жою арқылы қозғалысты ыдырату саясатын жүзеге асыруға тырысты. Бұл саясаттың іске асырылуында Кеңес өкіметінің жергілікті саяси бюролары елеулі рөл атқарды. Саяси бюролар тарапынан өз қарамағындағы бөлімдердің, әскери басқармалардың, мекемелердің барлық комиссарлар құрамын арнайы құрылған жергілікті губерниялық комитеттің бір мүшесі, губерниялық атқару комитеті мен саяси бөлімдердің өкілдерінен құралған аттестациялық комиссия арқылы олардың өз мақсаттарына жарамдылығы мен сәйкестігін тексеру ұйғарылды. Комиссияның міндетіне комиссарлармен және олардың қызметімен жеке-дара танысу жүктелді. Комиссия жұмысының нәтижесі жергілікті губерниялық комитеттер мен саяси бюролардың отырысында қарастырылып, бекітілуі және оның саяси бюролар тарапынан жүзеге асырылуы көзделді [87].

Осы арада кеңес әскері қарамағында «кеңестік басмашылар» уақыттан ұтып, дем жинап, қару-жарақтары мен оқ-дәрілерін қалпына келтіргеннен кейін полк командирі қызметтеріне тағайындалған өз қорбашыларының басшылығында қызыл әскер штабына бағынудан бас тартты. Кеңес қолбасшылығы оларды тиімді басқару мақсатымен Бірінші өзбек атты әскер

бригадасына біріктіргенімен еш нәтиже шығара алмады. «Басмашылар» өз бауырластарымен шайқасуды қаламады. Мадамин бектің кеңес өкіметі жағына өту туралы берген бұйрығын орындаудан жалғыз Көр Шермат бек ғана бас тартқан болатын.

Бұқарадағы төңкерісшіл оқиғалар Бұқара әміршісін Ферғана «басмашыларынан» көмек сұрауға мәжбүрледі. Ол Көр Шермат бекпен байланыс орнатып, оған қару-жарақ, оқ-дәрі жолдау арқылы қозғалысты өршітуге қолдау көрсетті. Ағылшындар да шетте қалған жоқ. Өздерінің Қашғардағы өкілі арқылы көмек көрсеткен ағылшындар «басмашылардың» қолымен Кеңес өкіметінің мақта өнеркәсібін талан-таражға ұшыратуды көздеді. Көр Шермат бек өзін «Ислам әскерлерінің бас қолбасшысы» деп жариялап, айналасындағы адамдардың санын арттыруға кірісті. Партизан соғысы қайтадан өрши бастады. Бұл партизан соғысымен сабақтаса отырып, «басмашылық» қозғалысын ыдыратуда төңкерісшіл оқиғалар да рөл ойнады. Бұл тұста төңкерісшіл оқиғалар мен «басмашылық» қозғалыстың орталығына айналған Бұқара Халық Кеңес Республикасы кеңестендірілу барысында қоғам «Жас бұқаралықтар», «Бұқара коммунистері», «Саид Әлім ханның жақтастары» деген үш саяси-әлеуметтік топқа бөлінді. Кеңес өкіметі Бұқара жерінде «Жас бұқаралықтар» мен «Бұқара коммунистеріне» сенім артып, Чарджоу, Кермене және Шахрисабз қалаларындағы билікті өздеріне қаратуға көмектесті. Бұл жағдайда «басмашылық» қозғалыс бір жағынан Кеңес өкіметіне, екінші жағынан ағылшын экспансиясына қарсы соғысуға мәжбүр болды [88]. Бұл соғыста кімнің жеңіп, кімнің жеңілуі жергілікті халықтың қай жақты қолдап-қолдамауына тікелей байланысты еді. Жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі өкілдерінің жіберген саяси қателіктері салдарынан большевиктер идеясы халық арасында қолдау таппады. Себебі, жәдит мектептерінің ашылуы, дәстүрлі сот орындарының жабылуы, вакуфтардың мал-мүлкінің тәркіленуі, жекеменшік сауда-саттыққа тыйым салыну сияқты іс-шаралар халық тарапынан Исламға және діни қарым-қатынастарға қарсы жасалған қастандық ретінде қабылданды. Жергілікті халықтың экономикалық, саяси және әлеуметтік қатынастарын қанағаттандыратын базарлардың жабылуы тек саудагерлерге ғана емес, бүкіл қоғамның өміріне үлкен зиянын тигізді.

Әсіресе, «салғырт» бұқара халықтың үлкен наразылығын туғызды. «Басмашы» шабуылдарынан қауіптенген кеңестік отрядтардың азық-түлікті жергілікті халықтан асығыстықпен тартып алуы халықтың кеңес әскерлерін емес, «басмашыларды» қолдауына септігін тигізді. Бұған қоса, халықты азық-түлік құнын еңбекпен өтеуге және жалпыға бірдей әскер қатарына жазылуға міндеттеу шешуші рөл атқарды. Кеңес өкіметі өз мақсаттарына қол жеткізу үшін жергілікті жағдаяттарды есепке алмай әрекет жасады. 1920 ж. ортасында кеңес өкіметі ешбір дайындықсыз, жергілікті халықтың тілін меңгерместен ер азаматтарды қызыл әскер қатарына шақырды. 1916 жылғы оқиғаларды жадында сақтаған халық лек-легімен «басмашылар» қатарына өте бастады. Дәстүрлі сот орындарының жабылуына, вакуфтардың мал-мүлкінің талан-таражға

салынуына наразы болған байлар мен дінбасылары халықты кеңес өкіметіне қарсы шығуға үгіттеуін арттыра түсті.

Халықтың «басмашылар» қатарына қосылуының басты алғышарттарының қатарына Мадамин бек жасақтарының кеңес өкіметі туын желбіретіп, жергілікті халықты тонауын жатқызуға боладық. «Кеңес басмашыларының» саяси таңдауы да бір қалыпты болған жоқ. Оқиғалардың өрбуіне қарай олар кез келген сылтауды негізге алып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы жағына өтуге жақын тұрды.

1920 ж. 14 мамырда Кеңес өкіметі Көр Шермат бекті өз жағына тарту мақсатымен Мадамин бекті Исфайрам-Сай өзені алқабына жіберді. Келіссөздер бастауға қарсы емес сыңай танытқан Көр Шермат бек Үш Қорған маңында қызыл әскер бірліктеріне шабуыл жасап, Мадамин бекті қолға түсіріп, оны Қал Қожаға тапсырды. Қал Қожа Мадамин бекті өлтірді. Мадамин бектің із-түссіз жоқ болып кетуі бастапқы кезде кеңес өкіметінің «кеңес басмашыларына» деген сенімсіздігін оятты. Кеңес әскері басшылары бұрынға «басмашылардан» құралған полктерді қарусыздандыру туралы бұйрық шығарды. Бұның нәтижесінде бүлік шығып, өзбек полктері қайтадан кеңес өкіметіне қарсы бағытталған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қосылды. Сөйтіп, 1920 ж. қыркүйек айында бір жыл бұрынға жағдайдың қайтадан өз қалпына келуімен қатар «басмашылардың» саны күрт өсіп, олардың белсенділігі арта түсті.

Кеңес өкіметі қаруын тапсырған «басмашыларға» қатысты жүргізген жұмсақ саясаты салдарынан опық жеді. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының экономикалық және саяси алғышарттарын жоя алмады. Сол себептен, қозғалыстың келесі, үшінші сатысында жаңа саясат қолданды.

Кеңес әскерінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күресінің үшінші сатысы 1920 ж. қыркүйек және 1921 ж. қыркүйек айлары аралығын қамтыды. Бұл кезеңде Кеңес өкіметі «басмашыларға» қарсы нақты іс-шаралар қолданып, олардың бірлігін ыдырату және жергілікті халықты өз жағына тарту бағытын ұстанды. Кеңес өкіметі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының экономикалық, ұлттық және басқа да себептерін терең түсінбеуіне байланысты қозғалысты қарудың күшімен басуға болатындығына сенді.

Көр Шермат бектің өзін «Ислам әскерлерінің бас қолбасшысы» деп жариялаған тұста Ферғанадағы қызыл әскер қиын жағдайда еді. Азық-түлікпен қамтамасыз ету және саяси үгіт-насихат жүргізу жұмысытары әлсіз, қызыл әскер бірліктері «басмашы» шабуылдарына жиі ұшырап отырған кішігірім гарнизондарға бөлінген жағдайда еді. 1921 ж. көктем айларында «басмашылар» қызыл әскердің бұндай жағдайын есепке ала отырып, өз іс-қимылдарының ауқымын кеңейте түсті. Көр Шермат құрылымдық жағынан бүкіл «басмашы» отрядтарын өз қолының астына біріктіруге тырысты. Сәуір-мамыр айлары аралығында оның бұйрығы бойынша көптеген жерлерде темір жолдар бұзылып, мақта зауыттарының барлығы дерлік өртелді.

Қызыл әскер күрес тактикасын өзгертудің қажеттілігін түсініп, үлкен соғыс операцияларын жүргізу әдісіне көшті. Әрбір қорбашының көзін жою мақсатымен оларға қарсы жеке жорық ұйымдастыру көзделді. Алайда, қызыл

әскердің бұл жоспары оң нәтиже бермеді. Себебі, бұл күресте «басмашылардың» басымдылығы үлкен еді. Қыстақтардың тәртіпсіз орналасқан көшелері, «басмашылардың» жергілікті жағдаймен жақсы таныс болуы, агенттік барлау жүйесінің жақсы қызметі, жергілікті халықтың «басмашыларға» болысуы «басмашылардың» қызыл әскер жоспарлары туралы тез арада ақпарат алуына және әскери шабуылдардан оңайлықпен бұлтаруына мүмкіндік беріп отырды. Шайқастарда жеңіліске ұшырап қалған жағдайда «басмашылар» қыстақтарға бытырап, жергілікті тұрғындардың арасында жасырынатын. Оларды халықтың арасынан танып-анықтау қиын істердің бірі еді. Бұл істі оңайлату мақсатымен Кеңес өкіметі «басмашыларды» анықтау жолында Ферғана облысының әрбір ауданынынан агенттік ақпараттар жинауға кірісті. Әрбір агенттік ақпарат «басмашылар» туралы толыққанды мәлімет беріп отырды. Агенттік ақпараттар бойынша 1921 ж. маусым айында Қоқан, Ош, Әндіжан және Марғұлан аудандарында «басмашылардың» сандық жағынан артуы байқалады. Мысалы, 1921 ж. 4-5 маусымдағы Наманған ауданына қатысты № 62 агенттік ақпаратта төмендегідей мәліметтер берілген: «Қорбашы Ислам Палван өзіне бағынышты Жорабай, Чильмат, Құдайқұл қорбашылармен және жалпы саны 200 жігіттен тұратын «тобырмен» бірге Пангаз елді-мекенінде (Ашабадан батысқа қарай 16 верст), Мараим супи қорбашы өзінің 26 жігітімен бірге Қамыс-қорған елді-мекенінде (Ашабадан оңтүстікке қарай 17 верст) орналасқан. Маманжан қорбашының 50 жігіттен құралған «тобырымен» бірге Қорғанша елді-мекенінде (Балықшыдан оңтүстік-шығысқа қарай 5 верст) орналасқандығы расталды. Маманжан қорбашының қарамағында 3 ат пен 15 адам көтере алатын 5 қайық бар. Ол қайықтардың үшеуі Қорғанша елді-мекенінде, екеуі Чуджа елді-мекенінде (Балықшыдан шығысқа қарай 3 верст) орналасқан. Көпірдің жартылай қирағандығына байланысты Қорғанша-Балықшы өткелінен тек жаяу әскелер ғана өте алады» [89]. Мұрағат материалдарының ішінде бұндай агенттік ақпараттар көптеп кездеседі. Бұл ақпараттар большевиктердің «басмашылар» саны мен олардың орналасқан жерлерін анықтауымен емес, керісінше жиналған ақпараттарға қорытынды жасай отырып, «басмашылық» қозғалысын ыдыратудың жолдарын іздестіруімен құнды деген тұжырым жасау қажет. Себебі, большевиктер ол ақпараттарды мұқияттылықпен қарастырып, өздеріне тән қорытынды жасаған. Атап айтқанда, 1921 ж. 15 тамызда төрт аудан бойынша жасалған агенттік ақпараттардың шынайылығын анықтауда большевиктер Әндіжан және Ош аудандарына қатысты ақпараттарға сенімсіздік танытып, Ферғана, Наманған, Ходжент аудандарындағы көтерілісшілер туралы ақпараттарды қайта тексергендігі анықталып отыр. Болшевиктер бұл агенттік ақпараттар толығымен шындыққа сәйкес болған жағдайда ғана нақты іс-шараларды жүзеге асырған. Бұдан Әндіжан және Ош аудандарындағы «басмашылық» отрядтарының бірігу үдерісі байқалады. Оның дәлелі Исраил қорбашының Мамайшора елді-мекеніне жылжу барысында оған қосылған Райым Палван, Исақ, Исмаил Мұғай, Ахмет Палван және Йулчи әскери бірліктерінің саны 2000-ға дейін жеткендігі болып табылады. Оған Яр Қызылақ елді-мекенінен

1000 жігіттен құралған Муилин әскері қосылып, большевиктерге қарсы соғысуын да қосымша айтуға болады [90]. Сол кездің тарихи өлшемдері бойынша мұншама әскердің саны соғыстың жойқын күші болып табылатындығы анық. Бұған қарамастан, кеңестік агенттік ақпараттарда, тіпті кеңестік тарихнамада да, ұлт-азаттық қозғалыстың күрескерлерін «тобыр» немесе «қарақшылар» ұғымдарымен белгілеу арқылы большевиктердің қозғалыс мәнін жоюға тырысқандығы байқалады. Ош және Әндіжан «басмашыларының» бірігу үдерісі Кеңес өкіметін кері қадамдар жасауға мәжбүрледі. 1921 ж. тамыз-қыркүйек айларында кеңес өкіметі «басмашылармен» келіссөздерге барды. Бұл келіссөздер өзінің біршама нәтижесін берді. «Басмашылық» қозғалысының 1922 жылғы кезеңі тікелей Энвер пашаның атымен байланысты өткен. Ал оның қатысуымен өткен Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихы жұмыстың үшінші тарауында жан-жақты қарастырылады.

### 2.3 Түрікшілдік пен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының байланыстырылуы

Патшалық Ресей тарапынан Түркістан халқын тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізілуіне қарамастан отралық әкімшілік пен кеңес өкіметі Түркістан халқына тұтас атау бере алмаған. Ал, оларды «түркістандықтар» деп атаудан үрейленген. «Басмашылық» қозғалысының этникалық құрамын белгілегенде олар «қара-қырғыз», «түркілер», «қыпшақтар», т.б. атауларды пайдаланған [91]. Бұл атауларды пайдалану барысында большевиктердің қай халықты ұғынғандығын анықтау терең зерттеулерді қажет етеді. Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс Кеңес өкіметінің өктемдігіне деген қарсылықтан емес, «түркістандықтардың» ұлттық мемлекеттілігіне негізделген сана-сезімнен туындағанын бүгінде зерттелген ғылыми еңбектерден аңғаруға болады. Ал 1921-1922 жж. Түркістан халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихын XIX ғ. соңында басталған «түрікшілдікпен» байланыстыруға толық негіз бар. Сол себепті бұл бөлім Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихы «түрікшілдікпен» байланыстырылып, оның түп тамырын зерттеуге арналған.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының негізгі идеологиялық қозғаушы күші «түрікшілдік» болғанын мұрағат қалдырылған және бүгінде жасалған ғылыми еңбектерден көруге болады. М.Шоқай 1930 ж. түрікшілдік туралы «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз. Мәскеудің «азабынан» құтылып, ұлт азаттығымызға тезірек қол жеткізетін бірден-бір дұрыс жол – түрікшілдік жолы», – деп жазған [92, 291 б.]. Мұндағы «түрікшілдік жолы» ұғымының құрамы мен аясы қазіргі заман сөздіктерінде «пантюркизм», «түркі халықтарын біріктіруді насихаттайтын идеология», «XX ғасырдың басында кең тараған, туыстық және ұлттық құндылықтарды алдыңғы қатарға қойып күшейтуді мақсат тұтқан ағым» деп көрсетілген. Түрікшілдіктің тарихын терең зерттеген Я.М. Ландау «Түрікшілдік – ирреденттік идеология, қозғалыс болып

табылады» деп, «ирредентизм – бір мемлекеттің ішінде өмір сүріп жатқан халықтың басқа мемлекет құрамында өз болмысын сақтай білген қандастарының аман-есендігіне аса ерекше жанкүйерлікпен, жанашырлықпен қарауын білдіретін ұйымдасушылық немесе идеологиялық термин», – деген [93, 9 б., 13 б.].

Мәдениет саласында жүзеге асырылуы көзделген «түрікшілдіктің» негізгі мақсаты саясат саласында жүзеге асырылуы көзделген «түрікшілдік» болуына байланысты Я.М. Ландаудың анықтамаларының негізінде М.Шоқайдың айтқан «түрікшілдік жолын» «түрікшілдік» деп атап, оны өз кезегінде «мәдени түрікшілдік» және «саяси түрікшілдік» деп екіге бөліп қарастыруға болады. Осының негізінде бөліп қарастырудың қажеттілігі Энвер пашаның идеологиялық ұстанымының мәдени емес, керісінше саяси жағының басымдырақ болғандығынан туындап отыр.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында түркі халықтарының үлкен бөлігі патшалық Ресейдің құрамында өмір сүрді. Жаңа туындаған ұлттық сана-сезімге көңілі ауған, барлығы дерлік мұсылман болып табылатын ресейлік түркі халықтарының бір топ зиялы өкілі «түрікшілдіктің» негізін қалады. Я.М. Ландау Патшалық Ресейдің құрамындағы түркі халықтарында түрікшілдіктің пайда болуын XIX ғасырдағы патша өкіметінің түркі халықтарын шоқындыру мен орыстандыру мақсатымен жүргізген саясатына қатысты наразылықтың нәтижесі деп қарастырған [93, 17-19 б.]. Немістерге қарсы бағытталып дамыған славяншылдық (панславизм) ағымының да түрікшілдіктің дамуына әсері үлкен болды. Ресейлік түркі халықтарының бір-бірінен географиялық жағынан жырақта орналасуы олардың тілдерінің бір-бірінен өзгешеленіп, өздеріне ғана тән ерекшеліктерге ие болып дамуына, ал оқу-жазу білетіндерінің саны аз болуы ұлттық сана-сезімнің тармақалып өрбуіне жол ашты. Түркі халықтарының зиялы қауымы саяси бірлікке қол жеткізу үшін мәдени байланыстарды нығайту мен сол мәдени байланыстардың алғышарты болып табылатын барлық түркі халықтарына ортақ бола алатын бір тілді қалыптастырудың жолдарын қарастыра бастады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы түркі халықтарының зиялы қауымы тарапынан жүргізілген халық ағартушылық қозғалысты қамтиды [93, 19-20 б.].

Я.М. Ландау ресейлік түркі халықтарының зиялы қауымы өзінің ағартушылық және түрікшілдік саясатын мұсылмандықпен бүркемелеп жүзеге асырғандығын айтып, мұның дәлелі ретінде «Тәржіман және басқа да газеттер түрікшілдікті ислам пропагандасымен бүркемелеуде», – деген Ресейдің құпия күзет полициясының рапортындағы баяндаманы және А.У. Фишер мен А. Ашердің «1905 ж. 15-28 тамызда Нижний Новгородта өткен түрікшілдердің құрылтайы ресми орындарға «мұсылмандар құрылтайы» деп танытылды», – деген пікірлерін ұсынған [93, 22-23 б.]. Ресейлік түркі халықтарының зиялы қауым өкілдері 1906 ж. «Ресей Мұсылмандарының Бірлігі» партиясын құрып, Орынборда «Вақит», Бакуда «Сада» басылымдарын жариялады. Ресей цензурасының қызметкерлері бастапқы кезде түркі тілдерін жақсы түсінбеуіне байланысты газет-журнал беттеріндегі түрікшіл ойлардың жарық көруіне

тосқауыл бола алмағанымен бірнеше жылдан кейін түркі тілдерін меңгеріп, түрікшіл мақалалардың авторларын қудалай бастады. Қудалауға ұшыраған ресейлік түркі зиялыларының бір бөлігі Осман империясына қоныс аударып, түрікшіл дүниетанымның Анадолыда да дамуына үлесін қосты. Осыған қарамастан Ресейдегі «түрікшіл ұлтшылдық» орыс цензурасы мен қудалауына қарамастан өзінің өміршеңдігін дәлелдеп берді. Бастапқы кезеңде Ресейдегі түрікшілдік ағымының көшбасшылығын татар зиялылары атқарған болса, бұл рөл сатылы түрде қазақ либерал зиялыларының қолына өтті. «Түрікшіл ұлтшылдық» ағымының етек жая бастауынан үрейленген орыс өкіметі түркі халықтарының өзара байланыстарына шектеулер қоя бастады. Мұның нәтижесінде түркі зиялыларының ұлттық сана-сезім мәселесін ортақ тұрғыдан қарастыру мүмкіндігі жойылды. Олар көптеген тұстары бір-бірімен үйлеспейтін «түрікшілдікке», «отансүйгіштікке», «исламшылдыққа» негізделген көзқарастарын 1917 жылға дейінгі Ресейде орын алған идеологиялармен ұштастыру мақсатымен өзара түрлі саяси топтарға бөлініп, өз саяси ағымдарын жеке-дара өрбітуге кірісті [93, 24-25 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Ресейдің түрікшіл зиялыларының бойында «ұлт» болып қалыптасудың үміт отын жақты. 1916 ж. А. Ибрахим, А. Хусеинзаде, Ю. Ақшора, А. Ахметоғлу АҚШ президенті В. Вильсонға Ресей өкіметінің түркі халықтарына діни, әлеуметтік және экономикалық қысым көрсетіп жатқандығы туралы хат жолдады. Я.М. Ландаудың айтуынша зерттеушілердің барлығы дерлік «1916 жылғы Орта Азия көтерілісінің басты себебі түрікшіл сезімдер болды» деп біледі [94, 27-28 б.]. 1917 ж. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде Ресейдің түрікшіл зиялылары үшін көптеген таңдау мүмкіндіктері туындап, олардың қажыр-қайраты Ресей империясының «тәуелсіз мемлекет» немесе федеративтік Ресей құрамында «мәдени автономия» не болмаса орталықтанған Ресей құрамында «аумақтық автономия» құру туралы мәселелерді шешуге жұмсалды. Түрікшіл зиялылар 1917 ж. 15-17 наурызда Петроградта Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросын құрып, 1-11 мамырда Мәскеуде Ресей мұсылмандарының құрылтайын ұйымдастырды. Құрылтай делегаттары әлеуметтік реформа, дін, әйел теңдігі мәселелеріне байланысты ортақ пікірге келу қиыншылықтарына тап болса да, білім беру саласына байланысты ортақ шешім қабылдады. Бастауыш білімді жергілікті түркі халқының ана тілінде, кейінгі білімді түркі халықтарының ортақ ұлттық болмысына қол жеткізу мақсатымен түркі тілдерінің оғыз тобына кіретін түрік тілінің Ыстамбул диалектісінде беруді қолдаған еді [93, 27-29 б.].

Мәскеу құрылтайы саяси шешім шығаруда делегаттардың «федеративті», «унитарлы» және т.б. фракцияларға бөлінуінің салдарынан тығырыққа тіреліп, саяси мәселелерді шешу үшін арнайы «Ұлттық Комитет» құрды. Алайда, «Қырғыз, башқұрт, әзірбайжан делегаттарының федеративтік жол таңдауы жергілікті отансүйгіштікке негізделген қате түсініктердің орын алуына әкеп соқты», – деп жазады Я.М. Ландау [93, 27-29 б.]. Ресейдің түрікшіл зиялыларының ортақ саяси бағдарлама түзе алмауы аз уақыттан кейін «Ұлттық Комитеттің» маңызын жойды. 1917 ж. шілдеде Қазан қаласында түрікшіл

зиялылар тағы бір жиналыс өткізіп, орталық үкіметпен келешек қарым-қатынас пен автономияның болашақ тағдыры туралы мәселелерді талқылады. Қоғамның әлеуметтік құрылымы діни және зайырлы болып екіге бөлінуі, таптық қарама-қайшылықтар қоғамдағы түрлі ой-пікірлердің орын алуына себеп болды. Бұл өз кезегінде түрікшіл зиялылардың жиналыстарының ғана емес, алдағы оқиғалардың өрбуінің де бағытын өзгертуіне септігін тигізді. Географиялық жағынан бір-бірінен ұзақта орналасқан түркі халықтарының түрлі идеологиялар мен мақсаттар таңдауы түрікшіл зиялылардың бірлікке қол жеткізу жоспарларының ғана емес, сонымен қатар жергілікті ұлттық сана-сезімді қалыптастыру амалдарының да жоққа шығуының негізін қалады [93, 29 б.].

Ресей империясының құрамындағы түркі халықтары коммунизмге де байланысты түрлі көзқарас ұстанды. Алғашында патшалық Ресейдің большевизмнен жеңілуін қуанышпен қарсы алған түркі халықтары, әсіресе қазандықтар мен түркістандықтар, қазан төңкерісін Осман империясының жеңісі және «тәуелсіздік пен бірлікке жетуіміздің» жолы деп бағалады [93, 29 б.]. Қазан төңкерісінен кейін татарлар мен башқұрттар айрықша автономия құру мақсатымен көтеріліс ұйымдастырды. Әзірбайжандар Осман империясының көмегімен тәуелсіздікке жету жоспарларын құра бастады. Қазақтар да осы бағытта іс-әрекетке көшті. Жергілікті билеуші тап өкілдеріне наразы болған Түркістан, Бұқара мен Хиуаның түркі халықтары болса патшалық Ресей өкіметіне қарсы тұрды. Бұл қозғалысқа қатысушылар толығымен дерлік түрікшілдікті мақсат тұтты деу қиын. Тек М.Шоқай мен оның пікірін және түрікшілдікті қолдайтын ұлтшыл зиялы қауымның өкілдері 1917 ж. Түркістан автономиясын құру арқылы саяси түрікшілдіктің мақсатына қол жеткізуді көздеген. Қоқан автономиялық үкіметі 1918 ж. ақпанда большевиктер тарапынан жойылды. Я.М. Ландаудың пайымдауынша түркілердің Ресей империясы мен Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттеріне Осман империясының қатысы болғандығы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін белгілі болды [93, 29-30 б.].

Кеңес өкіметіне қарсы күштердің жеңіліске ұшырауы қызыл әскердің үстемдігінің нәтижесі ғана емес, сол кезде қалыптасқан саяси жағдайдың салдары еді. Әрбір түркі халқы өзіне ғана тән ерекше жағдайдың ішінде өмір сүруінің нәтижесінде көзқарасы жағынан басқа түркі халқының көсемдерімен үйлеспейтін көсемдерге ие болды. Сондықтан, саяси партияларын төңкерістің алдында ғана құрған түркі халықтарының көсемдері В.И. Лениннің тәжірибелі төңкерісшіл кадрларымен күш сынасауға қауқарсыз жағдайда еді. Мұны өз мақсатында пайдаланған большевиктер түркі халықтарын бір-біріне қарсы шеберлікпен айдап салып, оларды этно-мәдени айырмашылықтарына қарай бір-бірінен бөлек автономиялық аумақтарға бөлуді жүзеге асырды. Большевиктердің саясаты «түрікшілдік» пен «исламшылдықтың» дамуына үлкен кедергілер жаратқанымен, 1920 жылдың басында «түрікшілдік» «исламшылдықпен» үйлесіп, саяси қозғалысқа айналды. Оны төмендегі классификация бойынша қарастыруға болады:

- Басмашылар қозғалысы (Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қарулы көтерілісі);

- Татар зиялысы М. Сұлтан-Ғалиевтің бүкіл түркі халықтарының бірлігін қамтамасыз ете алатын тәуелсіз Тұран Республикасын құру туралы бастапқы кезеңде коммунистік партияның ішінде, кейінірек одан тыс кең тараған ойлары;

- Қазақ зиялысы Т. Рысқұловтың Тұран Республикасының орталық билігін иемденуді көздеп, құпия партия құруы;

- 1922 ж. большевиктерге қарсы бағытталған мұсылман ұйымдарының құрылтайында «тәуелсіз Түркістан Түрік Республикасы» деген атаумен уақытша үкіметтің құрылуы;

- Большевиктердің қазақ және басқа да түркі әліпбилеріне ресми өзгерістер енгізу саясатына қарсы қозғалыс.

Бұл негізгі оқиғалар «түрікшілдік» пен «исламшылдық» ағымдарының өзара үйлесімінің көрінісі еді [93, 30-31 б.]. Аталған қозғалыстың алдын алу үшін Кеңес өкіметі брошюралар мен мақалалар жариялау арқылы қарқынды үгіт-насихат жүргізуге кірісті. «Түрікшілдік» пен «исламшылдық» идеяларын насихаттайтын түркі тілдес басылымдар ресми кеңестік идяларды уағыздайтын түркі тілдес басылымдармен алмастырылды. Энвер пашаның Бұқара қаласына келуі қарсаңында оның идеологиялық және саяси платформасы болып табылатын «түрікшілдік» пен «исламшылдық» 1921 ж. КОКП-ның X құрылтайы тарапынан буржуазиялық демократия бағытындағы ұлтшылдыққа жетелейтін «жолдан таюшылық» деп айыпталып, олардың кеңестік саясатпен үйлеспейтіндігі жарияланды [93, 31 б.].

Ортағасыр дәуірінде Азия құрлығының Түркістан тарихи-географиялық аумағынан батысқа қарай көшкен түркі тайпалары жаугершіліктің нәтижесінде Осман империясын құрды. 1071 жылдан бастап 1595 жылға дейін жер көлемін 19.902.191 $км^2$-ге дейін ұлғайтқан Осман империясының 1683 жылғы Вена қаласы түбіндегі жеңілісі Еуропаның үдемелі дамуына мүмкіндік жаратты. 1700 ж. жер көлемі ұлғайып, ғасырлар өткен сайын тарылған Осман империясы басынан «тоқырау» (1683-1768), «құлдырау» (1768-1826), «жаңару мен қайта құру» (1826-1876) кезеңдерін өткеріп, 1876 ж. осман тағына отырған II Абдулхамид патшаның билік құрған кезеңіне аяқ басады [94]. 1876 ж. конституциялық монархияны жариялағанымен конституцияны ел өмірінде қолданбаған, 1878 ж. парламентті таратқанымен конституцияны жойғандығын жарияламаған II Абдулхамидтің 30 жылдық шексіз билігі тұсында Англияның Мысырды жаулап алуы, армяндар көтерілісі, түрік-грек соғысы, Македония бүлігі, II Абдулхамидке қарсы қастандық, жас түріктер төңкерісі мен конституциялық монархияның екінші рет жариялануы, Болгарияның тәуелсіздік жариялауы мен Босния-Герцеговинаның Осман империясының құрамынан шығуы, парламенттің өз жұмысына қайта кірісуі мен 1909 ж. болып өткен «31 наурыз» оқиғасы орын алды [94, 550-630 б.]. II Абдулхамидтің билік басына келерінің алдында Еуропаның қақ ортасында немістердің бірігуі нәтижесінде өз сыбағасына дәмелі алпауыт Германияның құрылуы Еуропа саяси элитасының берекесін қашырған болса, патшалық Ресейдің панславизм

идеясы нәтижесінде Осман империясының құрамындағы Герцеговина христиан халқының осман үстемдігіне қарсы көтерілісі мен тәуелсіздікті көксеген бұлгар халқының ұлт-азаттық қозғалысы, орыс генералы М.Г. Черняевтың басшылығымен сербтердің черногориялықтармен одақтасып, османдарға қарсы көтеріліске шығуы Балқан дағдарысына айналып, әлемде қалыптасқан саяси тепе-теңдікке қауіп төндірді. Балқан дағдарысын өз пайдасына шеше бастаған II Абдулхамидтің саясаты христиан славян халықтарының қамқоршысы болған Ресей империясын қобалжытып, оның Осман империясының ішкі саясатын халықаралық Ыстамбул конференциясында талқылау қажеттілігін алға тартуға итермеледі. II Абдулхамидтің тұсындағы Осман империясы айналасында өрбіген саяси оқиғалар Еуропа мемлекеттерінің «шығыс мәселесін» жүзеге асыру концепциясына негізделген еді.

1815 жылғы Вена конгресінен бастап Осман империясын «шығыс мәселесі» деп атай бастаған еуропалықтар «шығыс мәселесі» терминіне түрлі тарихи, саяси ұғымдар теліген еді. Р. Учаролдың айтуынша «шығыс мәселесі» терминінің мынадай тарихи ұғымдары болған: Осман империясының тұтастығын сақтау (XIX ғасырдың басында); Осман империясын бөліске салу (XIX ғасырдың екінші жартысында); Осман империясының ішкі және сыртқы саясатында орын алған дағдарыстар; Түріктердің Еуропа жеріне аяқ басып, Жерорта теңізі жағалауын айналдыра Еуропа, Азия мен Африка жерлерінде империя құруы, яғни 1453 ж. Константинополь қаласын жаулап алуы; Крест жорықтары; Ислам дінінің пайда болуы; Ислам дінінің Еуропа мен Азияда құлдырап, жеңіле бастауы. Ал, саяси термин ретінде «шығыс мәселесі» ұғымы Осман империясын әлсіретіп, түркілерді Еуропа мен Кіші Азиядан толығымен қуып шығу пікіріне негізделді [94,48-49 б.]. Англия, Франция, Ресей, Австрия, Германия мен Италия өкілдерінің қатысуымен өткен 1876 ж. 23 желтоқсан мен 1877 ж. 20 қаңтар айлары арасында Ыстамбул коференциясында діттеген мақсатына жете алмаған Ресей империясы дипломатиялық жолдар арқылы өзінің қауіпсіздігі мен османдықтардың одақтассыз қалуын қамтамасыз етіп, 1877-1878 жж. орын алған орыс-түрік соғысының нәтижесінде Осман империясын Сан-Стефано келісім шартындағы талаптарды қабылдауға мәжбүрледі [94, 323-338 б.]. Алайда, бұл келісім шартқа Англия мен Австро-Венгрияның қарсы шығуына байланысты Германияның басшылығымен өткен 1878 жылғы халықаралық Берлин конгресінде Сан-Стефано келісім шартына енгізілген төмендегі өзгерістер жүзеге асырылды:

- Болгария тәуелсіздігін алды (Шығыс Румелия автономия түрінде Осман империясының құрамында қалды);
- Босния мен Герцеговинаны Австро-Венгрия оккупациялады;
- Герция өзіне Фессалияны қосып алса, Сербия корольдыққа айналды;
- Ресей Карс, Батуми, Ардахан аудандарын иеленді;
- Румыния Бессарабиядан айырылуының есесі ретінде Добруджаны алды;
- Англия стратегиялық жағынан өте маңызды болып табылатын Кипр аралын иемденді [95]. Осылайша Осман империясының аталмыш жерлерін

бөліске салған 1878 жылғы Берлин конгресі «шығыс мәселесінің» іс жүзінде жүзеге асуы мүмкін екендігін дәлелдеп берді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Осман империясының зиялы қауымы ұлттық сана-сезім қалыптастыру жолында ізденістерге кірісті. Бұл осман әдебиетінің проза және поэзия жанрларында орын алды. Елдің ресми саяси идеологиясы II Абдулхамид патша тарапынан қолдау тапқан «исламшылдық» болатын. Сондықтан, «түрік» аталымы көп жағдайда мазақ сөз ретінде бағаланды. Дегенмен, осман зиялы қауым өкілдері мемлекеттің ресми саясатын мақұлдағанымен заман талабына сай болу үшін батыс мәдениетіне еліктейтін «османшылдар» және өз болмысын жоғалтып алмау үшін түркі мәдениетінің асқақтауын қажетсінген «түрікшілдер» деп өзара екіге бөлінді. «Исламшылдық», «османшылдық» пен «түрікшілдіктің» маңызы мен саяси пайдасы «Түрк Юрду», «Ичтихад», «Меджмуа-ы Эбуззия», «Тұран» сынды басылым беттерінде талқыға салынды. Бастапқы кезеңде «түрікшілдік» (кейініректе «түрік» және «түрікшіл») ұғымы османдық түркі халықтарына ғана тән құбылыс деп қарастырылып, ресейлік түркі халықтарының «түрікшілдігінен» айрықша бағаланды [94, 47-48 б.].

«Батыс либерализмі», «орыс романтизмі» мен «османдықтардың батысқа еліктеу қозғалысынан» әсер алған ресейлік түркі халықтарының зиялы қауым өкілдері XIX ғасырдың ортасынан бастап, әуелі мәдени түрікшілдікті, кейін панславизмге төтеп беру үшін саяси түрікшілдікті дамытқан, османдық түркі халықтарының зиялы қауым өкілдері «түрікшілдік» сана-сезіміне осман тілін бөтен тілдердің жағымсыз ықпалынан құтқарып қалу үшін 1851 ж. жүргізілген тіл реформасының нәтижесінде жанасты. Ю. Сарынай османдық түркі халқтарының арасында түрікшілдіктің туындап-дамуына төмендегі жеті фактор түрткі болғанын тілге тиек етеді. Олар: османдықтардың саяси жағдайы мен жерінен айырылуы (XIX ғ.); түркілердің басқа ұлттармен интеграциялануы; конфессиялық қарама-қайшылықтардың туындауы; мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуы; батыс түркологтарының ғылыми зерттеулері; Ресей империясындағы түрікшілдіктің ықпалы; исламшыл қозғалыс пен баспасөз беттері [6].

XIX ғасырдың аяғында еуропалықтардың түркі халықтарын ден қойып зерттеуі осман зиялы қауым өкілдерінің өз шығу-тегіне, тарихы, тілі мен әдебиетіне аса үлкен мән беруіне себеп болды. Бұл құбылыс олардың өз қандастарына, яғни ресейлік түркі халықтарының тағдырына қызығушылық танытуы мен Осман империясында мәдени түрікшілдікті қалыптастыру ізденістерінің негізін қалады. 1900 ж. М. Неджип «Ахенк» журналында «түрікшілдік сезімдері түркілерді біріктіреді», – деген пікірін қоғам назарына ұсынды [93, 49-50 б.]. «Камус-ы түрки» сөздігінің авторы Ш. Сами «түрік» сөзіне «түрлі кезеңдерде Азия құрлығының солтүстік-батысынан жаһангерлік, жаугершілік мақсатымен оңтүстік пен батысқа қарай тарап, тіпті Европаның оңтүстік-шығысына кіріп барған үлкен бір қауым болып табылады. Түрлі бөліктерге бөлініп, әуелі «ұйғыр» кейін «шағатай» мен «осман» әдеби тілдерін жаратқан», - деген анықтама берді [95, 399 б.]. Сөздіктің жарияланған күнінен

бастап осман зиялылары «ұлыс», «ұлт», «тек» ұғымдары мен «түрікшілдік», «дін» мәселелеріне байланысты үлкен пікір-таластар өрбітуге кірісті [93, 50 б.].

I дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ө. Сейфеттиннің түркі және араб халықтары бірігіп, Түркиядан Түркістанға дейінгі географиялық кеңістікте Тұран мемлекетін құруы қажет деген ойлары жарияланды. Алайда, араб зиялы қауым өкілдерінің араб халықтарының Осман империясынан бөлініп шығуы туралы саяси тезистері Ө. Сейфеттиннің бастапқы өз райынан қайтып, Тұранды тек түркі халықтары ғана құра алатындығы туралы пайымын өрбітуіне себеп болды [93, 51-52 б.]. Осман зиялы қауымының басқа бір өкілі, ақын М.Е. Юрдакул «Ей түрік оян» атты өлеңінде «Ей түрік тегі. Ей темір мен оттың ұлдары. Ей мың жұрттың құрушылары. Мың тәжді кигендер» десе, «Тегімнің әуені» атты өлеңінде «Біз оғыз текті түрікпіз», – деп жырлап, бірнеше өлеңін «Тұранның сүйікті әйелдеріне» арнап, бір өлеңін «Татар (түркі) бауырларыма», – деп бастады. Ал, осман жазушысы Х. Эдип 1912 ж. жарық көрген, бірнеше жылдан кейін неміс тіліне аударылған «Жаңа Тұран» атты романында бас кейіпкердің тілімен «Бүгін әлемде түркітектес 80-100 миллион адам бар. Жылдам дамып, шапшаң әрекет жасайтын түркілер осы қарқынмен қиыншылықтарға төтеп беріп, көбейеді. Халық рухынан туындайтын күш-қуаттың көмегімен мәңгілік ұлыс құру қажет», – деп жазды [93, 52-53 б.]. Әлбетте, мұндай үндеулер Триполитания, Балқан соғыстарында жеңіліс тапқан осман армиясының Энвер паша сынды офицерлерінің «түрікшілдік жолын» таңдауына себеп болды. Осман империясының саяси және әскери жағдайына объективті баға берген осман зиялылары Осман империясын жойылудан сақтап қалу және түркі халықтарының дүние жүзі саясатында үлкен ыпалға ие болуына қол жеткізу үшін саяси түрікшілдіктен басқа жолдың жоқ екендігін түсінді [93, 53-54 б.].

Осман түркі зиялыларының «османшылдық» пен «исламшылдықты» екінші дәрежеге ығыстырып, мәдени түрікшілдік пен саяси түрікшілдікті бірінші дәрежеге шығаруына Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталу қарсаңында Осман империясына көшіп келген ресейлік түркі халықтарының зиялы қауым өкілдерінің ықпалы зор болды. Ы. Гаспыралы, Ю. Ақшора, А. Хусейнзада, А. Ағаоғлу сынды ресейлік түркі зиялылары «Иттихат ве теракки партиясының» саяси түрікшілдікке қатысты жұмыстарына ат салысты. Осман қоғамында саяси түрікшілдікке қатысты түрлі көзқарастардың орын алуы оның ортақ концепциясын жарату қажеттілігін туындатқызып, саяси түрікшілдіктің стратегиясы мен тактикаларының жүйелендірілуін талап етті. Методологиялық тұрғыдан алғашқы болып саяси түрікшілдіктің концепциясын «Иттихат ве теракки партиясының» Орталық комитет мүшесі Зия Гөкальп түзді. «Тұран» атты өлеңінде «Түркілер үшін Отан – Түркия да емес, Түркістан да емес, Отан – байтақ әрі мәңгі бір өлке: Тұран деген белес» деп жазған З. Гөкальп «Түрікшілдіктің негіздері» атты еңбегінде түркі халықтарын үшке бөліп қарастырды: біріншісі, Түркия Республикасы (Түркияның түркі халықтары); екіншісі, Оғызстан (Әзірбайжан, Иран, Хорезм, Түркияның оғыздары);

үшіншісі, Ұлы Түркістан немес Тұран (оғыз, якут, қырғыз, өзбек, қыпшақ, татарлар сияқты түркітілдес халықтар).

З. Гөкальп Тұранның Мөде қаған, Шыңғыс хан мен Әмір Темір тұсында саяси тұтастыққа қол жеткізгендігіне сілтеме жасап, келешекте де Тұранның саяси тұтас бір мемлекет ретінде қайта жаңғыратындығын білдірді. Оның идеяларына жүгінген саяси түрікшілдіктің жақтастары 1908 жылғы жас түріктер төңкерісінен кейін Осман империясын жұмылдырып, саяси түрікшілдікті жүзеге асыру үшін қажетті алғышарттарды жаратудың амалдарына кірісті [93, 58-60 б.].

1908 ж. желтоқсанда Ыстамбул қаласында Н. Асым, Ю. Ақшора, В. Челеби, Р. Тевфик, Эмруллах Эфенди, Бурсалы Тахир, А. Мидхат, Ф. Рауф, А. Ферит сынды түркі зиялылары «Түрік Одағы» қоғамдық бірлестігін құрып, бірлестіктің жарғысында саясатқа араласпай, тек ғылыми ізденістермен ғана, яғни түркі халықтарының бүгіні мен өткенінің археологиясы, тарихы, тіл білімі, жазбасы, этнографиясы, этнологиясы, әлеуметтануы, өркениеті мен географиясын зерттеумен айналысатындықтарын білдірді. Оларға И. Гаспыралы, А. Ағаоғлу, А. Хүсейнзада, М.Э. Юрдакул, М.Ф. Көпрүлү, Ф. Сабит сынды түркі зиялылары да қосылды. «Түрк Дернеги Дергиси» атты журнал шығарған бұл одақ 1911-1912 жж. өз қызметін тоқтатқанымен 1911 ж. Швейцария, Франция мен Германиядағы түрік студенттері тарапынан құрылған «Түрік Жұрты» атты бірлестік, Ыстамбул қаласында М.Э. Юрдакул, Ю. Ақшора, А. Ағаоғлу, А. Хусейнзада, А. Мұхтар, З. Гөкальп сынды түркі зиялылары тарапынан «Түрік Жұрты Одағы» атты қоғамдық бірлестікке айналып, түркі мәдениетін дамытуды және ұлтшылдар мен түрікшілдерді біріктіруді мақсат тұтты. Түрік Жұрты одағының «Түрк Юрду» атты журналы Осман империясында түрікшілдердің негізгі баспа органына айналды. 1911 ж. құрылған «Түрік Ошақтары Одағы» атты қоғамдық бірлестік М.Э. Юрдакул, А. Ферит, А. Ағаоғлу, Ф. Сабит, Ю. Ақшора, М.А. Тевфик, З. Гөкальп, Х. Эдип сынды зиялылардың арқасында 1912 ж. күшейіп, клуб түріндегі өз филиалдарын ел ішінде көбейтуіне «Иттихат ве теракки партиясы» басшылары, әсіресе Энвер паша демеушілік жасады. 1913 ж. Эмруллах Эфенди, Н. Асым, Ю. Ақшора, А. Ағаоғлу, Ө. Сейфеттин, М.Ф. Көпрүлү сынды түркі зиялылары тарапынан құрылып, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында өз жұмысын тоқтатқан «Түрік Білім Одағы» атты қоғамдық бірлестік те «Иттихат ве теракки партиясы» мен мемлекеттің қолдауымен «Билиг Меджмуасы» атты журнал шығарды. Бұл түрікшіл қоғамдық бірлестіктермен қатар Энвер пашаның тікелей өзіне бағындырылған «Ізші Одағы» атты ұйым да ел жастарын әскери өмірге дайындау тәрбиесін күшейте түсті [93, 65 б.].

Ресей империясы мен Осман империясында бір-бірінен бөлек, айрықша жағдайда пайда болып дамыған мәдени түрікшілдік ағымдары Түркістан жерінде саяси түрікшілдік ағымы сипатында бір-бірімен тоғысты. Ресей империясындағы мәдени түрікшілдік ағымы Ресей құрамындағы түркі халықтарының мәдени болмысын сақтап қалуды мақсат тұтқан болса, Осман империясындағы мәдени түрікшілдік ағымы түркі халықтарының дүние жүзі

саясатындағы орнын жоғалтып алмау үшін күрес жүргізген болатын. Алайда, кеңестік Ресей өкіметінің түркі халықтарына автономия құру мүмкіндігін бермеуі мен Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшырауы жоғарыда аты аталған екі бірдей мәдени түрікшілдік ағымының ұмтылыстарын жоққа шығарған еді. Сондықтан, дүние жүзі түркі халықтарына мәдени болмысын дамыту мәселесі былай тұрсын, халық, ұлт ретінде сақталып қалу немесе қалмау мәселесі заманының күн тәртібіндегі өзекті мәселесіне айналды. XX ғасырдың басы «Тәуелсіз түркі мемлекеттерінің» өміршеңдігі дүние жүзі тарихында өз жалғасын тоқтатып, түркі халықтарының жоқ болып кету қаупі төнген заман еді. Бұл қатерді болдырмау үшін түркі халықтарының зиялы қауым өкілдері саяси түрікшілдік ағымының теориялық негіздерін сала бастады. Әлбетте, теория дегеніміз практикасыз қауқарсыз болатындығы баршаға мәлім бола тұрса да, саяси түрікшілдіктің теориялық негіздерін іс жүзінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысу арқылы Энвер паша жүзеге асырмақ болып, өлімінің нәтижесінде саяси түрікшілдіктің символына айналды деуге негіз бар.

# 3 ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ЭНВЕР ПАШАНЫҢ РӨЛІ

## 3.1 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына Энвер пашаның қатысуы

«Энвер паша түрікшіл де, исламшыл да болмаған, болуы да мүмкін емес еді», – деген тұжырым жасаған Н.Г. Хидоятова, өз пайымының дәлелі ретінде жоғары шенді осман офицерлерінің секуляризацияланған (дін ықпалынан арылған) білімге ие болғандықтарын алға тартты [20, 53 б.]. Энвер паша мен оның замандас жоғары шенді осман офицерлерінің Осман империясының негізгі принциптерін қабылдап, осы жолда басын өлімге тігуге дайын екендіктері туралы ант бергендіктерін ескергені жөн болар еді. В. Медведевтің «Энвер паша Түркияға еліктеген бүкіл Орта Азия бойынша әйгілі болатын. Бүгінгі таңда Ислам демократиясының үлгісі болып табылатын Түркия сол кезеңде – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы – Ислам монархиясының үлгісі еді. Алыстағы түрік сұлтандарының құдыреті мен киелілігі туралы қияли ой-пікірлердің кең тарауына байланысты Түркістан, Бұқара мен Хиуа тұрғындары осман патшасын «барша мұсылманның халифасы» деп қадір тұтты. Олар Осман империясын тәртіп пен әділдіктің қайнар көзі деп есептеді», – деген анықтамасы, Ш.С. Айдемирдің: «Энвер пашаның шығу-тегі түркі халықтарының гагауз (көк оғыз) ұлысынан бастау алады», – деген сөзі мен Й. Кастаньенің «Энвер пашаның дастанын түсіне білу үшін оның қоршаған ортасын жақсы білу қажет. Туғанынан түрік болуына байланысты ол өз аталарының шығу тегін ұмытпаған еді», – деген ойы Энвер пашаның әрі османшыл, әрі исламшыл, әрі түрікшіл болғандығын көрсетеді [96]. Осы орайда О. Эртекиннің «Энвер пашаның түрікшілдігі оның османшылдығы және исламшылдығымен бір деңгейде болған», – деген тұжырымы орынды [97]. Демек, бір адамның бойынан «мемлекетшіл», «діншіл» әрі «ұлтшыл» ұстанымдар үйлесім таба алатындығы ақиқат болса, мемлекетшіл әрі діншіл Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы барысында түрікшілдік жолында құрбан болуы оның түрікшіл де болғандығының дәлелі болып табылады.

Ресей империясы мен панславизмге қарсы бағыттаған саяси күресінде Ю. Ақшораның Осман империясында саяси түрікшілдіктің орталықтанып, күшеюіне үлкен үлес қосуының нәтижесінде мәдени және саяси түрікшілдік өзара үндестік тауып, түрікшілдік жолының сәтті аяқталатындығына қатысты көзқарастардың қалыптасуына жол ашты. Ресей өкіметінің саяси түрікшілдікке қарсы тұруы және түркі халықтарының түрікшілдік идеясының айналасына шоғырланып үлгере алмауына байланысты Ресей империясында саяси түрікшілдік түркі зиялыларының интеллектулды мәселесі ғана болып қала берді. Осман империясында болса, саяси түрікшілдік мемлекеттің негізгі үш саясаты «исламшылдық», «османшылдық» пен «түрікшілдіктің» бірі болуына байланысты күн өткен сайын өз маңызын арттыра түсті. Саяси түрікшілдіктің Энвер паша үшін дүниетанымдық концепция емес, аталмыш идеологиялардың

ішінде жол көрсетуші, бағыт-бағдар беруші концепция рөлін атқаруына байланысты ол батысқа еліктеу саясатын жалғастыра отырып, осман халқын ұлтқа айналдыру бағытын ұстанды. Осман патшасы II Абдулхамидтің «исламшыл саясаты» болымды нәтиже бермеуінің нәтижесінде «исламшылдықты» негізгі саясат ретінде қолдануды қаламаған Энвер паша елдің ішкі және сыртқы саясатында саяси бопса ретінде қолдануды көздеп, II Абдулхамидтің билігін әлсірету мақсатымен «османшылдықты» саясаттың алдыңғы қатарына шығарды. Османшылдық – Осман империясы халқының әрбір мүшесінің тең құқық пен міндеттерге ие отандас немесе азамат ретінде Отаны үшін жанын аямайтын тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз етуді көздейтін конституцияға негізделген идеология еді. Энвер паша «османшылдықты» жүзеге асыру жолында османдықтарды түркілердің айналасында орталықтандыруды жоспарлады [94, 69-70 б.].

Энвер пашаның түріктендіру саясатына Осман империясының түркі емес халықтарының бастапқыда үнсіз, кейінгі уақыттарда ашық түрде қарсы шығып, наразылық танытуы саяси түрікшілдіктің жүзеге асырылуының негізгі кедергісі болды. Османшылдық саясатының жүзеге аспауы Энвер пашаның бар күш-жігерін түрікшілдік идеологиясына жұмсауына жол ашып, «османшылдық» пен «исламшылдықтың» Энвер паша тарапынан тек саяси қажеттілік туындаған жағдайда ғана қолданылуын қамтамасыз етті. Энвер пашаның саясатта прагматикалық жол таңдағаны туралы Г. Лак «Энвер паша мен оның әріптестерінің бір уақытта ұстанған үш саясаты бар еді. Реті келгенде олардың ыңғайлысын қолданатын. Ең ыңғайлы саясат та осы еді. Ішкі саясатта османшылдық, Ресей түркілерімен қарым-қатынаста ұлтшылдық, басқа мұсылман халықтарымен қарым-қатынаста исламшылдық қолданылды», – деп жазады. Энвер пашаның осман халқының бір бөлігін өзіне жақындатып, басқа бір бөлігін алыстатып отырған мұндай көп векторлы саясатының салдарынан қарама-қайшылықтардың туындауы, оның «исламшылдық» пен «османшылдықтың» көмегімен Осман империясындағы этникалық ұлтшылдыққа негізделген халықтарды бақылау астында ұстай алмауы үш идеологияның ішінен «түрікшілдікті» дамыту қажеттілігін жаратты [94, 71-72 б.]. Түрікшілдікті өзінің басты саясатына айналдырып, дүние жүзі бойынша саяси түрікшілдікті жүзеге асыруды мақсат тұтқан Энвер паша 1910 ж. қараша айынан бастап ел ішінде түрік тілінің дамуына үлкен мән беріп, түркілердің арасында отансүйгіштікті дамыту, басқа ұлт өкілдерін ұлтсыздандырып түріктендіру үшін білім беру жүйесін толығымен түрік тіліне өткізу саясатына кірісті. Кавказ, Түркістан түркі халықтарының Осман империясына көшіп баруы үшін арнайы шақыру жариялап, жағдай жасады.

Энвер паша 1911 ж. қазан айынан бастап түрік тілін әлемдік тіл ретінде дамытып қалыптастыру, дүние жүзі бойынша, әсіресе, Ресей, Иран, Қытай, Үндістан, Болгария, Румыния, Босния мен Герцеговинада «Иттихат ве теракки партиясының» бөлімшелерін құру, ол жерлерде тыңшылар санын арттыру, мұсылман делегаттарының Ыстамбулда жылына бір рет бас қосуын қамтамасыз ету сияқты құпия жұмыстарға кірісті. 1913 ж. қазан айынан бастап түркі және

мұсылман халықтарының арасында «исламшылдықпен» бүркемеленген «түрікшілдік» саясатын мәдени әрі экономикалық жолдар арқылы жүзеге асыра бастады. Иран, Кавказ, Түркістан, Ауғанстан түркі халықтарын қару-жарақпен, әскери мамандармен қамтамасыз етудің құпия жоспарларына кірісті. 1914 ж. 19 мамырда Энвер пашаның немере ағасы Халил бей Осман империясы парламентінің президиумына сайлаудың қарсаңында «Шекарамыздың тысында азаттыққа жетуі қажет болған бауырларымыз, құтқарылуы қажет болған Отанның бір бөлігі бар екендігін баршаның есіне салуыңызды сұранамыз. Міне, жеңілістер мен пәлекеттерге соғатын қателіктерді қайталаудан сақтанудың жалғыз жолы осы», – деп жариялады. Дегенмен, бастапқы кезеңде саяси түрікшілдікті «Иттихат ве теракки партиясы» мүшелерінің бір бөлігі Осман империясының барлық саясатында ұстануды дұрыс көрмеді. Олардың басшысы Жамал паша саяси түрікшілдікті Осман империясының ішкі саясатында ғана қолданып, сыртқы саясатында османшылдықты ұстануды дұрыс деп тапты. Алайда, «Иттихат ве теракки партиясы» мүшелерінің басым көпшілігінің Энвер паша айналасында шоғырлануы мен оның батыл саяси әрекеттері саяси түрікшілдікті тек партияның ғана емес, тіпті Осман империясының да негізгі әрі басты саяси бағытына айналдырған еді [94, 77 б.].

XIX ғасыр ағылшын отаршылдығының көрнекті өкілі, әрі Ұлыбританияның премьер-министрі қызметін атқарған В.Ю. Гладстон өзінің бір баяндамасында «Түріктер адамзаттың адам емес түрі болып табылады. Өркениетіміздің жалғасы үшін оларды Азия далаларына кері ығыстыруымыз немесе Анадолыда көзін жоюымыз қажет», – деген сөздері мен 1917 ж. ағылшын премьер-министрінің Иерусалимге кіріп барған ағылшын әскерінің жетістігіне байланысты «соңғы крест жорығымыз сәтті аяқталды», – деген сөздері және 1918 ж. Бірінші дүниежүзілік соғыстың негізгі мақсаттарын көрсеткенде «түріктер шыққан жеріне, яғни Азияның түбіне қайтады», – деген үндеуі Осман империясының басында отырған Энвер пашаның түркі болмысын сақтап қалу үшін әлемде қалыптасқан саяси тығырықтан шығар жол ретінде әрі өзінің өмірлік идеологиялық ұстанымы ретінде түрікшілдікті әу-бастан таңдағандығының, бұл ұстанымынан бас тарта алмайтындығының айғағы еді [98]. Энвер паша 1912 ж. Ы. Гаспыралы, Ф. Каримов, А. Каримов сынды түркі зиялыларымен байланыс орнатып, 1913 ж. Түркиядағы Түрік Ошақтары одағының түрікшіл ұйымына қаржылай көмек бере бастайды. Ю. Сарынай Энвер пашаның бұл одаққа бір ретінде 1000 лира қаржы бөлдірткендігі туралы жазған. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында жас буынды әскерлікке дайындау, төмен дәрежелі атаққа ие офицерлерді тәрбиелеу мақсатымен Энвер паша тікелей өзіне бағындырылған «Ізшілер Одағы» атты ұйым құрып, ұйымның мүшелеріне ғана тән аталымдары мен сипаттары толығымен түркі халықтарының тарихынан алынған ерекшеліктер мен айырмашылықтар, белгілер мен белгішелер енгізді. «Али», «Мехмет», «Ақсұңқар», «Тимурташ» сияқты аталымдар мен «башбуғ», «ортабей», «оймақбей» сияқты атақтарды белгілеп, осы жүйе бойынша әскери құрылымды да анықтап отырды. Ұйым мүшелерінің дұға оқығанда «Аллахым» деп емес, «Тәңірім» деп оқулары талап

етіліп, бүкіл түркі халықтарының бір-біріне бауыр екендігін мойындаулары қадағаланып, «халифаны» да, «патшаны» да емес, тек түркі халықтарының «қағанын» қолдайтын жас буын ретінде тәлім-тәрбие алулары қамтамасыз етілген болатын [94, 65 б.].

Осман империясын құтқарып қалудың бірден-бір жолы Түркияны «түрік емес» халықтардан тазарту болып табылатындығына сенген Энвер паша 1914 ж. қаңтардан бастап Түркия халқын біртекті қоғамға айналдыруды мақсат тұтқан нақты әрі жүйелі жоспарлар әзірлеткізіп, османдықтардың 1/3 бөлігін әуелі гректер, кейін армяндар мен басқа да халықтарды жер аудартқызуға кірісті [99].

Әлемдегі қалыптасып келе жатқан саяси жағдайда түрікшілдіктің қаншалықты пайдалы екендігін аңғарып, оны сыртқы саясатта да қолдануға болатындығын түсінген Энвер паша түркшілдіктің мемлекеттік саясат ретінде қолданылуын қамтамасыз еткеннен кейін, бұл саясатты Осман империясын Бірінші дүниежүзілік соғысқа киліктірудің негізгі қозғаушы күші ретінде Ресей империясына қарсы пайдаланды. 1914 ж. Бірінші дүниежүзілік соғыстың міндетті түрде орын алатындығына көзі жеткен Энвер паша тікелей өзіне ғана бағындырылған «Тешкилат-ы Махсуса» құрып, сол жылы барлаушыларын түркі әлемінің түкпір-түкпіріне, тіпті Иран, Ауғанстан мен Үндістанға да жібере бастады [94, 78-79 б.]. Осман империясы Германияның Ресейге қарсы одақтасы болған жағдайда немістердің Кавказ бен Түркістанның тәуелсіздігін қамтамасыз етуге көмектесетіндігі туралы османдықтарға уәде беруіне байланысты, Энвер пашаның Бұқара, Хиуа мен Ауғанстан әміршілерімен байланыс орнату мақсатымен 1913 ж. өз тыңшыларын Орталық Азияға жібергендігі белгілі [100]. 1914 ж. бірінші жартысында ол «Тешкилат-ы Махсуса» ның екінші адамы Кушчубашы Эшреф бейге Түркістанға баратын, ол жердегі түркі халықтарын ұйымдастыра алатын, олардың патшалық Ресейге қарсы көтеріліске шығуын қамтамасыз ете алатын бір тыңшылар тобын әзірлеуді тапсырды. Эшреф бейдің ұсынысымен, Энвер пашаның бұйрығымен бес адамдық Қажы Селим Сами Кушчубашы (топ басшысы әрі Эшреф бейдің туған інісі), Эмруллах бей, Әділ Хикмет бей, Хүсейін бей және Ибрахим бей тыңшылар тобы Ыстамбул қаласынан жолға шығып, Измир қаласынан бес саудагер кейіпінде кемемен Порт-Саид – Суэц – Джидда – Ходейда – Аден теңіз жолы арқылы Үндістанннның Бомбей қаласына жеткеннен кейін, ол жерде ағылшындар тарапынан тұтқындалғанымен ретін тауып Пешавар арқылы Кашмирдің орталығы Сринагар қаласына қашқан. Кіші Памир тау жотасын асу барысында Қашқа жерінде орыстардың қолына тұтқынға түскенімен, қырғыз мыңбасы Жаппардың көмегімен тұтқыннан қаша білген бұл бес тыңшы Хотан-Яркенд жолы арқылы Қашғарға жетіп, Қашғарда алты ай қалады, сонан соң Жетісу қырғызы Шабдан батырдың ұлдары Мұхиддин мен Хусамаддиннің жігіттерін әскери дайындықтан өткізіп, қазақ-қырғыз рулары бастаған Жетісу көтерілісіне қатысады. Патшалық Ресей үкіметінің іздеу салуына байланысты Қытай жеріне қашқан олар қытайлықтардың қолына түсіп, Шанхай қаласының абақтысына жабылып, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін ғана

тұтқыннан босатылады. Олардың басшысы Қажы Сами Шанхай абақтысынан босатылғаннан кейін Сібір жерінде тыңшылықпен айналысып, 1920 ж. патшалық Ресейге келген Энвер пашаның шақыруымен Мәскеуге аттанады. Энвер пашаның Түркістанға 1914 ж. жіберген өз тыңшысымен алты жыл өткеннен кейін ғана, яғни 1920 ж. кездесуі Осман империясында тыңшылық өнерінің жақсы дамымағандығының көрсеткіші болып табылады [45].

Энвер пашаның бұйрығымен 1915 ж. тамыздан 1916 ж. маусымға дейінгі аралықта Ауғанстан, Ресей, Қытай түркі халықтарының арасында түрікшіл және исламшыл листовкалар тарату арқылы үгіт-насихат жұмыстарын үдету мақсатымен Кабул қаласына аттанған делегация Ауғанстан-Ресей шекарасында өз жұмысын өрбітіп, 1917 ж. үгіт-насихат аясын Бұқара мен Ресейдің ішкі аудандарына дейін кеңейте түседі. 1918 ж. бұл пропаганда қызу түрде арта түсті [94, 80-81 б.]. Энвер паша бұл тұста Кавказ бағытында да белсенді саясат жүргізді. Ол 1917-1918 жж. Ресейдің оңтүстігінде орналсақан осман әскери күштерін күн өткен сайын әлсіреп бара жатқан Сирия мен Месопотамия соғыс шептеріне жөнелтудің орнына Баку қаласына жібереді. Баку соғыс жорығы сәтті аяқталғанымен, Осман империясы Сирия мен Месопотамия соғыс шептерінде жеңіліске ұшырады. Бұл жағдайға аса үлкен мән бере қоймаған Энвер паша 1918 ж. қазанда Бакуда орналасқан осман әскерінің қолбасшысы Нури пашаға Әзірбайжанның тұтастығын сақтап қалу мақсатымен ол жерді орыстар мен армяндардан аластатуды бұйырып, шегінуге мәжбүр болған жағдайда түрік офицерлерінің Әзірбайжан мен Солтүстік Кавказ әскери бірліктерінің қолбасшылығы қызметтерінде қалып қоюын тапсырды [94, 82-81 б.].

Энвер пашаның Ресей империясына қатысты түрікшілдігінің Ресей түркі халықтарына қаншалықты ықпал еткендігін М. Шоқай ашып көрсеткен. Ол «1917 жыл келіп жетті. Ресей төңкерісінің алғашқы күндері Петербург қаласы жиылыстар мен митингілерден бас айналатын. Нева көшесінің 100 нөмірлі үйінде мұсылмандар да митинг өткізіп жататын. Сол митингінің бірінде дала адамы пішіндес, оғаштау киім киген бір кісі былайғы жұрттың көзін ала беріп маған жақындады. Үстінде еуропаша ұзын кител, басында ақ бөрік. Әлгі кісі менің қасыма жетіп келді де бір шетке шығарып алды. Өзін «Әли Жангелдин» деп таныстырды. Мұндай есімді мен бұрын естімесем де, бұл адам маған бұрыннан таныс сияқты әсер тудырды. Кейін ол аздап қысылып-қымтырылып барып, шын сырын жайып салды. Шыққан тегі дала қазағы екенін, бала кезінде шоқындырылып «Иван Степанов» атанғанын айтып берді. Әли Жангелдин оның бұрынғы аты екен. Шоқындырылған соң Иван Степанов деп аталыпты. Степанов шоқынумен бірге орыстың діндар миссионері де еді. Ол миссионерлік жұмыспен Ресейдің іші-сыртын христиан дінінің қасиетті тұрақтарын жаяу кезген кез де болатын. Орыс басылымдарында оның фотосуреті де басылған. Бұл кісінің маған таныс сияқты көрінуі содан болса керек. Степановқа христиан бола тұрып неліктен мұсылмандар жаққа келгені туралы ыңғайсыз сұрау қойдым. Ол “Түркияға баруға” әрекеттеніп жүргенін айтты:

– Мен енді христиандықтан шығып, мұсылмандыққа қайтып оралдым. Орыстардың жауыздығын керген соң, олардан күдер үздім. Сондықтан мен халқым алдында күнәларымнан тазармақпын. Түркияға сол үшін кетпекпін.

– Онда қайда барасыз?

– Энвер пашаның алдына барамын.

– Неге Энвер пашаға барасыз?

– Орыстардан құтылуымызға тек сол ғана көмектесе алады.

Шынын айтқанда, ол кезде Степанов-Жангелдин мұндай пікірдегі жалғыз адам емес еді. Түркістандағы халық бұқарасының басым көпшілігі Энвер пашаға сенетін, оны өзінің ең жақын адамы санайтын. 1916 жылғы көтеріліс күндерінде Түркістанда көп адамдар Энверден көмек күтетін. Түркістанда Халыс-Сұлтанды жақсы біле бермейтін. Ал Энвер пашаны білмейтіндер жоқ десе де болатын. Энвердің есімі кең жайылғаны сонша, оны жұрт аңыз етісетін. Соңғы Балқан соғысынан соң, дала тұрғындары перзенттерінің атын Энвер қоя бастады. «Энверге табыну» орыс өкіметіне жәйсіз тиді. Сондыктан ол Энвердің көзін жоюды көздеді. Орыс өкіметі Түркістан зиялыларын Энвердің «агенті» деп атады және солай есептеді. Бұл күнде орыс большевиктері бізді, Түркістан ұлтшылдарын, «кемалшылдар» деп атайтыны тәрізді, ол кезде патшалық орыс өкіметі біздің «жәдитшілерімізді» «Энвердің агенті» деп есептеген еді.

1916 ж. генерал-губернатор Куропаткин Ташкентте өзінің бұрыннан таныс жақын адамы Ғабдолла Ниязұлын басына Энверді еске түсіретін қызыл түсті татар тақия киіп жүргені үшін өз маңайынан қуып табалаған еді. Бұл Энвердің аты соншама кең жайылғанының белгісі еді. Бұл жерде Энвердің атағы қалай жайылғаны туралы айтып отырмаймыз. Алайда біздің халқымыз еңсесін басып тұрған ауыр жағдайдың жеңілдетілуін Энвердің есімімен байланыстырғаны шындық еді. Ресейде большевик төңкерісі. Брест Литва келісімі. Түрік әскерлері Кавказда. Бакудің азат болуы. Әзірбайжанның тәуелсіздік жариялауы. Түркістанда бұзақы орыс большевиктерінің қанды диктатурасы. Халқымыз «Түркі жәрдемі келіп калмас па екен?», «Энвер әскер жібермес пе екен?» деп Кавказия жаққа көз тігетін. Амал қанша, Түркияның кенет тап болған жеңілісі, түркі әскерлерінің Кавказиядан шегерілуі», – деп жазған [92, 288-289 б.].

М. Шоқайдың 1932 ж. «Яш Түркістан» журналының №33 санында жариялаған мақаласы Энвер пашаның Бұқараға келуінен бұрын Түркістанда қалыптасқан саяси жағдайды қысқаша суреттей келе оның осы жағдайдағы идеологиялық орнын көрсетеді. «Марқұм Энвер пашаның шейіт болғанына 10 жыл толды. Оның бейнесі жадымызда берік сақталғаны, оның қазасының бізге ауыр тигені сонша, қайтыс болғалы бері 10 жыл емес, он ай, он апта өткендей ғана сезілді бізге.

1921 жылдың күзінде Энвер пашаның аяқ астынан Бұхара қаласында пайда болуы, біздің, түркістандықтардың, атамекенімізді ұлт жауларынан азат ету жолындағы күресімізге жаңа серпін берді. Жеңіс үмітін тудырды. Мол әскери тәжірибе, жеке бастың ерлігі – Түркістан көтерісшілерін өз

маңайына топтастыруға, өз басшылығында бірлестіруге аса қажет болған осы қасиеттер Энвер пашаның бойында бар еді. Егер Энвер Түркістанға өлкенің көп бөлігі әлі де Кеңеске кірмей тұрған кезде, ол Кеңеске қараған жерлерде жаппай толқулар болып жатқан 1918-1919 жж. келген болса, онда атамекеніміздің тағдыры басқаша шешілуі мүмкін еді. Бізді 1918-1919 жж. жеңіліске душар еткен нәрсе орыс большевиктерінің қарулы күші ғана емес еді, сонымен қатар, өзіміздің ұйымшыл және батыл бола алмағанымыз және ұлттық күресімізді ұйымшылдықпен батыл жүргізе алмауымыздан да еді.

Түркістанда жарты ғасырға созылған орыс үстемдігі ішкі күштерімізді құлатумен ғана тынбастан, ұлттық ынтымағымызға да сына қағып үлгерді. Ресей өкіметі түркістандықтарды әскер қатарына алмауымен ғана шектелместен, ол бізге ешқандай бір ұйым құруға, тіпті ең қарапайым қоғамдық қауымдастықтар түзуге де рұқсат етпеді. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен ұлыстарының өзара байланыстарын әлсіретіп, оларды өз беттерімен жеке-жеке өмір сүруге мәжбүр етті. Ресей өкіметі осы ұлыстарды бір-біріне айдап салып, «бөліп ал да билей бер» саясатын жүргізді. Соның нәтижесінде бір мақсатқа бастайтын күшті орталығы жоқ, басшысыз, тұлғасыз тобыр түрінде көріндік.

Жеке ұлыстардың беделді басшылары болғанымен, жалпы түркістандық саясаты «орталық тұлға» боларлық беделді адамымыз болмады», – деп жазған М. Шоқайдың бұл сөздері [92, 287 б.] Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы идеологиялық рөлінің, ықпалының негізгі сипаттамасы. Энвер паша Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысу арқылы бұл қозғалысты Түркістанның түркі халықтарының жеке-дара азаттығы мен Түркістанның тұтас азаттығын көздеген алғашқы аясынан шығарып, дүние жүзі түркі халықтарының азаттығы мен бірлігін көксеген идеологияға негізделген болса, Түркістанды ХХ ғасырдың басындағы әлемдік саяси түрікшілдіктің идеологиялық орталығына айналдырды.

Қандай да бір тұлғаның идеологиялық рөлге ие бола білуі үшін оның белгілі бір қоғам ішінде танымал болуы және сол қоғамның мүшелерінің оған тілектес болуы шарт. Энвер пашаның мұсылман халықтарының арасында танымал болғандығы туралы А.Н. Курат «Азаттық жаршысы, Триполитания қаһарманы және Эдирне қаһарманы сипатындағы Энвер пашаның есімі тек Түркияда ғана емес, бүкіл түркі және ислам әлемінде мадақталды. Оның атағы бүкіл ислам әлеміне тарап, Энвер пашаның есімін Қазан елінде, Түркістан, Үндістан мен Солтүстік Африкада естімеген жан қалмады. Газет, альманах, күнтізбе беттерінде жарияланған оның бейнесі үлкен құрметпен дуалдарға іліне бастаған болатын», – деп жазған [101, 186 б.]. М. Шоқай болса, Түркістан халықтарының Энвер пашаға қаншалықты тілектес болғандығы туралы «Энвер пашаны Орта Азия, Бұқара мен Түркістан халқы аса ерекше сезіммен құрметтейтін. Большевиктер диктатурасынан құтылу үмітіндегі бұл халық, Мәскеу деспотизмінен оларды Энвер паша құтқарады деп қатты сенген болатын», – деп жазды [80]. Ислам әлеміне танымал Энвер пашаға түркістандықтардың тілектес болуы Ресей империясын қатты уайымдатқан.

1916 ж. 9 шілдеде Ташкент қаласының Түркістан аудандық күзет бөлімшесінің бастығы Түркістан генерал-губернаторына құпия қызмет хат жолдап, бұл жағдайдың империя үшін қаншалықты қауіпті екендігін білдірді [102]. Орыс тілінде жазылған құпия қызмет хатта Түркістан өлкесі шайханалары, кауапханалары мен асханаларындағы граммофон күйтабақтарында «Энвер бей» әні шырқалатындығы, бұл күйтабақ нұсқаларының қауіпті болуына байланысты оларды сатуға және сақтауға тыйым салып, қалғандарын тез арада тәркілеу қажет екендігі жазылып, хаттың қосымшасында жергілікті халықтың тілінен орыс тіліне аударылған «Энвер бей» әнінің сөзі орын алған [102].

Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты ықпалы мен танымал болуы оның Осман империясындағы саяси және әскери қызмет атқару жылдарында басталып, Түркістан жерінде қаза табуына дейін жалғасқан болатын. Энвер пашаның Бірінші дүниежүзілік соғыс басталмастан бұрынғы мұсылман түркі халықтарының мәдени ықпалдастығына демеушілік жасауы және соғыс барысындағы әскери көмек көрсетуі мен Ресей жеріне тыңшылар аттандыруы Энвер пашаның соғыстан бұрын да Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына іс жүзінде қосылуды көздегендігін аңғартады. 1914 ж. Түркістан жеріне өз тыңшыларын жіберіп, сол жылы Ресей армиясына қарсы Сарыкамыш соғыс операциясын бастап, осман армиясының жеңіске жетуі жағдайында Кавказ, Астрахан, Қазақстан, Хиуа мен Бұқара жерлерін азат етуді жоспарлауы осының бір айғағы. Алайда, осман армиясының 1914 ж. желтоқсанда Аллаху Акбар таулары бөктерінде үсіп қалуына байланысты Энвер пашаның бұл жоспары жүзеге асу мүмкіндігінен айырылып қалды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Берлин-Мәскеу жолы арқылы Ресей жеріне аяқ басқан ол большевиктердің демеушілігімен түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын қаржыландыруды тоқтатпады. Энвер пашаның Осман империясында конституциялық монархия жариялаған «азаттықтың жаршысына» айналуы, сарай қызымен үйленген «осман патшасының күйеу баласы» атануы, ағылшын, француз және орыс империализміне қарсы күрескен «генерал» болуы оның мұсылман түркі халықтарының арасында танымал болуын қамтамасыз етті. Бұл факторлар кадимшілердің де, жәдитшілердің де, тіпті большевиктердің қолдауын қамтамасыз етіп, олардың арасында Энвер пашаны үлкен саяси ықпалдың иесіне айналдырған болатын.

В. Медведев Энвер паша туралы «Оның танымал болуын түсіндіру қиын. Ынталы әрі әсерлі шешендігі болмаса, ол өз серіктестерінен еш ерекшеленбейтін. Бұған Энвердің жүрек жұтқан батылдығы мен жоғары шабытын қосыңыз. Достары мен жақын жақтастары оны шынайылықпен жақсы көрген», – деп жазса, Энвер пашаның жақтастарының бірі Ниязи: «Қиналып-қынжылған кездерімізде жалынды сөзімен жұбатып, қайратты әрекетімен жігерлендіретін Энвер сынды адам сирек кездеседі», – деп еске алған. Өмірдің қыр-сырын меңгерген неміс генералы Людендорф «Ол ұмытылмас әсер қалдыратын», – деп, Энвер пашаның күресі жігерлі болғандығын аңғартады [39].

Ресейдегі 1917 жылғы орыс бүлігінен кейінгі кезеңде Энвер пашаның қатысуымен Баку қаласына Хасан Рушени бей, Ташкент қаласына Мехмед Эмин эфенди аттанып, тамыз айында Түркістан жерінде «Иттихат ве теракки партиясының» тармағы ретінде «Иттихат ве теракки жамиғаты» құрылды. Бұл ұйымның өкілі Абиджан Махмуд 1918 ж. 9 қаңтарда «Иттихат ве теракки партиясының» Баку бөлімшесіне жолдаған хаты арқылы ұлттық әскер құру мақсатымен Түркістанға әскери мамандар жіберілуін сұранады. Энвер паша Түркістанның саяси және әкімшілік жүйесін реттеу үшін Юсуф Зия бей мен офицерлер дайындайтын әскери оқу орнын құру, әскери жүйе қалыптастырып, ұлттық гвардия жасақтау үшін 20 осман офицерін жіберді. Большевиктердің Түркістан автономиясын құлату барысындағы жасаған қанды қырғыны мен Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшырауы бұл жіберілген әскери топтың жүктелген міндетті орындай алмауына себеп болды. «Иттихат ве теракки жамиғатының» мүшелері 1919 ж. ұйымның атын «Ұлттық Одақ» деп өзгертіп, Түркістанда Кеңес өкіметінің орнауына байланысты 1920 ж. ұйымды таратып, большевиктер қатарына қосылды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Энвер паша саяси түрікшілдікті жүзеге асыру үшін саяси жағдайдың болымсыз түрде өрбуіне қарамастан Осман империясының қираған үйінділерінің орнына түркі халықтарының ислам дінін қабылдағанға дейінгі тарихи байланыстарын негізге ала отырып, Жібек жолының бойында, Эдирнеден Қытайға дейінгі географиялық кеңістікте, орталығы Самарқанд болып табылатын «Түркі империясын» құру жоспарын жүзеге асыруға бел байлады [103]. В. Медведев «түркі империясын» құру туралы Энвер паша жоспарының Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қалыптасқандығын жазады. Оның пайымдауынша Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Осман империясы бір басы шабылып жатса, басқа бір басымен олжасын жұтып жатқан көп басты айдаһар секілді, Хиджаз, Оңтүстік Палестина, Ирак жерлерінен айырылып жатқандығына қарамастан Энвер пашаның бұйрығымен Кавказға әскери күшін шоғырландырумен әлек болды [39, 135 б.]. Энвер пашаның мұндағы жоспары туған інісі Нури пашаның басшылығындағы Кавказда орналасқан «Ислам армиясының» көмегімен Астрахан қаласын жаулап алып, Қазақстан жері арқылы «шығыстың бүкіл түркі халықтарының басын қосу» мақсатымен Орта Азияға жету еді. В.М. Гиленсеннің пайымдауынша Энвер паша Түркияға Кавказ, Орталық Азия, Еділ бойы, Солтүстік Африка, Иран, Ауғанстан, Үндістан мен Қытайды қосып алуды көздеген [39, 45 б.]. Я.М. Ландаудың еңбегінде Британия елшісі Румбольдтың «Энвер паша әрекеттерінің негізгі мақсаты Ыстамбулдан шығысқа, солтүстік-шығысқа қарай созылып жататын балама бір түркі империясын құру еді», – деген сөздері келтірілген [6, 82-83 б.]. А.И. Пылев: «Энвер паша қалыптасқан жағдайды бағалап, Бұқара мен Хиуадан және Ресей Түркістаны мен Қытай Түркістанынан құралған, кейініректе оның құрамына Түркия да кіруі көзделген «біртұтас түркі мемлекетін» құру үшін Шығыс Бұқара жеріндегі ұлт-азаттық қозғалысты дер кезінде пайдалануды ойластыра бастады», – деп жазған [2]. В. Медведев «Энвер Түркия шекарасынан Үндістан шекарасына дейінгі жерлерді

қоныстанған барлық мұсылман халықтардың автономиялық одағын – астанасы Самарқанд болады деп көзделген Ислам халифатын құруды жоспарлады. Бұл халифатқа Қытай Түркістаны мен Ауғанстан да кіруі мүмкін еді», – деп жазды [39, 137 б.]. Энвер пашаның өз жоспарларында Бұқара қаласын емес, Самарқанд қаласын астана ретінде таңдауы, әлбетте, оның Темір империясын қайта өрлетуді көздеген болуы мүмкін деген ойды қозғайды.

Энвер пашаның бұйрығы негізінде осман капитаны Мехмет Касымның 1919 ж. Ауғанстанға жетіп, ол жерден Орталық Азия бойынша Түркістанды, мұсылман әлемінің киелі орталықтары мен Осман империясының бұрынғы жерлерін азат ету үшін бүкіл түркі әрі мұсылман халықтарын бірлікке шақыратын листовкалар таратуының нәтижесінде Кавказ, Түркістан, Үндістанда «мұсылман түркі халықтарының бірлігін» қолдайтын қозғалыстар орын алды. Алайда, Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілуінің салдарынан саяси түрікшілдік өзінің бастапқы үдемелі қозғалысынан айырылып қалды [94, 83 б.]. Энвер пашаның қолында жан-жақты әзірленген «Тұран геосаяси концепциясы» мен Тұран жеріне байланысты «географиялық мағлұматтардың» болмауы, жаңа «Тұран саясатының» терең геосаяси анализдердің нәтижесі емес, сол кезеңнің асығыс саяси қажеттіліктерінен туындауы саяси түрікшілдіктің шабуылшыл емес, қорғанысшыл сипатқа ие болып, әлемдік үстемдікке жетуді көздеместен, тек өмірде азат қалу үшін ғана түркі халықтарына арқа сүйеуді мақсат тұтқан саясатқа айналды [98, 173 б.]. Осы орайда, 1921 ж. қазанда А.-З.В. Тоганмен кездескен Энвер пашаның «Түркістанның азаттығы үшін күресу зәру қажеттілік. Кімде-кім адамдыққа жат мұндай өмірді жалғастыруды қаласа, осылайша өмір сүруге шыдап, күндердің бір күнінде басына міндетті түрде келетін өлімнен қорыққан болса, міне сол адам келер ұрпақтың қарғысына лайықты. Біз болсақ, азаттық үшін күресіп, келер ұрпақты құлдық пен тәуелділіктен азат бір өмірге жеткізу үшін өлімге бас тігуге әрдайым әзір болуды қалаймыз», – деген сөздері [48, 199 б.] оның «түрікшіл» болып қана қоймай, «түркі халықтарының азат келешегі» үшін «түркі мемлекетін немесе түркі федерациясын» құру жолында өлімге бас тігуге дайын бір тұлға болғандығын айқындай түсуде. Жоғарыда В. Медведев пен А.И. Пылевтың тұжырымдары мен Энвер пашаның «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесінде түркі мемлекеттерінің федерациясын құруды» мақсат тұтқандығын оның Кафируннан (Кофрун) 1922 ж. наурыз-сәуірде Ауғанстан әміршісі Аманулла ханға жолдаған хатындағы «Ақылға салып, бір-бірімізге көмектесе отырып, Бұқара мен Түркістан жеріндегі орыстардың үстемдігін жою арқылы біздің басшылығымызбен шығыс мұсылман үкіметтерінің одағы пайда болады. Осылайша, шығыста қысқа мерзім ішінде Германия одағы іспеттес әлемде сөзін өткізе алатын күшті бір өкімет пайда болады», – деген сөздері [48, 268-269 б.] растай түсуде. 1921 ж. Энвер пашаның Орталық Азияға келіп, «Түркістан әміршісі» ретінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қолбасшылығын қолына алуы көптеген адамдардың оның қатарына қосылуына, саяси түрікшілдіктің жүзеге асатындығына сенім артуына түрткі болатындай саяси

жағдай туындатқызды. Энвер паша жергілікті халықтың саяси түрікшілдікке қызығушылық танытпауына қарамастан «түркі халықтарының империясын» құру негізінде саяси түрікшілдікті жүзеге асырудың ең қолайлы орталығы ретінде Бұқара қаласын қарастырып, 1922 ж. Әзірбайжан КР ХКК төрағасы Н.К.Н. Нариманов арқылы Мәскеуге жолдаған ультиматумында Бұқара, Түркістан мен Хиуа халықтарының тәуелсіз өмір сүруді қалайтындығын және бұл жолда алған бағытынан қайтпайтындығын жариялап, тәуелсіздікке жету жолында большевиктерге қарсы қолайлы жерде және қолайлы уақытта көтерілістер ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп, түрікшілдік пен исламшылдықтың ортақ туын желбіретті [94, 83-84 б.].

«Түркі империясын» құру жоспарына Энвер пашаның қаншалықты жақын болғандығын Мәскеуден 1921 ж. 15 қарашада Энвер пашаға жолдаған хатында Жамал паша куәлік қалдырып кеткен. Ол өз хатында «Бауырым Энвер! Соңғы кездесуімізден бері бір жарым жыл өтті. Бір жарым жылдың ішінде көп нәрсе өзгерді. Қазір жағдайға байланысты нақты шешімдер қабылдауымыз қажет. Сенің Бұқараға барып, сол жерде қалуыңды дұрыс деп есептемеймін. Қасарысушылық пен табандылығыңды таста. Доктор Назыммен бірге Мәскеуге кел. Халил мен Кіші Талятты Иранға жіберме. Оларды да тез арада Мәскеуге жібер. Өзің жедел түрде Берлинге жет. Ол жерде Мальта абақтысынан босатылғандармен бірге бас қосып, жалпы бір құрылтай өткізелік. Мен сендерді хабардар етіп отырайын. Бірге отырып, жұмыс жоспарын құрайық. Одан кейін соны жүзеге асыруға кірісейік. Бүгінгі қалыптасқан жағдайда бұл әрекеттен басқа дұрыс әрекет жоқ. Егер Бұқарада райыңнан қайтпасаң бір жарым жыл бойы жасаған бүкіл жұмысымыз жоққа шығады. Соңғы әрекетіміздің нәтижесіне осылайша өз қолымызбен балта шапқан болып, біз үшін өмірмен қоштасудан басқа ешнәрсе қалмайды», – деп жазған [48, 257 б.]. Энвер пашаның бұл хатты алғандығы және ол алған күнде де, қандай жауап жазғандығы туралы біздің қолда мәлімет жоқ. Дегенмен, Жамал паша бұл хатты жазған тұста Энвер пашаның Бұқара қаласынан Шығыс Бұқара жеріне шығып кеткендігі есепке алынған болса, бұл тұста екі пашаның бір-бірімен тығыз байланысын үзіп алғандығы туралы ой қалыптасады. Бұл хат Энвер пашаның түрікшілдік жолындағы өз мақсат-әрекеттерін белгілеуде саяси әріптестерінен тәуелсіз болғандығын дәлелдей отырып, оның сыртқы күштерге тәуелді болғандығы туралы көзқарастарды да жоққа шығара алатын болса керек.

Жалпы айтқанда, сол уақыттағы саяси жағдайды сараптайтын болсақ, өзара кадимшілер мен жәдидшілер болып бөлінген түркістандықтардың басын біріктіру қиынға соққан. Большевиктер болса мұны пайдаланып, пролетариаттық идеяны сатылы түрде халық арасына сіңіруді жүзеге асырған. Осыған қарамастан Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына тигізген ықпалы, оның Түркістан көтерілісшілерін орталықтандыруға талпынуында жатыр.

### 3.2 Энвер пашаның саяси ой-пікірлері

Энвер пашаның тұлғалық қасиеттері оның саяси байланыстар орнатып, дамытуда алғашқы әрі негізгі фактор болған болса, бұл фактордан кейінгі орынды Энвер пашаның айналасында қалыптасқан саяси жағдай мен оның саяси одақтастары басты. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы барысында Энвер паша сол кезеңнің үш ірі ағымының өкілдерімен байланыста болған. Олар, большевиктер, жәдитшілер (либералдар) және кадимшілер (консерваторлар) еді. Энвер пашаның бұл үш саяси ағымның өкілдерімен байланыста болуының негізгі себебі оның саяси түрікшілдікті жүзеге асыру жолында одақтас іздеуінде жатты. Бұл тұста «бөліп ал да билей бер» қағидасы өз күшін жойып, оның орнын «ынтымақтас та билей бер» қағидасының басуы түрікшілдік жолындағы Энвер пашаны тез арада ынтымақтаса алатын саяси одақтас табуға мәжбүрледі. Осы себептерге байланысты бұл бөлімде Энвер пашаның саяси ойының қалыптасуынан бастап, практикалық мағынадағы саясатына ғылыми баға беріледі және оның Түркістан халқына деген ықпалы сарапталады.

Энвер пашаның Германияда басталып, өліміне дейін созылған большевиктермен саяси қарым-қатынасы шым-шытырық оқиғаларға толы болғандығын В.М. Гиленсен өзінің «Сотрудничество Красной Москвы с Энвер-пашой и Джемаль-пашой» атты мақаласында ашып көрсеткен [13, 45-63 б.]. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс тауып, Германияда жасырынуға мәжбүр болған Энвер паша алғашында француздармен саяси байланыс орнатпақ болғанымен бұл әрекеті сәтсіздікпен аяқталады. Антанта мемлекеттерінің оны тұтқындау үшін іздеу салуына байланысты «профессор Али» жасырын атпен жаңа жеке куәлік алған Энвер паша кеңестік Ресеймен одақтасуды қалаған Германиядағы достары, яғни неміс генералдарына көмектесу арқылы большевиктермен өзі де одақтасуды көздеді. Неміс коммунистерінің партия құруына көмектесу мақсатымен Германияға келген журналист, В.И. Ленин мен Л.Д. Троцкийдің сенімді адамы, 1918 ж. неміс қараша төңкерісінің жеңіліс табуы мен 1919 ж. қаңтар айындағы К. Либкнехт пен Р. Люксембургтың өлімінен кейін тұтқындалып, Берлиннің Моабит абақтысына жабылған К.Б. Радекпен Энвер паша 1919 ж. ақпан-тамыз аралығында кездесті [13, 47 б.]. К.Б. Радектің ұсынысы бойынша ол Мәскеуге аттанды. КСРО МҚК-ге қарасты РФССМ-ның құжаттары негізінде түзілген РФ СІМ-нің анықтамасы бойынша Энвер паша «Али» жасырын атпен Мәскеуге 1920 ж. шілдеде жетіп, Мәскеу өзені жағасында Софийская көшесінің 14-үйінде тұрған болса, Батумиге аттанарында большевиктерден «Бекиров» жасырын атпен жеке куәлік алып, Кавказ-Еуропа-Ресей жолы арқылы Мәскеуге 1921 ж. 1 маусымда қайтып келіп, Гнездниковский тұйық көшесінің 9-үйінде өмір сүрген [13, 82 б.]. Кеңестік Ресейдің «мүлтіксіз және нақты жұмыс атқарған» СІХК мен БТК қателік жасамауы мүмкін емес деген тұжырым мен В.М. Гиленсеннің зерттеулері негізге алынған жағдайда «Энвер паша Мәскеуге 1920 ж. шілдеде келген» деген анықтама дәйексіз болып шығады. В.М. Гиленсеннің жазуынша Энвер пашаның 1920 ж. 11 тамызда орыс-поляк соғыс шебін кесіп өтіп, Ресейге кіріп

келгені туралы Ф.Э. Дзержинский Белостоктан Мәскеудегі В.И. Ленинге құпия жеделхат арқылы «Бүгін түнде Германиядан екі басқа түрікпен және бұрын бізде болған ұшқыш Леомен бірге Энвер паша келді. Оларды Смилгаға жіберіп отырмын», – деп хабарлап, И.Т. Смилгаға екінші құпия жеделхат арқылы «Бүгін түнде Германиядан екі басқа түрікпен бірге Энвер паша келді. Оларды Гродно арқылы Сізге жіберіп отырмын. Ленин хабардар», – деген мәлімдеме жолдаған [13, 52-53 б.]. Энвер паша неміс офицерлерінің көмегімен Берлиннен 1920 ж. 4 шілдеде жолға шығып, кememен Щецин–Кёнигсберг–Инстербург, пойызбен Инстербург–Минск–Смоленск, көлікпен Смоленск–Мәскеу жолы арқылы Мәскеуге 1920 ж. 15 тамызда келіп жетті. Оның РСФСР ішкі істері халық комиссары Ф.Э. Дзержинскиймен және РСФСР ТӘК Саяси Басқармасының бастығы И.Т. Смилгамен, кейіндері большевиктердің басқа да көсемдерімен кездесу барысында не туралы әңгімелескені большевиктердің құпия жоспарларының болуына байланысты белгісіз.

Большевиктер өкіметінің Бірінші дүниежүзілік соғыстан бас тартуы Ресей империясының бұрынғы одақтастары Англия мен Франция үшін үлкен қауіп-қатер төндірді. Осылайша Германия шығыс соғыс шебіндегі армиясын батыс соғыс шебіне жұмылдыру мүмкіндігіне ие болды. Антанта мемлекеттері бұл мүмкіндікті немістерге пайдаландырмау үшін Ресейде жаңа соғыс шептерін ұйымдастыруды ұйғарып, большевиктер мен патша жақтастары арасында азамат соғысына душар болған Ресейге қарсы ағылшындар Архангельскке, француздар Одессаға, жапондар Владивостокқа, американдықтар мен жапондар Шығыс Сібірге әскер жіберіп, большевиктерге қарсы күштерге көмек көрсетуге кірісті. Қиын жағдайға тап болған большевиктер осы тұста К.Б. Радек арқылы Англияға қарсы өз жағына шығыс мұсылман халықтарының арасында атақ-даңқы кеңге тараған Энвер пашаны тартты. Большевиктердің Энвер пашаның көмегімен ағылшындарды Үндістаннан қуып шығу жоспарының авторы үнді қоғам қайраткерлерінің көрнекті өкілі профессор Баракатулла болып табылады. Ол Мәскеу қаласында 1919 ж. 5 наурызда В.И. Ленинмен кездесіп, империализмге қарсы күресу мақсатымен отарланған шығыс халықтарының қоғамдық күштерін одақтастыру үшін Ресейде халықаралық құрылтай өткізудің қажеттілігі жөніндегі пікірімен бөліседі. Баракатулланың саяси ойлары большевиктердің көңілінен шығып, 1920 ж. большевиктер саясатында жүзеге асырылды.

И.В. Сталиннің тапсырмасы бойынша 1919 ж. Баракатулла бастаған делегация Ресейдің мұсылман халықтары қоныстанған түрлі аудандарында үгіт-насихат жүргізе бастады. М. Сұлтан-Ғалиевтің жәрдемімен делегация Қазан қаласында татар қоғам қайраткерлерімен кездесті. Саяси бюро Баракатуллаға әскери контингенттің алдында сөз сөйлеу рұқсатын берді. ТӘК басшысы Л.Д. Троцкий негізгі бөлігі татарлар мен башқұрттардан құралған әскерді «үнді жорығына» дайындықтан өткізу жұмыстарына кірісті. 1919 ж. шығыс халықтары коммунистік партияларының құрылтайында М.И. Калинин «шығыста әлемдік төңкеріс отын лаулату» ұранын ресми түрде жариялады. И.В. Сталин өз баяндамасында бұл ұранға қолдау танытты. Большевиктер

«әлемдік төңкеріс отын лаулату» үшін мұсылман халықтарының «халықаралық коммунистік қозғалысын» бастайтын тұлғаны коммунист түркілердің арасынан (А.-З.В. Тоган, М. Сұлтан-Ғалиев, Ф. Қожаев, Н.К.Н. Нариманов, Т. Рысқұлов) таба алмай, «бұны бір істесе Энвер паша істей алады» деген сеніммен бар үмітін Энвер пашаға арта бастады [9, 81 б.].

Энвер паша болса, Кеңес өкіметінің көмегімен Осман империясын Антанта мемлекеттерінен азат етуді көздеген болатын. Ол большевиктердің қолдауымен билік басына келгеннен кейін Баракатулланың пікірі негізінде түзілген большевиктердің «шығыс халықтарын батыс империализмінен азат ету» жоспарын жүзеге асыру мен «мұсылман түркі мемлекеттерінің федерациясын» құруды мақсат тұтқан еді [9, 82 б.]. Большевиктер Энвер пашамен құпия келіссөздер жүргізіп, мерзімді түрде оған 500 мың неміс маркасын көмек қарыз ретінде төлеп отырды. Ол К.Б. Радек арқылы Кеңес өкіметінің және большевиктер партиясының көптеген беделді мүшелерімен, шетелдік коммунистермен танысты. РСФСР ХКК төрағасы В.И. Ленин, РСФСР ТӘК төрағасы және РСФСР әскери істер жөніндегі халық комиссары Л.Д. Троцкий, РСФСР ұлттар ісі жөніндегі және мемлекеттік бақылау жөніндегі халық комиссары И.В. Сталин, РСФСР қарулы күштерінің бас қолбасшысы С.С. Каменев, Коминтерннің атқарушы комитетінің төрағасы Г.Е. Зиновьев, РСФСР сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г.В. Чичерин, РСФСР әскери істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары Э.М. Склянский, РСФСР сыртқы істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары Л.М. Карахан, Венгрия Кеңестік Республикасы сыртқы және әскери істер жөніндегі халық комиссары Б. Кун, Коминтерннің атқарушы комитетінің мүшесі және «Правда» газетінің редакторы Н.И. Бухарин, РКП(б) қарамағындағы шығыс халықтары коммунистік партияларының орталық бюросының төрағасы М.Х. Сұлтан-Ғалиев Энвер пашамен кездескен тұлғалардың тізімі [9, 83 б.]. Энвер паша мен В.И. Лениннің ұзақ уақытқа созылған бетпе-бет кездесуінде мұсылмандардың жағдайы мен қаржы мәселелері талқыланған. Екеуінің де француз және неміс тілдерін жетік білуі мен Энвер пашаның бұл тілдерден басқа болгар тілінде емін-еркін сөйлесе алатындығына байланысты сұхбат аудармашысыз өткен. Кездесу циркулярының зерттеушілер қолына тимеуіне байланысты әңгіменің қай бағытта өрбігендігі беймәлім [9, 83 б.].

Кездесулер барысында Энвер паша большевиктердің негізгі екі топтан құралғандығын байқайды. В.И. Ленин, И.В. Сталин, М.Х. Сұлтан-Ғалиев, Т. Рысқұлов сынды большевиктердің «әлемдік төңкерісті жүзеге асыру үшін» бастапқы кезеңде халықтардың ұлттық қозғалысына сүйеніп, тіпті большевиктерге бөтен болып келетін қанаушы тап өкілдерімен одақтасуды дұрыс көретін тобы бірінші топты құрады. Бірінші топтың стратегиясына үзілді-кесілді қарсы болған Л.Д. Троцкий, Н.И. Бухарин, Г.Е. Зиновьев, С.С. Каменев, Е.А. Преображенский, Е.Д. Стасова сынды большевиктер ешбір ұлттық ерекшеліктерге назар аудармай, тек таптық принциптер негізінде әлемдік төңкеріске жетуді дұрыс деп тауып, екінші топты құраған [9, 82-83 б.]. Энвер паша бірінші топтың өкілдерімен одақтасу жолдарын қарастырып,

Төңкерісшіл мұсылмандар одағының басшысы ретінде Мәскеу мұсылмандарымен және республикалардың түрлі өкілдерімен кездесе бастады. Башқұртстан өкілдерімен өткен кездесуінде ол Ресей түркі халықтарымен кездесу мүмкіндігін сыйлаған қызыл әскердің құрметіне сөз сөйлеп, М. Сұлтан-Ғалиев өз сөзін «Болашақ Тұран Республикасы үшін» арнады. Асадуллаев особнягіндегі Мәскеу татар жұмысшыларының клубында 300 адамның қатысуымен өткен кездесуіне Хорезм, Бұқара, Түркістан мен Әзірбайжанның ресми өкілдері, Ұлттар Ісі Халық Комиссариаты, Қызыл Әскер Саяси Басқармасының Шығыс Бөлімшесі, Сыртқы Істер Халық Комиссариаты мен басқа да мемлекеттік орындардың қызметкерлері қатысты. Онда М. Сұлтан-Ғалиев аудармашы қызметін атқарды. Оның жеке пәтерінде өткен бірнеше кездесу барысында М. Сұлтан-Ғалиев пен Энвер пашаның бір-біріне адамдық тұрғыдан тілектестік білдіргенімен қарама-қайшы саяси пікірлерге ие екі тұлға ретінде аңғарылды. Коммунизм – М.Сұлтан-Ғалиевтің өмірлік мақсаты болса, Энвер паша үшін бар болғаны уақытша тактикалық құрал ретінде еді [9, 85-86 б.].

М. Шоқай «Энвер паша большевиктермен Түркістан жеріндегі оқиғаларға қатысу туралы келіссөздер жүргізіп, нәтиже шығара алмаған болатын» деп жазса да [80], Кеңес өкіметі тарапынан үлкен қолдау тапқандығы анық. Ол большевиктердің ұйымдастыруымен 1920 ж. 1-7 қыркүйекте өткен Шығыс халықтарының I құрылтайына қатысты [82]. Большевиктер Энвер пашаны шығыс халықтарының қолымен жүзеге асырмақ болған өздерінің «әлемдік төңкерісті жүзеге асыру» туралы құпия жоспарының көсемі ретінде әлемге осы құрылтайда жарияламақ болды. Алайда, құрылтайдың 10-минутінде көпшіліктің наразылығы салдарынан құрылтайды тастап кетуге мәжбүр болған Энвер паша құрылтай шешімдеріне (1-мұсылман және шығыс елдерінің ағылшындарға қарсы қозғалыстарына қолдау көрсету; 2-мұсылман және шығыс елдерінде қарулы жолмен төңкеріс ұйымдастырып, жергілікті демократиялық күштермен байланыс орнату; 3-мұсылман елдеріндегі мұсылман емес өкіметтерді танымау) сүйене отырып, саяси бағытынан ауытқымауды ұйғарған. Г.Е. Зиновьевтің Энвер паша баяндамасының оқылып, жарияланатындығын білдіргенімен [82] Энвер пашаның құрылтайды тастап кетуін В.И. Ленин, И.В. Сталин, М. Сұлтан-Ғалиев, Т. Рысқұлов басшылығындағы большевиктердің «шығыс мұсылмандарының көмегімен әлемдік төңкеріс жасау» жоспарының аяғынан шалу әрекеті ретінде бағалау қажет. Энвер паша Кеңес өкіметі жоспарының жүзеге аспай қалуына қарамастан өз мақсаттарын жүзеге асыруды Түркиядан бастауды ұйғарып, Баку қаласында мұсылман халықтарының өкілдерімен кездесе жүріп, өз адамдарына Түркияда төңкеріс ұйымдастыру жолдарын қарастыруды тапсырды. Энвер пашаның құпия әрекеттерінен большевиктер үрейлене бастады.

Баку қаласында еркін жүруіне большевиктердің кедергі болуына байланысты Мәскеуге қайтып барған Энвер паша 1920 ж. қазанның басында Петроград-Ревель (Таллин) жолы арқылы Берлин қаласына аттанады. Түркияда төңкеріс ұйымдастыру мақсатымен қару-жарақ сатып алып, қаржы мәселелерін

шешуге арналған құпия ұйым құрып, отбасымен бірге Швейцария мен Италияда туристік демалыс күндерін өткізгеннен кейін, 1920 ж. 23 қазанда Будапешт қаласында жақтастарымен кейінгі жоспарларын талқылап, коммунистік бағытты ұстанған түрік және араб тілдерінде төрт беттік «Ливаюль Ислам» газетін шығара бастады. Баку құрылтайының резолюцияларын қолдайтындығын білдіріп, Төңкерісшіл мұсылмандар одағы орталығының Мәскеудегі жұмысын үдету жолдарын жоспарына енгізеді. Энвер паша 1921 ж. 15 қаңтарда Кеңес өкіметінің оның есеп шотына 500 000 марка қаржы аударғана байланысты 20 ақпанда Берлин-Рига-Мәскеу экспресс пойызымен 36 сағаттың ішінде Мәскеуге жетіп, «Метрополь» қонақүйіне Кеңес өкіметінің қонағы ретінде жайғасты [104]. Энвер паша да, Кеңес өкіметі де гректердің 1921 жылғы шабуылы мен түріктердің шегінісін түрік ұлт-азаттық қозғалысының толығымен күйреуі деп бағалады [45, 136 б.]. Кавказдағы Түркия шекарасының бойынаерікті мұсылман әскерлерін жұмылдыруды ойластырған Энвер паша сәті келген тұста Түркияға кіріп барып [45, 136 б.], билікті өзіне қаратқаннан кейін түркі ұлыстарының азаттығына жетелейтін шығыс халықтарының империализмге қарсы төңкерісшіл қозғалысын бастап кетуді қысқа мерзімді жоспарларының қатарына енгізді. Халил паша мен Қажы Самиді Шығыс Түркістанға, Азмиді Ауғанстанға, Жамал пашаны Үндістанға, Кіші Талят пен Наильді Түркияға Төңкерісшіл мұсылмандар одағының жауапты өкілдері ретінде бекітті [45, 133 б.].

Энвер паша мен Кеңес өкіметінің құпия саясатынан хабардар түрік үкіметі 1921 ж. большевиктерге Мұстафа Кемал паша мен Энвер паша арасында таңдау жасауы қажет екендіктерін білдірді [104, 278-279 б.]. Энвер пашадан қауіптенген Мұстафа Кемал паша «Энвер паша Анадолы жеріне аяқ басқан жағдайда тұтқынға алынсын» деген бұйрық шығарып, Энвер пашаға аз да болса қатысы болған адамдарды қатаң бақылауға алдырды [45, 137 б.]. Түркияда төңкеріс ұйымдастыруды көздеген Энвер пашаның адамдарын тұтқындап, басқаларын қудалап, туған інісі Нури пашаны Эрзурум абақтысына жаптырып, немере ағасы Халил пашаны Кавказ жеріне жер аудартқызды [45, 137 б.]. Мұстафа Кемал пашаның саясаты Энвер пашаны қолдауға дайын болған большевиктердің терең ойланып, байыппен шешім қабылдау қажет екендігіне көзін жеткізді. Сондықтан, Кеңес өкіметі Мұстафа Кемалпашамен келісімге келудің астыртын жолдарын қарастыра бастады [104, 278-279 б.]. Кеңес өкіметінің Англиямен 1921 ж. наурызда сауда-саттық туралы екі жақты келісім шартқа қол қоюы Энвер пашаның большевиктерге деген сенімін азайтты. Олардың ағылшындармен «мұсылман елдерін ықпал жасау алаңдарына бөлісуді» көздегенін аңғарған Энвер паша 1921 ж. мамыр-маусымда Түркістан мен Кавказ халықтарымен байланысын нығайтып, 27 маусымда өткен Төңкерісшіл мұсылмандар одағы жиналысында төңкерісшіл мұсылман халықтардың қозғаушы күші ретінде тек түркітектес халықтарға ғана арқа сүйеуге болатындығын жариялады [45, 135-136 б.]

Мұстафа Кемал пашаға қарсы әрекетке бармайтындығы туралы 1921 ж. 28 шілдеде Г.В. Чичеринге уәде берген Энвер пашаның Кавказға баруға жолдама

алып, тамыз айында Батуми қаласына баруынан кейін гректердің Түркияның Афьон, Кютахья, Эскишехир қалаларын жаулап алып, Анкараға жақындауының салдарынан түріктердің жеңіліске ұшырауы мүмкін екендігі туралы болжамның күшейе түсуіне байланысты Мұстафа Кемал паша өкіметі жеңіліске ұшыраған жағдайда Түркияға кіріп бару жоспарының өзектілігі артты. Энвер паша 5-8 қыркүйекте Батуми қаласында «Түркия Халық Кеңесі» партиясының құрылтайын өткізіп, Батуми қаласына жақын орналасқан грузин-түрік шекарасын кесіп өту және түрік жауларына қарсы күресу туралы қаулы шығарғанымен Мұстафа Кемал пашаның Энвер паша жоспарларын жоққа шығару мақсатымен дер кезінде шара қолданып, Түркияның шығыс шебінде орналасқан армия құрамындағы оның жақтастарын ел ішіндегі басқа қызметтерге тағайындап тастауы Энвер пашаның өз жоспарын жүзеге асырудан бас тартуға мәжбүрледі. 1921 ж. 23 тамыздан 12 қыркүйеке дейін созылған Сакария шайқасында түріктердің гректерді жеңуіне байланысты Кеңес өкіметінің ашық түрде Мұстафа Кемал пашамен одақтасудың жолдарын қарастырып, қаржылай әрі әскери көмек көрсете бастауы Энвер пашаның Жамал пашамен кездесу үшін Түркістан жеріне (Чарджоу қаласына) аттануына себеп болды [104, 288-289 б.]. Кеңес өкіметінің Энвер пашаның Түркияға қатысты жоспарларына қолдау көрсетіп жатқандығына наразы екендігін Г.В. Чичеринге білдірген Мұстафа Кемал паша бұдан былай ойлануының негізсіз екендігі туралы жауап алғанымен бұл мәлімдемеге сенбей, өз пікірінің негізі табыла қалған жағдайда батыс елдерімен одақтасып, Кавказға шабуыл жасау мүмкіндігінің бар екендігін алға тартты және Мәскеуді бопсалап қорқытты. Бұл бопсадан үрейленген Мәскеу басшылығы Мұстафа Кемал пашаға «біздің Энверды қолдауымыз ертек болып табылады», – деп жауабын елемеген түрік өкіметі большевиктерден Энвер пашаға қатысты нақты шара қолдануды талап етті. Г.В. Чичерин 1921 ж. желтоқсанда маңызды әскери-саяси миссиямен Түркияға аттанған М.В. Фрунзе арқылы «Баршаға танымал мұсылман адамды тұтқындау мүмкін емес деп есептейміз. Ол Батумиге келген тұста біз оған кедергі бола алмадық, бірақ ешбір көмек көрсетпедік, көрсетіп те жатқан жоқпыз», – деген хабар салды. Энвер паша болса, бұл тұста Кавказда емес, әлдеқашан Түркістан жерінде болатын [13, 54 б.].

Энвер паша 1921 ж. 27 қыркүйекте Батуми қаласынан жолға шығып, Батуми – Тбилиси – Баку – Қызылсу – Ашхабад – Мерв – Байрамали – Чарджоу [45, 138 б.] жолы арқылы Чарджоу қаласына жетіп, Жамал пашамен кездесе алмағаннан кейін оның Бұқарада екендігін естіп [23, 330 б.], Бұқара қаласына аттанды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Осман империясы теңіз әскери күштерінің министрі қызметін атқарып, соғыстан кейін бірге Германияға қашқан Энвер пашаның саяси әріптесі Жамал паша 1920 ж. ауған әміршісі Аманулла ханнан өзінің әскери кеңесшісі болуға ұсыныс алған болатын [13, 54 б.]. Жамал паша Ауғанстанға Мәскеу жолы арқылы барды. Мәскеуде большевиктер онымен келісімге келіп, оны да өз құпия жоспарында қолдануды ұйғарды. РСФСР СІХК-ның РКП ОК-не 1921 ж. 10 қарашада жолдаған аса құпия хатында «1920 ж. тамызда барлау әрі ауған әміршісінің

сеніміне ие болып, жауапты қызметке орналасу мақсатымен жас түріктердің әйгілі қайраткері Жамал пашаны Ауғанстанға жіберген едік. Бүгінгі таңда ауған әміршісі Жамал пашаға үнді шекарасында орналасқан батыс армиясын қайта жасақтап, басқару қызметін тапсырған. Жамал пашаның жазуынша армияны қайта жасақтау ауған өкіметін қару-жарақпен қамтамасыз еткен жағдайда ғана мүмкін болады. Осы армияның жауапты қызметтеріне қызыл мамандарды жіберу мүмкіндігіміз бар. СІХК жолдастарымыздың ауған армиясының құрамына енуіне, басқа бір жағынан ықпалымызға біршама тәуелді және ағылшын Үндістанына қарсы соғысқа қабілеті бар армияның құрылуына аса үлкен мән бере отырып, әскери көмек көрсету және ауған армиясы үшін бір топ жолдастарды бөліп беру туралы шешім қабылдануын ұсынады. Ұсыныс қабылданған жағдайда шешімді жүзеге асыру жөнінде СІХК мен ТӘК-тің қысқа мерзім ішінде өзара келісімге келуін міндеттеу қажет» – деген мағлұмат большевиктердің әу-бастан Жамал пашаны өз жоспарларына кірістіргендігін көрсетеді [13, 51 б.]. Кеңес өкіметі ауған армиясын ағылшындарға қарсы қару-жарақпен астыртын қамтамасыз ете бастады [13, 51 б.]. Большевиктердің «үнді саясатын» өз қолына шоғырландыруға тырысып баққан Жамал паша алдағы жоспарларын Кеңес өкіметі басшыларымен талқылау мақсатымен Кабулдан Мәскеуге барар жолында Энвер пашамен Бұқара қаласында кездеспек болғанымен бұл кездесуді қаламаған большевиктер оны ешбір темір жол станциясында кідіртпестен Ташкент арқылы Мәскеу жолына шығарып салды [13, 52 б.].

1921 ж. 15 қазанда Жамал пашамен кездесу үшін Бұқара темір жол вокзалына келіп жеткен Энвер паша 8 қарашаға дейін (23 күнде) Бұқара қаласында Бұқара Төңкерісшіл Комитетінің мүшесі Ф. Қожаев, қорғаныс нәзірі А. Арифов, қорғаныс нәзірінің орынбасары А. Риза, сыртқы істер нәзірі Х. Шайық сынды БХКР үкіметінің мүшелерімен, Бұқара жеріндегі РСФСР өкілдерімен, «Түркістан Ұлттық Бірлігі» құпия ұйымының жетекшісі А.-З.В. Тоганмен кездесіп, алдағы саяси іс-әрекеттерінің негізгі төрт бағытын айқындады [38, 11 б.]. Олардың алғашқы үшеуі Бұқара жәдитшілерінің ұсыныстарынан туындаған болатын. Біріншісі, өз беделін пайдаланып, БХКР мен РСФСР арсында «көпір» болу және БХКР-ның күшеюіне ат салысу; екіншісі, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, қозғалысты орталықтандыру арқылы Түркістан жерін Ресей ықпалынан азат ету; үшіншісі, Ауғанстан жеріне өтіп, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын сол жерден басқару болса [45, 138-139 б.]; төртіншісі, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатыспастан Мәскеу жолы арқылы Берлинге жетіп, отбасымен қауышу еді. Энвер пашаның төрт бағытты да ұстанбақ болғанын бүгінгі таңға дейін жарияланған еңбектерден түсінуге болады. Оның Бұқара мен Мәскеу арасында «көпір» болуға келісімін білдіргендігі Мәскеуге жолдаған (мерзімі белгісіз) хатынан белгілі «Тәуелсіз Бұқара арқылы біз досымыз кеңестік Ресейдің төңкерісшіл басшылығымен Исламды Британия империализмінен құтқару міндетімізді табысты түрде аяқтап шыға аламыз. Мәскеу халық комиссарлары кеңесінен осында жіберілген және мұнда жау қолындай әрекет етіп жатқан

қызыл әскерлерді кері шақырып әкетуіңізді сұраймын. Қызыл әскерлердің Бұқарада қалдырылуы ашаршылыққа тап болып отырған мұсылмандардың ең соңғы түйір азығының олар тарапынан тартып алынуына және кеңестік Ресейге қарсы халық наразылығының күннен-күнге асқына түсуіне себепші болар еді. Өлкенің азық-түлігін және бағалы заттарының шетке тасып әкетілуін тоқтату лазым. Шығыс Бұқарада көтеріліс болу қаупі бар. Оның ықпалы басқа жерлерге де таралуы мүмкін. Үкімет басындағы бұқаралық комиссарлар чекистер мен орыс әскерлері тарапынан террор мен қуғынға ұшырауда. Дербес, тәуелсіз жұмыс істеу мүмкіндігінен жұрдай болған. Мәскеуге қарсы наразылық білдірушілер қатары төңкерісшіл жас бұқаралықтармен толығуда. Мәскеу үшін ең маңызды саналатын Шығыс шебінде Кеңес өкіметіне қауіп-қатер күшейгенін хабарлаймын. Өз өмірлерін өз қалауынша құру үшін Бұқара халқына толық мүмкіндік берілуі лазым. Бұқара халқының өтініші бойынша, мен Кеңес өкіметі мен Бұқара республикасы арасында алда өтуге тиісті кездесулерде Бұқара халқына уәкілдік етуді өз міндетіме аламын. Бұл мұражатыма (үндеуіме) тезірек жауап берілуін, оны талқылау үшін өкілдер тағайындалуын, кездесетін жер және уақыт белгіленуін өтінемін. Мен өз тарапымнан желтоқсан айында (1921) Бұқара қаласында кездесуді ұсынамын» [38, 197 б.]. Большевиктердің «автономия береміз» деген уәделері тіл, дін, нәсіл және дәстүр туралы Кеңес өкіметінің концепцияларынан бейхабар Орталық Азия халықтарын өз кезегінде қуанышқа бөлеген болатын. Бұның куәсі болған Энвер пашаның өз хатында «Тәуелсіз Бұқара» сөз тіркесінің орын алуы оның «тәуелсіздік» ұғымын «шетелдік ықпалдан толығымен азат болу» деген мағынада пайдаланғандығын көрсетеді [38, 11 б.].

Энвер паша 1921 ж. 27 қазанда Бұқараның оңтүстік-шығыс бағытында орналасқан Қаған қаласындағы РСФСР саяси төрағасы, масондықтың жоғарғы құпия дәрежелеріне қол жеткізген, Бұқараны және оның мәдениетін терең зерттеп білген, Ресейдің шығыс барлаушысы, шығыстанушы Н. Юреневпен кездесіп, Жамал пашаның Мәскеуден Ауғанстанға қайтар жолында Бұқара қаласы арқылы өтетін уақытын анықтамақ болды. Н. Юреневтің Жамал пашаға жол берілмейтіндігі былай тұрсын, Энвер пашаның да бұл жерлерде немен айналысып жүргендігі большевиктерге мәлім екендігі туралы ескертпе сөздері Энвер пашаға Бұқара қаласынан тез арада кетуінің қажеттілігін аңғартты [45, 329 б.]. Бұл кездесуден кейін ол 29 қазанда Берлиндегі туған інісі Камілге жолдаған хатында «Бұдан былай Ресейге біздің адамдардан ешкім келмесін. Әкем де келмесін. Құдай қаласа, бұл жердегі өмірім ойдағыдай жалғасын табатын болса, бақытқа кенелеміз. Отбасының ауыртпашылығы сенің мойныңда. Бәрінді бір Аллаға тапсырдым», – деп жазады [74, 250 б.]. 30 қазанда Энвер паша Берлиндегі саяси әріптестеріне жолдаған хатында: «1) Батуми мен Мәскеуден жолдастарымның келуіне дейін осы жерде боламын. Хиуа мен Түркістандағы жолдастарымыз туралы мәлімет алу үшін бірнеше адамды осы жаққа шақырдық. 15 қарашаға дейін осы жерде жиналады. Жағдайды сараптағаннан кейін нәтижені хабарлаймыз. 2) Бұдан кейін Жамал бауырымыздың келуіне дейін, яғни көктемге дейін Бұқара мен Түркістан

жерінде жағдайға қарап әрекет жасаймыз. 3) Бұқараның жаңа үкіметі, бір жыл болды, көптеген қиыншылықтарға қарамастан жағдайды өз бақылауының астына алу үшін жұмыс атқаруда. Бұл туралы Назым бей толық мәлімет жеткізеді. Мәскеу өкіметі Бұқара мен Хиуаның ішкі жағдайына араласпастан тек осы жерлерде орналасқан өз әскерімен әлек. Бұл жылы ауру салдарынан орыс әскері үлкен зардап шекті. Душанбе маңында 800-ге жуық қана орыс әскері бар. Соғысамыз деп қиын жағдайға тап болған. 4) Түркістан мұсылмандары қазіргі жағдайда Мәскеу саясатының халықтың қалауын есепке ала отырып, жүзеге асырылуына байланысты бұрыннан жалғасып келген қанаушылықың жойылатындығына үлкен үміт артуда», – деп жазып, өзінің большевиктермен одақтаса алмайтындығын мегзеген [74, 251-252 б.]. Оның Бұқараның түркі большевиктерімен орнатқан байланыстары мен Кеңес өкіметіне жолдаған ұсыныс хаты Мәскеу большевиктерін қатты мазалады. Хатқа жауап берудің орнына Энвер пашаны «британ агенті» деп айыптап, ТАКСР сыртқы істер халық комиссары Геппнер арқылы ауған әміршісі Аманулла ханмен Энвер пашаға қарсы одақтасуға және бұрынғы Бұқара әміршісі Саид Әлім ханды «Энвер паша Бұқара, Түркістан, Ауғанстан мен Үндістан әміршісі болуды көздеуде» деген ойша пайымдауына сендіруге тырысты. Большевиктердің бұл саясаты Энвер пашаны оның екінші саяси бағыты болып табылатын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысу туралы шешімін қабылдауына мәжбүрлеген еді.

Энвер паша Бұқара қаласын тастап кеткеннен кейін, 1921 ж. 14 қарашада БХКР КП ОК жергілікті партиялық және кеңестік органдарға «Бұқарадағы Энвер паша бүлігінің көзін жою аса маңызды тапсырма болып табылатындығының» Мәскеуден келіп жеткен циркулярын жолдап, Ферғана облысында әскери диктатура орнатып, әскери диктатор қызметіне Түркістан шебінің ТӘК мүшесі П.И. Барановты тағайындады [105]. Большевиктердің бұл іс-шарасы Энвер пашаның Шығыс Бұқара жерінде бүлік шығарып, жақын орналасқан Ферғана облысы көтерілісшілерінің сол бүлікке міндетті түрде қатысатындығын алдын-ала белгендігін аңғартады. 1922 ж. 1 қаңтарда Кеңес өкіметі Шығыс Бұқара жеріндегі (Душанбедегі) РСФСР бас консулы Нагорнов арқылы Энвер пашамен байланысып, оның жоспарларын білмек болған. Одан бүкіл шығыс халықтарын, тіпті жапондар мен қытайлықтарды да біріктіру жобасын қалайша жүзеге асырмақ екендігінің мазмұнын түсіндіріп беруін сұраған [106]. Энвер паша 12 қаңтарда Нагорновқа жолдаған хатында өзінің халықтар азаттығы туралы көзқарасының Мәскеу мен Лондонда бұрыннан мәлім екендігін, Бұқараға келе салысымен өзін-өзі басқару принциптерінің Ресей қарамағындағы мұсылман халықтарының ішінде бос сөзден басқа ешнәрсе емес екендігіне көз жеткізгендігін, Шығыс Бұқара жерінде кеңес әскерлерінің жан түршігерлік қылмыстар жасап, қалалар мен ауылдарды тонап, талан-таражға салғандарының куәсі болғандығын, олардың мұның бәрін қорғану мақсатымен істегендеріне сене алмайтындығын, сол себептен халықтарды империалистік қанаушылықтан азат ету принциптерін жүзеге асыру үшін ең әуелі Түркістан, Бұқара, Хиуа жеріндегі шыдауға төзгісіз орыс

үстемдігін құлатудан бастау қажет екендігін жазады. Егер де Кеңес өкіметі шығыс халықтарымен бірігіп, ерікті одақ құру жолында оларға, әсіресе мұсылмандарға өз тағдырын өзі анықтау құқығын беруден бас тартса, өзінің қарулы күреске дайын екендігін және бұл оның соңғы сөзі екендігін білдіріп, Нагорновтан өзінің бұл шешімін Мәскеудегі жолдастарға жеткізуін сұранады [106]. 1922 ж. 14 қаңтарда жолдаған екінші хатында келісімге келіп, мәселені Мәскеусіз-ақ шешуді ұсынған Нагорновқа Энвер паша 16 қаңтарда жауап хат жолдап: «Қосып айтар еш нәрсем жоқ. Ресей үлкен апаттан аман қалуды қаласа түркістандықтар мен бұқаралықтардың жерін босатып, оларға өзін-өзі басқару құқығын берсін», – деген талабын білдірді [106]. Тек өз мақсаттарына ғана қол жеткізуді көздеп, Ресей түркі халықтарының саяси бірлігіне мүмкіндік беруді қаперіне де алмаған Кеңес өкіметін бастапқыда «саяси одақтасым» деп таныған Энвер паша осы соңғы хаты арқылы өзінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қосылғандығын большевиктерге ресми түрде білдірген еді. Осы тұстан бастап Энвер пашаның большевиктермен саяси қарым-қатынасы аяқталып, шайқас майдандарындағы әскери қарым-қатынасы басталды.

Ұлттық Одақ жұмысының аясын БХКР-ның ішінде ғана емес, бүкіл Түркістан жерінде кеңейте түскен А.-З.В. Тоган басмашылық қозғалысының нәтижесінде кеңестік Ресейден толығымен бөлініп шыққан жағдайда ауадай қажет болатын ұлттық армия мамандарын әзірлеу жұмыстарына кірісті [51, 525-527 б.]. 1921 ж. басында БХКР жеріндегі кеңестендіру саясатына қарсы әлеуметтік құрамы әрқилы бытыраңқы қарулы топтар (группировкалар) қалыптасып, Шығыс Бұқарада: Балжуанда Дәулетменд бек, Кенткүрдте Ашур бек пен Салих мирза, Кулябта Ашур тоқсаба, Қорғантөбеде Тоғайсары, Данғарда Абдуқаюм парвоначи, Лақайда Ибрахим бек, Дарвазда Ишан сұлтан, Қаратегинде Фузайл махдум, Файзабадта Гаюр бек, Сары Асия мен Қаратағда Абдурахман бек, Бабатағда Хаит бек, Душанбеде Рахман датқа, Сурханда Хурам бек, Гиссарда Али Мардан бек пен Темір бек; Орталық Бұқарада: Қаршыда Жора қожа, Гүзарда Әулиеқұл қорбашы, Керкиде Құлмұхаммед бек пен Абдурахман батыр, Сарайкамар мен Алатағда Дастанқұл мен Тусан бай, Шахрисабз пен Яккабауда Жаббар соғыс қимылдарына көшті [51, 523 б.]. Кеңес өкіметінің халықтан жүйесіз түрде азық-түлік жинауы, алынған заттарға ақша төлеудің орнына қолхат берумен шектелуі, милиция қатарына халық арасынан адам жұмылдырудағы байпсыздығы, қызыл әскердің қарапайым халыққа оқ атып, әйел затына зорлық-зомбылық жасауы салдарынан Шығыс Бұқараның Гарм, Балжуан, Файзабад, Куляб, Қаратегин аудандарында 1921 ж. сәуір-мамыр айларында халық көтерілісі орын алды. Кеңес өкіметінің саясаты мен Бұқара халқының наразылығына тап болған ресми БХКР үкіметі Кеңес өкіметінің жүгенсіздігіне балта шабу, елдің толық тәуелсіздігіне қол жеткізу мәселесін талқылау мақсатымен 1921 ж. жаз айларында Душанбе қаласына аттанған А. Қожаев арқылы Шығыс Бұқара көтерілісшілерімен келіссөздер жүргізе бастады [51, 524-525 б.]. Халық көтерілісін бейбіт жолмен тыншытуды көздеген БХКР үкіметі көтеріліс басшылары Дәулетменд бекті Балжуанның, Ишан сұлтанды Гармның төңкерісшіл комитеттерінің төраға қызметтеріне тағайындады. 1921

ж. 12 тамызда Балжуан қыстағында өткен кездесуде Шығыс Бұқара қызылдардан азат етілген жағдайда жергілікті билікті Дәулетменд бек пен Ишан сұлтанға тапсырылатындығы, өз кезегінде көтерілісшілер қаруын тапсырып, БХКР үкіметін мойындайтындығы туралы келісім шартқа қол қойылды [51, 525-527 б.]. 1921 ж. 13 қыркүйекте Кеңес өкіметінің Ферғана облысында төтенше жағдай енгізуіне байланысты БХКР үкіметімен бекіткен келісім шарт негізінде Дәулетменд бек пен Ишан сұлтан 15 қыркүйекте Қорғантөбені жаулап алып, 17 қыркүйекте Қарақамыш қыстағында өткен басмашылар құрылтайында Кеңес өкіметіне ультиматум жариялады.

Басмашылардың 1921 ж. 17 қыркүйектегі ультиматумында Кеңес өкіметі өз әскерін БХКР жерінен 10 күндік мерзім ішінде шығарып алып кетпеген жағдайда барлық бағытта шабуылға көшетіндіктерін ескертті. 22 қыркүйекте 4000-ға жуық адамымен Душанбе қаласындағы қызыл әскер гарнизонын қоршауға алған Ибрахим бектің соғыс қимылы Балжуан мен Куляб аудандарындағы көтерілісті өршітіп, олардың 25 қыркүйекте Гиссар мен Кафирниханды өздеріне қаратып, бұрынғысынан да күшейе түсуіне себеп болды. 1921 ж. қазанның ортасына дейін Файзабад, Куляб, Гарм, Қорғантөбе, Кафирнихан, Гиссар, Каратегин аудандарын қызылдардан азат еткен көтерілісшілер өз штабын Көкташ маңындағы Мазар-ы Мәулана қыстағына орналастырған Ибрахим бекті Шығыс Бұқара азаттық қозғалысының басшысы деп таныды [51, 527-528 б.]. 1920-1921 жж. Шығыс Бұқара азаттық қозғалысының күшеюі мен қызыл әскердің осы аумақта жұмылдырылуына байланысты өзін еркін сезіне бастаған Батыс және Орталық Бұқара (Бұқара мен Кармана аудандары) халқы Абдулқаһар молданың басшылығымен көтеріліске шықты. Батыс Бұқара көтерілісшілерінің саны 10 000 адамнан асып түсті. Энвер пашаның Бұқараға келуі қарсаңында Шығыс Бұқарада Ибрахим бек пен Даулетменд бектің, Батыс Бұқарада Абдулқаһар молданың басшылығымен жалғасқан Бұқара азаттық қозғалысы БКХР-ның түкпір-түкпірін қамтыған еді. Энвер пашаның келуімен Бұқара азаттық қозғалысының жаңа кезеңі басталып, басмашылық қозғалысы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының сипатын алды [51, 528-529 б.].

Бұқара қаласында үлкен қошеметпен қарсы алынған Энвер паша БХКР сыртқы істер нәзірлігіне қарасты «Дилкуша» сарайына жайғасып, 1921 ж. 16 қазанда Берлиндегі туған інісі Кәмілге «Ақыры Бұқараға жеттім. Сами де қасымда. Мемлекеттегі жағдайдың ойдағыдай болуына байланысты бұл әрекетім мақсатым мен елім үшін пайдалы болар деген ойдамын. Әзірге осы жақта боламын. Өйткені, ниетіме салып Берлинге барсам екінші рет бұл жаққа келу мүмкіндігім болмайды. Алла қаласа, жуық арада жағдай айқындалса, жеңгеңді саған тапсыратын боламын. Олар менің бұл дүниедегі өмірім, барым солар. Солар үшін қызмет атқарып жүргенімді біледі. Сол себептен, өзімді аз да болса осылайша жұбатамын. Бұқарадан шығып барар жерім, бәлкім 1 айдан кейін қарулы көтерілісшілердің қасына барып, олардың жағдайымен танысармын», – деген хатын [74, 249 б.] жолдағаннан кейін БХКР ХНК төрағасы Ф. Қожаевпен кездесті. Осы тұста ресми сапармен Байсун қаласында

жүрген БХКР ББТК төрағасы Осман қожамен байланысқан Ф. Қожаев оған Бұқараға Энвер пашаның келгенін хабарлады. Осман қожа Ширабат ауданының гарнизон басшысы, 15 жыл бұрын Осман империясының III армиясында Энвер пашамен бірге қызмет атқарған Хасан бей арқылы Энвер пашаға хат жолдап, оның келуіне қуанышты екендігін білдіре отырып, аумақта қалыптасқан жағдаймен таныстыра келе, жуық арада кездесуді қалайтындығын білдірген [105, 196-197 б.]. Осман қожаның хатына жауап ретінде Энвер паша «Құрметті эфендім! Бұқарада Хасан бей бауырымнан сәлеміңізді алдым. Әзірге кездесе алмайтындығым үшін өкініштімін. Дегенмен, мақсат пен көңіл бір болса, әлбетте бір күні кездесерміз. Ешкімге хабар берместен Халил эфендиді саяхатшы ретінде Ауғанстанға жібердім. Сізге арнайы сәлемдемемді жеткізеді. Бұқарадағылармен аман-есен қоштастып кеттім. Қош болыңыз! Сізді бір Аллаға тапсырдым», – деген хатын жолдаған [22, 78 б.]. Бұқара қаласынан кетпес бұрын Энвер пашаның Ұлттық Одақ басшысы А.-З.В. Тоғанға «Мен Бұқарадамын, тез жетуіңізді өтінемін», – деген мазмұнмен хат жолдап, онымен бірнеше рет кездескендігі белгілі. Бұқарадағы ауған елшілігінің ғимаратында А.-З.В. Тоғанмен құпия кездесу өткізген Энвер паша басынан өткергендері туралы қысқа қайырып айтып, өзінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қандай көмегін тигізе алатындығын сұраған. А.-З.В. Тоғанның еселігінде: «Энвер пашаның жуық арада жүзеге асырмақ болған нақты жоспары немесе мақсаты болмай шықты», – деген ой қорытындысы Энвер пашаның қойған осы бір сұрағына ғана негізделген [22]. Энвер пашаның А.-З.В. Тоғанға мұндай сұрақ қоюының бірден-бір себебі оның большевиктерден күдер үзіп, ендігі жерде ҰО мүшелерімен, яғни Түркістанның жәдитшілерімен одақтасу жолдарын қарастыруында жатыр деп есептеуге болады.

А.И. Пылевтің пайымдауынша «Тәуелсіз Түркістан Республикасын құруды көздеген Энвер паша прогресшіл Бұқара либералдарымен байланыс орнату үшін ҰО құпия ұйымының басшысы А.-З.В. Тоғанмен кездесудің қажеттілігін сезінген болса, А.-З.В. Тоған Энвер пашаны ҰО мүддесі үшін пайдалануды көздеді» [2]. А.-З.В. Тоған естелігінде Энвер пашамен болған өзінің сұхбаттарын жеткізумен шектеліп, ҰО-тың Энвер пашаға қатысты саяси ниеті туралы сөз қозғамай, Энвер паша сұрағанда ғана өз пікірін білдіргендігін жазады. Сол себептен, А.-З.В. Тоған мен Энвер паша арасындағы бар-жоғы алты кездесудің қалай өткендігін анықтау Энвер пашаның бағыт-бағдарына байланысты тұжырым қалыптастыру мүмкіндігін жарататындығы анық. А.-З.В. Тоған Бұқара ғана емес, бүкіл Түркістан жәдитшілерінің де құпия басшысы болуына байланысты екі тұлға арасындағы сұхбат Энвер пашаның Бұқара жәдитшілерімен саяси қарым-қатынасын ашып көрсетеді. А.-З.В. Тоған естелігінде Энвер пашаның Бұқараға келу күні «1921 жылдың 20 желтоқсаны» деп көрсетілген [22, 330 б.]. Бұл мәліметтің шындыққа жанаспайтындығына байланысты А.-З.В. Тоғанның еңбектерінде орын алған кейбір даталарға сын көзбен қараған жөн. Энвер пашаның Бұқараға келу күнін көрсетуде оның қателескендігі есепке алынғанымен «Энвер пашамен алғашқы рет кездескен

күнін ұмытпаған болуы мүмкін» – деген ойша пайымдау негізінде төмендегі даталарды негізге алуды дұрыс деп таптық.

1921 ж. 23 қазанда өткен бірінші кездесуде Энвер пашаның «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қандай көмегімді тигізе аламын» деген сұрағына жауап ретінде А.-З.В. Тоган оның екі түрлі жолмен: біріншісі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысу арқылы; екіншісі ауған жеріне өтіп, сол жерден жәрдем беру арқылы көмектесе алатындығын айта келе, Энвер пашаның ауған жеріне өтуі орынды болатындығы және ол үшін көмектесуге дайын екендігін білдірген. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына өзінің қатысуын не үшін қаламайтындығын сұраған Энвер пашаға А.-З.В. Тоган төмендегідей мәселелер туындайтындығын айтады. Ол мәселелерді: «1) Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы Ресеймен соғысқа айналып, большевиктермен келісу мүмкіндігі жойылады; 2) Шетелден жәрдем алу мүмкіндігі жойылып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы халықаралық мәселеге айналады; 3) Ақ гвардияшылдар Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына көмектесуден бас тартады; 4) Қызмет басындағы жолдастар Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының немесе Кеңес өкіметінің жағын таңдауға мәжбүр болады; 5) Көмек көрсеткен сыртқы күштерге сенімсіздік арта түседі; 6) Партия ішіндегі жолдастар қарсылық танытады; 7) Кеңес өкіметі бар әскери күшін аумаққа жұмылдырады; 8) Кеңес өкіметі «панисламизм» мен «пантюркизмнен» онсыз да хабары жоқ халыққа Энвер пашаны «панисламист» әрі «пантюркист» деп танытып; 9) Қызылдар мен ақтар ортақ жауы Энвер пашаға қарсы одақ құрады», – деп көрсеткен А.-З.В. Тоган 1921 ж. Түркістан жерінде ауыл шаруашылық өнімдерінің аз өндірілгендігіне байланысты ешбір аумақ 4000-5000 адамнан артық әскерді асырай алмайтындығын айтып, Энвер пашаның аз уақыт Ауғанстанда болып, Түркістанда оңтайлы жағдай қалыптасқаннан кейін қайтып келіп, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын басқаруына болатындығын, осы бағытта ҰО өз көмегін аямайтындығын білдірген [22, 330-332 б.]. Энвер пашаның «Түркістан жәдитшілері “мұсылман” мен “түркі” бірлігін не себепті қаламайды» деген сұрағына А.-З.В. Тоган: «1) зиялы қауымды есептемеген жағдайда, жергілікті халық тек османлы халифін ғана танып, оны тек Түркияның сұлтаны деп біледі; 2) халық өзінің Түркия түріктерімен мәдени байланысы бар екендігінен хабарсыз, олардың түрікше сөйлесетіндігін білмейді; 3) орыстар исламшыдық пен түрікшілдікті халыққа болымсыз жағынан танытуына байланысты орыстармен байланысы барлар бұдан бойын алшақ ұстауға тырысады; 4) Ыстамбулда оқып қайтқандар болмаса, жергілікті халық (тіпті қажылар да) өз басының қамымен әлек болып, түркілердің саяси бірлігі туралы ешнәрсе естімеген, сол себептен түркістаншыл болып кеткен; 5) Түркістан мен Түркияның ортақ саяси мақсатының болуы мүмкін екендігіне сенетіндер жоқ; 6) Олар «Түркиялықтармен одақтасамыз деп, қиял соңына түсіп, орыстарды ашуландырып алмайық», – деген пікірді ұстанады немесе ондай пікірі де жоқ», – деп жауап берді. А.-З.В. Тоганның жауабынан кейін Энвер паша жоғарыда аты аталған екі жолдан басқа үшінші жолдың да бар екендігін, яғни Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатыспастан Мәскеу арқылы Германияға қайтуына

болатындығын айтқанда А.-З.В. Тоган бұл оның жеке өзі шешетін мәселе екендігін, басқа да адамдармен ақылдасса дұрыс болатындығын, оның Бұқараға келуін пайдаланып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын қуаттандыру мүмкіндігінен айырылмау қажеттілігін; Берлинге қайтқан күнде де Талят пашаның басына келген нәрсе оның да басына келмейтіндігінің кепілдігі жоқ екендігін айтып, сұхбатын аяқтап, кездесу соңында Энвер пашаға өз хатын табыс еткен [22, 332 б.].

1921 ж. 24 қазанда БХКР сыртқы істер нәзірі Х. Шайықтың үйінде өткен екінші құпия кездесуге өзімен бірге Қажы Сами бейді ертіп келген Энвер паша А.-З.В. Тоганға оның он төрт баптан тұратын хатын оқығандығын, ондағы мәселелер туралы ойлану үстінде екендігін айта келе, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жағдайы туралы толыққанды мәлімет алғысы келетіндігін білдірді. А.-З.В. Тоган бұл мәселеге байланысты бар білгенін, көтерілісші топтардың саны, басшылары, олардың мінез-құлықтары туралы мағлұмат береді. Энвер пашаның Бұқара жәдиді Абдулқадир мирза мен Самарқанд жәдиді Экабиршахтың оны (Энвер пашаны) Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшысы болуға шақыруы туралы нендей пікірдесіз деген сұрағына А.-З.В. Тоган аталмыш жәдитшілермен алыстан араласқаны дұрыс болатындығын айтып, Энвер пашаның Ауғанстанға баруын қайта ұсынды. Энвер пашаның ауған әміршісі Аманулла ханға сенім артуына Қажы Сами бейдің қарсылық танытуына байланысты А.-З.В. Тоган оның сөздеріне тойтарыс ретінде Энвер пашаны қате әрекетке салудан өзінің аулақ екендігін білдіреді [22, 333 б.]. Кездесу аяқталғаннан кейін кешкі уақыттың бірінде А.-З.В. Тоганмен кездесу үшін Қажы Сами Х. Шайықтың үйіне қайтып келеді. Ол А.-З.В. Тоганға Энвер пашаның Берлинде өлтірілуі мүмкін екендігін, Түркістанға келуі үлкен жетістік болып табылатындығын, әрекеті нәтижесіз аяқталған күнде де Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын халықаралық деңгейге шығаратындығын, Түркістан бұл ғасырда азаттыққа жете алмаған күнде де Энвер пашаны үлгі тұтқан келер ұрпақ бұл отанды азат ете алатындығын айтып, одан Энвер пашаның Берлинге қайтуына қарсылық білдіруін өтінген. А.-З.В. Тоган егер Қажы Сами Энвер пашаның Ауғанстанға баруына қарсылық білдірмейтін болса, бұл өтінішін орындауға дайын екендігін білдірді [22, 333-334 б.].

1921 ж. 25 қазанда өткен үшінші кездесуде Энвер паша өзінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысуына оның не үшін қарсы екендігін сұраған сауалына А.-З.В. Тоган қарсылығының жоқ екендігін, тек қалыптасқан жағдайға байланысты өз пікірімен бөліскендігін жеткізсе, 26 қазанда төртінші кездесуде Энвер паша Ауғанстанға өту туралы шешім қабылдады. А.-З.В. Тоган Энвер пашаның Ауғанстанға баруына дайындық жүргізгенімен [22, 334 б.] Бұқарадағы жағдайдың өзгеруіне байланысты Энвер паша бастапқы шешімінен бас тартып, күні белгісіз бесінші кездесуде Шығыс Бұқара жерінде көтерілісшілер мен зиялылардың құрылтайын өткізуді жоспарлағанын хабарлады. А.-З.В. Тоганнан бұл құрылтайға хиуалық, қазақ, ферғаналық, түркімен делегаттарының келуін қамтамасыз етуді сұранды. А.-З.В. Тоганның

мұның мүмкін емес екендігін, оның ауған жеріне өтуі қажет екендігін айтуына байланысты жақтырмаған сыңай танытқан Энвер паша оны М. Хакимбай мирзаның үйінде өткен үш-төрт адамдық жиынға (күні белгісіз, А.-З.В. Тоган мен Энвер пашаның соңғы алтыншы кездесуі) шақырып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысу мүмкіндігінің бар екендігін, ауған жеріне өту жоспары запаста тұрса жақсы болатындығын жеткізіп, көзіне жас алған. Ауған жеріне өтсе, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысу мүмкіндігі екінші рет туындамайтындығына байланысты бел буғандығын жария етіп, түркістандықтардың дайын емес екендігін, жақын арада да дайын болмайтындығын айта келе, орыстарға қарсы күресу үшін не істеу керек болса, соны жылдамдатудың аса қажеттілігін, өзін түркілердің ата-мекенінде екендігін, жергілікті халықты осы күреске шақыруды қалайтындығын түсіндірді [22, 335 б.]. А.-З.В. Тоганнан Кеңес өкіметінің жуық арада Бұқараға қызыл әскер бас қолбасшысы С.С. Каменев пен қызыл атты әскер қолбасшысы М. Буденныйдың қарамағында 100 000 жауынгер жібергелі жатқандығы туралы хабарды естіген Энвер паша: «Түркістанның азаттығы үшін күресу зәру қажеттілік. Кімде-кім бұл адамдыққа жат өмірді жалғастыруды қалаған болса, осылайша өмір сүруге шыдап, күндердің бір күнінде басымызға міндетті түрде келетін өлімнен қорыққан болса, міне сол адам келер ұрпақтың қарғысына лайық. Бірақ, біз азаттық үшін күресіп, келер ұрпақты құлдық пен тәуелділіктен азат бір өмірге жеткізу үшін өлімге бас тігуге әрдайым әзір болуды қалаймыз», – деп жауап қатты [104, 199 б.]. 1921 ж. 4 қарашада Энвер паша Берлиндегі інісі Кәмілге: «Мазам қашты. Уақытым да аз. Ол былай тұрсын, бұл жерде күтпеймін. Ертең бе, арғы күні ме, Мәскеуден жедел хат келеді. Осыған қарай барлық нәрсені әзірледім. Алла қаласа, жексенбінің таңында (1921 ж. 6 қарашада) жолға шығамын. Жеңгең мен кішкентайларым саған аманат. Мен үшін бұл дүниедегі барым солар екендігін ұмытпай, өз бауырлық борышыңды ойдағыдай орында. Сенің мәрттігіңе сене отырып, жүзеге асырмақ болған әрекеттерімде Хақ тағаланың жәрдемі бізбен бірге екендігіне еш күмәнім жоқ. Жалғыз қалсақ та, мақсатымызға жету үшін жолды жалғастыр. Бәріңді бір Аллаға тапсырдым. Сұлтанымның (жұбайымның) ар-намысын қорғап қалу үшін тырысып бағыңдар. Олай болмаған жағдайда, өліп кетсем де, ол күн мен үшін бар нәрсенің құрдымға кеткен күні болады», – деп жазса [74, 252 б.], 7 қарашада жұбайы Наджия сұлтанға арнап әскери күнделігіне «Кеше Хиуа мен Бұқара орталықтарына хат жолдадым. Хаттарыма Ұлы Тұран төңкерісшіл әскерінің қолбасшысы, бас орталықтың басшысы деп қол қойдым. Қылыш қынабынан шықты. Енді толық жеңіске жеткеннен кейін ғана қайтамын. Алла бұл үлкен күресте мені жалғызсыратпасын. Шарасыз қалған түркі мен мұсылман әлеміне арнап батаңды аяма, Наджием», – деп жазып [104, 199 б.], 8 қарашада құрамында Қожа Хаим, Қажы Сами, Бартынлы Мухиддин, Нафик, Халил есімді түрік офицерлері бар 74 адамдық әскери жасағымен бірге большевиктерге «аң аулаймыз» деген желеумен Бұқара қаласынан шығып кетті [104, 200 б.].

Бұқара жәдитшілерінің өзара бірлік сақтай алмауы, бір бөлігінің БХКР-ның азаттығын мақсат тұтуы, екінші бөлігінің Кеңес өкіметімен қоянқолтық жұмыс атқаруы олардың саяси жағынан қауқарсыздығына әкеп соқты. Энвер паша жәдитшілердің саяси қауқарсыздығын біле тұра олармен А.-З.В. Тоган арқылы саяси одақ құрмақ болды. Бұқара жәдитшілерінің үлкен бөлігінің Энвер пашаны Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшысы ретінде Бұқара жерінде емес, ауған жерінде көргісі келгендігі оны Бұқара кадимшілерімен саяси одақ құру жолдарын қарастыруға мәжбүрледі. Энвер пашаның шешімінен хабардар БХКР ХНК төрағасы Ф. Қожаев А.-З.В. Тоганмен кездесіп: «Энвер паша көтерілісшілерге қосылатын болса, көңіліміз қаламаса да оған қарсы аянбай күресуімізге тура келеді», – деп көзіне жас алған [22, 336 б.]. Кеңес өкіметін қолдаған Бұқара жәдитшілері Энвер пашаға қатысты саяси ұстанымын осылайша білдірген еді.

Бұқара жәдитшілерінің қызыл әскер көмегімен 1920 ж. 1 қыркүйекте жүзеге асырған қарулы төңкерісінің нәтижесінде Бұқара қаласын тастап, Шығыс Бұқараның орталығы Гиссар қаласына қашуға мәжбүр болған Бұқара әміршісі Мир Саид Әлім хан Түркістан кадимші күштерінің өкілі еді. Большевиктер мен жәдитшілерден өз билігін қайтару мақсатымен Гиссар қаласында әскер жиып, қолбасшы қызметтеріне Мұхаммед Саид бек, Абдулхафиз бек, Ибрахим бекті тағайындаған Саид Әлім хан шетелден көмек қарастырды. Ұлыбритания королі V Георгқа арнап Делидегі ағылшын генерал-губернаторына 1920 ж. 12 қазанда жолдаған хатында ол: «Көмекке зәрумін. Мәртебелі тақсыр! Маған мемлекеттік қарыз ретінде 100.000 фунт стерлинг, қосалқы бөлшектерімен бірге 20 000 мылтық, 30 пулемет пен толық жарақталған 10 ұшақ беру арқылы қамқорлық танытуыңызды сұраймын. Аты аталған жабдықтар өкілдеріме тапсырылса қуанышты болар едім. Орыстармен қалай соғысу керек екендігін жақсы білетіндігіңіз үшін 2 000 дайын әскер Қаратегін жолы арқылы жіберілсе өте жақсы болады. Бұл, арамыздағы достық пен ынтымақтастығымыздың артуына септігін тигізеді», – деп корольден жәрдем сұрады. Ағылшын өкіметі қалаған жағдайда «шақыру» болып табылатын бұл хатты негізге ала отырып, Бұқара әмірлігінің жеріне кіріп баруына да болар еді. Алайда, Делидегі аумақтық жауапты қызметкер Д.Т. Моунтистің (D.T. Monteath) Саид Әлім ханның хатына қосымша пікірін: «Ынтымақтастық ешбір жағдайда мүмкін емес. Ресейге қарасты мемлекеттердің біріне көрсетілген мұндай жәрдем соғыстың басталуына себеп болуы мүмкін», – деп жазуы [45, 77-78 б.], мен ағылшын стратегиясы бойынша Бұқара хандығының Ресей империясының бөлінбес бір бөлігі ретінде қарастырылуы, Саид Әлім ханның Ресейге қарсы бүлік ұйымдастырушы ретінде бағалануы Ұлыбританияның көмек көрсетуі былай тұрсын, оның хатына жауап жазуды да қажет деп таппауына әкеп соқты [45, 78-79 б.]. Кеңес өкіметі 1921 ж. ақпанның аяғында Гиссарға қызыл әскерін жіберіп, Саид Әлім ханды Куляб ауданына ығыстырды. Он күнге созылған Куляб шайқасында жеңіліс тапқан Саид Әлім хан қасындағы 300-ге жуық әскерімен 4 наурызда ауған жеріне өтті. Кеңес өкіметіне қарсы күресті жалғастыру ісін Ибрахим бек

пен Дәулетменд бек сынды қолбасшыларына тапсырып, Ауғанстан мен басқа да мемлекеттердің жәрдеміне қол жеткізіп, елге қайтып келуді көздеген ол өмірінің соңына дейін елін аңсаумен өткен еді [45, 80-81 б.].

Саид Әлім ханның 1921 ж. наурызда Ауғанстанға кетуінен бастап Энвер пашаның 1921 ж. қарашада Шығыс Бұқара жеріне келуіне дейінгі уақытта Шығыс Бұқара азаттық қозғалысын Ибрахим бек басқарды. 1889 ж. дүниеге келген, өзбектердің лақай руы қоныстанған аудандарында Гиссар бегі, Қарақұл бегі атанған, Бұқара әміршісі Саид Әлім хан тарапынан Мириван бегі және артиллерия қолбасшысы қызметтеріне тағайындалған, Саид Әлім хан елді тастап кеткеннен кейін оның атынан 1926 ж. дейін Кеңес өкіметіне қарсы Шығыс Бұқара жерінде күрес жүргізген Ибрахим бек 1921 ж. қарашада Қараменді қыстағында реакцияшыл кадимшілердің 5 000 адамдық мәслихатын ұйымдастырады. Дәл осы мәслихатқа Шығыс Бұқара кадимшілерімен саяси байланыс құрып, олармен одақтасу мақсатымен Энвер паша келіп жеткен еді [35, 127 б.]. Қараменді қыстағына келер жолында Энвер пашаға өз адамдарымен Ширабад ауданының әскери нәзірі, полковник Хасан мен Термез милициясының бастығы Осман қосылды. Энвер паша жасағын Карши қаласына жақын орналасқан Жыллыкөл (Қыллыкөл) қыстағында Шығыс Бұқара азаттық қозғалысы басшыларының бірі Нафиз молда қарсы алып, Абдулхаким тоқсабаның үйіне жайғастырды [104, 200 б.]. Энвер паша 1921 ж. 9 қарашада Абдулхаким тоқсаба ауласының бақшасында көтерілісші қолбасылардың жиынын өткізіп: «Бауырларым! Мен бұл жерге Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысқалы келдім. Араларыңыздан кімде-кім бізбен бірге жұмыс атқаруды қаласа, менің айтқан антымды қайталасын. Егер де, бала-шағасының орыстар қолында қалып қоюынан қорқса, оны да ашып айтсын. Бұйырамын. Ондай адам қаруын тапсырып, өз білгенін істесін», – деп сөз сөйлген [104, 200 б.]. Жиынға қатысушылар оның ұсынысын қабылдап, Түркістан азаттығы жолында бірлікке берік болатындығы туралы Алланың алдында ант ішті. Б. Хайит: «Энвер паша 1921 ж. 9 қарашада 2.500-ден астам жасағы бар көтерілісшілердің басқа бір басшысы Тоғайсарының қонысы Қорғантөбе қыстағына барып, қуанышпен қарсы алынды», – десе, М. Иркаев пен В. Медведев: «Тоғайсары мен Ашур тоқсаба Ибрахим бектің тапсырмасы бойынша қасына 200 нөкер ертіп, Жыллыкөлдегі Энвер пашаны тұтқындап, оның шын мәнісінде кім екендігін анықтау мақсатымен Ибрахим бек отырған мәслихатқа жеткізді», – деп жазған. Осы тұстан бастап Б. Хайит пен А.И. Пылевтің және М. Иркаев пен В. Медведевтің оқиғаларды түсіндірулері әр түрлі болып келеді.

Энвер паша 1921 ж. 28 қарашада Ибрахим бекке қарасты Қараменді қыстағына, 29 қарашада Арал қыстағына келіп, Али Мардан тоқсабаның үйінде қонақтаған. 30 қарашада Энвер пашаның кеңестік Ресейге қарсы соғыстың жоспарын талқылау үшін келгендігін хабарлауына байланысты Ибрахим бектің тапсырмасы бойынша Энвер паша жайғасқан Али Мардан тоқсабаның үйі қоршауға алынып, 1 желтоқсанда Ибрахим бектің адамы Зияддин махдум молданың: «Сіздер бізді Бұқара өкіметімен татуластырмақшысыздар. Күдігіміз

сейілгенге дейін қаруларыңыздың бізде болуын қалаймыз», – деген уәжі негізінде Энвер пашаның жасағы қарусыздандырылып, тұтқынға алынды. Энвер паша мен Қажы Сами бейге тапаншаларын тапсырмау рұқсатын берген Ибрахим бек Энвер пашаны «большевик агенті» деп есептеуіне байланысты «Шын Энвер паша болып-болмағандығы белгісіз» деген желеумен тұтқындар лақай руының орталығы Көкташ қыстағына жайғастырылды. М. Иркаев пен В. Медведевтің айтуынша Энвер пашаны Тоғайсары тұтқындаған. Көкташ қыстағында Ибрахим бектің басшылығымен өтіп жатқан мәслихаттың үстіне түскен Энвер паша көпшілік тарапынан «кәпір» деп айыпталып, «өлім жазасына» кесіле жаздаған. Ибрахим бектің арашы болуының арқасында Энвер пашаның өзі екендігін растайтын Ауғанстаннан мәлімет келгенге дейін тұтқын ретінде Көкташ қыстағында қалатындығы туралы шешім қабылданған. 1927 ж. оқиға куәсі болған адамдардың аузынан дерек жинап, Ибрахим бек туралы мақала жариялаған В. Васильевичтің жазуынша «мәслихат Көкташ қыстағында емес Қарамеңді қыстағында өткен», Энвер паша Көкташ қыстағына мәслихаттан кейін жеткізілген».

1921 ж. 1 желтоқсанда Энвер паша Ибрахим бектің Көкташ қыстағындағы тұтқынына айналды. Оның жасағының Ибрахим бек тарапынан тоналғаны туралы Энвер пашаның қасында болған Нафи бейдің Көкташтан 1922 ж. 12 қаңтарда Анкарадағы досы Джавид бейге жазған хаты куә: «Қазір Энвер пашаның қасындамын. Джавид, саған ешнәрсе жазбаймын. Бар айтарым, біз бұл жерде жергілікті халықтың тарапынан бар нәрсемізден айырылып, тоналдық. Сол себептен, төмендегі тізімде көрсетілген заттарды салып жібер. Әзірге ақшам болмауына байланысты бір нәрсе қылыңдар. Алдағы уақытта орнын жабамын. Джавид, не қылсаң о қыл, мына заттарды тез арада жөнелт. Өйткені, тырдай жалаңашпын. Мұсылмандарға қызмет ету осындай болады екен ғой. Әсіресе, бұқаралықтарға. Алайда, Алла қаласа жағдай жақсы болады деген үмітіміз бар. Бір қабат киім, бойымның ұзындығы 1,55 см; бір қалпақ; 1 қонышы биік ағылшын аяқ киімі, размері 41.5; 2 комплект іш киім; 1 өкшелік (тепкі); 1 белдік; бірнеше қол орамал; 1 шинель» [74, 258-259 б.]. Ибрахим бек Энвер пашаны тұтқында ұстағанымен оның жағдайын жасап, құрметті қонағындай күтіп, қонақтармен кездесуіне рұқсат берген. Көкташта осындай кездесулердің бірінде 1921 ж. 8 желтоқсанда Энвер паша БХКР қорғаныс нәзірінің орынбасары Али Ризамен, БХКР ББТК төрағасы Осман қожамен (Усман Пулатходжаев) сұхбаттасады. Ұзақ уақытқа созылған бұл сұхбаттың не туралы болғандығы әлі күнге дейін белгісіз. Дегенмен, 1921 ж. 9 желтоқсанда Душанбе қаласында орын алған «Осман қожа бүлігі» зерттейлетін болса, Ибрахим бектің тұтқыны болып отырған Энвер пашаның бұл бүлікке тікелей қатысы болғандығын түсіну мүмкін болар еді. Өйткені, кездесуден кейін Энвер паша Ибрахим бектің рұқсатымен Душанбе қаласындағы Осман қожа мен Али Ризаның қасына Қажы Сами беймен бірге өзінің екі адамын жөнелткен болатын [104, 202 б.].

1922 ж. қаңтардың басында Ибрахим бектің Энвер пашаны тұтқынға алғандығын естіген ауған әміршісі Аманулла хан Көкташ қыстағына өз елшісі

Нұруллах ханды жіберді. Осы оқиғадан кейін Ибрахим бек Энвер пашаны тұтқыннан босатып, Шығыс Бұқара азаттық қозғалысы қолбасшыларының құрылтайын ұйымдастырды. Саяси бағдарламасын баян еткен Энвер пашаны құрылтайға қатысушылар Шығыс Бұқара азаттық қозғалысының «бас қолбасшысы» етіп сайлады. Энвер паша құрылтайда өзінің Түркістанға мұсылмандар мүддесі үшін күресіп, орыстар тарапынан аяқ асты етілген мұсылманның құқығын қорғау үшін келгендігін, Бұқара тағына көз тікпестен, орыстарды Тәжікстан мен Бұқара жерінен қуып шыққаннан кейін міндетті түрде Саид Әлім ханды өз тағына отырғызатындығын жариялады. Құрылтай аяқталғаннан кейін Энвер паша ауған елшісі Нұруллах хан мен Бұқара әміршісінің өкілі Ахмет бекті Ауған жолына шығарып салып, Нұруллах хан арқылы Аманулла ханға жолдаған хатында өз мақсатын түсіндіріп, орыстарға қарсы күрес жүргізу үшін оның кідірместен жәрдем беретіндігіне үміт артатындығын білдірді [38]. Басы тұтқындалыумен басталған Энвер пашаның кадимшілермен саяси қарым-қатынасы ауған әміршісі Аманулла хан мен бұрынғы Бұқара әміршісі Саид Әлім ханның араласуымен «Шығыс Бұқара азаттық қозғалысының бас қолбасшысы» қызметіне сайлануының нәтижесінде олармен әскери одақ құруымен жалғасын тапқан еді. Большевиктердің тұрақсыздығы мен жәдитшілердің қауқарсыздығы Энвер пашаның саяси одақтас ретінде кадимшілерді таңдауына мәжбүрлеп, оның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы барысындағы саяси қарым-қатынастары жаңа қажеттіліктер мен таңдау жолдарын жаратты.

Энвер паша Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста Антанта одағынан жеңіліс табуынан кейін бұл одақтың басты мүшесі Англияға қарсы күресті жалғастырудың жолдарын қарастырып, өзіне саяси одақтас табудың ізденістері ішінде болған тұста алдынан өз көмегін ұсынып большевиктер шыққан болатын. Большевиктер Энвер пашаның дүние жүзі мұсылман халықтарының арасында танымал болуын есепке ала отырып, оны шығыс халықтарын большевизм идеясына тартуға, Англияның отарларында азаттық қозғалыстар ұйымдастыру арқылы коммунистік идеяларын бүкіл әлемге жаюды көздеді. Алайда, большевиктердің ағылшындармен жақындаса бастауы Энвер пашаның Кеңес өкіметіне сенімсіздік танытуына әкеп соғып, оның Ресей құрамындағы мұсылман түркі халықтарының көсемдерімен саяси одақ құру жолына итермелеген еді. Түркі халықтарының жәдидизм ағымының көрнекті өкілдерінің бірі А.-З.В. Тоган арқылы жәдитшілермен жүргізген келіссөздердің нәтижесінде түркі халықтарын орыс және ағылшын империализміне қарсы күреске бастауды көздеген Энвер паша жәдитшілердің оған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатыстырмастан ауған жеріне өтуін ұсыну арқылы онымен саяси одақ құруды қаламайтындығын түсінді. Сондықтан, түркі халықтарының кадимизм ағымымен саяси одақ құру мақсатымен Шығыс Бұқара жеріне аттанып, сол тұста кадимшілердің қарулы күштерінің басшысы Ибрахим бек арқылы Түркістан кадимизмінің өкілі, Бұқара хандығының бұрынғы әміршісі Мир Саид Әлім ханмен саяси одақ құрды. Кадимшілердің өз араларында берік саяси одаққа ие болмауының салдарынан Энвер паша

қозғалысы діттеген мақсатына жақындағанымен, мақсатына жету мүмкіндігінен жырақта қалып қойды. Болшевиктердің Энвер пашаға берген саяси уәдесінде тұрақсыздық танытуы, жәдитшілердің Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуын қаламауы, ал кадимшілердің Энвер пашаға толығымен бағынбауы оның Орталық Азия жерінде қаза тауып, қозғалысының жеңіліске ұшырауының негізгі себептері болды.

### 3.3 Энвер пашаның әскери стратегиясы

В. Медведев Энвер пашаның әскери ерекшеліктері туралы былай деп жазған: «Әскери қызметін партизандар соғысында бастаған Энвер өмірінің соңына дейін партизан болып қалды. Ол қай жерде батылдық қажет болса сол жерде көзге түсіп, қай жерде есеп-қисап пен анализ қажет болса сол жерде сәтсіздікке ұшырап отырды. Оның бойында шаруашылықпен айналысқысы келмейтін рыцарь мінезі болатын. Батыр асхана тірлігімен айналыспауы қажет. Энвер неміс армиясындағы қатаң сыртқы тәртіпті ұстанғанымен оның ішкі тәртібін түсінбеген немесе түсінуді қаламаған болуы керек. Ол өнеркәсіп кезеңінің соғысы технологиялық процеске айналып, соғыс шайқасының сол процестің тек соңғы операциясы ғана болып табылатындығына және жеңімпазды жай солдаттың батылдығы емес, дайын өнімді монтаждау ісі сияқты өндірісті ұйымдастыру, қосалқы «цехтар» мен бухгалтерияның керемет жұмысы анықтап белгілейтіндігіне келісім таныта алмаған еді. Оның мұндай ой-өрісі оның тағдырында шешуші рөл атқарды» [38].

1921 ж. күз айларында Батыс Бұқара жерінде ұлт-азаттық қозғалыс етегін кеңге жая бастаған болатын. Абдулқаһар молда мен Абдулжаббар қорбашының басшылығымен Хайит Амин, Орман палуан, Исмаил тоқсаба, Хасан Керуен, Данияр бек (Гишти) сынды көтеріліс басшылары 2000-ға жуық жасақ күшімен Кармана, Гиждуан қалаларын жаулап алғаннан кейін көтерілісшілер саны күрт арта түсті. Бұқара қаласындағы Энвер паша Батыс Бұқара азаттық қозғалысын жандандыру мақсатымен Осман қожаның көмегімен Көне Бұқара либералдарының басшысы Мухиддин махдумға жолдаған өз адамы арқылы Бұқара қаласы мен оның айналасында Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырып, Абдулқаһар молдаға көмек көрсетуді тапсырады. 1921 ж. желтоқсанда Энвер пашаның Ибрахим бектің тұтқыны екендігінен бейхабар Абдулжаббар қорбашының басшылығындағы Абдулқаһар мен Мухиддин махдум жасақтары Энвер паша жасақтарының Батыс Бұқараға келуіне жол ашып беру мақсатымен Қаршы ауданына кіріп барып, Батыс Бұқара жерінің үлкен бөлігін жаулап алды [107, 326 б.]. Бұның нәтижесінде Абдулқаһар молда әскерінің қатарына Бұқара маңынан шамамен 6.000, Вабкенттен 2000, Вангозиден (қазіргі Қызылтөбе) 2.000, Шафирқаннан 2000, Хутфар мен Лақлақтан (қазіргі Ромитан мен Пешку) 2500, Бахауддиннен (қазіргі Қаған ауданы) 2000, барлығы 25.000-нан астам адам қосылып, Батыс Бұқара көтерілісшілері күшейе түсті. Энвер паша өз жасағымен Көкташтағы Ибрахим бектің тұтқыны болып отырған тұста 1921 ж. 9 желтоқсанда большевиктердің

бірнеше жүз солдаты мен бұқаралықтардың 600 солдаты орналасқан Душанбе қаласында «Осман қожа бүлігі» орын алды.

БХКР Бүкілбұқаралық Төңкерісшіл Комитеттің төрағасы Осман қожа Душанбе қаласындағы РСФСР-дың бас консулы Нагорновты (көптеген авторлар еңбектерінде қателесіп: «Нагорный», – деп жазаған), Душанбе гарнизонының әскери командирі Морозенко мен басқа да бірқатар жауапты әскери қызметкерлерді қонаққа шақырып, дастархан басында Морозенкоға Түркістан халқының ежелден бері бейбіт өмірді қалайтындығын, большевиктердің халыққа тәуелсіздік пен еркіндік береміз деп уәде еткендігін, бірақ бұл уәдесін орындамағанын айтып салды. БХКР мен РСФСР ресми өкілдері арасындағы бұл сөз жарыстыру барысында Осман қожа орыстардың Мәскеуге қайтуына жәрдем беруге дайын екендігін, түркістандықтардың өз отанында еркін және тәуелсіз өмір сүруге шамасының толық жететіндігін айта келе, қызыл армияның Душанбені тез арада босатуын талап етті. Морозенконың бұл талапты орындаудан бас тартуына байланысты БХКР қорғаныс нәзірінің орынбасары Али Риза Фарух Халил бек пен Данияр бекке Душанбе гарнизонының большевик жауынгерлерін қарусыздандыру туралы бұйрық берді [104, 202 б.]. Олар өз әскерімен гарнизонды басып алып, қызыл әсердің 7-атқыштар полкінің 3-батальонын қарусыздандырып, 16 пулемет пен 250 винтовканы қолға түсірді. Бұл хабарды естіген 2-батальон 1921 ж. 9-10 желтоқсанда шайқасқа кірісіп, Түркістан шебінің штабы мен 3-атқыштар полкінің командирінен шұғыл түрде жәрдем сұрауына байланысты 11 желтоқсанда Түркістан шебі командирінің қызметін уақытша атқарушы А. Белыйдың бұйрығы бойынша Байсун қаласында орналасқан 7-атқыштар полкі батальонының бір отряды, артиллерияның бір взводы мен этаптық батальонның бір ротасы Душанбе бағытында жолға шықты. РСФСР бас консулы Нагорнов Көкташта кадимші Ибрахим бекпен кездесіп, одан жәдитшілерге қарсы күресте жәрдем сұрады. Ибрахим бектің большевиктерге жәрдем беруінің салдарынан 12 желтоқсанда Осман қожа мен Али Риза басшылығындағы бұқаралық сарбаздар радио арқылы қосымша большевик әскерлерінің көмекке келе жатқандығынести салысымен Душанбе қаласынан шегінуге мәжбүр болды.

В. Медведев Ибрахим бектің большевиктер мен жәдитшілер арасындағы шайқасқа араласпастан тек бақылаумен болып, Осман қожа одан көмек сұраған кезінде жәрдем беруден бас тартқандығын жазады [74, 139-140 б.]. Осман қожа мен Али Ризаның қасында шайқасқа қатысқан Қажы Сами бей Ибрахим бектің большевиктерге болысуына ызаланып, 14 желтоқсанда оның бір сарбазын жарақаттағаны белгілі. Осман қожа бүкіл Түркістан халқына арнап: «Жарты ғасырдан бері жау қолында қалған Түркістанның азаттық пен тәуелсіздікке жетуін шын жүректен қалайтындығымызда еш күмән жоқ. Мен қару ұстай алатын немесе қолында қаруы бар әрбір түркістандықты осы абыройлы қызметті атқару үшін көмекке шақырамын. Жасасын азаттық, жасасын тәуелсіздік!», – деп жолдаған үндеуі [104, 202 б.] жәдитшілерді жау көретін кадимшілердің көлеңкесінде қалып қойған халыққа әсер етпеді. А. Белыйдың бұйрығымен 15 желтоқсанда темір жол арқылы қызыл әскердің 4-атқыштар

полкінің атты әскерлерінің бір дивизионы мен шатқал атты әскерлерінің бір батареясы Душанбеге жөнелтілген болатын. 17 желтоқсан күні Гиссар қаласы маңындағы Летебен қыстағында (В. Медведев «Қаратағ қыстағы», – деп көрсетеді) [74, 140 б.] Осман қожа мен Али Ризаның басшылығындағы 600 сарбаз Ибрахим бектің шабуылына ұшырап, 450 адамынан айырылып қалды. Осман қожа, Али Риза мен Қажы Сами Юрчи маңындағы Сексентөбеде Ибрахим бектің қолына түсіп қалмау үшін Қарши арқылы Ауғанстан жеріне өткен болса, Данияр мен Абдурасул өз адамдарымен Шахрисабз бағытында ізін суытып үлгерді. Қашып құтыла алмай қолға түскен Нафи, Халил, Хасан, Фарух, Осман, Мұстафа Шахқұлы сияқты офицерлер мен сарбаздар тоналып, Көкташтағы Энвер пашаның қасына жеткізілді. Сөйтіп, 1921 ж. желтоқсанның екінші жартысында Осман қожа мен Али Риза да (яғни, жәдитшілер де) Энвер пашаға ұқсап өз қарулы күштерінен айырылып қалды [104, 200 б.].

Б. Хайит, М. Иркаев, В. Медведев Ибрахим бектің 1921 ж. желтоқсанның екінші жартысында 10.000 сарбазымен Душанбе қаласын қоршауға алып, 20 желтоқсанда Душанбе большевик отрядының командиріне: «Жолдастар! Біз сіздерге жәдитшілермен шайқасқандарыңыз үшін алғыс айтамыз. Мен, Ибрахим бек, сіздерді осы үшін мақтап, дос әрі жолдас ретінде сіздермен қол алысамын. Қалаған жақтарыңызға жол ашып беріп, аттарыңызды жеммен де қамтамасыз етуге дайынмын. Сіздерге қарсы ешбір қастандығым жоқ. Билігімізді құлатқан жәдитшілермен соғысамыз», – деген мазмұнда хат жолдағандығын, большевиктердің бұл талапты орындаудан бас тартуына байланысты Душанбе қаласын жаулап ала алмаса да, қоршауда ұстауын жалағастыра бергендігін жазған. В. Медведевтің айтуынша 1922 ж. қаңтардың басында Көкташқа Бұқара әміршісі Саид Әлім ханның өкілі Ахмет бек, Ауғанстан әміршісі Аманулла ханның өкілі Нұруллах хан бастаған екі делегация келіп, Энвер пашаны Ауғанстанға шақырған. Ибрахим бекке: «Сен, лақайлық қаңғыбас, түрік сұлтанының күйеу баласы болып табылатын ұлы адамды бас бостандығынан айыруға қалайша дәтің барды. Әміршіміздің сендердің қарақшы ұяларыңды бұзу үшін әскери полктерін жіберуін қалайсыңдар ма?», – деп ашу-ызасын көрсеткен Нұруллах ханға Энвер паша Ауғанстанға бармайтындығын, Кабулда жұмысы жоқ екендігін, бұл жерге орыстарға қарсы соғысуға келгендігін айтқан кезінде Энвер пашаның шынында да Энвер екендігіне көзі жеткен Ибрахим бек тез арада Шығыс Бұқара көтерілісшілерінің құрылтайын ұйымдастырып, құрылтайда Энвер пашаны Бұқара азаттық қозғалысының «бас қолбасшысы» қызметіне сайлатқызған. Б. Хайит бұл мәлімметтерге сай келмейтін оқиғалар туралы жазады. Оның айтуынша «Ибрахим бек Энвер пашаны тұтқыннан босатудан бас тартуына байланысты Нұруллах хан ауған әміршісі Аманулла ханға Энвер пашаның басына келген жағдай туралы хабар жөнелтіп, Ибрахим бектен Энвер пашаны босатуы туралы өтінуін сұранды. Аманулла хан Энвер пашаны босатуын өтінгенімен Ибрахим бек оның өтінішін орындамады. Бұқара әміршісі Саид Әлім ханның немере ағасы Тағай бек Ханабадтан (Ауғанстан) Ибрахим бекке «Энвер біздің қолдағы бір тұтқын. Қашуына еш мүмкіндік берілмеуі қажет.

әрекет жасауына рұқсат бермеңіз», – деген мазмұнда хат жолдайды. Нұруллах хан Аманулла ханға Энвер пашаның әлі тұтқыннан босатылмағандығын хабарлағаннан кейін ғана, яғни 1922 ж. 9 қаңтарда Энвер пашаның тұтқыннан босатылуы туралы Ибрахим бекке тікелей Саид Әлім ханның өзі бұйрық хат жолдайды. Дәл осы күні Энвер паша да Саид Әлім ханнан хат алады. Ибрахим бек Саид Әлім ханнан бұйрық алған күнде де Энвер пашаға Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы басшыларымен хат алмасуына ғана рұқсат берумен шектеледі» [104, 201 б.]. К.К. Раджабовтың айтуынша 1921 ж. желтоқсанның аяғында-ақ Энвер паша бүкіл Шығыс Бұқараның көтерілісшілерін басқарып, қысқа мерзім ішінде Орталық Бұқарадағы Тұрды тоқсабамен; Батыс Бұқарадағы Абдулқаһар молда, Жора Амин, Азим қожамен; Самарқандтағы Бахрам бекпен; Хорезмдегі Джунаид ханмен; Ферғана алқабындағы Шермұхаммед бек, Ярмат махсум, Ислам палуан, Парпи бекпен; Балжуандағы Дәулетменд бекпен; Дарваздағы Ишан сұлтанмен тығыз байланыс орнатқан [51, 530 б.]. Зерттеу нәтижесінде жоғарыда орын алған түрлі мәліметтердің ішінде В. Медведевтің мағлұматтары шындыққа жақын екендігінің анықталуына байланысты Энвер пашаның Шығыс Бұқара көтерілісшілерінің құрылтайында «бас қолбасшы» қызметіне сайланғандығы туралы ойша пайымның дұрыс деп қабылдануы орынды болады.

Ф. Қожаевтың айтуынша 1922 ж. басында Шығыс Бұқараның Гиссар алқабында (тәжіктер қоныстанған Лақай ауданына дейінгі жерлерде) Энвер паша мен Дәулетменд бек жасақтары, Лақай алқабында Ибрахим бек пен Тоғайсары отрядтары, Гарм, Қаратегин аудандарында Фузаил мақсумның сегіз отряды, Орталық Бұқараның Қашқадария мен Сурхандария алқабтарында Хурам бек пен Тұрды тоқсабаның жасақтары, Батыс Бұқарада (кейініректе Бұқараның оңтүстік-батысын да қамтыған) Абдулқаһар молда, Жора Амин мен Ағзам қожа жасақтары саны жағынан 20.000 адамнан асып түсті [51, 531-532 б.]. Қалыптасқан жағдайға байланысты БКП ОК-нің, БХКР ХНК мен БХКР ОАК-нің қаулылары негізінде 1922 ж. 2 қаңтарда Н. Хакимов, А. Акчурин, А. Камалов, Р. Баймуратов, Қ.З. Закрияев сынды коммунистерден құрылған Диктаторлық Комиссия [51, 531-532 б.] Шығыс Бұқара жерінде төңкерісшіл комитеттер құрып, қызыл әскердің көмегімен халық арасында көтерілісшілерге қарсы бағытталған митингтер, сұхбаттар мен Кеңес өкіметін нығайту мақсатымен халық шаруашылығын қалпына келтіру туралы үгіт-насихаттар жүргізе бастады [36]. Мұның өзі Энвер паша мен Бұқара кадимшілерінің бір жақ, Кеңес өкіметі мен оның билігін мойындаған Бұқара жәдитшілерінің екінші жақ боп араларында идеологиялық, саяси әрі әскери күрестің басталғандығының айқын көрінісі еді. Бұл күрестің басталуының тұсында Энвер пашаның айналасына басмашылардың шоғырлану процесін Б. Хайит төмендегі оқиға арқылы көрсетуге тырысқан. Оның айтуынша Памир аумағында үлкен ықпалы бар Ишан сұлтан Энвер пашаға Душанбе маңындағы бір қыстақта кездесуді ұсынғанымен Ибрахим бектің бұл ұсынысты қыстақтың өз ықпалынан тыс жатуына байланысты қабылдамай, өз ықпалы астындағы Нарин қыстағында кездесуді жөн көруі нәтижесінде Энвер паша Ибрахим

бекпен бірге Ишан сұлтанмен кездесу үшін Нарин қыстағына бара жатып, Қарақой қыстағында Шермұхаммед бектің Ферғанадан Энвер пашаға арнап жіберген делегациясымен кездескен. Делегация қолынан екі алтын қылыш пен екі аттың үстіне жегілген сыйлықтарды қабылдап, делегация басшысы Қадір қажының 1915 ж. қажылыққа барған кезінде Энвер пашамен кездесіп, одан оның фотосуретін алғандығын айтып, сол суретті шығарып көрсеткен тұста көз жасын тыя алмаған Энвер паша Қадір қажымен құшақ жая сәлемдескен. Мұны көргендер былай тұрсын, тіпті кеше ғана Энвер пашаны тұтқында ұстаған Ибрахим бек те көзіне жас алады. Қарақой ауылында Ишан сұлтанмен де алғашқы рет кездесіп, онымен орыстарға қарсы ортақ әрекет жасау жөнінде келісімге келген Энвер паша алғашқы мәрте үстіне жергілікті халықтың ұлттық киімін киген. Энвер пашамен бірге Рахаты қыстағына барған Ибрахим бек Саид Әлім ханның оған Энвер пашаға кедергі жасамауын бұйыруы мен Энвер пашаны өзінің орынбасары (наиб) әрі Бұқара жеріндегі бүкіл қарулы күштердің бас қолбасшысы етіп тағайындауы туралы хабарды ала салысымен Энвер пашаны өз еркіне қалдырып, қош айтыспастан қайтып кеткені. Рахаты қыстағынан Гиссар қаласына жеткен, айтарлықтай әскери күші де қалмаған Энвер пашаны қошеметпен күтіп алған Ишан сұлтан 1922 ж. 15 қаңтарда өз адамдарымен бірге оның билігін мойындаған [104, 201 б.].

1922 ж. 16 қаңтарда Душанбе қаласын қоршауға алған тұста Энвер пашаның қарамағында түркілер мен тәжіктерден құралған, 13 винтовкасы ғана бар 200 әскері болатын. Алғашқы шабуылы айтарлықтай нәтиже бермегенімен большевиктердің 50 солдаты қаза тауып, Энвер пашаның қолына 180 винтовка мен 2 пулемет өтті. 20-22 қаңтарда жасаған екінші шабуыл нәтижесінде большевиктер үлкен шығынға ұшырап, шегінуге мәжбүр болды. 28 қаңтарда Гиссардан келген Ишан сұлтанның, Нафи бейдің, Рахман мыңбасының, Фузайл махдум мен Исмаил Хаққының әскери бірліктері Душанбенің маңындағы Ақжар қыстағында орналасқан Энвер пашаның әскерімен бірігіп, Душанбеге кезекті шабуылды жалғастырды. Бұл шабуыл нәтижесіз аяқталғанымен Энвер паша Берлинге сол күні жолдаған екі хатында да жағдайдың даму барысын жазған. Берлиндегі саяси әріптестеріне жолдаған бірінші хатында Энвер паша: «Істерім ойымдағыдай өрбіп келе жатыр. Шығыс Бұқарада орыстардың жаулап алған жерлерінен басқа Куляб, Балжуан, Дарваз, Қаратегин аудандарының бектері өз әскерлерімен бірге менің қасыма келе жатыр. Бұлардан құралған мәжіліс алғашқы жаңа Бұқара үкіметі болады. Барлығы қалағанымды жүзеге асыруға әзір. Одан кейін, Самарқанд, шығыстағы орыстардан тәуелсіз муджахиттер өз өкілдерін жіберіп жатыр. Басқа жерлерден де өкілдер келеді. Алғашқы тәуелсіз Түркістан үкіметі құрылады. Орыстармен он күн ішінде бес рет шайқастым. Соңғы шайқас орыстар үшін өте қанды болды. Шамамен 50-ден аса өлі және жаралылары бар. Біздің бір адамымыз мерт болды. Кәмілге жолдаған әрекеттерім туралы толық мәліметтерді аларсың. Бұл күнге дейін көп қиыншылық көрдім. Алайда, енді істерім толығымен түзелді. Гиссар ауданының бегі Ибрахим бектен көп қиыншылық көрдім. Кеше халық жиналып, оны міндетінен босатып, дұшпанға қарсы бағытталған күреске

араласуына тыйым салды. Оның орнын басқан бек менің айтқанымнан шықпайды» деп жазса, інісі Кәмілге жолдаған екінші хатында «Мен сенен “Шығыс Бұқарада орыстарға қарсы шайқастар” деген айдармен “Ливаюль Ислам” және Хоффманның газетіне мақала жариялатқызуыңды қалаймын. Істерім ойдағыдай, өте жақсы. Алла қаласа, жақында барлығы жақсы болады. Мен істі бір жылда игеремін деп ойлаған едім. Екі айдың ішінде-ақ жағдай менің ойымдағыдай қалыптасып келе жатыр. Дегенмен, көп жұмыс істеуіме тура келді. Не де болса, тек Қажы Самидің пікірі ғана емес, менің пікірім де дұрыс болып шықты. Хоффманмен немесе Дупчебалықта Гюнтермен кездес. Бұл жерде, Шығыс Бұқарада, Дарваз ауданының тау етектері мен қойнауларында халықтың тарапынан көне әдіс бойынша өндіріліп жатқан алтын кеніш орындары бар. Одан кейін, темір, көмір, мұнай, жақұт, қорғасын кеніш орындары бар. Германиядан бұл жаққа сенім артуға болатын бір инженер жібере алады ма? Оқ-дәрі өндірісін құру үшін нендей мүмкіншілік бар? Егер Гюнтер бұл мәселелерге байланысты көмек беру мүмкіншілігін табатын болса, өте керемет болар еді. Үлкен парабеллум тапаншаларынан 10 данасын жіберуді ұмытпа. Зеппелин әуе шары жайында байланыс орнатуға болмас па екен? Шығыны қанаша болады? Бұл жақтан ақшасын төлеуге болады», – деп жазды [74, 261-262 б.]. Энвер пашаның бұл хаттары оның тек әскери мәселелермен ғана шектелместен, халықаралық жағдайды бағамдап, Түркістанның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелерін де шешпек болғандығын көрсетуде.

1922 ж. 8 ақпанда жүзеге асырылған Энвер паша шабуылының нәтижесінде 100 большевик әскері қаза тауып, 82 әскері тұтқынға түссе, қалғандары зеңбіректерін шайқас алаңында қалдырып шегінуге мәжбүр болды. Энвер пашаның қарамағында жүк тасуға арналған құралдардың болмауына байланысты зеңбіректерді штабқа жеткізу мүмкіндігі болмады. Большевиктер 1922 ж. 15-16 ақпанда Душанбе қаласын тастап, Байсун қаласына шегінді [36]. Энвер паша Душанбеден 45 шақырымдық қашықтықта орналасқан Мөртөбе жерінде шегініп бара жатқан большевиктерді қуып жетіп, тағы бір шайқасқа кіріскен болса, 19 ақпанда Сары-Асия маңындағы кезекті шайқаста жарақат алды. Сол күні ҰО мүшелері Бехбуди (Карши, Несеф-Карши) қаласында құрылтай өткізіп, аумақтағы бүкіл қолбасшыларға Энвер паша басшылығымен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын жалғастыру қажеттілігі туралы хаттар жолдады [45, 860 б.]. Энвер паша басшылығымен Шығыс Бұқара жері толығымен дерлік көтерілісшілер қолына өтті. БХКР-ның үлкен бөлігі азат етіліп, көтерілісші саны 20 000 адамнан асып түсті. Душанбе қаласы жауланғаннан кейін-ақ Бұқара жерінде ғана емес, Түркістан мен Хорезм жерлерінде де көтерілісші санының қарқынды түрде арта бастағанын байқаған Ауғанстан мен Шығыс Бұқара жерінің кадимші шенеуніктері, дінбасылары, рубасылары Энвер паша мен Ибрахим бекке өз құттықтауларын жаудыра бастауына байланысты Ибрахим бек Бұқара әміршісі Мир Саид Әлім ханның Ауғанстаннан Душанбеге келуінің сәті келді деген пікірді ұсына бастады. Энвер пашаның бұл пікірге қарсы шығып, әміршіні Байсун қаласын жаулап

болғаннан кейін ғана шақырған дұрыс болады деген ұстанымы онсыз да оған тілеулес емес Ибрахим бектің жақтырмаушылығының арта түсуіне себеп болды [36].

Энвер паша қозғалысының нәтижесінде Шығыс Бұқара мен Ферғана көтерілісшілерінің бірігіп кетуінің алдын алу мақсатымен Кеңес өкіметі Ферғана облысындағы әскери диктатурасының орнына Ферғана шебінің Төңкерісшіл Әскери кеңесін құрды. 1922 ж. 15 ақпанда Ферғанаға Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы К. Атабаевтың басшылығымен В. Врачев, И. Хидиралиев сынды мүшелерден құрылған арнайы комиссия жіберілді. Комиссия көтерілісшілерді тек қарудың күшімен ғана жеңудің мүмкін емес екендігін, жергілікті халықтың көмегіне жүгіну қажеттілігін анықтап, руларды қару-жарақпен қамтамасыз ету арқылы бір-біріне айдап салудың орынды болатындығын жоспарлады. Жергілікті халық арасынан көтерілісшілерге қарсы 1000 атты әскерден құралған төрт отряд құрылып, оларды басқару ісі қырғыз қорғаныс штабына тапсырылды [51, 367-368 б.]. 22 ақпанда Душанбе қаласын тастап кеткен большевик бірліктері Байсун қаласындағы қызыл әскер бірліктерімен бірігіп үлгерді. Большевиктердің Шығыс Бұқарадағы ең маңызды гарнизоны орналасқан Душанбе қаласын қолға түсірген Энвер пашаның басшылығындағы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының сарбаздары ендігі жерде Байсун қаласында орналасқан большевик гарнизонына өз қаупін төндірді. Әскери іс-қимылдардың өрбуіне қарай қызығушылық танытқан лақайлықтар Энвер паша үстемдігін мойындап, оның басшылығында шайқасуға дайын екендігін білдірді [22, 441 б.].

Энвер паша Байсун қаласын қоршауға алғанға дейінгі соғыс жорығын Сексентөбеден Кабулдағы бұрынғы Бұқара әміршісі Саид Әлім ханға жолдаған хатында суреттеген. Ол «Киелі тәждің иесі, құдіретті де мәртебелі тақсыр бауырым! Сіздің маған жолдаған хатыңызды 1922 ж. 9 қаңтарда алдым. Дінге қызмет ету мақсатымен жасаған ұсынысыңызды қабылдап, Алланың рұқсатымен іс-әрекетке кірістім. Душанбеден шегінген орыстарға Мөртөбе, Шораб, Невабад-Нода, Сешме, Сары-Асия, Анбарсай-яры, Миршади жерлерінде оларға соққы бердік. Елуден аса адамы қаза тапты. Шамамен соншасы жарақат алды. Арбалары мен аттарын қолға түсірдік. Ибрахим бек артымыздан келіп жетті. Алайда, Анбарсайда, кейінірек те шайқастан жырақ қалды. Егер ол да шайқасқан жағдайда орыстар еш құтыла алмас еді. Қазір бүкіл адамдарыңыз шайқасуда. Абдулджаббар мен Даниал бектер Шахрисабз, Гузар, Қарши маңында шайқасып жатыр. Орыстар тек Шахрисабз, Гузар, Қаршида ғана қалған. Қаладан шықпайды. Байсун да қоршауға алынды. Біз, Ишан сұлтан, Али Мардан, Ешикағасы, Дамулла Өғүнвердінің әскерлерімен бірге большевик әскерін Какайтыда Көнгаревлер ауданына дейінгі жерлерде қоршауға алдық. Сексентөбедеміз. Дөшнелі Анар Ахур, Рахман мыңбасы да өз әскерлерімен біздің қасымызда. Ибрахим бек өз әскерлерін алып, Гиссар уәлаятына қайтып кетті. Артынша хат жолдадық. Қайтып келеді деп үміттенемін. Қасында винтовкамен каруланған 50 адамы бар. Ол халықты

қорқытып, ақша, салық жинауда. Алла қаласа келешекте мұнысынан бас тартып, пайдалы тірліктермен айналысар. Бүгінге дейін орын алған шайқастарда дұшпанға қарсы ерлік танытқан есімдерді осылайша назарыңызға ұсынамын» деген [74, 262 б.]. Сексентөбе қыстағынан 1922 ж. 25 ақпанда Берлиндегі туған інісі Кәмілге жазған хатында Энвер паша «Кәміл! Саған тағы жазып отырмын, сендерден болса әлі хат келмеді. Көп жазбаймын. Халил болған нәрселерді айтып берер. Ол жақтағы ағылшындардан Үндістан жолымен Кабул арқылы біз жаққа келуге болып-болмайтындығын сұра. Жеңгеңмен бірге бұл жаққа саяхат жасасаңдар жақсы болар еді. Жағдайымыз уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Мүмкіндігің болса, маған 45 калибрлік парабеллум тапаншаларынан 5-10 немесе ең болмаса бір данасын жібер. Сау бол. Аллаға аманат етемін», – деп жазса, дәл сол күні (25 ақпанда) Римдегі Халил бейге «Халил! Сендерден ұзақ жерде әрекет жасау өте қиын. Не істесек болады? Большевиктер бұл жерлердің астаң-кестеңін шығарыпты. Бір үй, бір мешіт қалмаған. Халық толығымен тоналып, мал-мүлкі өртелген. Дегенмен, қарсылық таныта бастады. Әзірге әскеріміз көп емес. Әсте-әсте көбейіп келеді. Барлық жолдастарға сәлемімді жеткіз. Сау бол. Кәміл арқылы хабарласып отырыңдар», – деген мазмұнда хат жолдады [74, 265 б.]. Тікелей өзіне қарасты 250 адамы бар Энвер паша штабын Байсун маңындағы Пул-и Хакиян қыстағына орналастырып, адамдарына жаңа міндеттер жүктеп, өзін «Ислам және Бұқара әскерінің әміршісі» деп жариялап, 1922 ж. ақпанның аяғында Ферғана облысының Гербаба қыстағындағы Шермұхаммед бекке хат жолдап, өзінің Алла-тағаланың көмегімен дін дұшпаны болып табылатын большевиктерді Душанбе, Кабадиан қалаларынан қарудың күшімен, Юрчи, Сары-Асия (Сериасия, Серасия), Денау (Дихнев) қалаларынан соғыспастан қуып шыққандығын, большевик әскерінің үлкен бөлігі Байсун қаласында орналасуына байланысты Байсун қаласын Дарваз, Бабатау (Баба-Тағ), Денау, Қаратау (Қара-Тағ), Джилликөл әскерлерінен құралған қарулы күшпен қоршауға алып, шайқасуда екендігін, қысқа мерзім ішінде Байсунды да жаулап алатындығын жаза келе, күрестің нәтижелі болуы үшін одақтаса отырып еңбек етудің қажеттілігін, бұл одақты құра білу үшін Байсун қаласы маңында жүзеге асырылатын Ұлттық Келісім құрылтайына Шермұхаммед бектің өзін немесе өзі жіберген бірнеше өкілін шақыратындығын білдіріп, «жұмыла әрекет жасау сізден, көмек Аллахтан» деп хатын аяқтаған [45, 381-382 б.]. Энвер пашаның өз әрекеттерін тек жергілікті көтерілісшілердің көмегімен ғана емес, шетелдегі өз адамдарының жәрдемімен де өршітпек болғандығын 1922 ж. 5 наурызда Кәмілдің Пул-и Хакиандағы Энвер пашаға жолдаған хатындағы: «Аға! Кассада 300 алтын бар. Екі аптадан кейін Нури ағам (Энвер пашаның өзінен кейінгі туған інісі) емделіп болады. Сол кезде жиналып, сізге жәрдем беру үшін не істеу қажет екендігін шешеміз», – деген сөздерінен түсіну мүмкін [74, 266 б.].

Бұқара қаласын жаулауды өзінің негізгі мақсатына айналдырған көтерілісшілер қала жауланған жағдайда азаттыққа қауышамыз деген үмітте еді. Мұны олардың басшылары жақсы түсінген. Көтерілісшілер Бұқара қаласын жаулап алу үшін жоспар түзген Энвер пашаның айналасына шоғырланды. 3

500-ден аса адамы бар Абдулқаһар молда Бұқара қаласының айналасын толығымен өз бақылауының астына алады деп жоспарланып, шамамен 20 000-дық қолды бастаған Энвер паша сол жоспар бойынша Сурхандария жеріне аяқ басып, Байсун қаласы арқылы Бұқара қаласына ентелеп кіріп баруы көзделді. Термез арқылы Ауғанстаннан жиырмасына оқ, жетеуіне винтовка жегілген 27 түйені жетелеп келген 100 адамдық ауған керуенін күтіп алғаннан кейін Энвер паша өзінің қару-жарақ базасын нығайтты. Бірінші бағытта өз адамдарымен Шығыс Бұқара жерінен аттанатын Данияр бекке Сурхандария ауданындағы Хурам бекпен біріккеннен кейін Шахрисабз пен Қарши арқылы Абдулқаһар молдаға көмекке жетіп, Бұқара қаласына шабуыл жасауды тапсырса, екінші бағытта Байсун қаласын жаулап алғаннан кейін негізгі соққыны жүзеге асырып, Бұқара қаласына кіріп баруды Энвер паша өз міндетіне алды. Ибрахим бекке Шығыс Бұқара жерінде қалып, көтерілісшіл жасақ санын арттыру ісін тапсырған Энвер паша оны өзінен жырақта ұстағанды дұрыс көрді [36].

1922 ж. наурызда Энвер паша шептегі барлық әскербасыларына тоғыз баптан тұратын хат жолдады. Хатта «Құрметті муджахиттер! 1) Душанбе, Кабадиан жауланды. Бұл қалалардан қашқан дұшпан Термез бен Байсун гарнизондарына тығылды. 2) Байсун гарнизонын қарамағымдағы муджахиттермен қоршауға алдым. Күні-түні дұшпанға шабуыл жасаудамыз. 3) Жұртыңызды дұшпаннан аман алып қалу үшін ең әуелі бірігу қажет. Муджахиттердің бір-біріне сенуі, бас июі, пікіріңді құрметтеуі шарт. Дұшпанның әрекеті туралы нақты мәліметке ие болып отыру қажет. Бәріңіздің бір отанның ұлы болып табылуыңызға байланысты сіздерден сұранатыным: бөлінушіліктен бас тартып, бір байрақ астына жиналып, бір мақсатқа қол жеткізу үшін қызмет атқаруыңызды сұранамын. 4) Құрметті отансүйгіш муджахиттер! Қарсы алдыңыздағы дұшпан күштері жұртыңызға бөтен. Олардың орталығы ұзақта. Бірінші міндетіңіз, отырған жеріңізде дұшпанның қайтар жолын жою. Бұл мәселеде өте мұқият болуыңыз шарт. Халықтың дұшпанға зат сатуына, қарызға зат беруіне, дұшпанды атпен, көлікпен қамтамасыз етуіне кедергі болыңыз. 5) Дұшпанның өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуі үшін арнайы құрған отрядтарына шабуыл жасау немесе ыңғайлы жерлерде торуылдау арқылы мазасын алып, кедергі жасауды көздеңіз. 6) Дұшпан өз гарнизондарын күшейту үшін қаладан қалаға, немесе Мәскеуден жіберілген әскерлердің жүріп өтетін темір жолдарын, шоссе жолдарын, көпірлерін әрдайым бақылау астында ұстап, олардың жолға шығу әрекеттері туралы хабарды ала салысымен сол жолдарды бұзу арқылы әрекеттеріне нұқсан келтіруді көздеңіз. 7) Әрбір әскербасы (ләшкарбашы) өзінің пошта жүйесін құрып, қоңсы орналасқан әскербасылардың жағдайын біліп, қажет болған жағдайда жәрдем жіберу немесе сұрану арқылы жәрдем алу жолдарын қарастырсын. Әр 15 күнде бір рет әрбір әскербасы өз жағдайын бас штабқа білдіріп отырсын. 8) Бас штаб Байсун қаласының маңындағы Кафирун (Кофрун) ауылында орналасатын болады. 9) 1922 ж. 10 сәуірден кейін өтетін құрылтайға өкілдеріңізді жіберуіңізді сұранамын» делінген [45].

Энвер пашаның жоспар бойынша әрекет жасаған Абдулқаһар молда 1922 ж. наурызда Ғыждуван, Шафиркан, Вабкент, Рамитан елді-мекендерін жаулап алып, Көне Бұқара, Кермине, Кәтта-Қорған аудандары мен Самарқанд облысында Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырып, Бұқара қаласына жақындай түсті. Мұның нәтижесінде Ферғана мен Самарқанд жерінен Шығыс Бұқара жеріне дейін созылып жатқан аумақта тұтас бір соғыс шебі пайда болды. Тау ортасында орналасқан Нұрата елді-мекенінен большевик әскерін қуып шыққан Абдулқаһар молда өз штабын осы жерге жайғастырып, екі күнге созылған Бұқара шабуылына кірісті. Сарыпұл-Мехтар Қасым көпірі маңындағы шайқас нәтижесінде Бұқара қаласының үлкен бөлігін өзіне қаратқан ол Қаған қаласына қарай шегінген большевиктердің ізіне түсіп, Қаған маңында тағы бір кескілескен қанқұйлы шайқасқа қол жеткізді [51]. Көне Бұқара қаласынан шамамен он үш шақырымдық қашықтықта, темір жол торабының бойында орналасқан және сол себептен де стратегиялық жағынан өте маңызды болып табылатын Қаған қаласы көтерілісшілер тарапынан жауланған жағдайда Бұқара қаласына барар жолдың толығымен жабылып, Бұқараның Түркістан мен Мәскеу бағытында изоляцияға ұшырауынан қауіптенген Кеңес өкіметі қолындағы бар мүмкіндігін ортаға салды. Жедел түрде Самарқанд қаласынан атты әскер бөлімшелері, Транскаспий облысынан М. Буденный армиясының 11-атты әскер дивизиясы, Ташкент пен Мәскеуден қосымша әскери бөлімшелер Қаған қаласына жұмылдырылып, Түркістан шебі басшылығы Бұқара қаласы маңына «12.000 әскер мен бірнеше бронепоезд» жөнелтті. Бұл әскерлер келгені келгендей көтерілісшілерге қарсы күреске кірісіп кетіп отырған тұста Энвер пашаның жоспары бойынша Абдулқаһар молдаға көмекке баруы қажет болған Данияр бек пен Хурам бек өз адамдарымен Бұқара қаласына жете алмай қалды. Үдемелі түрде күшейіп келе жатқан большевик әскеріне қарсы соғыста тиімсіз жағдайға тап болған Абдулқаһар молда өз адамдарымен шегіне шайқасып, 1922 ж. 11 наурызда Бұқара қаласы маңын тастап, Вабкент, Ғыждуван, Шафиркан қыстақтарын босатуға мәжбүр болды. Көтерілісшілердің үлкен бөлігі большевиктер қолына тұтқынға түскенімен көтеріліс аяқталмады [51].

1922 ж. 26 наурызда Мазари-Шерифтегі Али Назиф бейдің Байсун қаласын қоршауда ұстаған Энвер пашаға (Пул-и Хакиан) жолдаған хатынан Энвер пашаның аумақта қалыптасқан жағдаймен жақыннан танысып отырғандығын түсінуге болады. Ол хатта: «l) Бұқара елшілігі мен Ауғанстан өкіметі келіссөз жүргізуде. Келісім шарт бекіту үшін Бұқара өкіметі Хашим эфендиді жіберген. Басты мәселе Ауғанстан өкіметі Бұқара азаттық қозғалысына қандай жәрдем беретіндігін анықтау. 2) Бұқарада орыс әскерінің саны 3-4 мың. Орыстар осыны сылтауратып, көмек келгенге дейін уақыттан ұту үшін жалпы санын 10 мың деп көрсетуде. 3) Даниал (Данияр) мен Джаббардың (Абдужаббар) әскері 700 орыс әскерін өлтірген. 4) Қаршидағы ұйым күн өткен сайын күшейіп келеді. Бүгін-ертең немесе қазір де болуы мүмкін қарулы күштері әрекетке көшкен болуы керек. 5) Мен Мазари-Шерифтемін. Әрекетке көшу үшін Кабулдан немесе Сипахсахалардан бұйрық күтіп отырмын. 6) Алты қол, Абди, Мұхаммед палуан, Мұхаммед шах есімді түркімен қолбасшыларының 500-ден аса адамы

шабуылға әзірленуде деген хабар алдым. 7) Ауғанстаннан кіріп кел деген рұқсат алған күні әрекетке көшуге әзірмін. 8) Осман қожа мен Сами бейлер Кабулға жетті. 9) Кабул мен Мазари-Шерифтің арасын қосатын телефон желісін орнату жұмыстары Ташқорғаннан асты. 10) Бір-екі күннің ішінде Хиуаға барып, Ауғанстан үкіметі тарапынан тағайындалған елші арқылы Чентханға хат жолдап, оны жағдаймен таныстырамын. Карши мен Керки ұйымдары қалыптасып үлгеруіне байланысты ол жерлерде көп кідірместен, Мерв пен Чарджоу жаққа өтіп, темір жолын бұздырамын. Сол маңның түркімендерінің арасында темір жолын бұзатын ұсталар бар. 11) Хашим эфенди Түркістанға тиесілі ақшаларды жібермегендігінен оған деген наразылық пайда болды 12) Ата қожа (А. Қожаев) әлі Мәскеуде. Ахмет Заки (А.-З.В. Тоган) Даниалдың қасында», – деп жазылған [74, 267-268 б.].

Бұқара әміршісі Саид Әлім ханның 1922 ж. 22 наурызда жазған хатын 28 наурызда алған Энвер паша хат негізінде ресми түрде «Ислам Армиясының бас қолбасшысы», «Бұқара жеріндегі бүкіл көтерілісшілердің бас қолбасшысы» қызметтеріне тағайындалды [51, 312 б.]. Шығыс Бұқараның Байсун қаласындағы қызыл әскердің Ташкент пен Бұқарадан тынымсыз жәрдем сұрауына байланысты дүрбелеңге салынған РСФСР сыртқы істер халық комиссарының орынбасары Л.М. Карахан 1922 ж. наурызда Энвер паша тарапынан қоршауға алынған Байсун большевик гарнизонының командирі арқылы Энвер пашаға хат жолдап, оған өз әрекеттерінен бас тартып, Мәскеу қаласына қайтып келуін ұсынғанды. Көтерілісшілердің үлкен бөлігін өз айналасына шоғырландырып үлгерген Энвер паша Л.М. Караханның бұл ұсынысын қабылдамай тастады [22, 441 б.]. Энвер пашаның Кеңес өкіметінен Бұқара, Хиуа мен Түркістан жеріндегі өз әскерін тез арада алып кетіп, өзін «Орта Азия мұсылман мемлекетінің» басшысы ретінде мойындауын талап етуіне байланысты [106] Түркістан жерінде соғыс жағдайын жариялаған Кеңес өкіметі атынан Ташкент қаласына Г.К. Орджоникидзе келіп жетті. 1922 ж. РСФСР МСБ (ГПУ) құрылып, оның жанынан Түркістан өкілеттігі ашылды. ТАКСР-дағы МСБ өкілі өлкелік үкіметтің құрамына еніп, бұл қызметті ВЧК-ның Түркістандағы 1920-1922 жж. өкілі, совет чекисті Я.Х. Петерс атқарды. 1922 ж. сәуір-мамыр айларында «РКП(б) ОК Түркістан Бюросы» «РКП(б) ОК Орта Азия Бюросы» деп өзгертіліп, оның бақылауына бүкіл Орта Азия жері қаратылды. Түркістан соғыс шебінің әскери бөлімшелері Бұқара әскерлер тобына айналдырылып, Я.Х. Петерс тарапынан көтерілісшілерге қарсы күрес жүргізу жөніндегі төтенше комиссия құрылды. Түркістан соғыс шебінің әскери барлау мәліметі бойынша ауған басшылығының Бұқара көтерілісшілеріне көмек көрсетуде және Энвер пашаның жеке әскерінің құрамында 180 ауған жауынгері бар екендігі, Ауғанстаннан 80 түйеге жегілген қару-жарақ келіп жеткендігі, 1922 ж. сәуір айының басында Байсун маңындағы Энвер пашаға Кабадиан-Миршади жолы арқылы 180 ауған солдаты 40 түйеге жегілген 1000 винтовка мен 6 зеңбірек жеткізгендігі белгілі болды [36].

Ауғанстанның көмек көрсетуіне байланысты Энвер паша Кафируннан (Кофрун) шамамен 1922 ж. наурыз-сәуір айларында Кабул қаласындағы ауған

әміршісі Аманулла ханға «Сіздің жіберген көмегіңізден туындаған жергілікті халықтың ризашылық сезімдерін сөзбен жеткізе алмаймын. Көпшілік аузынан Сізге арналған қайырлы тілектерінен басқа ешнәрсе естімедім. Ахмет хан сияқты адамдарыңызды шайқасқа жібергеніңіз үшін Сізге айрықша рахметімді білдіргім келеді. Бұқара мен Түркістандағы жағдай біздің пайдамызға шешіліп келеді. 1922 ж. 25 наурызда Бұқараның қарулы күштер нәзірі Арифов 1 пулемет және қасындағы сарбаздарымен бізге қосылды. Карсанда болған шайқаста орыстардың 245 әскері қаза тауып, 3 пулемет қолға түсірілді. Байсунда екі күн, бір түн бізге шабуыл жасаған 400 орыс әскері, 2 зеңбірегі мен 4 пулеметі бола тұрса да, 40 адамын, түс уақытында 80 адамын жоғалтып, қашуға мәжбүр болды. Күнделікті кішігірім шайқастар туралы айтып жатқан жоқпын. Дегенмен, олардың барлығы әскеріміздің жеңісімен аяқталып жатыр. Қазір шығыс аудандарындағы әскерлерді лақайлықтардың шабуылдарына қарсы Балжуан бегінің қол астына біріктірдім. Осылайша, Куляб, Дарваз, Қаратегин, Балжуан, Қорған да толығымен біздің қол астымызға өткен болды. Фузаил Махдум бек өз әскерімен қосылды. 500-і қарулы, барлығы 2.500 адам. Ибрахим бек те Мукбил бектен кейін қосылады. Ақылға салып, бір-бірімізге көмектесе отырып, Бұқара мен Түркістан жеріндегі орыстардың үстемдігін жою арқылы біздің басшылығымызбен Шығыс мұсылман өкіметтерінің одағы пайда болады. Осылайша, Шығыста қысқа мерзім ішінде Германия одағы сияқты әлемде өз сөзін өткізе алатын күшті бір өкімет пайда болады. Бүгін келіп жеткен хабардан орыстардың Байсуннан өз әскерлерін алып кетіп жатқандығын білдік. Ертөбеде оларға бөгет жасау үшін Шаян әскерімен бірге Байсун темір жол станциясына қарай жылжып барамын», – деген хат жолдады [74, 268-269 б.].

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының куәсі А.-З.В. Тоганның еңбегіндегі «Байсун қаласында бұл тұста большевик әскерінің саны 1 200 жауынгерді құрайтын. Энвер паша шамамен 8 200 сарбаздан құралған әскерімен Байсун қаласын оңайлықпен жаулап алып, большевиктерді тұтқынға түсіріп, үлкен олжаға ие болды. Байсун қаласында өзбектерді әскери дайындықтан өткізіп, Бұқара қаласына шабуыл жасау дайындықтарына кірісіп кетті», – деген мәліметтер оқырманның еріксіз түрде Энвер пашаның Байсун қаласын жаулап алғандығы туралы пікірін қалыптастыруына жол ашуы мүмкін [22, 442 б.]. Энвер пашаның Байсун қаласын жаулап алу, одан кейін Бұқара қаласына шабуыл жасау туралы түзген 1922 ж. наурыз айындағы жоспары жүзеге аспады. Байсун қаласын қоршауда ұстауы сәуір айының басына дейін созылды. «Түрік Тарих Ұйымының» архивінен табылып, М. Ямаучидің еңбегінде жарияланған Энвер пашаның соғыс штабы тарапынан 1922 ж. 2-14 сәуір аралығында жүргізілген әскери күнделіктің үзіндісі Байсун қаласының жауланбағандығын дәлелдейді [74, 305-311 б.]. Күнделік үзіндісінің басында «Алдыңғы поштадан қалып қоюына байланысты орнына қойылуы қажет» және аяғында «15 сәуірден 2 мамырға дейін пошта жіберіледі. Орнына қойылсын» деген сөйлемдердің орын алуы Энвер пашаның Байсун қаласының қоршауға алынуына дейінгі әрі одан кейінгі Шығыс Бұқара жеріндегі әскери іс-қимылдары әскери күнделікке еніп, адресі бізге беймәлім жаққа пошта арқылы жіберіліп отырғандығын

көрсетеді. Күнделіктің басқа үзінділері қай архивтердің қай құпия фондтарында сақталып тұрғандығын анықтау келешектің мәселесі. Әзірге, аталмыш күнделіктің қолда бар үзіндісімен ғана танысу арқылы 1922 ж. сәуірдің бірінші жартысындағы Энвер паша әрекетінің желісін түсініп, оның Байсун қаласын жаулай алмағандығын бір жақты шешуге болады.

1922 ж. 2 сәуір. Пул-и Хакиан. Гузар маңынан Абдужаббар бек пен Әулиеқұл бек келді. Штаб басшысы қызметіне Абдувахит датқа тағайындалды. Бұл тағайындау барлық аудандарға хабарланды. Қарауыл басшысы капитан Мехмет қажымен шайқасқан большевик әскерінің Сары-Асия қыстағынан Байсун қаласына шегінгендігі туралы ақпарат келіп жетті. Сераскерден қарулы 4 адам келіп, Ишан сұлтанның қарамағына өтті. Әулет қыстағындағы Мехмет қажыға жәрдем беру үшін қасына 30 адам ертіп шыққан подполковник Нафиден баян хат келіп жетті. Баян хатта оның Педан қыстағына дейін барып, ол жерде зеңбірек пен мылтық даусын естігеннен кейін капитан Хусейнді қасына 7 адам қосып Әулет қыстағына жібергендігі баяндалған. Байсун гарнизон басшысы Энвер пашаның бір күн бұрын жолдаған Байсун қаласын босату туралы талабына жауап ретінде Мәскеуден бұйрық келмейінше ешбір әрекет жасамайтындығы, бұйрық келген күні-ақ бір сәт кідірместен қаланы босататындығы туралы жазылған хаты келіп жетті. Петексардан қашқан 3 жандармерия қызметкері қолға түсіп штабқа жеткізілді. Кезінде Эргенчиде полковник Хусейнді тастап қашып кеткен Вефа есімді жандармерия қызметкері де Лейлаканда қолға түсіп, Пул-и Хакианға жеткізілді. Андхойдан қашқан 15 түркімен келді.

1922 ж. 3 сәуір. Пул-и Хакиан. Гиссардағы Яр Мехмед бек датқа Ислам армиясының қажеттіліктерін қамтамасыз ету қызметіне тағайындалды. Мача байлары 25 жылқымен қамтамасыз етуге міндеттелді. Дербент жолындағы Абдурахман Эшикаға мен Какайтыдағы Хусейн палуанға жолға шыққан жандармерия қызметкерлерін қарусыздандыру туралы бұйрық беріліп, Уәхит әскербасыға Чинликөлде ақша мен оқ-дәрі сатып алу ісі тапсырылды. Али Мардан бек Байсун маңындағы шабуылдардың басшысы қызметіне, подполковник Нафи бей Байсун қаласының әкімі қызметіне тағайындалды. Ибрахим бектің өз әскерімен Гиссардан Пул-и Хакианға келе жатқандығы туралы хабар алынды. Көтерілісшілерге большевик әскерінің Бұқара мен Бабкент маңында бірнеше көтерілісшілерді қулық арқылы өздеріне сендіріп, соңында шабуыл жасап өлтіргендігін негізге ала отырып, байыпты әрекет жасау қажеттілігі туралы нұсқау жолданды. Шерабад, Байсун мен Термезде орналасқан большевик әскері туралы Бөрі молданың мағлұматы келіп жетті. Барлаушыларға тапсырмалар берілді. Ортажүз қыстағындағы Абдулқадір Ешикағасына Шерабадтағы болшевик әскеріне шабуыл жасауы туралы бұйрық жіберілді.

1922 ж. 4 сәуір. Пул-и Хакиан. Энвер паша Сарай-и Кемер халқын дұшпанға қарсы күреске шақырған үндеуін жолдады. Әулет қыстағында қолға түскен тыңшы бір әйел мен бір еркек штабқа жеткізіліп, тергеуге алынды. Байсуннан келген 6 адам әскер қатарына қабылданды. Кеңес әскерінің

Дидарқұм маңында шабуыл жасау жоспары белгілі болып, оның алдын алу шаралары қарастырылды. Абдулджаббар бектің адамдары халықты қорқытып, мал-мүлкін тартып алғандығы туралы Энвер пашаға шағым арыздар келіп түсті [74, 305-306 б.].

1922 ж. 5 сәуір. Пул-и Хакиан. Али Мардан бектің Шерабадқа шабуыл жасайтындығы туралы хабар Какабелі қыстағындағы Абдурахман Эшикағабашыға жеткізіліп, оған өз әскерімен Ямчы қыстағына орналасып, Байсун мен Шерабадтағы кеңес әскерінің әрекетін барлау ісі жүктелді. Лейакан маңындағы майор Османға Али Мардан бекпен бірге әрекет жасау тапсырылды. Али Мардан бек Шерабадтан кеңес әскері шабуыл жасай қалған жағдайда шегініп, тез арада штабқа хабар жолдауға міндеттелді. Хусейн палуан «50 жылқы жөнелт» деген бұйырық алды. Қағандағы Ишан Арслан қожа Судурда әскер жинап, Али Мардан бек пен майор Османның қарамағына өту тапсырмасын алды. Кафируннан штабқа 4 жылқы жеткізілді. Әлем Хасан бек Сары-Асия әкімі қызметіне тағайындалды. Әулет қыстағындағы Қажы эфендиге «Педан өткеліне абай болыңдар, кеңес әскері қарауыл төбесіне зеңбірек орнатуды көздеп жатыр» деген хабар жіберілді. Ямчыдағы Абдулқадір бекке «Лейлаканға бармаңдар, Байсундағы кеңес әскерін қыспаққа алыңдар» деген бұйрық жөнелтілді. Байсуннан қашқан 3 адам әскер қатарына қабылданды [74, 307 б.].

1922 ж. 6 сәуір. Пул-и Хакиан. Энвер паша Сары-Асия әкіміне, Әулеттегі капитан Мехмет қажыға, Какабелідегі Абдулқадір бек пен Абдурахман Эшикағабашыға Сары-Асия, Кафирун, Ямчы, Какабелі қыстақтарының халқын ең кем дегенде 8 шақырымдық қашықтықта ішке қарай көшіру туралы бұйрық берді. Қару-жарақ, жылқы, азық-түлік мәселелерін әскери канцелярия басшысы Нафи бейге жазу, одан да маңызды мәселелерді тікелей Ислам әскерінің әміршісі Энвер пашаға жазу қажеттілігі туралы бұйрық шықты. Майор Фарук жаяу әскер бірліктерінің басшысы қызметіне тағайындалды. Гиссардағы Ибрахим бекке «Денау әкімі Асадуллах Тоқсабаның немқұрайдылық танытқандығына байланысты ескерту жасалынсын» деген қызмет хат жолданды. Энвер паша Абдурахман бекке арнайы тапсырма берді (Байсуннан Гузардағы Кеңес өкіметінің құрылтайына делегат ретінде жолға шыққан 15 адамның ішінен Ишан Қара қожа мен Хемдем Энвер пашаға Байсуннан астыртын түрде хат жолдаған болатын. Олар өз хатында большевиктердің оларды еріксіз делегат болуға мәжбүрлегендерін айтып, Дербент жолында оларды тұтқынға алуын сұранды. Энвер паша бұл делегаттардың барлығын тұтқындап, штабқа жеткізуді Какабелідегі Абдурахман бекке тапсырды). Ауғанстандағы Осман қожадан, Қажы Сами бейден, Ауғанстан әміршісінен хаттар келіп жетті. Энвер паша Душанбеден кеңес әскерін ығыстырған тұста Ханкадан Ауғанстан әміршісіне барып, атақ алып қайтқан екі адамымен кездесті. Қаратегин бегі Фазлуддин махдумның 6000 әскерімен келе жатқандығы туралы ақпарат келіп жетті. Сүрейя бей мен Исмаил эфендиден хат келді. Фазлуддин бектің хабаршысына 1 ат, 1 шапан сыйланды. Байсуннан келген 3 адам әскер қатарына қабылданды [74, 307-308 б.].

1922 ж. 7 сәуір. Пул-и Хакиан. Ингебағдағы қарауылдар мен Педан пошташыларының кеңес әскерімен шайқасқандығы туралы хабар келіп жетті. Полковник Хасан бей Фазлуддин махдум бекті қарсы алу үшін Қарлық маңына жолға шықты.

1922 ж. 8 сәуір. Пул-и Хакиан. Гиссар ауданындағы Денау маңынада Ибрахим бек Фазлуддин бектің арқада қалып қойған 200-ге жуық адамының жолын кесіп, кейбірінің қаруын тартып алмақ болған деген хабар жетті [74, 308 б.].

1922 ж. 9 сәуір. Пул-и Хакиан. Энвер паша 150 адамдық ауған әскерімен Пул-и Хакианнан шығып, Қожабек арқылы Қарлық маңына жетіп, Фазлуддин бекпен кездесті. Фазлуддин махдум бек Энвер пашаға екі ат, түрлі сыйлықтар мен екі үлкен дорба күміс ақшаны сыйға тартты [74, 308-309 б.].

1922 ж. 10 сәуір. Қарлық. Энвер паша штабы Пул-и Хакианнан Қарлыққа көшірілді. Фазлуддин бек әскері Қарлық пен Қарсаған қыстақтары арасынан сап түзеп өтіп, Энвер пашаға сәлем бергеннен кейін жолға шықты. Кеңес әскерінің 2 зеңбірек және 3 автоматпен қаруланған шамамен 300-ге жуық адамы Әулет қыстағындағы Мехмет қажы әскеріне 3 мәрте шабуыл жасап, оларды қоршауға алғандығы туралы хабарды алған Энвер паша жәрдемге бару мақсатымен Пул-и Хакианға аттанып, ол жерден полковник Хасан бейді әскер қамдау үшін Ортажүз, Рештгаз, Кылычбағ пен Ингебағ қыстақтарына жіберді. Әулеттегі шайқас нәтижесінде кеңес әскерінің 30-ға жуық адамы оққа ұшып, көтерілісшілер шығынсыз шыққаны туралы хабар келіп жетті. Әулеттегі әскер саны 80 адам (60 ауған мен 20 жергілікті) еді. Кеңес әскері жойқын күшпен шабуыл жасағанымен адам шығынына ұшырап, қалаға шегінуге мәжбүр болды. Лоз Ахмет ханның көмегімен Ауғанстаннан 60-қа жуық ауған әскері, 40-50 түйеге жегілген қару-жарақ, киім-кешек, дүрбі және басқа да әскери заттар келіп жетті [74, 309-310 б.].

1922 ж. 11 сәуір. Пул-и Хакиан. Энвер паша штабы қайтадан Пул-и Хакианға көшірілді. Әулеттегі Нафи бей штабқа шақырылды. Қолға түскен Баранов пен Нердин кіші лейтенант Худайдатқа айырбасталды. Энвер паша Қарлық маңына келген Ибрахим бекпен хат аламасты. Фазлуддин бекке 1 винтовка, 100 патрон, 1 униформа, 1 дүрбі мен түрлі сыйлықтар (Құран-Кәрім) сыйға тартылды.

1922 ж. 12 сәуір. Пул-и Хакиан. Ибрахим бекті қарсы алу үшін Қарлыққа Хасан бей жіберілді [74, 310 б.].

1922 ж. 13 сәуір. Пул-и Хакиан. Хасан бей Ибрахим бекпен кездесіп, оның әскерінің жалпы саны шамамен 400 атты әскерді құрап, оның 220 адамы винтовка және семсер асынғандығы, тәжік, харка және т.б. рулардан құралғандығын анықтады. Ауғанстан әміршісі Аманулла ханнан хат келіп жетті. 200 адамдық тұрақты атты әскер бірлігі құрылды. Оның басына түрік капитаны Хусейн эфенди тағайындалды. Штабты Кафирун (Кофрун) қыстағына көшіру туралы шешім қабылданып, бұйрық шықты. Карабелідегі Абдулқадір бекке қару-жарақ жөнелтілді. Шархарбайға керек-жарақ пен сыйға 1 қылыш жөнелтілді. Карабелідегі Абдулқадір бектің оңтүстікке қарай Шерабад

бағытындағы Узулақодуқ қыстағына қашып, жолай халықты тонап, Норақұл бекті қарусыздандырмақ болғандығы туралы хабар келіп жетті [74, 310-311 б.].

1922 ж. 14 сәуір. Пул-и Хакиан. Энвер паша штабы Пул-и Хакианнан Кафирун қыстағына көшірілді. Мазари-Шерифтегі Али Риза бейден хат келіп жетті. Шерабад төңкерісшіл комитетінің төрағасы Ахмет Тоқа бектің Энвер пашаның қасына келмекші болуына байланысты оған «кедергі жасалмасын» деген мазмұнда арнайы құжат әзірленіп жолданды.

Энвер паша соғыс штабының тарапынан жүргізілген әскери күнделіктің осы бір үзіндісі оның Байсун қаласын жауламағандығын, тек қоршауда ұстағандығын ғана дәлелдеп, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қаншалықты деңгейде бел байлап кірiскендігінің көрсеткіші. 1922 ж. 4 сәуірде осы орайда Энвер пашаның Пул-и Хакиаңнан Берлиндегі туған інісі Кәмілге жолдаған хатында: «Бұл жақтағы жағдай толығымен жақсарып келеді. Сөзім өтіп жатыр. Қазір әрбір ру мен тайпада мені толығымен қолдайтындар бар», – деп жазуы Байсун қаласын әлі жауламағандығын байқатады. Оның 1922 ж. 14 сәуірде Пул-и Хакиаңнан ауған әміршісі Аманулла ханға жолдаған хаты қалыптасқан саяси жағдайды байыптылықпен бағалап, тәжірибелі әскери іс-әрекет жасағандығының дәлелі. Энвер паша өз хатында 1 ауған жауынгерінің басынан жарақат алып, 20 күннен кейін қайтыс болғандығын, оның салтанатты түрде жерленгендігін жаза отырып, Аманулла ханнан хирург және басқа да маман иелерін жіберуін сұраған. Дарваз, Қаратегин, Балжуан, Қорғантөбе, Кабадиан және оның айналасы толығымен өзіне қарасты екендігін, бұқаралықтардың оны қолдап жатқандығын жаза келе, Бұқара әміршісі қайтып келе қалған жағдайда жәдитшілер мен кадимшілер арасындағы қарама-қайшылықтар қайта жандануы мүмкін, соның салдарында бар жетістіктер қолдан кететіндігін ескертуі жоғарыда айтылған ой қорытындысын қуаттайды [74, 271 б.]. Шығыс Бұқараны Ауғанстанға қосып алуды көздеген ауған әміршісі Аманулла хан Энвер пашаға әскери көмек көрсете отырып, Мазари-Шериф қаласындағы Осман қожаны, Қажы Сами мен Али Ризаны Кабулға кездесуге шақырып, 1922 ж. 20 сәуірде Кабулдағы Ауғанстан сыртқы істер уәзіраты (министрлігі) ғимаратында бір сағатқа созылғын кездесуде Осман қожа арқылы Бұқарада қалыптасқан жағдаймен жіті танысқан. Ұлт-азаттық қозғалыстың кеңестік Ресей өкіметі Бұқара тәуелсіздігін мойындағанға дейін жалғасатындығын білдіріп, жәрдем сұраған Осман қожаға Аманулла ханның жәрдем ретінде олардың ауған жерінде жүзеге асырмақ болған жоспарларына, түркістандықтарды қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстарына кедергі жасамайтындығына байланысты уәде беруі ауған өкіметінің Энвер пашаның ұсыныстарын қолдап, жәдитшілерге жақтасқандығын түсіндіреді [36, 191 б.].

Түркістан соғыс шебінің арнайы бөлімшесінің ақпаратына сүйенген ТАКСР МСБ-ның өкілетті орны 1922 ж. 17 мамырда Мәскеуге ауған өкіметінің Бұқара жеріндегі көтерілісшілерге жәрдем беріп жатқандығы туралы төмендегідей мәлімет берді: «Энвер пашаға қару-жарақ пен тұрақты әскери топ жіберілді. Келесі кезекте жаяу әскер жіберу көзделуде. Шекара бойында орналсқан ауған қалалары мен шекараның өзі әскери жағынан күшейтілуде.

Әскерлер орын өзгертіп, офицерлер құрамы алмастырылып, жолдар мен бекіністер жөндеуден өтіп, адамдар мен аттар жұмылдырылып жатыр. Иман-Саибқа әскери министр келіп жетті. Провинцияға мұндай адамдардың келуі алда болуы көзделген әскери әрекеттердің орын алатындығын білдіреді. Әскери министрдің айтуы бойынша ауған өкіметі Бұқараға 8000 шамасында тұрақты әскер жіберуге дайын. Ауған Түркістанында Бұқара қозғалысын басқару және оны адаммен, қару-жарақпен қамтамасыз ету мақсатымен бір штаб құрылған» [26]. А.-З.В. Тоган «1922 ж. сәуірде Ауғанстаннан Энвер пашаға көмекке 300 жауынгер келіп қосылды», – деген болса, М. Иркаев: «Ауғанстаннан жәрдем ретінде Энвер пашаға 800 жауынгер жөнелтілді», – деп жазды [36]. Шығыс Бұқараны Ауғанстанға қосып алуды көздеп, әскери жәрдем жөнелткен Аманулла ханның пиғылын Энвер паша білмеді деп айту қиын, өзін ауған саясатының құралына айналу қауіпінен сақтау мақсатымен Ауғанстаннан келетін әскери көмектің шектен шығып кетпеуінің жолдарын қарастырып, көмек сұрау мәселесінде мұқияттылық таныта бастағандығын Қажы Сами бейдің 1922 ж. 25 мамырда Кабулдан Кафирундағы Энвер пашаға: «7 сәуір күнгі хатыңызда ауған басшыларын орынсыз жерде мазалама деген бұйрығыңызды ұстандым», – деп жазған сөзінен байқауға болады [74, 274-275 б.]. Ауғанстанның демеуі арқасында Түркістандағы Энвер пашаның беделі де, қуаты да бұрынғысынан да арта түскендігі анық. Энвер пашаның беделі мен қуатының арта түскендігінен тек Түркістан мен Ресей өкіметтері ғана емес, сонымен қатар Еуропа елдерінің өкіметтері де хабардар болғанын және оның бұл беделіне бедел, қуатына қуат, ал Түркістан ұлт-азаттық қозғаласына өз үлесін қосуды ниет еткен Энвер пашаның отбасы мүшелерінің оның қасына келмек болғанын оның туған інісі Кәмілдің Грюнвальдтан Кафирундағы Энвер пашаға 1922 ж. 18 сәуірде жазған хатынан аңғаруға болады. Кәміл хатында: «Екі айдан кейін қаражат таусылады. Алла сізді және жолдастарыңызды ондай жаманшылықтан сақтасын. Әмин! Жеңгем қатты уайымдап жүр. Мүмкіншілік туындай қалған жағдайда тез арада Кабулға бару туралы шешім қабылдады. Барарында қасына Бедри бейдің әйелі мен бірнеше танымал түрік әйелдерін ертіп, ол жақта қайырымдылықпен айналысатын ұйым құруды жоспарлауда. Жеңгем сіздің бастаған күресіңізде сізге жаны мен басын тігіп, көмектесуді көздеді. Оның бұл шешіміне байланысты ұмтылысының жалынын көрген мен өзімді өте бақытты сезініп жүрмін. Аға, Алла қаласа, жеңгем мен ұл-қыздарыңды жеке өзім Кабулға дейін жеткізіп, қолыңа тапсыратын боламын. Сол күнге жетсем менің арманым жоқ! Алладан тілейтінім, ол уақытқа дейін Кавказ жолы ашылса екен. Үндістан жолы арқылы баруға мәжбүр болмасақ дұрыс болар еді. Ауғанстан сіздің пікіріңізді қабылдаған ұқсайды. Одан кейін қырғыздар мен теке түркімендерінің арасында көтерілістер басталған екен. Сіз Ферғанада екенсіз. Бұларды жақсы хабар дейміз. Алла қауыштырсын. Бұл жердің сыртқы істер министрлігі құпия жолдар арқылы Орта Азияның ахуалы туралы мәлімет алған екен. Фон Блюхер мені кездесуге шақырды. Бардым. Өкінішке орай көпке қала алмадым. Менен мәлімет сұрады. Өзіндегі мәліметті сұрадым. «Орыстар құпия сақтап, уайым ішінде. Көтерілістер күн өткен сайын

кең етек жайып келеді», – деді. Бұл хабарларды естіп қуанып, мақсатқа жетуіңізді Алладан тілеудеміз. Нури ағам өте қатты қуанып, мақсатқа жететіндігіңізге күмәнданбайды. Фон Блюхер немере ағам Халил пашаның Мәскеуге барғандығын, большевиктер мен сізді татуластыру үшін әрекет жасап жатқандығын білдірді. Большевиктер сізге қарсы адамдарды Мәскеуге жинап жатқан ұқсайды. Назым бей сіздің мақсатыңызды жоғалтып алғаныңызға көзі жеткендей болып өз ойын білдіруде. Ұл-қыздарыңыз өсіп жатыр. Жеңгем сізді ойлап, бір Алладан сіздің мұратқа жетуіңізді тілеуде», – деп жазған [74, 272-273 б.].

Самарқанд қаласында 1922 ж. 15-20 сәуірде өткен саяси бағыттағы Түркістан мұсылмандарының ІІ құрылтайында Ферғана мен Самарқанд азаттық күрескерлері, Хорезм ХКР мен Бұқара ХКР, Транскаспий мен Ақмола облыстары өкілдері Кеңес өкіметі жойылғаннан кейін Түркістан өлкесінде құрылуы қажет болған жаңа мемлекеттің конституциясын әзірлеп бекітіп, құрамына Түркістан өлкесінің Сырдария, Ферғана, Самарканд, Жетісу, Транскаспий облыстары мен Амудария бөлімі енуі көзделген «Түркістан – Түркі Тәуелсіз Ислам Республикасын» құру туралы қаулы шығарды. Құрылуы көзделген «Түркістан – Түркі Тәуелсіз Ислам Республикасының» он бес адамдық үкіметі құрылтай тарапынан сайланатындығы; үкіметтің атқарушы комитеті қай жерде орналасқан болса сол жер ел астанасы болып есеплетіндігі; ел президенті, вице-президенті мен бас хатшысы үкімет мүшелерінің қатарынан сайланатындығы; бес үкімет мүшесінің Ферғана облысының бес ауданының (Наманған, Андижан, Маргилан, Қоқан, Ош) әскери қолбасшысы қызметіне, қалған жеті үкімет мүшесінің министр (қорғаныс, сыртқы істер, ішкі істер, пошта және телеграф, діни істер, қаржы, әділет, транспорт) қызметтеріне тағайындалатыны бекітілді [51, 364-365 б.]. Алдына саяси мақсаттар қойған Самарқанд құрылтайына тұспа-тұс 15 сәуірде Кафирун қыстағында азаттық қозғалысы басшыларының үлкен құрылтайын өткізген Энвер паша [38, 12 б.] құрылтай қатысушыларына Бұқараны жаулап алу мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын орталықтандыру жөніндегі өз жоспарын ұсынды. Жаңа жоспар бойынша Абдулқаһар молданың адамдары Кармана, Нұрата, Самарқанд, Қаршыны кезегімен жаулап алуы қажет болса, Энвер пашаның адамдары қоршаудағы Байсун қаласын жаулап алғаннан кейін Шахрисабз арқылы Қаршыға жетіп, сол жерде Абдулқаһар молданың әскерімен бірігіп, Бұқараға шабуыл жасауы қажет еді [51, 534 б.]. Самарқанд және Кафирун құрылтайлары нәтижесінде Ферғана облысында Кеңес өкіметіне қарсы 1918 жылдан бастап тынымсыз күрес жүргізіп келген Шермұхаммед бек те 1922 ж. 22 сәуірде Ферғана облысы Қоқан уезінің Қарабуа қыстағында Нұрмұхаммед, Ташмұхаммед, Рузимұхаммед, Исламқұл, Ахмет палуан, Қарабай, Мамаруза және т.б. көтеріліс басшыларының басын қосып құрылтай өткізеді. Қарабуа құрылтайында Энвер пашаның құрылтай қатысушыларына арнап «Ферғана азаттық күрескерлерінің іс-қимылдарына ризашылығы» және «Кеңес өкіметіне қарсы күресті үдете түсу қажеттілігі» туралы жазған хаты оқылып, Самарқандта өткен Түркістан мұсылмандарының ІІ құрылтайының шешімдері

талқыланып, күресті жандандыру мақсатымен алдағы әскери іс-қимылдар жоспары түзіліп, Шермұхаммед бек Ферғана алқабы азаттық қозғалысының қолбасшысы қызметіне сайланады [51, 366-367 б.]. Құрылтайдан кейін Шермұхаммед бек Энвер пашаға туған інісі Рузимұхаммед бектің басшылығымен 100 жауынгерін жіберіп, інісі арқылы жолдаған хатында: «Мәртебелі Энвер паша хазіреті. Байсун қаласын қоршауға алып, шайқасып жатқаныңызға қуаныштымыз. Бізге жолдаған хатыңыз бізді қатты қуандырды. Ол хатты көрші әскербасыларға жолдадық. Әскеріміз Ферғана өңірінде орыстарға қарсы шайқасып жатқан бүгіндері орыстардың үлкен әскери күші бізді қоршауға алу мақсатымен жан-жақтан шабуылға көшті. Сіздің қарамағыңызға үлкен әскермен қосылуды қалар едік! Алайда, орыстардың шабуылдары үдеп келеді. Сол себептен, қасыңызға келе алмадым. Орныма әскербасыларымның бірі болып табылатын туған інім Рузи Мұхаммед бекті жібердім. Сәлемімізді жеткізіп, қарамағыңызда болып, қайтуға рұқсат беруіңізге дейін сізге қызмет етсін. Бүкіл Ферғананың Ислам әскерлерінің басшысы, жаһангир Шермұхаммед», – деп жазып, Ферғана алқабының үлкен бөлігін қамтыған азаттық қозғалысын жандандыра түсті [45, 385-386 б.].

Ферғана облысының Қоқан уезінде Ислам палуан, Эшмат байбача, Нұрқазы, Машраб, Тұрғұн, Хасан, Омар мырза, Омарқұл, Наманган уезінде Арзумат, Баястан, Рахманқұл, Аман палуан, Мақсұт, Дадабай, Ферғана уезінде Шермұхаммед бек, Қарабай, Нұрмұхаммед бек, Ташмұхаммед бек, Рузимұхаммед бек, Юсуфжан Мақсұт, Парпи, Мадали, Ахмад палуан, Омар Али, Мама Рузи, Қожабай, Тоқтасын мақсум, Нұрмат мыңбасы; Андижан уезінде Исраил Гази, Қазақбай, Сабыр молда, Кулибай, Юнус Али, Исмаил Ноғай, Төрежан, Батырбек, Андижан-Сұлтанабад темір жол тармағында Даврон молда, Қожа молда, Ахмад Али, Йулдаш палуан, Ош уезінде Мухиддин бек, Йулчи, Осман пансат, Янгибай, Ахмад палуан, Шермат қырғыз, Жәнібек қазы бастаған көтеріліс бұрынғысынан да күшті қарқынмен өрши түсті [51, 366-367 б.]. М. Иркаевтің еңбегіндегі мұрағат дерегі бойынша Энвер паша әскерінің саны 1922 ж. мамырда 12.700 (7.575) болып, ол бұл әскерді Бұқара қаласын жаулау жоспары негізінде ретімен түрлі аудандарға орналастырған. 800 адамын Керки-Бассагтың оңтүстігіне (Юсуп Мирахур); 700 (550) адамын Сурхан өзенінің Янги-арық тармағының жоғарысына; 4500 (2000) адамын Байсун ауданына (Энвер паша, Ибрахим бек); 1000 (400) адамын Юрчи мен Денауға (Хасан тоқса); 200 адамын Гузар мен Дербенд арасына (Данияр); 100 адамын Каршидің солтүстік-шығысына (Бахрам байбача); 300 адамын Каршидің солтүстігіне (Османбек); 400 адамын Нұратаға (Абдулқаһар); 100 адамын Зияддиннің солтүстігіне (Сұлтанбек); 800 адамын Пайшамбадағы Кәтта-Қорғанға (Қарақұлбек); адамдарының бір бөлігін Матчаға (Нұсратбек); 1000 (875) адамын Душанбеге (Ишан сұлтан); 500 (200) адамын Файзабадқа (Каюм тоқсаба); 2000 (750) адамын Балжуанға (Дәулетменд бек); 300 (100) адамын Куляб пен Балжуан арасындағы Қызылсу өзенінің бойына (Тоғайсары) орналастырды [36, 323 б.]. Олардың орналасқан жері мен саны әскери іс-қимылдар барысында өзгеріп отырды. М. Иркаев Энвер пашаның өз қарулы

күштерін стратегиялық жағдай мен аумақтың географиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, аса тиімді түрде орналастырғандығын жазған. Осы орайда Бұқарадағы РСФСР полпреді Кожевников сыртқы істер халық комиссариатына 1922 ж. 6 мамырда: «Шығыс Бұқара көтерілісшілері күшейіп келеді, Батыс Бұқара көтерілісшілері бар. Бұқара қаласы қауіпсіздікпен қамтамасыз етілді деп айта алмаймыз», – деп жазды [36]. А.-З.В. Тоганның айтуынша Матча көтерілісшілерінің, Қаратегіндегі Фузайл махдумның 1000 жауынгерінің, Джилликөл қазақтары мен түкімендерінің 300 адамының келіп қосылуынан кейін Энвер паша әскерінің саны 1922 ж. мамырда шамамен 7.000-ға ғана жеткен [22, 441-442 б.]. Мамыр айының аяғына қарай бұл 7.000 жауынгерге Шахрисабзтан Джаббар, Данияр, Әулиеқұл, Абдурасул бектердің 1.200 әскері қосылып, Энвер паша әскерінің саны 8.200-ге жетті. Энвер пашаға Қоқан Ұлттық Кеңесінің төрағасы ферғаналық Әділжан, түркімендердің атынан Құдайназар, бұрын Қашғарда Якуб бектің көмекшісі болған 70-80 жасындағы Қажы Хекем, моңғол-қатаған руының басшысы Пашахан, Балжуан қарлұқтарының басшысы Абдулқадір мен Нияз молда, әзірбайжандық Юсуф Зия (Ахунд Юсуф Талиб Зада), БХКР қорғаныс нәзірі Абдулхамит Арифов сынды тұлғалар келіп қосылды.

Кафирундағы Энвер пашаға 18 мамырда Хиуа-Таликандағы Фузаил махдумның жолдаған хаты, Ташкенттен жолға шығып, Хандар қыстағынан өткен большевиктердің 1-атты әскер полкінің құрамындағы түркістандық жауынгерлердің Энвер пашамен кездесіп, қызыл әскерді Бұқара жерінен қуып шығудың жолдарын қарастырмақ екендігін білдіруі Энвер пашамен бірігуді Түркістан көтерілісшілері ғана емес, большевик әскері қатарындағы түкістандықтардың да көздегендігін дәлелдейді. Бұл одақтасу процесінің жүзеге асуы кедергісіз болған жоқ. Ибрахим бектің адамдары (лақай руы) 1922 ж. мамырда Энвер пашаға қосылғанымен шайқастарға қатыспай, кері шегініп, Энвер пашаға көмекке келе жатқан әскерлердің жолын бөгеп, қиыншылықтар жаратқан. Кафирун құрылтайынан кейін онсыз да Энвер паша үстемдігін мойындағысы келмеген Ибрахим бек ауған әміршісі Аманулла хан мен бұрынғы Бұқара әміршісі Мир Саид Әлім ханның тыйым салуына қарамастан оның жоспарына қарама-қайшы келетін іс-қимылдар жасап, Энвер пашаның билігіне бағынбай өтті. Балжуан тәжіктерінің басшысы Дәулетменд бек пен лақай руының басшысы Тоғайсары (Ибрахим бектің туысы) арасында орын алған талас-тартысты шешу мақсатымен Энвер паша Дәулетменд бекке көмекке капитан Хасан бейді жіберіп, он бір күнге созылған әскери іс-қимыл нәтижесінде Тоғайсарыны Ибрахим бектің қасына қашып құтылуға мәжбүрлегеннен кейін ғана Шығыс Бұқараның негізгі күштерінің басын қоса білді [22].

1922 ж. 13 мамырда Энвер паша бар әскери күшімен бір мезетте Кармана, Байсун, Шерабад, Термез, Керки қалаларында орналасқан Кеңес өкіметінің әскери гарнизондарына шабуыл жасады [51, 534-535 б.]. Әзірбайжан КСР ХКК төрағасы Н.К.Н. Наримановқа 1922 ж. 19 мамырда жолдаған хатында ол: «Халық комиссары Нариманов мырза! Сізден Ресей Федеративтік Кеңестік

Республикасының бір бөлігін құрайтын халықтардың Жоғарғы Кеңесі тарапынан қабылданған осы резолюцияны Ресей Комиссарларының Кеңесі мен Орталық Атқарушы Комитетіне жеткізуіңізді сұранамын. Жоғарғы Кеңес Ресей Орталық Атқарушы Комитеті мен Комиссарлар Кеңесінің жауабын алғанға дейін менің талабым бойынша Ресей Кеңестік Республикасына соғыс жариялаудан бас тартты. Кеңес Ресей Кеңестік Республикасына бүгінгі Хиуа, Бұқара мен Түркістан жерінде орналасқан шетел әскерінің (қызыл әскердің) екі апта ішінде Ресейге қайтуын ұсынады. Ресей Кеңестік Республикасының аты аталған елдердегі әкімшілік орындары осы уақыт аралығында таратылуы тиіс. Комиссар мырза, Жоғарғы Кеңестің осы декларациясы қолыңызға тиген күннен бастап екі апта өткеннен кейін әрекетке көшу еркіндігі менің қолыма өтетіндігі туралы Сізді ескертемін. Армиялар бас қолбасшысы Энвер паша», – деп жазды [36]. Бұл ультиматумның жолдануы тұсында Энвер пашаның қалыптасқан жағдайды бағалауын оның Аманулла ханға жолдаған хатынан білуге болады. Ол хатта Ресей әскерінің орын ауыстыруды көздеп жатқандығы, сол себептен Байсун қаласына шабуыл жасағандығы, бұл шайқаста орыстардың 60 адамы қаза тауып, 60 адамы жарақат алғандығы, көтерілісшілердің 5 адамы қаза тауып, он алты адамы жарақат алғандығы, қаланы жаулап ала алмай, шегінуге мәжбүр болғандығы жазылған. Ибрахим бектен басқа бүкіл жергілікті қолбасылардың қолдау көрсетіп жатқанын, Ауғанстанның көмегіне байланысты жоспарының өзгеруі мүмкін екендігін, орыстардың оған қарсы 500 жаяу және 150 атты әскер жұмылдырғанын, әзірге олардың бір бөлігі Керки, Чарлхов пен Наджар маңында басталған шайқастарға байланысты сол жаққа жіберілгендігін жазған Энвер паша Аманулла ханға орыстардың 500 адамдық бесінші және он екінші жаяу әскер полктері бар екендігін білдіріп, орыстардың Термезде әскер жұмылдырып, Тулаға дейінгі Амудария бойын жаулап алып, жергілікті халықтың Ауғанстанмен байланысын үзуді жоспарлап жатқандығын жеткізді [74, 280-281 б.]. Бұл хатты алған Аманулла хан 1922 ж. маусымда Кабадиан жеріне қосымша 100 адамдық қарулы ауған отрядын жіберіп, Ауғанстан шекарасының бойына шамамен 10.000 жаяу әскер, 1.000 атты әскер мен 12 зеңбірек жұмылдырды [36]. Бұл оқиға Кеңес өкіметінің аумаққа бұрынғысынан да көбірек әскери күш жөнелтуіне, Энвер пашаға қолдау көрсетуі мүмкін деген кез келген одаққа қысым жасауына жол ашып, 1922 жылдың ортасына қарай кадимшілердің Энвер паша әрекетіне қатысудан бас тартуына әкеп соқты.

Кеңес өкіметінің жемісті дипломатиялық қадамдарының нәтижесінде ауған әміршісі Аманулла ханның Энвер пашаға қатысты саясаты болымсыз бағыт алып, көмек көрсету ісінен ауытқуына әкеп соқты. Мұны аңдаған Энвер паша 1922 ж. маусымның басында БХКР қорғаныс нәзірі қызметін атқарған А. Арифов арқылы Кабулдағы Осман қожамен байланыс орнатып, А. Арифов пен Осман қожаны Берлинге (інісі Нури пашаға) жіберуді, олар арқылы Еуропа елдерін, әсіресе Германияны Түркістанда қалыптасқан жағдаймен таныстырып, олардың Түркістанға көмек беруіне қол жеткізуді көздеді. Алайда, Осман қожаның өз серіктестерімен ақылдасып, күресті үдете үшін Шығыс Бұқара жеріне өту қажеттілігі туралы шешім қабылдауы Энвер пашаның батыстан

жәрдем алу жоспарын жоққа шығарды [22, 441 б.]. Осының нәтижесінде қалыптасқан ТАКСР, БХКР мен ХХКР жеріндегі саяси жағдай РКП(б) ОК-нің 1922 ж. 18 мамырда «Түркістан-Бұқара істері туралы» мәселені күн тәртібіне қойып, талқыға салуына ұйытқы болды. Жергілікті халықтың наразылығын есепке ала отырып, саяси жағдайды ретке келтіруді мақсат тұтқан РКП(б) ОК «социализмді құру тактикасын жаңарту» үшін бұрын тәркіленген вакф жерлерін иелеріне қайтарып беру туралы шешім қабылдап, идеологиялық қарама-қайшылықтарды жою үшін ислам дініне қатысты саясатын өзгертті [36]. Энвер пашаға «британ агенті», «шығыс халықтарының жауы», «ағылшын империализмінің жалдамалы адамы» деген айдар тағып, қызыл әскерді «құтқарушы» деп танытқан РКП(б) ОК Орта Азия Бюросы мен Орта Азия республикаларының КП-ларының ОК-теріне «Энвер пашаға қарсы ауқымды саяси кампания бастау», «БХКР-на әскери көмекті арттыру» істеріне жұмыла кірісуді тапсырды [36]. Орта Азия Бюросы, ТАКСР, БХКР мен ХХКР КП-лары РКП(б) ОК шешімдерін негізге ала отырып: «Энвер пашаның қылмыстық содырлығы салдарынан туындаған қанды қырғынды тоқтатуға тек Бұқара, Түркістан мен Хорезм жұмысшылары мен қызыл әскер жауынгерлерінің жұмыла күресуінің нәтижесінде ғана қол жеткізуімізге болады. Шығыс кеңестік республикаларының жұмысшы халықтары көптен бері армандап келген бейбітшілікті сонда ғана орнатуға болады», – деген ашық хат жариялады.

1922 ж. 26 мамырда жұмысшыларды «контрреволюциялық күштерді жою үшін Кеңес өкіметінің айналасына жұмылуға» шақырып халыққа үндеу жолдаған ТАКСР, БХКР мен ХХКР ОАК-тері қалалар мен қыстақтарда жиындар өткізіп, партия қызметкерлері арқылы Энвер пашаға қарсы үгіт-насихат жүргізіп, еңбекші халықтан «басмашы бандыларға» (Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының күрескер топтарына) қарсы қызыл әскерге белсенді түрде көмек көрсетуін сұранды. Пропагандалық жұмыстарын жүргізе отырып, бір мезетте Зарафшан мен Қаршы бағытында әскери іс-қимылға көшкен кеңес әскері 27 мамырда Зарафшан ауданын басып алып, қызыл атты әскер бөлімшелерінің көмегімен Энвер пашаның Батыс Бұқара жерінде орналасқан негізгі әскери базасы Нұрата қыстағына шабуыл жасады. Шабуылдың нәтижесінде көтерілісшілердің 150 адамы мерт болып, 50 адамы жарақат алып, Энвер пашаның 15 мамырда Кафирун құрылтайында түзген шабуыл жоспарын жоққа шығарды. Әлсіреуі қажет болған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы күн өткен сайын күшейе бастауына байланысты Кеңес өкіметі 1922 ж. маусымда жеңісін өрбіту мақсатымен «Түркістан-Бұқара істері туралы» мәселеге РКП(б) ОК-нің 18 мамыр күнгі шешімдерін негізге ала отырып, РСФСР әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары Л.Д. Троцкийді 10 маусымда Ферғана облысына, РКП(б) ОК Кавказ бюросының төрағасы Г.К. Орджоникидзені, РСФСР қарулы күштерінің бас қолбасшысы С.С. Каменевті, РСФСР 1-атты әскерінің қолбасшысы С.М. Будённыйды, РКП(б) ОК-нің хатшысы әрі Түркістан комиссиясының мүшесі В.В. Куйбышевты, РКП(б) ОК-нің Орта Азия бюросының төрағасы Я.Э. Рудзутакты Бұқара қаласына жіберіп, оларға Энвер паша қозғалысын толығымен талқандау міндетін жүктеді. Әскери

операцияларды жүзеге асыру ісін тікелей өз міндетіне алған РСФСР қарулы күштерінің бас қолбасшысы С.С. Каменев ТӘК пен Бұқара қарулы күштері топтарының біріккен штабын құрып, штаб қолбасшысы қызметіне Н.Б. Какуринді, ТӘК мүшелігіне Батуринді тағайындады. Н.Б. Какуринның штабы 1922 ж. 1 маусымда БХКР жерінде «Шығыс» және «Батыс» соғыс шептерін құрған болса, 4 маусымда БХКР ОАК Бұқара халқын «Энвер пашаның жасақтарына қарсы бірігіп күресуге» қызыл байрақ астына шақырды [36].

РСФСР-дің атақты мемлекеттік әрі әскери қайраткерлерінің Бұқара жеріне келіп, көтерілісшілерге қарсы күреске тікелей өздерінің қатысуы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының саяси мазмұнының аясын кеңейтіп, Энвер паша қозғалысының әскери маңызын арттыра түсті. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын қысқа мерзім ішінде жою үшін Энвер паша қозғалысынан арылудың қажеттілігін жіті түсінген Кеңес өкіметінің пропагандалық іс-шараларды жүзеге асыруы мен өлкеге қызыл әскердің тым ауқымды күшін жұмылдыруы қызыл әскер қолбасшыларын қарамағындағы жауынгерлердің тәртібін бақылау ісінде қауқарсыздыққа ұшыратты. Батыс Бұқара аудандарының орталықтары мен ірі қыстақтарындағы (Шафиркан, Талисафед, Вабкент, Рамитан, Зандани, Гишти, Ғыждуван, т.б.) гарнизондарға жұмылдырылған қызыл әскер жауынгерлері бейбіт халықты тонау, қыстақтарды өртеу, әйелдерді зорлау әрекеттеріне барды [51, 535-536 б.]. Кеңес өкіметінің Батыс Бұқара жерінде құрған «Батыс» соғыс шебі үш қанаттан: «Кермина», «Бұқара» мен «Чарджоу» колонналарынан құралған болатын. Шығыс Бұқара жеріндегі «Шығыс» соғыс шебі екі қанаттан тұрды: I қанат (немесе «Сол»қанат: 2 700 адамдық 1-айрықша Түркістан атты әскер бригадасы) пен II қанат (немесе «Оң» қанат: 4 030 адамды құраған 8-атты әскер бригадасы мен екі атқыштар полкі). «Шығыс» соғыс шебінің штабы түзген жоспар бойынша бригада командирі Я.А. Мелькумовтың басшылығындағы «Сол»қанат Байсуннан Денау, Гиссар, Душанбе, Кафирнихан арқылы Файзабад бағытында әрекет жасауы қажет болса, дивизия басшысы М.Н. Никитиннің басшылығындағы «Оң» қанат Ширабад-Кокайты-Термез аумағынан Кабадиан, Қорғантөбе, Куляб арқылы Балжуан бағытында әрекет жасауы қажет еді [36]. Энвер паша қозғалысының тамырына балта шауып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қарулы күресіне үлкен соққы берген күштер міне осы кеңес әскерлері болды.

Байсун қаласын төрт ай бойы қоршауда ұстап, қару-жарақ пен азық-түлік жағынан таршылыққа көрген Энвер пашаның әскеріне қарсы Н.Б. Какурин штабы 1922 ж. 9 маусымда ауқымды әскери операциясын бастады [36]. «Шығыс» соғыс шебінің «Оң» қанаты көтерілісшілерге ауыр соққы беріп, олардың Кабадианнан Балжуанға шегінуінен кейін Вахш алқабының аудандарын бағындырып, көтерілісшілерді ауған жеріне өткізбеу мақсатымен Пяндж өзенінің өткелін бақылау астына алып кідірген болса, Байсун, Анкабат, Рабат маңында шамамен он шақырымдық шеп құрып, шабуылға көшкен «Шығыс» соғыс шебінің «Сол» қанаты 15 маусымда Энвер пашаның күзетші бөлімшелерінің позицияларын бұзып өтті. В.Ф. Баранов басшылығындағы 5-

Түркістан атқыштар полкі 11-атты әскер полкінің сүйемелдеуімен Куроплай мен Кафирун қыстақтары маңында Энвер пашаның 1.700 адамдық жасағына қапталдан шабуыл жасап, «Сол»қанат әскерлерінің Кафирун-Сарыкамыш-Пул-и Хакиан сызығына орналасуына жағдай жасады. Энвер паша Кафирун маңында 220 адамынан айырылып, қару-жарақ қоймасын жау қолында қалдыруға мәжбүр болып, Денауға шегінді. Саид Әлім ханға жолдаған хатында ол: «Маған 500 адам мен бірнеше пулемет жіберуіңізді сұранамын. Орыстардың жаңа қаруына қарсы ауған әскерінің қолданысындағы оқ-дәрілер мен винтовкаларды жіберуіңізді өтінемін. Жуық арада орыстар маған кедергі бола алмайды деп ойлаймын», – деп жазса да [36], Денауда Тоқсабаның әскерімен бірігіп, әскер санын 2 000-ға жеткізгенімен 1922 ж. 16 маусымда таң ата «Сол» қанаттың 8-атты әскер бригадасының Бандихан тау шатқалы арқылы өтіп, Жарқорғанға орналасуының салдарынан еркін маневр жасау мүмкіндігінен айырылып қалды. «Сол» қанаттың 1-атты әскер бригадасы 17 маусымда таң ата Энвер пашаны ығыстырып, Денау, Арчи, Сары-Асияны жаулап алды. Кешке қарай бұл ауданға жаяу әскерлер келіп жетіп, кеңес әскерінің позициясын нығайта түсті. «Оң» қанаттың алға шығуын және шекара өткелдерін бақылау астына алуын қамтамасыз ету мақсатымен «Сол» қанат осы жерде уақытша тұрақтады. «Оң» қанат 18 маусымда 3000 адамдық көтерілісшілерді Кабадианға ығыстырып, 12 адамын мерт қылып, 4 адамын жарақаттап, 4 адамын тұтқынға алып, Бешкентті өзіне қаратқаннан кейін 19 маусымда Биш-Тимур өткелін оң жақ отряды мен сол жақ отрядының бір бөлігі арқылы бақылау астына алып, 12-атты әскер полкінің екі батальонын Денауға, қалған бірліктерін Кабадиан мен Айважға орналастырды [36].

Қызылдарға тойтарыс беру мақсатымен көтерілісшілердің әскери күшін Сурхандария өзенінің өткелі маңында шоғырландырған Энвер паша Арғамчи қыстағындағы кезекті жеңілісінен кейін шегіне отырып, бір рет Сары-Асия қыстағы маңында, екінші рет Регар-Қаратағ қыстақтары маңында шайқасып тағы жеңілді. 1922 ж. 1 шілдеде Регар мен Каратағ қыстақтарын босатып шегінді. Кескілескен шайқастар нәтижесінде Қаратағ, Гиссар, Шымқорған, Қожа-Шақмақ, Регар аудандарын жаулап алған қызыл әскердің «ШЫҒЫС» соғыс шебінің «Сол»қанаты 2 шілдеде Энвер пашаның негізгі күштерін Ақ-Мешітке шегінуге мәжбүрлеп, 3 шілдеде Энвер паша орналасқан Джилликөл қыстағын, 4 шілдеде Қорғантөбе қыстағын жаулап алды [36]. Балжуан қыстағына шегінген Энвер паша үш күнге созылған шайқастан кейін Балжуанды да тастап, өз адамдарымен Балжуанның шамамен 13 шақырымдық қашықтықтағы солтүстік-шығысында орналасқан Абидере қыстағына ығысты. Дәл осы тұста Энвер пашаның қызыл әскер шабуылдарының астында қалғандығынан бейхабар туған інісі Нури паша 1922 ж. 10 шілдеде Энвер пашаға: «Қасыңызға баруға әзірмін. Бастаған ісіңіз өз мақсатына жететін болса, Кавказдың да құтылатыны сөзсіз. Ондай жағдайда қасыңызға барып, ортақ мақсатқа жету үшін жұмыс атқарсам жөн болады деп ойлаймын. Немере ағам да бұл жаққа келді. Екеуміз бірге барамыз әлбетте. Кәмілге тапсырғаныңыз түгелімен әзір. Пошта арқылы жібереміз. Мен тікелей сіз жазған Зеппелин (әуе

шары) мәселесімен айналысып жүрмін. Оқ-дәрі, әскери керек-жарақ, 5 000 винтовка, 50-ге жуық офицер, үлкендеу бір ұстахана, екі ұшақты бір рейсте жіберуімізге болады. Бұл үшін бәрінен маңыздысы ақша қажет. Сіз 30-50 мың алтын жібере аласыз ба? Зеппелин (әуе шары) мен оның қасындағыларының қанша ақша қажет ететіндігін шамамен де болса айта алмаймын. Германия өкіметінің бұл мәселелерді қатаң бақылауға алуына байланысты қомақты ақшаның күшімен ғана шешуге болады. Немістер кеңестік Ресеймен дос болуды жақтауына байланысты әрекетіңізге қарсы. Хоффман да солармен бірге. Зеппелин (әуе шары) мәселесін сенімді адамдарыңыз арқылы шешуді қарастырып жүрмін. Ақшаны жіберген уақытыңызда мен де барып қаламын. Мен Берлинде еркін жүре алмаймын. Армяндар торуылдауда», – деген хатын жолдаған болатын [74, 277-278 б.]. Бұл хатта жазылған ойлардың жүзеге асуының мүмкін емес екендігін қызыл әскер жауынгерлерінің 1922 ж. 14 шілдеде Душанбе қаласын, 17 шілдеде Куляб қаласын жаулап алуы айқындады. Чубек пен Богорак су өткелдерін бақылау астына алып, Энвер пашаның шекара асып шегінуінің жолын кесті. Саңтуда қыстағына шегінген Энвер пашаны 16-атты әскер полкі бұл қыстақтан да ығыстырып шығып, оның 20 шілдеде 500 адамымен бірге Абидере қыстағына қайта шегінуіне мәжбүр етті [74, 278-279 б.].

Кеңес өкіметінің арнайы қызмет орындары ұлт-азаттық қозғалыс партизандарына қарсы жүргізген операцияларында әрдайым олардың басшыларының көзін жойып отыруды көздеген. Басшыларының өлімі көтерілісшілердің жігерін әлсіретеді деп есептеді. Большевиктер жеңіліс тапқан көтерілісшілердің бостандықта қалып қойған басшылары халықты қайта ұйымдастырып, жаңа көтерілістерге бастауы мүмкін деген оймен оларға аса үлкен ыждақаттылықпен іздеу салды. Ресей Мемлекеттік Саяси Басқармасының чекисті Г.С. Агабеков «Г. П. У. (Записки чекиста)» атты еңбегінде Кеңес өкіметінің Энвер пашаны қалай өлтіргенін жазған. Г.С. Агабеков Кеңес өкіметінің Энвер пашаны өлтіруі жайлы шешімге келгендігі туралы: «Бұқара шебіндегі қызыл әскер шарасыздыққа душар болды. Азық-түлік тапшылығы мен жергілікті халықтың қарсылығы Шығыс Бұқарадағы саны аз қызыл әскердің еркін әрекет жасауына кедергі еді. Энвер пашаға да толығымен қолдау көрсетпеген жергілікті халық қызыл әскерді жек көретін. Қызыл әскердің, әсіресе М. Буденный жауынгерлерінің озбырлығы халық наразылығын күн өткен сайын арттырды. Бұқара қаласын жаулай алмай, Тәжікстан жеріне шегінген Энвер паша өз штабын сол жерге орналастырып, қызыл әскердің алдыңғы және арқа шептерінен шабуыл жасады. Оның отрядтарын торуылдап, қолға түсіру мүмкін болмады. Кеңес өкіметі «басмашылықты» (яғни, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын) жою тек Энвер пашаның көзін жою арқылы ғана мүмкін болатындығы туралы тұжырым жасады», – деп жазған [108]. Энвер пашаның өз штабы орналасқан жерін жиі өзгертіп отыруына байланысты оның қай уақытта қай жерде екенін анықтау, терең барлау әдістерін қолданып, одан көз жазып қалмау міндетін Кеңес өкіметі Г.С. Агабековке жүктеді. Г.С.

Агабеков «тасып сатушы саудагер» кейпінде көтерілісшілердің сеніміне ие болуы қажет еді [108, 52 б.].

Г.С. Агабеков тапсырманы орындау үшін барлау басқармасының қызметкері Осиповпен бірге Ташкент қаласынан Бұқара қаласына аттанады [108, 52-53 б.]. Аты-жөнін Расулов деп өзгерткен ол Бұқара қаласында түрлі тауар сатып алып, Қаршы арқылы Гузарға жеткен. Гузарда сауда-саттық жүргізіп, Юрчи мен Деннау саудагерлерінен ұсыным хаттар (рекомендациялар) алып, Абдурахман есімді өзбекті көмекші қызметіне қабылдап, Деннауға бет алды. Абдурахман арқылы Энвер паша штабының орналасқан жерін анықтаған Г.С. Агабеков Деннаудан Энвер пашаның қыстағына жетіп, көтерілісшілер қоныстанған шайханаға жайғасқан. Үш күннің ішінде көтерілісшілердің сеніміне ие болған. Энвер пашаның қай үйде, қай офицер-адъютанттармен қоныстанғаны, қай уақыт аралығында серуендейтіні, қандай киім киетіні (түрік армиясының формасын киіп, басына сәлде тағатыны), өзін қауіпсіздікте жүргендей сезінетіні, ұзақ уақыт осы қыстақта аялдайтындығы туралы мәліметтер жинаған. Қанық мағлұматтарға ие болғаннан кейін қолындағы ақпаратты Осипов арқылы шабуыл жасауға дайын тұрған Деннау қызыл әскер штабына жөнелткен болатын [108, 52-53 б.].

Г.С. Агабеков: «Шабуыл жасамастан бұрын қызыл әскер дивизионы бір эскадронын Энвер пашаның шегініс жолын торуылдауға жіберіп, қыстаққа таңғы сағат жетіде шабуыл жасады», – деп [108, 54-55 б.], қызылдардың бір-ақ дивизионмен шабуыл жасағанын жазған болса, Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов терең ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде: «Кеңес өкіметі Абидере қыстағы маңына айтарлықтай үлкен әскери күш шоғырландырып, қыстақты қоршауға алды. Қызыл әскердің 8-атты әскер бригадасы, 15-ші, 16-шы, 18-ші атты әскер полктері, бірнеше атты әскер эскадроны мұсылмандардың қасиетті мейрамы Құрбан айт мерекесінде 1922 ж. 4 тамызда шабуыл жасады», – деп жазған [36]. Энвер пашаның қаза болуы туралы Г.С. Агабеков: «Шабуылға қарсылық көрсеткен Энвер паша қызыл әскердің пулеметтен оқ жаудыруына байланысты жауынгерлеріне өзінің штабпен бірге тау шатқалдарына шегініп үлгеруіне дейін қорғанысты ұстап тұруын бұйырып, қасындағы штабтың 30 адамымен бірге шегіну барысында торуылдаған эскадронға тап болды. Қоршауда қалған Энвер паша ұрысқа кірісті. Энвер пашаның штабы жойылып, екі адамы ғана қашып құтылды. Кіммен шайқасқанын бастапқыда аңғара алмаған қызылдар шайқастан кейін мерт болғандар арасынан басы мен бір иығы жоқ Энвер пашаның өлі денесін тапты. Дененің қасынан табылған Құран кітабы Ташкент Мемлекеттік Саяси Басқармасына жолданды», – деп жазса, А.-З.В. Тоган: «Энвер паша Чекен жерінде орыстарға қарсы қаһарманша шайқасып, шегініп бара жатқан орыс жауынгерінің оғынан мерт болды. Оның ыдырап кеткен отрядын қайта біріктірген Даниал бек пен Фарух бек Чекендегі жау қолын қоршауға алып, толығымен дерлік бір батальонның көзін жойды. Мұстафа Шахқұлының айтуынша орыстар Энвер пашаның оққа ұшқанын да, мерт болған адамның кім екендігін де білмеген. Сол кезде Энвер пашаның қасында болған, кейіннен

Түркияға көшіп кеткен Мухиддин мен Нафас Түркіменнің айтуынша мерт болған адамның Энвер паша екендігінен бейхабар тәжіктер оның үстіндегі киімін шешіп, өз сәлдесімен кебіндеп жерлеген. Энвер пашаның киімдері мен кейбір қағаздары орыс тыңшыларының қолына кейін тиді», – деп, қарама-қайшы пікір жазған. Г.С. Агабеков пен А.-З.В. Тоганның Энвер паша өлімінің куәсі болмағандарын есепке ала отырып, куәліктерінің дәйексіздігі салдарынан мұрағат деректерімен көп жұмыс жүргізген Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев пен И.А. Алимовтың: «Алғашқы болып 8-атты әскер бригадасы Балжуан мен Ховалинг қыстақтары арасында орналасқан Энвер пашаның негізгі күштеріне соққы берді. 16-атты әскер полкінің 3-эскадроны Абидере қыстағы маңында орналасқан Энвер пашаның 500 адамдық авангардына шабуыл жасады. Энвер паша таңдаулы 100 адамымен бірге 18-атты әскер полкінің 1-эскадронын күйрете жеңіп, 3-эскадронына шабуыл жасау барысында денесінің бес жерінен жарақат алып, мерт болды. Оның өлі денесін алып кетуге үлгермеген көтерілісшілер солтүстік тау шатқалдарына шегінгеннен кейін қызыл әскер жауынгерлері Энвер пашаның өлі денесінен әйелінің хаттарын, үш мөр мен бір револьверді теріп алды», – деген сөздерін негізге алу орынды болады [108, 54-55 б.]. Түркиялықтар Энвер пашаның өлімі туралы хабарды 1922 ж. 22 тамызда алып, сенгісі келмей оның тірі екендігі туралы ақпар таратқан. Қыркүйек айында «Энвер паша тірі», «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын қайта жандандыру үшін Бұқарада жасырынып жүр» деген сөздер халық арасында кең тараған [74, 76 б.]. Энвер пашаның Түркістан азаттығы жолында шейіт болғандығы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатынасын оның Байсун қаласындағы қызыл әскер командирі А. Акчуринге жолдаған хатында: «Түркістан мен үшін бөтен емес, менің ата-бабаларым Түркістаннан шыққан. Түркістандықтардың бойындағы қан менің қаныммен бірдей», – деп жазуынан байқауға болады. Энвер паша есімінің Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының символына айналуын [36] жергілікті тәжіктер мен өзбектердің оның мәйіті басындағы талға мата жіп байлау арқылы мазарын киелі зиярат орындарының біріне айналдыруы, Кеңес өкіметіне қарсы күресуге бел буған мұсылмандардың Энвер паша мазарының басында «исламды қорғау үшін соғысуға дайын екендігі» туралы ант ішу үрдісін енгізуі дәлел.

Энвер пашаның өлімімен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының маңызды кезеңі аяқталды. Бұл кезеңде Батыс және Шығыс Бұқара көтерілісшілері ыдыраңқылықты жеңіп, Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күресте ұйымшылдыққа қол жеткізген еді. Энвер пашаның ірі әскери жетістігі Түркістан азаттығы жолында күрескен көтерілісшілердің орталықтанып, Кеңес өкіметіне қарсы жүйелі түрде әрекет жасауында. Дегенмен, оның өлімінен кейін либерал жәдитшілер мен консерватор кадимшілердің саяси одағы ыдырады. Қалыптасқан жағдайды ұтымды пайдалануды көздеген БКП ОАК 1922 ж. 19 тамызда өткен I сессиясында Энвер пашаның өлімі туралы мәлімдемені сараптап, «басмашылардың басқа да басшыларының көзін тез арада жою үшін жедел шаралар қолдану» жөнінде шешім қабылдады [22]. 1922 ж. 14 қыркүйекте Бұқара әскери тобының қолбасшысы П.А. Павлов Түркістан соғыс

шебінің қолбасшысына «Энвер пашаның өлімінен кейін оның адамдары жеке-дара әрекет жасауда. Олар ашық шайқастан бас тартып, транспортқа, ауруларға, әлсіз разъездерге шабуыл жасау тактикасын ұстанып, Қорғантөбе-Саңтуда, Балжуан-Куляб аумағы мен Гиссар алқабының солтүстігі мен солтүстік-шығысының тау шатқалдарында бекінген», – деп жазды [36]. 1922 ж. күзде Шығыс Бұқара көтерілісін Ибрахим бек жалғастырды.

1922 ж. тамызда Энвер паша қозғалысын жалғастыру мақсатымен Кабул маңында құрылтай өтті. Құрылтайға БХКР ББТК-нің бұрынғы төрағасы Осман қожа (Усман Пулатхуджаев), БХКР-ның бұрынғы қорғаныс министрі Абдулхамит Арифов, БХКР қорғаныс министрінің бұрынғы орынбасары Али Риза бей, БХКР-ның Кабулдағы елшісі Хашим Шайық, Энвер пашаның адъютанты Қажы Сами Кушчубаш (Салим паша), ауған өкілдері Мұхаммеди хан мен Ишан гази, Ташкент өкілі Қазы Құзұр мен Азим афенди, Фергана өкілі Қари афенди, Ариф Хамид (Абдулхай Арифов), түркімен өкілі Құлмұхаммед, Саид Әлім ханның өкілі Абдулхаким мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басқа да өкілдері, түркістандық эмигранттар қатысты. Қажы Сами Кушчубашының (Салим паша) басшылығымен өткен құрылтай Энвер пашаның өлімінен кейін Бұқара мен Түркістанда қалыптасқан жағдайды талқылап, Бұқара көтерілісшілеріне көмек беру және оларды біріктіру үшін оларға өкілдер мен кеңесшілер жіберу мәселесін шешіп, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жаңа бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның негізгі мақсаты Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшыларын орталықтандыру еді. Құрылтайда қозғалыстың орталығын Ауғанстанның солтүстігінде орналасқан Мазар-и Шериф қаласына ауыстыру туралы шешім қабылданданып, құрылтай мүшелеріне міндеттер жүктелді. Энвер пашаның орнына «бас қолбасшы» болып Қажы Сами Кушчубашы сайланып, оған «паша» атағы берілді (Осы құрылтайдан кейін оның есімі «Салим паша» деп көрсетіледі). Осман қожаға Ауғанстанда болып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына жан-жақты көмек көрсету міндеті жүктелді. Миан Бүзүркке Ташкентте қаржы мәселесін шешу, пропаганда жұмысы мен қару-жарақ қоймасын ұйымдастыру қызметі тапсырылды. Абдулхамит Арифовқа Үндістан арқылы Еуропаға барып, қолдау табу ісі жүктелді. Ауған өкілдері Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының 1.200 солдаты мен 400 офицерін киім-кешек және қару-жарақпен қамтамасыз ету міндетін алды. Құрылтай Түркістанды орыс және жергілікті большевиктер мен коммунистерден азат етуге бағытталған көтерілісті 1923 ж. көктемде бастауды жоспарлап, бүкіл мұсылман халқын күреске қатысуға шақырды. Керки, Бұқара, Самарқанд, Ташкент қалаларын байланыстыратын темір жол қатынасын бұзу, қызыл әскердің күзет орындарын жою үшін қарулы партизан отрядтарын ұйымдастыру көзделіп, көтерілісшілерді қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін ауған полковнигі Хусум Хаджиевтің басшылығымен бір әскери керуенді Ферғана жеріне аттандырды [36].

Кабул құрылтайының шешімімен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бас қолбасшысы қызметіне тағайындалған Салим паша (Али Риза беймен бірге) 1922 ж. қыркүйектің ортасында Шығыс Бұқараға (Дарваз) келіп, Түркістан ұлт-

азаттық қозғалысының басшыларын құрылтай қаулыларымен таныстырды [45]. Энвер паша қозғалысын жалғастыру ісін өз қолына алу мақсатымен Энвер пашаның мазары басында жиналған көтерілісшілердің алдында сөз сөйледі. Салим пашаның сөйлеген сөзі Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлін ашып көрсету тұрғысынан өте құнды мәлімет. Салим паша өз сөзінде былай деген: «Уа халайық! Мына қасиетті қабірде жатқан шейіт, атақты бас қолбасшы, мұсылманның мақтанышы, адамзаттың құрметтісі ұлық Энвер паша жеріңе келіп, қиыншылықтарға қарамастан сенімен сіңісіп, өркениет пен исламият тарихында арыстанның айбынындай теңдесі жоқ қаһармандығымен, бар ынта-жігерімен сүйіп әрі сүйсініп, көз алдыңда не үшін шейіт болды? Пәк сымбатын киелі топырағыңа, сенің отаныңа қиды. Сол себепті, уа мұсылман халайық, тек сенің отаның ғана өте бақытты. Өйткені, Отаның Алланың қамқорлығына қауышты. Нұр үстіне нұр жауды. Жан дүниемізді өртеген Энвер пашаның өлімі сенің жаңадан, қайтадан оянуыңа жол ашты. Бүгінге дейін төгілген қанымыз, Алла қаласа, бұдан былай босқа төгілген болмайды. Түркілер мен мұсылмандар отанының азат болатындығына үстем шейіт, марқұм Энвер пашаның қасиетті қабірі куә.

Уа халайық! Шейіттердің шейіті марқұм Энвер паша сені ғана азат етемін деп емес, Кавказ, Түркістан, Хиуа мен Киелі Бұқараны толығымен азат етемін деп бала кезінен өмірінің соңына дейін жанталасты. Мұны ұмытпа! Дүниежүзілік соғысқа да өмірлік осы мақсатына жету үшін, сені азат ету үшін кірісті. Бұл мақсат жолында халиф елі миллиондаған алтын жұмсап, тығыз қоныстанған елді-мекендерінен айырылды. Екі миллион түрік ұлдары, зиялылары, жүрек жұтқан жауынгерлері шейіт болды. Алла тағала олардың жанкешті амалдарына риза болуына байланысты ислам әлемін жоюды көздеген алпауыт Ресей құлап жоқ болды. Қазір қарсы алдымызда дінсіз, мақсатсыз большевиктер тобыры тұр. Олар да аш-жалаңаш, оба ауруына, түрлі әлеуметтік ауруларға шалдыққан өте қиын бір жағдайда. Өзара бір-бірімен қырқысып, зұлымдық жолында жүрген бұл аз бір тобырды, уа халайық, сенің бірлігің мен ұлылығыңның құрметіне қысқа мерзімде жоятындығымызға сен. (Бұл жәрдем мұсылманның жәрдемі. Энвердің қабірі мұсылман өлкесінің қуаты). Осы қасиетті қабірдің басында ант ішкен құрметті жауынгерлер! Сеніңдер. Бірліктің арқасында дініміздің дұшпаны орыстарды Киелі Бұқара жерінен аз уақытта қуып шығарамыз. Мұның дәлелі, біздің қасиетті қабір басында жиналып, бірігуімізден бері әрбір шайқасымыздың жеңіспен аяқталғанын көрген халықтың қуанышпен, мақтанышпен бізге көмек көрсетіп, тілеулес болуында.

Уа халайық! Мұсылманға лайықты түрде, Алла жолында ислами мінез-құлық пен соғыс ерлігін танытып, атағы мен даңқына сай шейіт болған марқұм Энвер пашаның жолымен жүрсең жеңіс сенікі. Егер қорықсаң, мына керемет Отанда ұрпағың мен отбасың қор болып, қиналып жүргенін көретін боласың. Түрлі қорлықтың куәсі боласың. Қорлық еш уақытта киелі исламға лайық болмаған. Нағыз өмір дегеніміз сыйлы әрі үстем, батыл әрі мекем болып, Алла жолындағы шайқаста шейіт болу немесе отанның намысы мен абыройын дұшпаннан қорғап қалу болып табылады. Ұлы Алла отан үшін, ар-намыс үшін,

абырой үшін еңбек еткен мұсылмандардың екі дүниеде де сыйлы әрі үстем болатындығын киелі аяттары мен пайғамбардың хадистері арқылы қайта-қайта баяндап хабарлаған. Сабыр мен байсалдылық арқылы азаттық пен мақсатқа жету исламнан, жәрдем Алладан» [74, 301-302 б.]. 1922 жылдың аяғында Түркістан көтерілісшілерінің саны 60.000 адамға жетсе, Кеңес өкіметі оларға қарсы жұмылдырған әскер санын 100.000 адамға көбейтті [45]. Батыс Бұқара халық-азаттық қозғалысының негізгі күшін жою туралы жоспарын жүзеге асыра алмаған қызыл әскер басшылығы қаруын тапсырған көтерілісшілерге амнистия жариялағанымен еш нәтиже шығара алмай, оларды бір-біріне қарсы айдап салып, бірлігінен айырылып қалған қауқарсыз көтерілісшілерді аяусыз атып отырды.

Энвер пашаның әскери стратегиясы Душанбе қаласын жаулап алып, большевиктердің БХКР жеріндегі стратегиялық жағынан маңызды болып табылатын Байсун әскери гарнизонын жаулағаннан кейін Бұқара қаласына бар қарулы күшімен шабуыл жасау жоспарына негізделген болатын. Хиуа және Ферғана басмашыларының қолбасшылары Джунаид хан және Шермұхаммед бекпен әскери және саяси одағы болған Энвер паша түзілген бұл жоспардың жүзеге асуынан кейін түркі халықтарының басқа да жерлеріне жорық жасауды көздеген еді. Душанбе қаласын қолға түсіргеннен кейін Энвер пашаның Байсун қаласын қоршауда ұстауы ұзақ уақытқа созылып кетуінің салдарынан большевиктер аумаққа үлкен әскери контингент жұмылдыру мүмкіндігіне ие болды. Большевиктер Бұқара қаласының айналасында орналасқан көтерілісшілерді ығыстырып, Байсун қаласына көмекке келді. Қызыл әскердің тұрақты бірліктерінің жүйелі шабуылының нәтижесінде Энвер пашаның бастапқыда түзген жоспары жүзеге аспай қалды. Энвер паша бүкіл қарулы көтерілісшілерді кішігірім топтарға бөліп, партизан соғысын жүргізу мақсатымен жүйелендіріп, күресін жалғастырды. Алайда, Германиядағы саяси әріптестері мен туған інілері Нури мен Кәмілдің және ауған әміршісі Аманулла ханның тарапынан жолдануы қажет болған заман талабына сай қару-жарақтардың, жаудың орналасу координаттарын анықтау мақсатымен қолданылмақ болған «Зеппелин» әуе шарының дер кезінде келіп жетпеуі большевиктердің соғыс алаңында үстемдікке ие болуын қамтамасыз еткен болатын. Кеңес өкіметінің үстемдікті қолдан бермей, өз тыңшылары арқылы Энвер пашаның орналасқан аудандарын біліп отырып, бағыты нақты белгілі шабуылдарының нәтижесінде басмашылар қозғалысы жеңілмесе де, Энвер паша қаза тапты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Энвер паша Кавказ, Түркістан, Хиуа мен Бұқараның түркі-мұсылман халықтарының саяси тәуелсіздікке қол жеткізу жолында күресін жүргізген әрі Осман империясын Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіруімен, оның жеңіліске ұшырауына біркелкі себепші болған Осман қарулы күштерінің министрі, патшаның күйеу баласы әрі өкілі болған тұлға. Ол 42 жылдық өмірінің Түркістан жеріндегі соңғы он айын «Түркістан халқы тәуелсіз болады» деген сеніммен «азаттық күрестің бірлігін қамтамасыз ету» жолында өткерді. Энвер пашаның А.-З.В. Тоғанға жазған «Мәңгі болмасам да ең болмаса мәйітімді осы жерде қалдырсам түрікшілдіктің тәуелсіздігі үшін қызмет еткен болғаным» деген сөздері, оның шын мәнінде түркі-мұсылман халықтарының егемендігі үшін күрес жүргізгендігінің дәлелі болып табылады.

Түркі халықтарының гагауз ұлысынан шыққан Энвер паша қарудың күшімен Мәскеуге бағындырылған түркі халықтарының жақын болашақта азаттыққа қол жеткізгеннен кейін конфедерация, саяси одақ құратындығына сенген. «Бірлік және Даму» ұйымының жұмыла кірісуімен жүзеге асырылған саяси төңкеріс нәтижесінде 1908 жылғы конституциялық монархияның жариялануында белсенділік танытқан Энвер «еркіндік қаһарманы» атанады. Германияның саяси және әскери элитасымен тығыз байланыс орнатқан ол Триполитания соғысы мен Бірінші Балқан соғысына қатысып, 1913 ж. 23 қаңтарда үкіметтік төңкеріс ұйымдастырып, «Бірлік және Даму» партиясының билік басына келуіне үлкен септігін тигізген. Екінші Балқан соғысы барысында 1913 ж. 25 шілдеде Эдирне қаласын жау қолынан азат етуінің нәтижесінде Энвер Осман империясының «Эдирне қаһарманы» атанады.

Отаншылдық (османшылдық) идеологиясының айналасына Осман империясының түркі, араб, славян, грек, армян, еврей халықтарын біріктіру мен діншілдік (исламшылдық) идеологиясының айналасына дүние жүзі мұсылман халықтарын одақтастыру саясатынан нәтиже ала алмаған Энвер паша ұлтшылдық (түрікшілдік) идеологиясының айналасына Түркия, Ресей, Кавказ, Түркістан, Хиуа, Бұқара түркі-мұсылман халықтарын біріктіру саясатын ұстанды. 1913-1919 жж. аралығында өз адамдарын түркі әлемінің түкпір-түкпіріне жіберу арқылы түркі халықтарының арасында «саяси түрікшілдік» идеясының кең тарауына септігін тигізді. 1918 ж. 30 қазанда Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс табуы мен жеңімпаз Антанта мемлекеттерінің осман өкіметінің мүшелеріне іздеу салынуының салдарынан Қырым, Польша, Германия жерлерінде жасырынған Энвер паша 1919 ж. Берлинде «Төңкерісшіл Мұсылмандар Одағы» құпия ұйымын құрды. К.Б. Радек арқылы Антанта мемлекеттеріне қарсы болшевиктермен саяси одақ құрған ол Мәскеу қаласына жету жолында бес рет ұшақ апатына ұшырап, түрлі абақтыларға қамалды. 1920 ж. 15 тамызда Мәскеу қаласына жеткен Энвер паша «Төңкерісшіл Мұсылмандар Одағы» құпия ұйымының орталығын Мәскеуде құрып, большевиктердің ұйымдастыруымен 1-7 қыркүйек күндері аралығында Баку қаласында өткен шығыс халықтарының I құрылтайына қатысты. Мақсаты

– шығыс халықтарын ағылшын империализміне қарсы өз ұйымының айналасына шоғырландыру еді. Алайда, кеңестік империализмнің ағылшын империализмінен кем түспейтіндігін түсінген Энвер паша большевик саясатының тұрақсыздығы салдарынан шығыс халықтарын біріктіру мүмкіндігінен айырылып, 1921 ж. Кавказ жерінен Бұқара қаласына жетіп, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына кірісті.

Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлі үш бағытта жүзеге асты. Біріншісі, идеологиялық бағыт, екіншісі саяси, үшіншісі әскери бағыт еді. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның идеологиялық рөлі оның Осман империясы қарулы күштерінің министрі қызметінде болған тұсында басталып, «Бірлік және Даму Партиясы» арқылы түрікшілдік идеологиясын дамыту барысындағы іс-әрекеттері арқылы жүзеге асты. Оның нәтижесінде Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Түркістан жерінде 1916 жылғы халық көтерілісі, 1917-1918 жылдарғы Қоқан Автономиясының құрылуы мен құлауы, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1922 жылғы Бұқара ұлт-азаттық қозғалысы орын алды. Түркістан жері адамзат тарихында алғашқы рет дүние жүзі түркі халықтарының «мәдени және саяси түрікшілдік» идеологияларының орталығына айналды. Қазақ жәдиді М. Жұмабайұлының Түркістанның түкпір-түкпірінде жастардың жадында жатталып, аузынан түспей айтылып келген дұғадай қасиетті «Түркістан» атты өлеңі Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, шейіт болуынан кейін 1923 ж. жарық көргенімен, Түркістан зиялыларының түрікшілдік идеологиясына қаншалықты баға бергендерінің көрсеткіші болып табылады.

М. Жұмабайұлы өлеңінің соңғы екі шумағында қазақ халқын Түркістаннан айырмақ болғандарға қарсы Кенесары мен Абылай ханның «Тұран» туын көтергендігін жазған. Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, дәл сол туды қайта желбіретуі, «қалың алаштың» «жапанда жабығуды» қойып, Түркістан азаттығының байрағы астына жұмылуға шақырды. Сондықтан, «Түркістан» өлеңі Энвер пашаның өліміне өз идеологиялық мән-мағынасын бергендей әсер қалдырды.

Саяси бағыттағы Энвер пашаның рөлі оның Мәскеуге 1920 ж. келуінен басталды. Бастапқыда ол большевиктермен одақтасу жолдарын қарастырды. Бұл одақтың жүзеге асуының қиындауы Энвер пашаны Бұқара, Хиуа мен Түркістан жәдитшілерімен одақтасу жолдарын ізестіруге итермеледі. Алайда, жәдитшілердің саяси кауқарсыздығы салдарынан қарым-қатынасын өрбіте алмаған ол Бұқара кадимшілерімен одақтасу жолына аяқ басты. Бұқара жәдитшілерінің бір бөлігінің большевизмді қолдауы және екінші бөлігінің кадимшілермен одақтасуы Түркістан жерінде екі түрлі саяси-идеологиялық әрі әскери одақтың пайда болуына әкеп соқты. Большевизм және жәдидизм одағы және кадимизм мен жәдидизм одағы. Ескішілдік пен жаңашылдықтың саяси қозғалысы қарулы күреске айналып, тарихи заңдылық негізінде ескіні жаңа жеңді. Большевиктік жәдитшілер кадимші әрі ұлтшыл жәдитшілерден үстем болып шықты. Энвер паша қозғалысы болса, бұл саяси-идеологиялық және

әскери күресті өрбіту арқылы түркі халықтарының азаттыққа қатысты ұмтылысын халықаралық саяси мәселеге айналдырды.

Әскери бағыттағы Энвер пашаның рөлі оның 1922 ж. қаңтарда кеңес өкіметіне консул Нагорнов арқылы жолдаған ультиматумынан басталды. Ол осы ультиматумнан кейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының Бұқара жеріндегі қарулы күресінің қолбасшылығын қолына алды. Ресей, Түркістан, Хиуа, Бұқара большевиктеріне қарсы соғыс қимылдарын жүйелендірді. 1922 ж. тамызда қызыл әскер бірліктерінің тарапынан қоршауға алынып, шайқас үстінде шейіт болды. Энвер пашаның соғыс қимылдары мен өлімінің нәтижесінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының саяси маңызы арта түсті. Қозғалыс адамзат тарихындағы маңызды оқиғаларының біріне айналды. Бұл оқиға түркі халықтарының XX ғасырдың аяғында өз тәуелсіз мемлекеттерін құруға бағытталған алғышарттардың негізін қалады.

Түркі халықтарын азат етудің кең ауқымды жоспарын Энвер пашаның жүзеге асыра алмауының негізгі себебі қажетті алғышарттардың болмауы мен түркі халықтарының большевизмге қарсы консервативтік және прогресивтік ұлтшыл күштерінің бірлесе қолдау көрсетпеуінде еді. Большевиктердің тұрақсыз саясаты, жәдитшілердің қауқарсыз жағдайы мен кадимшілердің заман талабына сай ере алмауы Энвер пашаның Түркістан жеріндегі өліміне әкеп соқты. Энвер паша қайтыс болғаннан кейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының үдемелі әрекеті баяулап, негізгі қарулы күштері кішігірім отрядтарға ыдырап, жеке-дара жергілікті күрес ошақтары ретінде жалғасты. Балжуан қыстағындағы Энвер пашаның өліміне қатысты түркістандықтардың қайғы-қасіретін өзбек жәдитші ақын Абдулхамит Сүлейман Шолпанның 1922 ж. Самарқанд қаласында жарияланған «Балжуан» атты өлеңі үлкен мәнге ие.

Большевиктердің қаруынан 1922 ж. 4 тамызда қаза тапқан Энвер пашаның мәйіті өлімінен 74 жыл өткеннен кейін Түркия Республикасының Ыстанбул қаласындағы Еркіндік Мемориалы Төбесіне (Abide-i Hürriyet Tepesi) көшіріліп, 1996 ж. 4 тамызда Энвер пашаның жаназасы шығарылды. Жерлеу рәсіміне Түркия Республикасының президенті Сүлейман Демирель, министрлер мен бірге Энвер пашаның немерелері Осман Маятепек пен Арзу Садыкоғлу қатысты.

Энвер пашаның Түркістанның түркі халықтарының қаһарманы атағына ие болуы былай тұрсын, тіпті оның есімінің аталуы большевизмнің қасаң қағидалары тарапынан «өрілген перденің» артында қалып қойған еді. Көптеген зерттеушілер әлемдік деңгейдегі қоғамдық пікірде «ауған жерінде бастау алған» деп қалыптасқан «душман», «талибан», «террорист» ұғымдарына баға беру, «терроризмнің табиғатын» жүйелеу мақсатымен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын «басмаческое движение», қарулы күресін «басмачество», ал басшыларын «басмачи» деп атап, Энвер пашаның өмірбаянын «авантюризммен» байланыстырып көптеген еңбектерді жазған. Мұндай зерттеулердің тарихи оқиғаларды бұрмалауға жетелейтіндігі жасырын емес. Бүгінгі мен ертеңгі күнге бағыт-бағдар бере алмайтын кешегі күннің «тарих» деп аталуға лайықты бола алмайтындығын есепке ала отырып, бұл кең

ауқымды тақырыпты жете зерттеу қазақстандық зерттеушілердің де еншісінде екендігі ұмытылмағаны абзал.

Сонымен, зерттеу нысаны бойынша жүргізілген жұмыстар барысында мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

- І Петр заманынан басталған Ресей империясының отарлық саясаты 1865-1867 жж. реформалардан кейін Түркістан өлкесін тұтас отарлаумен аяқталды. Отарланған Түркістан өлкесінде түркі-мұсылман халықтары орыстандыру мен шоқындыру саясатына тап болды. Жаппай орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты салдарынан Түркістан өңірі мен Қазақ даласы Ресей имперясының тұтас бөлігіне айналды. XIX ғасырдың соңында басталған түркі-мұсылман халықтарының жаңарған саяси күресінің өрістеуіне қарамастан, империяның отарлық езгісі жалғасын тапты. Осының негізінде Ресей империясының Шығыс саясатында Түркістанның алатын экономикалық, саяси және стратегиялық маңызы анықталды;

- Түркістан өлкесі Ресей империясы тарапынан тұтас отарланған соң, оның тарихы, мәдениеті, этнографиясы, діни наным-сенімі отарлық тұрғыдан зерттеліп, осыған байланысты көптеген еңбектер жазылды. Осы іспетті ғылыми-зерттеу жұмыстар Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы «тұншықтырылғаннан» кейін кеңестік зерттеушілер тарапынан большевиктік, сонан соң коммунистік, маркстік-лениндік принциптер негізінде біржақты зерделеніп жазылды. Бұл еңбектерде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының, ұлттық бірлік идеясының мәні төмендетіліп «басмашылық» әрекетімен теңестірілді, «бүлікшілер» көтерілісі деген сипатқа ие болды. Түркия мен батыс зерттеушілердің еңбектерінде болса, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы «орыс империализмін жалғастырған большевиктердің отарлық саясатына қарсы бағытталған соғыс» ретінде сипатталған. Міне, осы тұрғыдан алғанда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және ондағы Энвер пашаның орны мен қызметі Кеңес тарихнамасы мен Түркия және батыс елдерінде жазылған еңбектер негізінде салыстырмалы сарапталып, алғаш рет тұтас тарихнамалық шолу мен қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік және түрікмен халықтары өткен ғасырдың 20-шы жылдары Ресейдің империалистік саясатына қарсы ұлттық тәуелсіздік үшін соғысқа аттанды деген тұжырым жасалды;

- XX ғасырдың басында алпауыт елдер отарлық аймақтар үшін күресін бастап, Бірінші дүниежүзілік соғыстың өрбуіне себеп болды. Осман империясы бұл соғыстың нәтижесінде жеңілген мемлекеттердің қатарына еніп, Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған тәуелсіздік күресін жалғастырды. Осы арада Осман империясының тұтастығын сақтап қалуды аңсаған Энвер паша, «Түрік бірлігі» идеясын жүзеге асыру мақсатында Мәскеу арқылы Түркістанға бет бұрды. 1922 ж. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қосылған ол, қорбасылардың басын біріктіруді көздеді. Алайда, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшылары арасындағы ауыз біршіліктің болмауы мен большевиктердің қарулы және идеологиялық соғысты үстем шеберлікпен жүргізуі салдарынан көзделген мақсат өз мәресіне жетпеді. Кеңес өкіметі орнаған соң Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың мәні төмендетіліп, «басмашылар» әрекетімен

теңестірілді. Сондықтан, Энвер паша мен өткен ғасырдың 20-шы жылдарындағы Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың сипаты жөніндегі мәселелер кешенді мұрағаттық құжаттар негізінде зерттелді;

- Энвер пашаның өмірбаянына шолу жасау арқылы оның өмірлік мақсаты түркі халықтарын біріктіру жолында Бірінші дүниежүзілік соғыстан бұрын әлемнің алпауыт империалистік державаларына қарсы Германиямен, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін аталмыш державаларға қарсы күресуге әрі өз құрамындағы түркі халықтарына еркіндік беруге дайын екендігін жариялаған кеңестік Ресеймен одақтас болуға әрекет жасағандығы анықталды. Оқиғалар желісі Энвер пашаның Ресейге келуінің тарихи қажеттіліктен туындағандығын және большевиктердің көмегімен өзінің саяси мақсатына жетуді көздегендігі көрсетілді. Ал, оның Бұқара қаласына келуі кеңестік Ресейдегі саяси жағдайды күрт өзгерткендігі анықталды;

- Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілуіне байланысты Энвер пашаның түркі халықтарының бірлігіне қол жеткізу үшін идеологиялық күресін жалғастырып, қозғаушы күшті отарланған түркі халықтарынан іздеуді ұйғарғандығы, осы мақсатпен Кеңес өкіметімен одақ құрып, Шығыс халықтарын әлемдік империализмге қарсы біріктіруді көздегені айқындалды;

- Большевиктердің тұрақсыз саясаты салдарынан Энвер пашаның Ресей либерал түркілерімен одақтасу жолдарын қарастыруы мен түркі либералдарының екі лагерьге – «Кеңес өкіметі» және «ұлт-азаттық күреске» бөлінуі нәтижесінде Түркістан либерал күштерінің саяси қауқарсыз екендігі анықталып, Энвер пашаның Түркістан консервативтік күштерімен одақтасу жолына аяқ басуының негізгі себебі аңғарылды;

- Кеңес өкіметі өзінің ұлт саясатын жүзеге асыруда Энвер пашаны пайдалануға бағытталған айла-шаралары жөніндегі ойлар тұжырымдалды;

- Түркістан консервативтік күштерінің демеушісі болған ауған әміршісі Аманулла ханның әскери демеушілігімен, Бұқараның бұрынғы әміршісі Саид Әлім ханның қаулысымен, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының қолдауымен Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күресті жалғастырған Энвер пашаның консервативтік күштердің ыдыраңқылығы салдарынан мерт болғандығы анықталды;

- Энвер пашаның қарулы күрес барысында шейіт болуы дүние жүзі түркілерінің қайғы-қасыретіне әкеп соғып, әлем түркілерінің басын қосу ықпалына ие болған ортақ тұлғаның өмірден өткені мен Түркістанның әлем түркілерінің идеологиялық және саяси орталығына айналу мүмкіндігінен айырылып қалуына әкеп соқты.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 с.

2 Бжезинский З. Великая шахматная доска. (Господство Америки и его геостратегические императивы) / перевод О.Ю. Уральской. – М.: Междунар. отношения, 2005. – 256 с.; Пылев А.И. Энвер-паша и среднеазиатское басмачество: различные интерпретации в исследовательской литературе // Материалы научной конференции студентов, аспирантов и молодых ученых. – СПб.: Санкт-Петербургский государственный университет, 2004. – www.evrazia.org/modules.php?name=News&file=article&sid=1738.

3 Cengiz H.E. Enver Paşa'nın Anıları (1881-1908). – İstanbul: İletişim, 1991. – 130 s.; Eldem E. Gençlik Mektuplarında Enver Bey // Toplumsal Tarih. – 1997. – C. 7, № 37. – S. 14-30.

4 Görkey K.E. Enver Paşanın Madalyalı Muhafızı / çev.: S.M.Y. – Kahire: El-İsneyn // Yeni Tarih Dünyası. – İstanbul, 1950. – № 8. – S. 311-312; Akgür A.N. Enver Paşa'nın Doğum ve Ölüm Günleri // Türk Dünyası Tarih Dergisi. – İstanbul, 1991. – № 5 (52). – S. 16-20.

5 انور پاشا و قباحتلری ، محمود بك مطبعه‌سی ، ١٣٢٨، ١٢ ص / Энвер паша және қателіктері. – Махмуд бек баспасы, 1328. – 12 б.

6 Quataert D. Osmanlı İmparatorluğu (1700-1922) / çev.: Ayşe Berktay. – İstanbul: İletişim, 2002. – 399 s.; Abdülhamit Sultan. Siyasî Hatıratım. – İstanbul: Dergah, 1999. – 176 s.; Said Halim Paşa. Buhranlarımız ve Son Eserleri. – İstanbul: İz, 1991. – 335 s.; Birinci A. Hürriyet ve İtilâf Fırkası. – İstanbul: Dergah, 1990. – 300 s.; Aydemir Ş.S. Makedonya'dan Orta Asya'ya Enver Paşa. – İstanbul: Remzi, 2000. – C. I. – 586 s.; Aydemir Ş.S. Makedonya'dan Orta Asya'ya Enver Paşa. – İstanbul: Remzi, 1999. – C. II. – 576 s.; Petrosyan Y.A. Sovyet Gözüyle Jöntürkler / çev.: M. Beyhan, A. Hacıhasanoğlu. – Ankara: Bilgi, 1974. – 345 s.; Ramsaur E. E. Jön Türkler ve 1908 İhtilâli / çev.: N. Yavuz. – İstanbul: Sander, 1982. – 216 s.; Sorgun T. İttihat ve Terakki. – İstanbul: Kum Saati, 2003. – 272 s.; Karabekir K. İttihat ve Terakki Cemiyeti (1896-1909). – İstanbul: Emre, 1995. – 552 s.; Ahmad F. İttihat ve Terakki 1908-1914 / çev.: N. Yavuz. – İstanbul: Kaynak, 1999. – 255 s.; İbrahim Temo'nun İttihad ve Terakki Anıları. – İstanbul: Arba, 2000. – 278 s.; Özkan N. Milliyetçi Genç Türkler // Tarih Dünyası Dergisi. – № 30/31. – S. 1231-1233; Akşin S. Jön Türkler ve İttihat ve Terakki. – Ankara: İmge, 2001. – 473 s.; Koloğlu O. İttihatçılar ve Masonlar. – İstanbul: Pozitif, 2005. – 340 s.; Yalçın H.C. İttihatçı Liderlerin Gizli Mektupları / haz.: O.S. Kocahanoğlu. – İstanbul: Temel, 2002. – 461 s.; Tansu S.N. İttihâd ve Terakkî İçinde Dönenler. – İstanbul: Yeni Zamanlar, 2003. – 584 s.; Zürcher E. J. Milli Mücadelede İttihatçılık / çev.: N. Salihoğlu. – İstanbul: Bağlam, 1995. – 271 s.; Cemil (Denker) A. İttihatçı Şeflerin Gurbet Maceraları // haz.: Y. Demirel. – İstanbul: Arma, 1992. – 188 s.; Sorgun T. Halil Paşa İttihad ve Terakki'den Cumhuriyete Bitmeyen Savaş. – İstanbul: Kum Saati, 2003. – 268 s.; Mütareke Dönemi ve Bekirağa Bölüğü. – İstanbul: Kum Saati, 2003. – 336 s.; Çavdar T. Talât Paşa. – Ankara: İmge, 2001. – 592 s.; Kutay C. Talat Paşa'nın Gurbet Hatıraları. – İstanbul, 1983. – C. I-III. – 1568 s.; İttihat ve Terakki Fırkası Umumî

Kâtibi Mithad Şükrü Hatıralarını Anlatıyor. Talât Paşanın Hayatı / konuşan: N.A. Banoğlu // Tarih Dünyası Dergisi. – № 22. – S. 919-921.; Landau J.M. Pantürkizm / çev.: M. Akın. – İstanbul: Sarmal, 1999. – 363 s.; Kushner D. Türk Milletçiliğinin Doğuşu (1876-1908) / çev.: Ş.S. Türet, R. Ertem, F. Erdem. – İstanbul: Kervan, 1979. – 262 s.; Sarınay Y. Türk Milletçiliğinin Tarihî Gelişimi ve Türk Ocakları 1912-1931. – İstanbul: Ötüken, 1994. – 391 s.; Türkler: Doğu ve Batı, İslam ve Laiklik / haz.: S. Yerasimos / çev.: T. Keşoğlu. – Ankara: Doruk, 2002. – 215 s.

7 La Partecipation d'Enver Pacha a la Guere de Libye (1911-1912) // Tarih Araştırmaları Dergisi. – Ankara, 1991. – C. XV, № 26. – S. 261-267; Mattei J.-L. Enver Paşa ve Mustafa Kemal Libya'da // Toplumsal Tarih. – İstanbul, 1997. – C. 8, № 43. – S. 27-31.

8 Öztuna Y. Nâciye Sultan ve Enver Paşa // Hayat Tarih Mecmuası. – İstanbul, 1974. – № 8. – S. 12-18; Şakir Z. Enver Paşa ile Naciye Sultan Nasıl Evlendiler? // Resimli Tarih Mecmuası. – İstanbul, 1950. – № 10. – S. 376-378.

9 Koloğlu O. Enver Paşa Efsanesi'nde Alman Katkısı (1908-1913) - 1 // Tarih ve Toplum. – İstanbul, 1990. – № 13 (78). – S. 14-22; Haley Ch.D. The Desperate Ottoman: Enver Pasha and the German Empire - I // Middle Eastern Studies.– London, 1994. – Vol. 30, № 1. – P. 1-51; Haley Ch.D. The Desperate Ottoman: Enver Pasha and the German Empire: I // Middle Eastern Studies. – London, 1994. – Vol. 30, № 2. – P. 224-251; Kutay C. Üç Paşalar Kavgası. – İstanbul: Ercan, 1964. – 302 s.; İybar M. I inci Cihan Savaşında Kafkas Cephesinde Enver Paşa Tutsak Olmaktan Nasıl Kurtulabildi? // Belleten. – Ankara, 1979. – C. 43, № 169. – S. 215-226; Çolak M. Osmanlı-Alman İlişkileri Çerçevesinde Harbiye Nazırı Enver Paşa ve Türkçü Politikaları (1913-1918). – Isparta: Fakülte Kitabevi, 2006. – 178 s.

10 Türklere savaşı getiren dostluk ve Enver Paşa // Atatürk Türkiyesi. – İstanbul, 1978-1979. – № 1-7.

11 Kuşçubaşının (Tarihe benden haberler)inden Enver Paşa İstanbulu nasıl terketti? // Millet: söz milletin olduğu için. – 1950. – C. 9, № 225-229.

12 Gürsoy S. Enver Paşa'nın Sürgünü. İhtilalci İslam Birliği ve Livâ el-İslam Dergisi. – İstanbul: Salyangoz, 2006. – 432 s.

13 Karabekir K. İstiklâl Harbimizde İttihat Terakki ve Enver Paşa / haz.: O. Hülagü. – İstanbul: Emre, 2001. – C. I-II.; İstiklâl Harbimiz. – İstanbul: Merk, 1988. – 1215 s.; Erer T. Enver Paşa'nın Kurtuluş Savaşı. – İstanbul: Mayataş, 1971; Rorlich A.-A. Fellow Travellers: Enver Pasha and The Bolshevik Government 1918-1920 // Asian Affairs. – London, 1982. – Vol. 69, № 13. – P. 288-296; Гиленсен В.М. Сотрудничество Красной Москвы с Энвер-пашой и Джемаль-пашой // Восток. – М., 1996. – № 3. – С. 45-63; Султанбеков Б. Энвер-паша (Разменная «карта» Москвы) // Мирас. – Казань, 2000. – № 5. – С. 78-90; Kutay C. Enver Paşa Lenin'e Karşı. – İstanbul: Ekicigil,1955. – 119 s.; Dumont P. La Fascination du Bolchevisme: Enver Pacha et la Parti des Soviets Populaires 1919-1922 // Du Sosialisme Ottoman à l'Internationalisme Anatolien. – İstanbul, 1997. – S. 115-142; Enver Paşa Moskovada // Yakın Tarihimiz Dergisi. – İstanbul, 1962-63. – C. II. – S. 9-10.

14 Akal E. Milli Mücadelenin Başlangıcında Mustafa Kemal, İttihat Terakki ve Bolşevizm. – İstanbul: TÜSTAV, 2002. – 423 s.

15 Ataöv T. 1-7 Eylül 1920 Doğu Halkları Birinci Kongresinde (Bakü) Enver Paşa'nın Konuşma Metni ve Bununla İlgili Kongre Kararı // Ankara Üniversitesi Sosyal Bilgiler Fakültesi Dergisi. – Ankara, 1974. – № 29 (1-2). – S. 43-51; Yamauchi M. Enver Pasha in Baku: Apogee or Eclipse ? September 1920 // The Proceeding of the International Conference on Urbanism in Islam. – Tokyo, 1989. – Vol. II. – P. 139-176; Menemencioğlu-Streater N. Enver Paşa ve Doğu Halkları Kurultayı // Tarih ve Toplum.– 1999. – № 15 (88). – S. 46-50; Chakueri C. (Çakeri H.) Bakü Kongresi / çev.: Y.T. Kurat. – Ankara: Orta Doğu Teknik Üniversitesi, 1984. – 21 s.

16 M.Z. Enver Paşa'nın Atatürk hakkında bir mektup. Mustafa Kemali kıskanan Enver Paşa Millî Mücadelede memleketi ikiye ayıracaktı // Resimli Tarih Mecmuası. – İstanbul, 1950. – № 2. – S. 53-56.

17 Ünal T. M.Kemâl ve Enver Paşa // Türk Yurdu. – Ankara, 1963. – № 3 (7 (301). – S. 26-27; Sonyel S.R. Mustafa Kemal and Enver in Conflict, 1919-22 // Middle Eastern Studies. – London, 1989. – Vol. 25, № 4. – P. 506-515.

18 История Узбекистана, ч. II, Указатель советской литературы (1917-1960 гг.) / отв. ред.: Б.В.Лунин. – Ташкент: Узбекистан, 1969. – 344 с.; Кощанов Б.А., Джумашев А.М. Зарубежная и отечественная историография истории Туркестана, Хорезма и Каракалпакстана в первой четверти XX века. – Нукус: Каракалпакстан, 1997. – 48 с.; История Бухарской Народной Советской Республики (1920-1924 гг.): сборник документов / отв. ред. Х.Ш. Иноятов. – Ташкент: Фан, 1975. – 484 с.

19 Ганковский Ю. Персонажи с "той стороны": Энвер-паша среди басмачей // Азия и Африка сегодня. – 1994. – №5. – С. 59-61.

20 Хидоятова Н.Г. Басмаческое движение в современной советологии: автореф. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Ташкент: Институт истории АН РУз., 1993. – 25 с.

21 Шоқай М. Марқұм Энвер паша хақында есте қалғандардан үзінділер // Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – 1 т. – 512 б.

22 Osman Hoca. Enver Paşa Buhara'da Kalsa İdi // Yakın Tarihimiz Dergisi. – İstanbul, 1962-63. – C. I. – S. 78-79; Enver Paşayı Nasıl Kurtardım // Yakın Tarihimiz Dergisi. – İstanbul, 1962-63. – C. I. – S. 403-405; Togan A.Z.V. Bugünkü Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi: Batı ve Kuzey Türkistan. – İstanbul: Enderun, 1981. – C. I. – 696 s.; Hâtıralar: Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı, 1999. – 628 s.

23 Enver Paşa // Meydan Larousse, Büyük Lûgat ve Ansiklopedi. – İstanbul, 1990. – C. 4. – S. 283-284.

24 Вдовиченко Д.И. Энвер-паша // Вопросы истории.– 1997. – № 8. – С. 42-56; Рашидов У. Анварпошшо // Фан ва турмуш. – 1994. – № 2. – С. 18-19; Bashiri I. Enver Pasha // www.angelfire.com/rnb/bashiri/Enver/Enver.html; Özkan N. Enver Paşa'nın Türkistan'daki hayatı // Yeni Tarih Dünyası. – İstanbul, 1951. – № 3 (26). – S. 1082-1085; Babacan H. Enver Paşa // Türkler, XIII / editörler: H.C. Güzel, K. Çiçek, S. Koca. – Ankara: Yeni Türkiye, 2002. – S. 263-273; Yalaz S. Enver Paşa Efsanesi. – İstanbul: Yalaz Prodüksiyon, 1993. – 196 s.

25 Atay F.R. Zavallı Enver Paşa ve Nankör Millet // Tarih Dünyası. – İstanbul, 1950. – №2. – S. 81-83; Söylemezoğlu G.K. Millî Mücadelede Enver Paşa // Tarih Dünyası Dergisi. – İstanbul, 1950. – № 1. – S. 24-25; Kandemir. Enver Paşanın Peşinde // Yeni Gün.– İstanbul, 1939. – № 1-27. – S. 18-20; Koloğlu O. Enver Paşa'yı Tartışırken Tarihle Barışma ile Barışçı Tarih Arasında // Tarih ve Toplum. – İstanbul, 1997. – № 157. – S. 43-49.

26 Castagne J. Enver Paşa / çev.: R.Uzmen. – İstanbul: Orkun, 1991. – 182 s.; Baysun T.A.R. Enver Paşa Nasıl Şehit Edildi? // Tarih Dünyası Dergisi. – № 28/29. – S. 1155-1158; Baysun T.A.R. Enver Paşa Nasıl Şehit Edildi? // Tarih Dünyası Dergisi. – № 30/31. – S. 1255-1258; Enver Paşa Nasıl Şehit Oldu? // Tarih Dünyası Dergisi. – № 32. – S. 1303-1306, 1309; Kandemir F. Enver Paşanın Ölümü // Resimli Tarih Mecmuası. – İstanbul, 1950. – № 4. – S. 140-143.

27 Yamauchi M. The Green Crescent Under The Red Star. Enver Pasha in Soviet Russia 1919-1922. – Tokyo: Institute for the Study of Languages and Cultures of Asia and Africa, 1991. – 395 p.; İnan A. Enver Paşa'nın Özel Mektupları. – Ankara: İmge Kitabevi, 1997. – 584 s.; Kendi Mektuplarında Enver Paşa / haz.: M. Şükrü. – İstanbul: Der, 1989. – 286 s.; Koloğlu O. Enver Paşa'nın Mektupları (M. Şükrü Hanioğlu'nun Hazırladığı "Kendi Mektuplarında Enver Paşa" Adlı Eser üzerine) // Tarih ve Toplum. – İstanbul, 1990. – № 13 (76). – S. 57-60; Tanyeri C. M.Şükrü Hanioğlu, Kendi Mektuplarında Enver Paşa, Der Yayınları: 61, İstanbul, 1989, S. 286 // Tarih İncelemeleri Dergisi. – İzmir, 1991. – № 6. – S. 277-278; Gürsoy S. Liva el-İslam'da Enver Paşa'nın Yazıları // Toplumsal Tarih. – İstanbul, 1998. – C. 9, № 50. – S. 23-35; Ülkü İ. KGB Arşivlerinde Enver Paşa. – İstanbul: Kamer, 1996. – 152 s.

28 Сё Енг Чель. Зарубежная историография повстанческого движения в Туркестане в 1918-1924 гг. (на примере британо-американских и южнокорейских исследований): автореф. ... канд. ист. наук: 07.00.09. – Ташкент: Институт истории АН РУз, 2003. – 25 с.

29 Uçar Ş. Tarih, Metodoloji ve Tarih Felsefesi // Tarih Felsefesi Meseleleri. – İstanbul: Nehir, 1997. – S. 38-45.

30 Ильминский Н.И. К истории инородческих переводов. – Казань, 1884; Граменицкий С.М. О школьном образовании у магометан Средней Азии // Туркестанские ведомости. – 1876. – № 47; Остроумов Н.П. Колебания во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае / Кауфманский сборник. – М., 1910; Алекторов А.Е. Новые течения в жизни магометанских школ // Журнал министерства народного просвещения. – СПб., 1909.

31 ӨРОММ. қ. - И-1, т. - 32, і - 384, пп. - 1-11.

32 Есмағамбетов К.Л., Жиеналина И. Қазақстанды отарлау тарихынан. – Ақтөбе, 2009. – 168 б.

33 Альджанов О. Причины обеднения киргизов // Киргизская степная газета. – 1898. – № 19, 20, 22,23.; Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі // Айқап. – 1911. – № 2 – Б. 12-14; Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. – СПб, 1910. – С. 577-600.

34 Кожахметов Г.З. Государственная дума и народы Степного края в 1905-1917 гг. – Караганда, 1990. – 130 с.

35 Самойлович А. Первое тайное общество младо-бухарцев // Восток. – Петроград, 1922. – К-н. I. – С. 97-99; Соловейчик Л. Очерк возникновения и развития современного басмачества в Бухаре. – М.: Красная новь, 1923. – 28 с.; Гинзбург С.Б. Басмачество в Фергане // Новый Восток. – № 10-11. – М., 1925. – С. 175-202; Васильевич В. Бонапарт из Локая // За партию. – 1927. – № 3. – С. 121-129; Илютко Ф. Басмачество в Локае. – М.-Л.: Госиздат-во Отдел военной литературы, 1929. – 158 с.; Василевский. Фазы басмаческого движения в Средней Азии // Новый Восток. – М., 1930. – № 29. – С. 126-141; Бобунов А. Война в песках. – М., 1935. – 333 с.

36 Бабаходжаев А.Х. Провал английской антисоветской политики в Средней Азии и на Среднем Востоке в период признания советского государства де-факто и де-юре (1921-1924 гг.). – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1957. – 216 с.; Никишов П.П. Борьба с басмачеством на юге Киргизии. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1957. – 132 с.; Никишов П.П. Басмачество // Советская историческая энциклопедия / под. ред. Е.М. Жукова. – М.: Гос. науч. изд-во «Советская энциклопедия», 1962. – Т. 2. – С. 157-159; Зевелев А.И. Из истории гражданской войны в Узбекистане. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1959. – 608 с.; Иркаев М. История гражданской войны в Таджикистане. – Душанбе: Изд-во Министерства народного образования Таджикской ССР, 1963. – 760 с.; История гражданской войны в Узбекистане / отв. ред.: Х.Ш. Иноятов. – Ташкент: Фан, 1964. – Т. 1. – 440 с.; История гражданской войны в Узбекистане / отв. ред.: Х.Ш. Иноятов. – Ташкент: Фан, 1970. – Т. 2. – 364 с.; История Бухарской и Хорезмской Народных Советских Республик / ред. коллегия: П.В. Волобуев, К.А. Гафурова, И.М. Муминов, Ю.А. Поляков, М.В. Попов, М.Х. Шаумян. – Москва: Наука, 1971. – 254 с.; Голинков Д.Л. Крушение антисоветского подполья в СССР (1917-1925 гг.). – М.: Изд-во политической литературы, 1975. – 704 с.; Поляков Ю.А., Чугунов А.И. Конец басмачества. – М.: Наука, 1976. – 184 с.

37 Зевелев А.И. и др. Басмачество: возникновение, сущность, крах. – М., 1981; Юсупов Э., Лунин Б. История и современность // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 129-154; Турсунов Х., Назаров М. Причины возникновения басмачества в Средней Азии // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин – Ташкент: Фан, 1984. – С. 5-21; Хасанов К. Международный империализм – вдохновитель и организатор басмачества // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 22-37; Житов К. Басмачество – враг созидательного труда народа // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 38-48; Акилов К. Басмачество – враг культурной революции // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 49-64; Ахунова М. Басмачество – ярый противник раскрепощения женщин // Басмачество: социально-политическая

сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 65-73; Шамагдиев Ш., Назаров М. Народные массы – решающая сила в ликвидации басмачества // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 74-89; Ташлиев Ш., Куприкова Е. Ликвидация басмачества в Туркменистане // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 90-103; Джумамурадов А., Мошев М. Конец банды Джунаид-хана // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 104-115; Аминова Р. Искажение сущности басмачества в буржуазной литературе // Басмачество: социально-политическая сущность / отв. ред. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1984. – С. 116-128; Иноятов Х.Ш. Народы Средней Азии в борьбе против интервентов и внутренней контрреволюции. – М.: Мысль, 1984. – 464 с.

38 Сборник указаний по борьбе с басмачеством // Басмачество / сост.: С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М.: Эксмо, Алгоритм, 2005. – С. 438-475; Ниалло А. Очерки истории революции и гражданской войны в Киргизии и Средней Азии // Басмачество / сост.: С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М.: Эксмо, Алгоритм, 2005. – С. 84-194; Божко Ф. Гражданская война в Средней Азии // Басмачество / сост.: С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М.: Эксмо, Алгоритм, 2005. – С. 195-286; Алексеенков П. Что такое басмачество // Басмачество / сост.: С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М.: Эксмо, Алгоритм, 2005. – С. 14-83; Тимошков С.П. Борьба с интервентами, белогвардейцами и басмачеством в Средней Азии // Басмачество / сост.: С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М.: Эксмо, Алгоритм, 2005. – С. 287-437; Шумов С.А., Андреев А.Р. Краткая история басмачества // Басмачество / сост.: С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М.: Эксмо, Алгоритм, 2005. – С. 5-13.

39 Ким П., Хасанов М. Басмачество: 1921-1924 годы // Звезда Востока. – Ташкент, 1989. – № 6. – С. 141-150; Секретова Н.А. Военно-политическая деятельность частей Красной Армии в Бухарской Народной Советской Республике в 1920-1924 гг.: автореф. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Душанбе: Таджикский Государственный Университет имени В.И.Ленина, 1992. – 21 с.; Медведев В. Басмачи – обреченное воинство // Дружба народов. – М., 1992. – № 8 – С. 122-144; Панин С. “Афганский след” в басмаческом движении // Азия и Африка сегодня. – 1999 – № 9. – С. 58-63; Гиленсен В.М. Банды под зеленым знаменем. Басмачество в Таджикистане в 20 – начале 30-х гг. и советско-афганские отношения // Военно-исторический журнал. – М., 1999. – № 5. – С. 26-33; Гиленсен В.М. Рзгром басмаческих баз в Афганистане // Военно-исторический журнал. – М., 2000. – № 1. – С. 31-41; Гиленсен В.М. Повстанческое движение в Средней Азии и советско-афганские отношения в 1920-е – начале 1930-х годов // Восток (Oriens). – 2002. – № 2. – С. 56-69.

40 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 253 б.; Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.; Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. – Алматы: «Жалын», 2004. – 399 б.; Қойгелдиев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., т.б. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. – Алматы: Алаш

баспасы, 2005. – 493 б.; Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. – Астана, 2007. – 457 б.; Ресейде түрік мемлекетін құру идеясы неге жүзеге аспады? // Ақиқат, 7 шілде 1993; Muminov A. Fundamentalist Challenges to Local Islamic Traditions in Soviet and Post-Soviet Central Asia // Empire, Islam and Politics in Central Eurasia / edited by Uyama Tomohico. – Sapporo: Hokkaido Univercity, 2007. – P. 249-262; Рүстемов С. «Шурои – Улема» ұйымының құрылуы мен қызметі // Қазақ тарихы. – 2004. - № 6.; Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.

41 Милюков П.Н. Национальный вопрос (Происхождение национальности и национального вопроса в России). – Прага, 1925; Россия на переломе. Большевитский период русской революции. – Париж, 1927.

42 Kırımal E. Türkistan Tarihi // Dergi. Sovyetler Birliğini Öğrenme Enstitüsü. – Münih, 1968. – № 14. – S. 19-20.

43 آغابیکوف خاطرەلارندان \\ یاش تورکستان ، 1930 نچی ییل ، 11 نچی سانی ، 19-21 نچی ص م. چ. ، بورونغی چەکیست

44 Қойгелдиев М.Қ. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: Ұлығ Түркістан. – Астана: «Астана полиграфия» АҚ, 2008. – 8 т. – 368 б.; Қойгелдиев М.Қ. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: Тұтас Түркістан идеясы. – Астана: «Астана полиграфия» АҚ, 2008. – 10 т. – 304 б.

45 Baysun A.R. Türkistan İstiklâl Mücadelesi ve Enver Paşa / haz.: E. Cihangir. – İstanbul: Turan Kültür Vakfı, 2001. – 222 s.; Arslan E.Ş. Şehit Enver Paşa ve Arkadaşları / çev.: A.Akpınarlı. – Samsun: İl, 1948. – 78 s.; Kutay C. Ana-Vatan’da Son Beş Osmanlı Türk’ü. – İstanbul: Büyük Kervan, 1962. – 318 s.; Bademci A. 1917-1934 Türkistan Millî İstiklâl Hareketi ve Enver Paşa: Korbaşılar. – İstanbul: Kutluğ, 1975. – C. I. – 568 s.; Kayabalı İ., Arslanoğlu C. Orta Asya Türklüğünün Tarihi ve Bugünkü Durumu. – Ankara: Kömen, 1978. – 271 s.; Sonyel S.R. Enver Paşa ve Orta Asya’da Başgösteren “Basmacı” Akımı // Belleten. – Ankara, 1990. – C. 54, № 211. – S. 1179-1208; Enver Pasha and the Basmaji Movement in Central Asia // Middle Eastern Studies. – London, 1990. – Vol.26, № 1. – P. 52-64; Andican A.A. Cedidizm’den Bağımsızlığa: Hariçte Türkistan Mücadelesi. – İstanbul: Emre, 2003. – 942 s.

46 Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007; Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі және шығармашылығы / түрік тілінен ауд. Г. Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.

47 Kajum-Han V. Türkistan Millî Hareketi Sovet Matbuatında // Millî Türkistan. – 1966. – № 112 A. – S. 3-8.

48 Hayit B. Türkistan Rusya ile Çin Arasında. – İstanbul, 1975; Türkistan Milli Hareketinin Kısaca Karakteri // Sovyetler Birliği’ndeki Türklüğün ve İslamın Bazı Meseleleri. – İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1987. – S. 173-179; Türkistan’da Basmacılık (Milli Mücadele) Tarihinin Ana Hatları... // Sovyetler Birliği’ndeki Türklüğün ve İslamın Bazı Meseleleri. – İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1987. – S. 145-158; XX. Yüz Yılda Türkistan’daki Milli ve Sovyet Devletlerinin Karakteri // Sovyetler Birliği’ndeki Türklüğün ve İslamın Bazı Meseleleri. – İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1987. – S. 159-172.

49 Broxup M. Basmacılar / çev.: Y.T. Kurat. – Ankara: Orta Doğu Teknik Üniversitesi, 1984. – 15 s.

50 Paksoy H.B. The Basmachi Movement From Within: An Account of Zeki Velidi Togan // Nationalities Papers. – 1995. – Vol. 23, № 2. – P. 373-399.

51 Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. и др. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: Шарк, 2000. – 672 с.; Roux J.- P. Orta Asya: Tarih ve Uygarlık / çev.: L. Arslan. – İstanbul: Kabalcı, 2001. – 502 s.; Сопуева Н. Установление Советской власти в Средней Азии в советской и иностранной литературе 20-60 гг. на примере Кыргызстана // www.polysphere.freenet.kg/no2/J107.htm

52 Маханұлы Т.Х. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасуы және күйреу тарихы: тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001; Мамраева А.К. Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и Алихан Букейханов: автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1997. – 15 с.; Агзамходжаев С.С. Туркистан Мухторияты: Борьба за свободу и независимость (1917-1918 гг.): автореф. ... докт. ист. наук. – Ташкент, 1996. – 60 с.

53 ӨРОММ. қ. – И-276., т. – 1., іс – 905., 1-2-п.п.

54 РМӘМ. қ. – 110., т. – 1., іс – 133., 1-4-п.п.

55 РМӘМ. қ. – 110., т. – 1., іс – 121., 10-п.

56 РМӘМ. қ. – 110., т. – 3., іс – 165., 8-9-п.п.

57 РМӘМ. қ. – 278., т. – 1., іс – 90., 105-п.

58 РМӘМ. қ. – 149., т. – 1., іс – 75., 28-п.

59 РМӘМ. қ. – 278., т. – 1., іс – 90., 109-п.

60 Абылхожин Ж.Б., Бурханов К.Н., Кадырбаев А.Ш., Султанов Т.И. Страна в сердце Евразии. Сюжеты по истории Казахстана. – Алматы: «Қазақ» университеті, 1998. – 280 с.

61 ӨРОММ. қ. – Р-1505., т. – 1., іс – 21., 17-п.

62 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 84., 3-п.

63 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 32-п.

64 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 84., 30-п.

65 ӨРОММ. қ. – 5., т. – 1., іс – 2519., 9-21-п.п.

66 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 8-п.

67 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 15-16-п.п.

68 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 18-п.

69 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 25-п.

70 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 54-п.

71 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 63-74-п.п.

72 РМӘМ. қ. – 28113., т. – 7., іс – 58., 79-п.

73 РМӘМ. қ. – 803., т. – 1., іс – 30., 6-п.

74 Yamauchi M. Hoşnut Olamamış Adam – Enver Paşa: Türkiye’den Türkistan’a. – İstanbul: Bağlam, 1995. – 352 s.

75 РМӘСТМ. қ. – 62., т. – 2., іс – 26., 1-2 п.п.

76 Абдуссатаров. Шура Исламия. // Красная летопись Туркестана. – Ташкент: Тургосиздат, 1923. – № 1-2. – С. 54-55.

77 Belge № 2129, 2145, 2146, 2150. // Askeri Tarih Belgeleri Dergisi. – Ankara, 1989. – № 38 (88). – S. 19-20, 57-60, 67-69; Belge № 2215, 2219, 2224, 2228, 2229, 2240, 2242, 2259, 2260. // Askeri Tarih Belgeleri Dergisi. – Ankara, 1990. – № 39 (90). – S. 8-11, 19-20, 34-35, 44-45, 46-47, 77-80, 84-85, 139-140 141-142.

78 Komatsu H. 20. Yüzyıl Başlarında Orta Asya'da Türkçülük ve Devrim Hareketleri. – Ankara: Turhan Kitabevi, 1993. – 80 s.

79 Özkan T. Bir Gizli Servisin Tarihi: MİT. – İstanbul: Milliyet, 1996. – 380 s.

80 Чокай М. Энвер-паша в советской России и ЦентрАзии: басмач или революционер? // Деловая неделя: Казахстан. – 07.01.2005. – №1. // www.centrasia.org/newsA.php4?st=1105235400

81 Зарождение военного квазиальянса: Москва-Берлин (1918-1922 гг.) // www.militera.lib.ru/research/gorlov1/01.html

82 Chaqueri C. Bakü Kongresi / çev.: Y.T. Kurat. - Ankara: Orta Doğu Teknik Üniversitesi, 1984. - 21 s.

83 Известия ТуркЦИКа. – 14 сентября. – 1919. – № 199.

84 Известия ТуркЦИКа. – 21 июля. – 1920. – № 161.

85 РМӘМ. қ. – 110., т. – 1., іс – 113., 12-п.

86 РМӘМ. қ. – 278., т. – 84., іс – 5., 60-п.

87 РМӘМ. қ. – 110., т. – 1., іс – 121., 47-48-п.

88 Известия ТуркЦИКа. – 1 сентября. – 1920. – № 196.

89 РМӘМ. қ. – 278., т. – 4., іс – 493., 4-п.

90 РМӘМ. қ. – 278., т. – 4., іс – 493., 121-122 - п.п.

91 РМӘМ. қ. – 278., т. – 1., іс – 90., 90-п.

92 Шоқай М. Таңдамалы / аударған және құрастырған: А. Нүсіпхан. – Алматы: Қайнар, 1998. – 1 т. – 512 б.

93 Landau J.M. Pantürkizm / çev.: M. Akın. – İstanbul: Sarmal, 1999. – 363 s.

94 Öztuna Y. Osmanlı Devleti Tarihi. – Ankara: Türkiye Cumhuriyeti Kültür Bakanlığı, 1998. – C. I. – 688 s.

95 Новиков С.В., Маныкин А.С., Дмитриева О.В. Всеобщая история. Справочник студента. – М.: «Филологическое общество «СЛОВО», «ООО «Фирма «Издательство АСТ», 2000 – 412 с.

96 Costagne J. Orta Asya Bozkırlarında Bir Osmanlı Generali Enver Paşa / çev.: R. Uzmen. – İstanbul: Orkun, 1991. – 182 s.

97 Ertekin O. Cumhuriyet Döneminde Türkçülüğün Çatallanan Yolları // Milliyetçilik. – İstanbul: İletişim, 2002. – S. 345-387.

98 Yahya H. Evrim Teorisi'nin Irkçı Yüzü: Darwin'in Türk Düşmanlığı. – İstanbul: Vural, 1999 // www.harunyahya.org.; Kocabaş S. Hindistan Yolu ve Petrol Uğruna Yapılanlar: Türkiye ve İngiltere. – İstanbul: Vatan, 1985.; Özdağ Ü. Türk Milliyetçiliği ve Jeopolitik // Milliyetçilik. – İstanbul: İletişim, 2002. – S. 168-178.

99 Akçam T. Türk Ulusal Kimliği Üzerine Bazı Tezler // Milliyetçilik. – İstanbul: İletişim, 2002. – S. 53-62.

100 Malraux A. Turan Yolu / çev.: S. Eyüboğlu. – İstanbul, 1965. – S. 46-75.

101 Kurat A.N. Türkiye ve Rusya (1798-1919). – Ankara: Kültür Bakanlığı, 1990. – 755 s.
102 ӨРОММ, қ. – 276., т. – 1., іс – 905., 1-2 - п.п.
103 Göçek F.M. Osmanlı Devleti'nde Türk Milletçiliğinin Oluşumu: Sosyolojik Bir Yaklaşım // Milliyetçilik. – İstanbul: İletişim, 2002. – S. 63-76.
104 Yalçın S. Efendi: Beyaz Türklerin Büyük Sırrı. – İstanbul: Doğan Kitap, 2004. – 614 s.
105 Завершение войны в Бухаре // www. obraforum.ru /lib/ book1/ chapter 8_2_14. htm
106 РМӘСТМ, қ. – 62., т. – 2., іс – 26., 1-2 - п.п.
107 История гражданской войны в Узбекистане / отв. ред.: Х.Ш. Иноятов. – Ташкент: Фан, 1970. – Т. 2. – 364 с.
108 Агабеков Г.С. ГПУ (Записки чекиста). – Берлин: Стрела, 1930. – 250 с.